# ҚАЗАҚ
# ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

11

Он бірінші кітап

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ
МЕН РМК «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАР

## 11-ТОМ

## ОН БІРІНШІ КІТАП

# ТАРИХИ АҢЫЗДАР

# تاريحي اڭىزدار

Алматы
2017

ӘОЖ 378
КБЖ 82.3
Қ 17

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған*

Кітап ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалды (мемтіркеу №0112РК02855)

**Редакциялық алқа:**
Алпысбаева Қ., Ананьева С., Әзібаева Б., Әлбеков Т., Әуесбаева П., Қалиева А., Қалижанов У., Қасқабасов С., Қонаев Д., Қорабай С., Қосанов С., Мұқанов А., Орда Г., Пірәлиева Г., Рақыш Ж., Сұлтан Е., Хамраев А., Шалғынбай Ж., Ісімақова А.

**Жауапты редактор:**
*филология ғылымдарының кандидаты* **Әлбеков Т.**

**Пікір жазғандар:**
*филология ғылымдарының докторы* **Хамраев А.**,
*филология ғылымдарының кандидаты* **Қорабай С.**

**Жауапты шығарушы:**
**Мурсәлімова Н.М.**

**Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы.**
**Қ 17** 11-том. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2017. – 412 бет.

**ISBN 978-601-7414-75-7**

Топтаманың 11-томына 364 тарихи аңыздың (VI-XIX ғг.) қолжазбалары қамтылып, кездескен жағдайда олардың нұсқалары мен версиялары қатар берілді. Тарихи аңыздардың халық арасында өте көп таралып, ел жадында мол сақталған баршаға мәлім. Ал біз көрсеткен саналым – тек еліміздің сирек қорларында сақталған қолжазба мәтіндердің ғана көрсеткіші.

Еңбек фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің студенттеріне, магистрлері мен PhD докторанттарына арналған.

**ӘОЖ 378**
**КБЖ 82.3**

**ISBN 978-601-7414-75-7**

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2017.
© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2017.

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімі «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдық топтамасының ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Топтаманың бұған дейін баспаға ұсынылған он кітабы ұлттық фольклор мен ауыз әдебиетіміздің ауқымды саласы болып саналатын эпостық туындыларға, ақын-жыраулар шығармашылығына, айтыстарға, ертегілерге, аңыздарға арналды. Нақтылап айтқанда, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» топтамасын «Батырлар жыры» (1975), «Ғашықтық жырлар» (1979), «Тарихи жырлар» (1981), «XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары» (1985), «XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары» (1986), «Айтыс» (1989), «Ертегілер» (2003), «Дастандар» (2005), «Тәуелсіздік идеясы жырланатын эпостар» (2012), «Аңыздар» (2013) сынды еліміздің қолжазбатанушы ғалымдары М.Ғабдуллинның, Б.Ысқақовтың, М.Ғұмарованың, Ә.Нарымбетовтың, С.Қасқабасовтың, Б.Әзібаеваның, Т.Әлбековтің жетекшілігімен дайындалған кезекті томдар толықтырып отырды.

Қолжазбатанушы-мамандар келешекте «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» сериясын

50 томға жеткізуді көздейді. Себебі Қазақстан Республикасының Ұлттық және Орталық ғылыми кітапханаларының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Орталық мұражайдың қолжазба қорларында 1 000 000 жуық фольклорлық және авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің мәтіндері сақталған. Олардың жанры мен түрлерін анықтап, жүйеге келтіріп, әрқайсысының ғылыми сипатын жазу көп уақытты, тынымсыз еңбекті талап етеді. Қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын жазу тәжірибесі Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан елдерінде бар. Алайда оларда сақталған мұралардың басым көпшілігі жазба әдебиеттің үлгілері болып табылатындықтан, фольклорлық және авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінен дәл біздегідей мол мұра сақталып қалды деп айту қиын.

Институт ғалымдарының бұл көптомдықты дайындаудағы негізгі мақсаты – біріншіден, қолжазба мұралардың бүгінгі күнге дейін ғылыми айналымға енбеген шағатай жазуындағы, арабтың қадім, төте әріптерінде хатқа түскен қолжазба мәтіндерін іздестіру, сараптау, бағалау, жүйелеу, текстологиялық және палеографиялық тұрғыда зерттеу, тарихи тұрғыда ұғынып, сыни тұрғыдан саралап, мәтіндерді қазіргі қолданыстағы кирилл әрпіне көшіру, толық құжаттау. Араб әліпбиі қазіргі қолданыста болмағандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның бұл мәтіндердің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі, сондықтан құрастырушылардың басты міндеті әр дәуірлерде халқымыздың рухани құндылықтары жазылып қалған қолжазбалардың сипаттамасын жазу арқылы белгісіз мәтіндер туралы мәліметтерді ғылыми ортаға таныстыру, келешек зерттеулердің нысанасына, отандық ғылымның игілігіне айналдыру.

Екіншіден, бүгінгі әлемді жайлаған ғаламдану үрдісінің салдарынан нақты дерек көздерінің, ғылыми-ақпараттық таяздықтың орнын толтыру, сөйтіп, қазіргі ұрпақтың халықтық шығармалардың терең тамырлары мен бастауларын айқындауына және оны сезінуіне көмектесу. Сол арқылы тәуелсіз еліміздің рухани деңгейі мен мәдениетінің дамуына жағдай жасау. Себебі халықтың әлемдік үрдіске қосқан үлесі оның көпғасырлық шығармашылығының бүтін-бірлігімен өлшенеді. Топтаманың кезекті томдары басылым көрген сайын олардағы мәліметтер, дерек көздері отандық ғалымдарға ғана емес, түркі тілдес халықтардың, бүкіл әлем елдері зерттеушілерінің ғылыми нысанасына алынатыны анық.

Оқырмандардың назарына ұсынылып отырған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» сериясының 11-томына енген аңыздардың дені Еліміз тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі кезеңдерде қалың оқырмандарға, ғылыми ортаға беймәлім болып келді. Себебі кеңестік кезенде ұлтымыздың еркіндігі үшін ерлік пен өрліктің тамаша үлгілерін көрсеткен батырлардың, хан-сұлтандардың, би-шешендердің, қарапайым ел адамдарының көркем бейнелерін сомдаған көптеген аңыздар тыйым салушылыққа ұшырап, жарияланбай, насихатталмай, зерттелмей келді. Сонымен қатар араб әліпбиі қазіргі қолданыста болмағандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның бұл мәтіндердің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан Қазақстанның Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларында сақталған тарихи аңыздарды анықтап, жүйелеп, сипатын жазып ғылыми айналымға енгізу – Институт ғалымдарының негізгі мақсаты болып табылады. Жинақты дайындау барысында материалдар қолжазба мұралардағы түпнұскалардың негізінде пайдаланылып, тұңғыш рет зерттеу нысанасына алынды.

«Сипаттамада...» қарастырылған аңыздардың негізін ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің әр жылдары ғылыми іс-сапарлары кезінде ел арасынан жиналған материалдары, фольклортанушы ғалымдар Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, А.Сейдімбек, Б.Жақыпбаев, Ш.Кәрібаев, Н.Төреқұлов, Б.Адамбаев, М.Тілеужанов, Т.Бекхожина, Қ.Саттаров, А.Тұрғанбаев, Т.Қанағатов, Б.Қорғанбеков т.б. ғалым-зерттеушілердің, ел адамдарының, Қазақстан өңірлерінде жүргізілген әдеби-фольклорлық және этнографиялық экспедициялар барысында жиналған аңыздар құрады.

Жинақта 364 тарихи аңыз қамтылып, кездескен жағдайда олардың нұсқалары мен версиялары қатар берілді. Ескерте кететін жайт, бұл жанрдағы аңыздардың халық арасында өте көп таралып, ел жадында мол сақталғаны баршаға мәлім. Ал біз көрсеткен саналым – тек еліміздің сирек қорларында сақталған қолжазба мәтіндердің ғана көрсеткіші. Сондықтан оқырман қауым осыны терең ұғынып, түсінікпен қарайды деген ойдамыз.

Топтаманың құрылымдық жүйесіне орай жинақтың алғашқы бөлімі бойынша әр сипаттаманың бастапқы ортаңғы жиегіне реттік саны **(1)**, сол жақ шекесіне буманың шифры **(Ш. 1090)**, сондай-ақ осы жақшаның ішіне институттың немесе кітапхананың қысқартылған атауы қойылды (ӘӨИ, ОҒК), егер ескі шифр болса, онда жаңа таяқша белгімен айрылады.

Мысалы:

**Ш. 1090/1 (ӘӨИ)**

«Сипаттаманың» оң шекесіне алдымен қолжазбаның парағы **(П.48)**, беті **(Б.96)**, жол саны **(Ж.39)**, астыңғы екінші қатарда қолжазба мен мәтіннің (ұзындығы, ені) көлемі мен өлшемінің көрсеткіші (сантиметрмен) жазылады. Мысалы:

**П.48; Б.96; Ж.39**

**27x19,7; 25x17**

Осыдан кейін шығарманың атауы көрсетіледі. Мысалы:

**Абылайдың алғаш көзге түсуі**

Қолжазбада мәтіндердің атаулары қандай әріппен көрсетілсе, сипаттамада да сол қалпында жазылды. Қазақ қолжазбаларының үш түрлі әліпбидегі үлгілері кездеседі: арабша, латынша, қазіргі қолданыстағы кириллше.

«Сипаттаманың» екінші бөліміне қатысты тараулар: «атауы», «авторы», «жыршысы», «көшірушісі», «тапсырушысы», «экспедициясы», «аннотациясы», «нұсқасы», «басқы, соңғы сөзі», «қолтаңбасы», қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны, қандай әріппен, сиямен жазылғаны, қолжазба беттерінің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, қалпына келтірілуі, ақауы, нұсқалары, библиографиясы т.б.

Жинақтың «Қосымшаларына» «Сипаттамаға» енген қолжазбалардың түпнұсқа үлгілері (иллюстрациясы), шығармалар көрсеткіші (араб, латын, кирилл әріптерінде), кісі аттарының көрсеткіші: авторларға, жыршы-жырауларға, жинаушыларға, тапсырушыларға, аудармашылар мен көшірушілерге байланысты (араб, латын, кирилл әріптерінде), шығармалардағы жер атаулары мен экспедициялар көрсеткіші.

Ғылыми орта мен қалың оқырманға ұсынылып отырған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» 11-томын құрастыруға қатысқан авторлар және олар жазған сипаттамалардың реттік саны: **Әлбеков Тоқтар** – 1-30, **Алпысбаева Қарашаш** – 31-57, **Әуесбаева Пакизат** – 58-78, **Рақыш Жұмашай** – 79-109, **Әкімова Тоғжан** – 110-124, **Салтақова Жанат** – 125-185, **Мүрсәлімова Насихат** – 186-226, **Елесбай Нұржұма** – 227-277, **Оралбек Алмас** – 278-354, **Пилтан Юсуф** – 355-359, **Сманова Елмира** – 360-364.

Кітапқа енген көрсеткіштерді дайындаған және компьютерге теріп, қажетті сөздерді араб, латын әліпбиіне түсірген – Мүрсәлімова Насихат.

Кітапқа енген ғылыми сипаттаманың саны – 364.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

**а) Ғылыми-зерттеу мекемелерінің атауларын белгілеу**

ҚР – Қазақстан Республикасы.

ҚР БҒМ ҒК ӘӨИ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Әдебиет және өнер институты.

ҚР БҒМ ҒК ОҒК – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Орталық ғылыми кітапханасы.

Қаз ССР ТӘИ – Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты.

Изд. АН РК – Издательство Академии наук Республики Казахстан.

ҚР ҰК – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы.

СПб – Санкт-Петербург.

ҚР ҰҒА – Ұлттық Ғылым академиясы

Ақм.обл. – Ақмола облысы

Ақт.обл. – Ақтөбе облысы

Алм.обл. – Алматы облысы

Батыс Қаз.обл. – Батыс Қазақстан облысы

Гур.обл. – Гурьев облысы

Жам.обл. – Жамбыл облысы

Жезқ.обл. – Жезқазған облысы (қазіргі Қарағанды обл.).

Қарағ.обл. – Қарағанды облысы

Көкш.обл. – Көкшетау облысы (қазіргі Ақмола обл.).

ҚАССР – Қарақалпақ АССР-ы

Қост.обл. – Қостанай облысы

Қызыл.обл. – Қызылорда облысы

Омбы обл. – Омбы облысы

Орал обл. – Орал облысы

Пав.обл. – Павлодар облысы

Сем.обл. – Семей облысы

Талд.обл. – Талдықорған облысы

Таш.обл. – Ташкент облысы

Шығыс Қаз.обл. – Шығыс Қазақстан облысы

Шым.обл. – Шымкент облысы (қазіргі Оңтүстік Қазақстан обл.).

**ә) Жеке сөздерді белгілеу**

Бұл қысқартылған техникалық сөздер әрбір сипаттамада және оның соңынан келетін «Библиографиясы» деген тарауда жиі қолданылады.

**Сипаттаманың басында:**

Б. – бет
Инв. – инвентарь
Ж. – жол
П. – парақ
Ш. – шифр

**«Бума» тарауында:**

Дәп. – дәптер
Тіз. – тізім

**«Библиографиясы» деген тарауда:**

Бөл. – бөлім
Кіт. – кітап
Нұс. – нұсқа
Тар. – тарау
Мфк – микрофильм кадры
Фк – фотокопия
Т. – том
Түс. – түсініктер
Ф. – фонд
Мф – микрофильм
Рф – редкий фонд

## ТАРИХИ АҢЫЗДАР

*(Алғы сөз орнына)*

Қазақ халқының ауызша тарихы – ұлттың қалыптасуымен бірге дамып, толығып, сан ұрпақтың жадында жатталып бүгінгі күнге жеткен рухани құндылық. Алғашқы хандық құрылған XV ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңдерде көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың тарихы ресми хатқа түспегендіктен және ел басқару жүйесі де ауызша жүргізіліп келгендіктен оның қоғамдағы рөлі маңызды болды. Ол халқымыз жаппай сауаттанған XX ғасырда да, электронды жүйе белең ала бастаған бүгінгі ғаламдану заманында мән-мағынасын жоя қойған жоқ. Ауызша тарих бірегей мазмұны мен тақырыбына қарай қазақтың тілі, ділі, діні, тұрмыс-салты, этнопедагогикасы, тарихы және этнографиясы бойынша дереккөз ретінде өте маңызды. Қазақ Ордасының іргесін қалаған тұлғалар, болмаса олардың дәстүрін жалғастырған адуынды ақын-жыраулардың, билер мен шешендердің, шежірешілердің, сан-салалы өнер иелері сал-серілердің, әнші-жыршылардың әуелі ауызша тарап, кейін там-тұмдап болса да қағазға түсірілген жеке туындылары, олардың жады арқылы жеткен халық шығармалары ел тарихының әр дәуірінен сыр шертеді, ата-бабалар жүріп өткен бұралаң соқпақтардағы ізін, елі мен жері үшін төккен терінің иісін сездіретін оқиғаларды, мемлекет жүйесін

құрған ру-тайпалардың шежіресін, мәдениетін, ғұрып-салтын баян етеді. Халық әдебиеті жеткізген ауызша тарихтың түпнегізі – тәуелсіздік идеясы. Бастапқыда олардың арман-мүддесі жалпы түркі халықтарын бір тудың астына біріктіру болса, кейінгі кезеңдерде Қазақ мемлекетін құру, өркендету, мемлекетті сақтау, оны сыртқы жаулардан қорғау, өзара ынтымақ-бірлікті насихаттау мәселелері негізгі мұрат-мақсаттары болды. Бұл мәселелер бүгінгі күні де маңызды, жаңа тарихты қайта жазуда құжаттық материалдар табылмаған жағдайда, деректі материал болып табылатыны анық.

Ауызша жеткен мұралардың қомақты бір бөлігін халық прозасы құрайды. Қазақ халық әдебиетінің тереңіне бойлап, фольклорлық мұралардың түптөркіні болып табылатын мифтік шығармаларды зерделеу арқылы қазақ жеріндегі адамдардың ежелгі тарихы – мифтік сана мен ойлаудың заңдылықтарын айқындалатын болса, бұл жанрдан кейінгі ертегілердегі, әпсана-хикаяттардағы, аңыздардағы, ауызекі әңгімелердегі оқиғалардың тарихи-деректік мәні өте жоғары екендігін аңғару қиын емес.

Академик С.Қасқабасовтың ғылыми тұжырымдарына сүйенсек, «Әр фольклорлық жанрдың өзіндік қасиеттері оның тарихилығына әсер етеді. ...оның түрлі белгілері (бес) түгелімен дерлік, негізінен дамыған көркем жанрларға, яғни ертегілерге, әпсана-хикаятқа, эпосқа тән. ...мифтік сана мен ойлаудың өзі тарихи заңды кезең. Оны аттап, не айналып өту мүмкін емес.

Ол барлық елдің тарихында болған жағдай. Олай болса, мифтік сана, мифтік ойлау дегеніміздің өзі – тарих, яғни фольклордың алғашқы дәуірі»[1]. Ал ертегілердің көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетикалық, яғни туыс халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінің арасында таза ұлттық та, халықаралық та, көшпелі де сюжеттер қатар өмір сүріп келді. Тапонимдік аңыздар белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын, тарихын баяндайтын әңгімелер құрайды. Халық прозасының аса өзекті бөліктерінің бірі – тарихи аңыздар.

Тарихи аңыздар – елдік пен егемендікті асқақ рухпен ғасырлар бойы паш етіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұлықтап, үлгі етіп келген қазақ

---

[1] Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы //Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – Б. 82-83.

фольклорының арналы бір бөлігі. Кеңес дәуірінде оларда кең көрініс тапқан ұлт-азаттық идеясының зерттелуіне де шектеу қойылғаны мәлім. Халық прозасының бұл жанры ілгергі-бергі кезеңдерде жекелеген хандарға, батырларға, басқа да тарихи тұлғаларға арналған жинақтарда, баспасөз беттерінде, хрестоматиялық оқулықтарда жарияланғанымен, ғылыми тұрғыда жинақталып, жүйеленіп арнайы басылымдары жарық көрген емес. Халқымыздың тәуелсіздігі үшін ерлік пен елдіктің тамаша үлгілерін көрсеткен батырлар бейнелері сомдалған көптеген аңыздар еліміз егемендік алғанға дейін елеусіз қалып, ел ішінен арнайы жиналмай, жарияланбай, насихатталмай келді. Сонымен қатар араб әліпбиі қазіргі қолданыста болмағандықтан, кейінгі ұрпақтың, әсіресе ғылыми ортаның бұл мәтіндердің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан жаңа XXI ғасырдың басында ғана фольклортанушылардың алдында қазақ халқының әр кезеңдердегі тарихын, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, тарихи тұлғалардың қызметі мен ерлік істерін баяндайтын аңыздарды жинастыру, бүгінгі жазуға көшіру, текстологиялық тұрғыда сараптау, жарыққа шығару арқылы оқырмандармен таныстырып, отандық ғылымның игілігіне айналдыру сияқты келелі мәселелер қойылды. Әлемдік өркениет көшіне тәуелсіздік алған жылдары ғана кіріккен еліміздің тарихына, тіліне, мәдениеті мен әдебиетіне деген оң көзқарасы, қаржылай қолдауы осынау рухани жәдігерлерімізді толық жарыққа шығаруға мүмкіндік берді. «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясын (2004-2013) баспаға дайындауда аталған тарихи аңыздарға айрықша ден қойылып, республиканың сирек қорларында сақталған қолжазба мұралардың негізінде топтаманың бірнеше томы тарихи аңыздарды қамтыды.

«Тарихи аңыздарда кейде оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан бағаланады, яғни ел оқиғалар мен фактілердің өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес болуын қалап, солай баяндайды, солай етіп көрсетеді. Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, көп уақыт өткендіктен оқиғаның қалай болғанын дәл білмегендік, екіншіден, бұрынғы заманда болған шындықтың өзін емес, ел қалаған шындықтың көрініс табуы. Мұның бәрі аңызда көркемдеу саналы түрде болмайтынын дәлелдейді», – дей келіп академик С.Қасқабасов тарихи аңыздарды: а) оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар (VIII-XII ғ.); ә) моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезіндегі оқиғалар жайындағы аңыздар (XIII-XV ғ.); б) Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар (XV-XVII ғ.); в) қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға

байланысты туған аңыздар (XVIII ғ.); г) Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожалар бастаған көтерілістерге байланысты туған аңыздар (XVIII-XIX ғ.); ғ) XX ғасырдағы өмір кешкен белгілі қайраткерлер туралы баяндайтын аңыздар сияқты 6 кезеңге бөліп қарастырады[2].

Ел жадында сақталып, сирек қорларда жинақталған, сондай-ақ түрлі жинақтар мен басылымдарда жарияланған тарихи аңыздарды жүйелі қарастырып, сарапқа салу барысында С.Қасқабасов жүйесінің ғылыми нақтылығына көз жеткізуге болады. Атап айтқанда, бұл жанрды қамтыйтын аңыздардың арасынан VI-XVI ғасырлар аралығындағы Бәйдібек би, Домалақ ана, Қоркыт, Әбунасыр әл-Фараби, Ибн Сина, Алаша хан, Майқы би, Аяз би, Қожа Ахмет Ясауи, Хакім ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Өзбек хан, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, Байшегір баба, әз-Жәнібек, Асан қайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Еңсегей бойлы ер Есім, Тоқтамыс хан, Ер Едіге, Ер Тарғын, Абат, Шора т.б. батырларды, жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Қазақ Ордасының мемлекеттілігін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуда, елін қорғауда ерекше рөл атқарған Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бекболат, Тіленші, Әлмерек, Сапақ, Толыбай, Қарабас, Досбол, Байдалы, Келдібек, Жанайдар, Жаңабатыр, Қарқабат, Досай, Есенкелді, Едіге, Ескелді, Қараменде, Қабан, Балпық, Мөңке, Бөкен, Шомбал, Үкі, Бөлтірік, Құнанбай, Сарыбай Мөңке, Бөкен, Шомбал, Үкі, Бөлтірік, Құнанбай, Сарыбай сияқты ел тұтқасы болған көптеген кемеңгер билердің ел тұтастығын, руаралық ынтымақ-бірлікті сақтаудағы ерен еңбектерін, дау шешудегі әділдігін, қайраткерлік тұлғаларын сомдайтын, Абылай сынды айбынды ханның көзсіз ерлігін, қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетін, ел басқарудағы өзіндік қырларын, дипломатиялық іс-тәжірибелерін ашып көрсететін, Қабанбай, Бөгенбай, Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Керей Жәнібек, Жидебай, Жасыбай, Дәулетбай, Малайсары, Әжібай, Райымбек, Балағаз, Байғозы, Түлкібай, Саркөз, Түгел, Итеке, Берден, Нұрбай, Шерубай, Жалаңтөс, Жарылғап, Ораз, Елшібек, Томаш, Айтбай, Әлдебек, Бөдене, Бұқарбай, Науша, Қойсары, Қонақбай т.б. секілді қолбасшы ерлерден бастап XIX ғасырдың екінші жартысындағы Кенесары мен Наурызбай, Нұралы, Бөкей хандардың, Есім, Баймағамбет, Саржан, Есенкелді, Ахмет, Сыздық секілді ондаған сұлтандардың жорық жолдарын баяндайтын жүздеген аңыздарды кездестіруге болады.

---

[2] Қасқабасов С. Алғы сөз // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 85: Тарихи аңыздар. – Б. 9-10.

Бұл реттегі қысқаша зерттеуімізде тек әз-Жәнібектен бергі оқиғаларға, тарихи тұлғаларға аздап тоқталып өтпекпіз. Ең алдымен, әз-Жәнібек ханға байланысты бірер сөз. Кейінгі кездері Алтын Орда ханы Жәнібек Өзбекұлы мен Қазақ хандығының негізін қалаушы Барақұлы Жәнібектің қайсысы «әз-Жәнібек» екендігін анықтамақ болған ғалымдар екі түрлі көзқарас көрсеткені белгілі. Тарихшы Қ.Халидтың[3], П.С.Савельевтің[4], Му'инад-дин Натанзидың[5] т.б. еңбектеріне, сондай-ақ XIV ғасырда Гүлстанда соғылған теңгелерге сүйеніп, Алтын Орда ханы Өзбектің ұлын «әз-Жәнібек» атаушы ғалымдар еңбектерінің салмағы басымдылық танытып жатқаны байқатады. Кеңестік идеологияның салдарынан кезінде бұл тарихи деректі маңызды мәселе ретінде қарастыруға мүмкіндік болмағандықтан, бүгінгі таңда ғалымдар арасында қызу пікірталастар, қарама-қайшы ой-тұжырымдар айтылуын – заңды құбылыс деп түсінген жөн.

Әз-Жәнібек хан, Аяз би, Асан қайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Алдар көсе айтыпты деген тәмсіл, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, өлең-толғаулар, оларға қатысты ертегілер, аңыз әңгімелер тек қазақ халқының ауыз әдебиетінде ғана сақталып қалмай, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, башқұрт т.б. түркі жұрттарының жадында жатталып қалған. Сонымен қатар аталған тұлғалардың сол шығармаларда, әсіресе ертегі, аңыз әңгімелерде қатар бейнеленіп, кейіпкер ретіндегі қарым-қатынастары бірге суреттеліп отырады. Бірінде басты кейіпкер – хан (әз-Жәнібек) болса, оның маңындағы уәзір, ақылшы, кемеңгер қарт, абыз-жырау, ақылды әйел бейнелерінде Аяз би, Асан қайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Алдар көсе сомдалады. Әңгімелердің көпшілігінде отырықшылдық өмір салты суреттеліп, көбіне әз-Жәнібек ханның аңда (сейілде) жүргендігі баяндалады. Бұған М.Құсниев жеткізген «Асан қайғы және Әмет батыр» аңызындағы Асан қайғының:

...Қаланы балығы суда деп,
Қызығы қырда деп,
Аштархандай
Өзің келіп салдырдың.

---

[3] Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. – Б.233.

[4] Манеты джучидов, джагатаидов, джалаитидов и другие, обращавшиеся к Золотой Орде в эпохе Тохтамыша. СПб, 1858. – Вып.12. – С. 304-305.

[5] Му'ин ад – Дин Натанзи. Аноним Искандара // Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Извлечения из персидских сочинений М. – Л.,1941. Т.2. С.126-138

Орысқа жерді алдырдың,
Көңлімді жаман қалдырдың[6], –

деп келетін, болмаса Б.Адамбаев жазып алған «Асанқайғы мен әз-Жәнібек» аталатын туындыдағы абыздың: «Қорған салдың бейнет қып, Қызметшің жатыр ішіп-жеп»[7] деген жолдар дәйекті дәлел болады. Ханның тұлғасын бірсөзді, әділ, қайырымды, аталы сөзге тоқталатын – парасатты, терең ойлы адамның, яғни жағымды кейіпкердің бейнесі айқындап отырады. Оқиғалардың бәрінде дерлік соғыссыз, бейбіт өмір көрініс береді. Ал Жәнібек Барақұлы Керей сұлтанмен бірге Моғолстанның Шу-Қозыбасы аумағына 1959-1460 жылдары қоныс аударып, кейінгі өмірін жаңа мемлекет құрып, Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Түркістанды қайтарып алу жолындағы күрестерде өткізсе, онда аталған шығармаларда суреттелгендей мамыражай тіршілік кешпегені анық.

Жоғарыда аталған кейіпкерлер халық әдебиетінің көпшілігінде аралас-құралас әңгімеленіп, оқиғалар желісіне арқау болып отырғанмен, әдеби зерттеулерде олардың өмірбаяндарына қатысты түрлі кезеңдер көрсетіліп келді. Сондықтан бүгінгі күнге дейін олардың эпикалық бейнелері ғана айқындалып, тарихи тұлғалары ашылмай қалды. Осы тақырыпқа қатысты сақталған фольклорлық мұралар мен ауыз әдебиеті үлгілерін салғастыра қарастырғанда, көрсетілген кейіпкерлердің бір кезеңде, яғни Алтын Орда ханы Жәнібек хан Өзбекұлының заманында өмір сүргендігін болжауға болады. Бұған, ең алдымен әз-Жәнібек хан, Аяз би, Асан қайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Алдар көсе туралы және оларға қатысты халық туындыларының нұсқалары мен версияларының, үлгілерінің сақталуы – аңыздардың дүниеге келіп, таралып, насихатталуы кезеңінде бұл туыстас елдердің іргесі әлі бөлiне қоймағандығын білдіреді. Ал қазақ халқының арасында осы тұлғаларға байланысты әдеби-фольклорлық мұралардың молынан сіңісіп кетуінің сырын сол тұстағы Алтын Орданың құрамында кейін Қазақ хандығын жасақтаған ру-тайпалар бірлестігінің ауқымынан, мәдени-рухани ықпалдастығынан іздестірген жөн сияқты. Бұл – жеке пікір. Осы ретте фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдардың да алда атқарар жұмыстары аз емес деп ойлаймыз.

«Оғыз-қыпшақ дәуірі мен моңғол шапқыншылығы, Алтын Орда замандарында пайда болып, уақытпен бірге талай өзгеріске ұшыраған көне тарихи аңыздарға қарағанда XVIII-XIX ғасырлардың оқиғаларын

---

[6] Әдебиет және өнер институты (ӘӨИ). 464-бума, 4-дәп.
[7] ӘӨИ. 1006-бума, 1-дәп.

баяндайтын шығармалар тарихи негізін айқынырақ сақтаған. Әсіресе, жоңғар шапқыншылығына қарсы ұрыс-соғыстар жайындағы аңыздар өзінің тарихи шынайылығымен құнды. Солардың ішінде нақтылы оқиғаны баяндайтын аңыздар да көп. Мұндай шығармалардың көпшілігі жасақтарды басқарып, кескілескен ұрыста ерлігімен елді таңдандырған қолбасшы батырлар, сұлтандар есімімен байланысты болып келеді»[8].

XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығын қамтыйтын аңыздар ру ақсақалдары мен би-шешендердің, Абылай ханның, даңқты қолбасшы-батырлардың мемлекеттік істердегі, соғыс майдандарындағы саяси, әскери, қоғамдық қызметтерін, жанкиярлық ерліктерін суреттейді, сондай-ақ Сырым батырдың, Бөкей ордасындағы тарихи оқиғаларды, Кенесары-Наурызбайды және көтеріліс батырларын, орыс, қоқан басқыншыларына қарсы күрескен қаһармандардың тағдыр-талайын, өмір болмыстарын, жорық жолдарын баяндайды.

Би-шешендер жөніндегі шығармалар кейінгі үш ғасырда қазақ халқының маңдайына жазылған мемлекет және қоғам қайраткерлері әз-Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Алшын Әйтеке сынды кемеңгер-абыздарға қатысты болғанымен, олардың айналасындағы тарихи тұлғалар, хан-сұлтандар, батыр-баһадүрлер оқиғалардан сырт қалмайды. Абылайға байланысты туындыларда да оның хан лауазымындағы, батыр-қолбасшы ретіндегі бейнесі қарапайым халықтың, жауынгер-сарбаздардың, ақсақал-билердің, ел батырларының іс-әрекеттері арқылы ашылып отырады. Сырым батыр мен Бөкей ордасына байланысты аңыздарда сол тұста елдің батысында болған саяси-әлеуметтік жағдайлар, руаралық тартыс, ұлтаралық қақтығыстар, Ресейдің империялық үстемдігі, отаршылдықтың салдары т.б. және осыған карсылық танытқан халықтың Сырым, Исатай-Махамбет, Көтібар, Жанқожа бастаған ұлт-азаттық сипатындағы көтерілістері, батырлардың ерен ерліктері жан-жақты сөз болады. Ал Кенесары-Наурызбай туралы аңыз-әңгімелерге Қазақстанның барлық аймақтарын қамтыған тарихи оқиғалар, сан-алуан әскери-стратегиялық қимыл-әрекеттер, трагедиялық сюжеттер негіз болады. Осы ретте солардың кейбіреуіне ғана тоқталып өткенді жөн санаймыз.

Атап айтқанда, Ө.Ахметов 80-жылдары Қызылорда облысы, Қазалы ауданы аумағында жазып алған «Әйтеке бидің қазасы» аңызында атақты бидің қазасына байланысты кей мәліметтер кім-кімді де қызықтырары анық. «...Бүкіл Кіші жүз жаңа қонысқа қазіргі Қазалы өңіріне көшіп келіп

[8] Қасқабасов С. Алғы сөз. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т.85: Тарихи аңыздар. – Б.19

орналаса бастағанда Әйтеке би өзіне қарасты ағайын-туыс, тумаларымен Бұқараның маңын қыстап қалады. Ол жерде қалуының мәнісі: бір шеті Қоңырат елі, екінші шеті Үргеніш-Хиуа елі аралығында ыдырап көше алмай қалып қойған Кіші жүздің халқын бір жерге жинап, келесі жазда осы жерге алып келіп басын қосу еді. Осы мақсатымен Әйтеке қысты сол өзінің отырған жерінде өткізеді.

Жаз шыға бытыраңқы отырған Әлім, Шөмен ауылдарын бір жерге жинап шоғырландыра бастайды. Көктемнің аяғына дейін бұл жұмысты бітіріп, көшіруді бастауға санаулы күндер ғана қалады. «Ертең бір күн көшеміз» деп отырғанда Қарақалпақ жеріне барып, ақ жүгері алып келген өзінің бір жақын інісі:

– Мынау базарлығым, аға, – деп үлкен бекірені Әйтекенің үйіне әкеліп тастайды. Бұзылмасын деп аздап қана тұз сепкен бекіре бабында екен. Жеңсік аска кім-кімнің де құмар болатыны анық. Бекіреге құмартқан бәйбіше бекірені кеспелеп асады. Үйлес отырған көршілерінің үлкенді-кішілі адамдарымен бірге бекіренің етін Әйтеке де жейді. Дәмді асты жеген Әйтекенің тамағына кенет бекіренің арқасындағы жиегі егеу тәрізді түрпіленген үш қырлы тасы қадала қалады. Әрі-бері жұтқыншағын тоғығанмен, қылқан шықпайды.

Арада бір жеті уақыт өтеді. Әйтекенің тамағынан қылқан кетпей, ауруы меңдей береді. Күн өткен сайын науқастың ахуалы кеми түседі. Үшінші жетіге қарағанда Әйтеке сөзден қалады. Сыбырлаған сөзін тек басында отырған бәйбішесі ғана еситеді. Ол да анық емес, күміжі. Әбден талықсыған Әйтеке басында отырған бәйбішесіне: «... мені, ме-ні Мыңтөбе..дегі Сейіт..баттал.. әу..лие мен Зәң..гі ата әулие.. ге апа..рып қойың..дар. Мен біт..тім», – дейді демі бөлініп. Сол күні кешкі іңірде Әйтеке сабырлы қалпымен жатып жан кешеді.

...Сонымен Кіші жүздің дара биі, асқар таудай биік шыңы, дана басшысы Бәйбектің ұлы Әйтеке елу жеті жасында Бұқара аймағында дүниеден қайтыпты. ...Бір жеті жол жүріп, Әйтекенің мүрдесін сол кезде Мыңтөбе деп аталған жердегі Зәңгі ата мешітінің іргесіне әкеліп жерлейді»[9].

Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында жатып қалып, қалың оқырманға беймәлім болып келген «Абылай ханның балалары» аталған мазмұны шежіре аңыз іспеттес мәтінде Абылай ханның ұрпақтары туралы толық мәлімет беріледі. Бұл Абылай ханның жеке өмірін зерттеушілер үшін деректілігі құнды материал деп есептеуге болады. Аңыз бойынша

[9] ӘӨИ.1124-бума, 100-дәп.

Абылайдың Қарауыл руынан алған Бәйбішісінен еркек кіндік тарамаған (бір қыз туған). 2. Қарақалпақ әйелінен: Әділ, Есім сұлтандар; 3. Қабан дегеннің қызынан – Рүстем сұлтан; 4. Қожа тегінен шыққан әйелінен: Қосым, Арық, Тоқ; 5. Тағы бір Қарауыл руынан алған әйелінен: Шығай, Тағай, Сек, Аюке, Шығай; 6. Торыш сұлудан – Қасым сұлтан. «Көп баланың ішінде Абылайдан жауға шапқан Қасымның ұрпағы – Саржан, Кенесары, Наурызбай. Ең ақыры – Сыздық төре. Осы күнде Сырдария мұзафатында тірі. Жылы – қой, жетпіс бірде. Бұқарекең айтпап пе еді: «Ағар дария су кетпес, қалмақтан маһи бір зайып сүйегіңді жоғалтпас», – деп», – дейді белгісіз жеткізуші. Соған қарағанда бұл аңыз XX ғасырдың бас кезінде хатқа түскен сыңайлы.

Айтушының: «Бұл Абылайдың үрім-бұтағын таратып тегістеймін деушіге бір қап жан керек. Нұхтың өмірі, Айуыптың сабыры, Қарынның байлығы керек деуші еді», – деуіне қарағанда, ханның көп балаларын, олардың ұрпақтарын тауып, жүйеге келтіре алмаған болуы керек. Бұдан әрі Абылайдың Топ деген баласынан Пірәлі, одан – Шалғынбай төре (Қарқаралыда аға сұлтан болған) таралып, ал Шама сұлтаннан: Боқсын, Есім, Қараша, Жәнгір, Уатай (одан – Аймақ төре), Досым, Саңрат, Есехан, Сыздық (аттас болуы мүмкін – Т.Ә.) төрелер өрбиді. Уәлиден Шыңғыс, одан – Шоқан. Әділден Нұралы, одан – Тезек төре. Жәңгірден: Сартай, Абылһайыз, Самай, Матай. Біртайдан: Сарықазақ, Сыбан, Итқара сұлтандар таратылады[10].

Кейбір мәліметтерге қарағанда, Абылай ханның кіндігінен тараған 30 баланың ұрпақтары Қазақстанның барлық өңірлеріне жайылған. Соның тоғызы ел ақсақалдары мен билердің өтініші бойынша Жетісу қазақтарының ірі-ірі ру-тайпаларын басқаруға жіберілген. Алайда, Абылайдың кейінгі ұрпақтарының демографиялық ахуалын, қоныстану жағдайын айқындап, толық шежіресін анықтау мәселесі әлі де шешімін таппай келуі, өкінішті-ақ.

Жалпы, батырлар жөніндегі аңыздарда қазақ-жоңғар соғысындағы майдан көріністері, әскери-стратегиялық ұсыныс-тұжырымдар, саяси-тарихи оқиғалар, қоғамдық мәселеле т.б. қозғалады. Қазақ қоғамында қай замандарда болмасын батыр-баһадүрлердің орны айырықша болды. Қазақ тарихының елеулі бөлігін алып жатқан жоңғар шапқыншылығы кезеңі көптеген батыр, қолбасшылардың өмірімен тығыз байланысты. Олардың әр замандардағы жорық жолдары ел ішінде алдымен әңгіме, аңыз болып тарап, ел басына күн туған сәттерде ақын-жыраулар,

[10] ОҒК. 829-бума. 10-дәп.

жыршылар елдікті, ынтымақ-бірлікті, ерлікті, жаужүрек-батылдықты дәріптейтін жырларға айналдырып отырған.

XVIII ғасырда тіршілік етіп, өмірінің көп бөлігін майданның өтінде өткізген батырлар туралы туындылардың бір тобын Қанжығалы қарт Бөгенбайдың ерлік істерін көрсететін аңыздар құрайды. Солардың бірін Оңтүстік қазақстандық М.Рүстемов Шымкент қаласы тұрғындарынан жазып алған. Шығарманың сюжеттік желісі былайша өрбиді: Бөгенбайдың әбден қартайған шағы болса керек, ауылды жау шабады. Күш көрсететіндей батырдың ұлдары ауылда болмаған сияқты. Сол себепті қатты ашуға булыққан Бөгенбай жалғыз өзі жау соңына түседі. Жеткен бойы жаумен араласып, бір-екеуін найзамен түйреп түсіреді. Сол сәтте қарсы жақтың бір жас батыры оны садақпен атып құлатады. Кейінгі жұрт жеткенде жаны шыға қоймаған қарт батыр: «Жұртым, енді менде арман жоқ», – деп күлімсіреп иек қағыпты.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырлардың арасында Қабанбай, Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Керей Жәнібек, Райымбек, Жидебай, Олжабай т.б. батырлар жөніндегі аңыз-әңгімелер мейлінше мол сақталған. Әсіресе, ұлт-азаттық көтерілістерге белсене қатысып, жетекшілік еткен атақты батырлардан Сырым, Исатай мен Махамбет, Науша, Ағыбай, Жанқожа сияқты тұлғалардың, Кенесары, Жәңгір, Наурызбай, Есенгелді, Сыздық секілді хан-сұлтандардың ерлік істерін дәріптейтін аңыздар халық жадында аса көп мөлшерде орын алған. Мәселен, Сырым туралы халық туындыларында, олардың нұсқаларында батырдың Нұралы мен ұрпақтарына, Ресей әскеріне, Хиуа, Түркімен хандарына қарсы күрестері, көпшілігінде Сырымның жеке басына, отбасына, Нұралымен арақатынасына байланысты оқиғалар баяндалады. Белгілі фольклортанушы Б.Адамбаев жинаған аңыздардың бірнеше нұсқаларында Сырым батыр Нұралы ханмен құдаласқан, бірақ арадағы түрлі араздастыққа орай бұл одақ бұзылып, екі жақ жауласып кеткен. Екінші бір аңыздың үлгілерінде әкесі Дат туралы толық мәліметтер беріліп, оның қаза болуының себептері мен жерленген жеріне дейін тәптіштеліп айтылады[11]. Сырымның қаза болуына қатысты аңыздың Б.Адамбаев, Қ.Ысмайылов, М.Тілеужанов жеткізген 4 нұсқасында оның Хиуа ханының тапсыруымен уланғандығы сөз болады. Сондықтан Қазақстанның түрлі өңірлерінен жиналған аңыздарды, олардың нұсқаларын салыстыра отырып Сырым

[11] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 88: Тарихи аңыздар. – 2012. – Б. 4-92.

батырға, ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты тың деректер, маңызды мәліметтер алуға негіз бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Исатай мен Махамбет жөніндегі аңыздардың оқиғалары нақты тарихи мәліметтермен ұштасып, кейде толықтырып жататынын көруге болады. Алайда, Ресей билігінің империялық саясатының салдарынан бұл батырларға, олар басшылық еткен көтерілісшілерге қарсылық танытқан Жәңгір туралы аңыздардың да аз сақталмағаны аңғарылады. Қуыршақ хан аталса да халықтың қамы үшін түрлі іс-әрекеттерге барған, заманға сай жаңашыл, реформатор болған тұлғаның өмірі мен қызметіне қатысты жылы лебіздер танытатын әңгімелер ел ішінде әр кезеңдерде де айтылып келгенмен, кеңестік кезеңде тиым салынып, бара-бара ұмытыла бастаған. Тіпті, хатқа түсірілген туындылардың дені редакцияланып, Исатай мен Махамбеттің Жәңгірмен қарым-қатынасын көрсететін оқиғалар, эпизодтар өзгерістерге ұшыраған. Дегенмен, әлі де жарияланым көрмеген шығармаларда «Жәңгір хан заманында», «Марқұм Жәңгір хан» деп басталып, оның әділ шешімдерін, адамгершілік, азаматтық қасиеттері де паш ететілетінін байқауға болады. Батысқазақстандық С.Ғайнедиңұлы 1954 жылы жазып алған «Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы» деген аңызда «Халық шаруасына пайдалы болғандай жәрмеңкені сұрасам, патшаһтан ала алар ма екем? Болмаса, жолсыздан сайлап ұят болып қалар ма екен?» – деп пікірлеп жүріп, Аштыхандағы аға Дәуіт деген дана кісіден ақыл сұрайды.

Сонда аға Дәуіт:

«– Шырағым, хан Жиһангер, менің жасым тоқсанға келді, дүнияны көп көрдім, ішінде мынадай ғибыратларды көрдім, мен алты ай тасыған Еділдің алты күнде қайтып болғанын көрдім, алпыс жыл болған хандықтың алты сағатта жоқ болғанын көрдім. Құдай беріп тұрғанда қалай-мыстың алтын-күміс орнына жүргенін көрдім. Бастан бақыт тайған күні алтын-күмістің қалайы-мыстың орнына жүрмегенін көрдім, бақытың жүріп тұрған жас ұғлан хан едің, осында бір студент дос орысым бар, соған жаздырып, екеуміз білген пікірімізді қосып жазып, күз екі уақыт жәрмеңке сұралық, бір уақыт емес, екі уақыт берер, артыңа көп жылға дейін «Хан жәрмеңкесі» деген мирас болып қалар», – депті[12]. Сол ақылмен 1832 жылы хан патшадан екі мерзімді (жазғытұры, күзгі) жәрмеңке ұйымдастыруға рұқсат алып, кейін «Хан жәрмеңкесінің» ақша айналымы ішкі Ресейден көптеген саудагерлердің араласуымен миллион рублге жеткендігі белгілі.

[12] ӨӨИ. 464-бума, 3-дәп.

Бұрынғы Гурьев облысының тұрғыны Ғ.Абдрахмановтан 1957 жылы жазып алынған бір әңгімеде жұттан қатты ашыққан Махамбеттің әкесі Өтеміс би:

– Аспаннан Құдай жаңбыр бермейді,
Жерден Жәңгір бермейді.
Қатқылды қойыс бермейді,
Жайықты орыс бермейді.
Ірге құмды Тана бермейді,
Қаратоғай және бермейді, –

деп мұнын шаққанда, Жәңгір сөзге келмей оның қалауымен Шолан тауын қонысқа беріпті[13].

Жәңгір хан 1826 жылдың жазында Фатимамен бірге Николай I патшаның таққа отыру салтанатына барып, жоғары деңгейде қабылданып, сый-сияпатпен оралғаны, жолай Қазан қаласына соғып, сондағы университеттің құрметті профессоры атанғаны белгілі. М.Тілеужанов жеткізген «Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы» аталған туындыда осы сапардың мән-мағынасы толық баяндалады. Аңыз оқиғаларына қарағанда, қабылдауға барған Жәнгір хан ең алдымен, патшадан өзі бастап келген делагация мүшелері уақтылы намаз оқуы үшін арнайы бөлме бөлуін өтінеді. Екіншіден, қайтар жолда арнайы Қазанға бұрылып, одан Уфаға соғуының басты себебі – перзенттік борышын өтеу мақсаты болады. Кезінде Ресей патшасының шылауында хан тағына отырып, 1785 жылы лауазымынан ажыратылған Нұралы бір жылдан кейін Уфа қаласында қаза тапқан еді[14]. Жәңгірдің негізгі арманы орындалып, осы жолы атасы Нұралының басына зиярат етіп, құран оқуға мүмкіндік алады. Қабір басында Жәңгір мұңданып: «...А, бабам! Сенің осы жерде жатқаның қара қазақтан болды-ау, қазақтың ішінде Сырымнан болды-ау!» – дегенде, еріп барған Шеркеш би: «Ішім мұздап кетті-ау!»[15] – депті.

Бөкей ордасындағы тарихи оқиғаларға қатысты, Кенесары-Наурызбай мен көтерілісші батырлар туралы, XIX ғасырдағы өзге де тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар шынайылығымен, деректілік сипатымен маңызды. «Фольклорлық прозаның басқа жанрларына қарағанда, аңыздың танымдық қызметі айқынырақ, ол елдің өткен

---

[13] ӘӨИ. 406-бума, 4-дәп.

[14] Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық /Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойкелдиев М., т.б. – Алматы: Мектеп, 2006. – 232 б.

[15] ӘӨИ. 464-бума, 5-дәп.

тарихынан, өмірінен мағлұмат береді, яғни аңыз жұрттың білімін көбейтеді. Аңыз – халықтың өзі айтып берген ауызекі тарихы десе де болады. Олай дейтініміз – қазақ тарихында аты белгілі қайраткерлер мен ірі оқиғалардың аңызда айтылмайтыны жоққа тән.

Дегенмен, «аңыз – халықтың жадында сақтап, ауызша айтып келген тарихы дегенде, онда тарихи оқиғалар еш өзгеріске ұшырамаған, шындық сол қалпында әңгімеленген деген ой тумау керек. Аңыз жанры да, бүкіл фольклор сияқты, анахронизмнен құр алақан емес. Біріншіден, ауызша тарағандықтан, екіншіден, әңгімеленген оқиғадан көп уақыт өтіп кеткендіктен, үшіншіден, әңгімеге көркемдік элементтері әсер еткендіктен аңызда баяндалатын оқиға көмескі тартады, әңгіменің нұсқалары пайда болады, тіпті, оқиғаның мезгілі шатастырылады. Ал, айтушы мен тыңдаушылардың дүниеге көзқарасын, олардың әртүрлі мүддесін ескеретін болсақ, онда аңыздық шығармалардағы оқиға, ондағы адамдар, олардың іс-әрекеттері басқаша бағаланып, өзгеше сипатталуы мүмкін»[16].

Ұзақ жылдар бойы бабалардан аманат болып жетіп, елдің сирек қорларында жатып қалған араб әліпбиінің шағатай, қадім, төте жазуларда хатқа түскен бұл жәдігерлер толық жарияланбағандықтан, бүгінге дейін олардың зерттелуі де кемшін болып келді. Сондықтан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары зерттеушілерге, жалпы оқырман қауымға тарихи аңыздар түсірілген қолжазба мұралардың ғылыми сипаттамасын осы жинаққа топтастырып, баспаға ұсынып отыр. Қолжазбатанушылардың бұл еңбегінің нәтижесі Қазақ елінің сан ұрпағының өткен тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, фольклорын кең ауқымда оқып-тануына, құрмет көрсетуіне, отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне мүмкіндіктер туғызды. Сөйтіп, бұл үрдіс халық әдебиетінің негізінде ұлттық тарихты толықтырып, жаңаша жазуға зор ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

**Т.Әлбеков,** *М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты*

[16] Қасқабасов С. Алғы сөз. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 85: Тарихи аңыздар. – Б. 10-11.

1

Ш. 1090 (ӘӨИ)

П.2; хЖ. 24
27,5x20,5; 25,5x19,5

## АБАТ БАТЫР ТУРАЛЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕ

**Аталуы.** Абат батыр туралы аңыз-әңгіме.

**Жинаушысы.** Жалғасов Ізжан – Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тұрғыны, халық мұрасын жинаушы. Өзге мәліметтер кездеспеді.

**Аннотациясы.** Шора ханның Жақсықылыш, Жаманқылыш атты екі ұлы Асан қайғының қызы, Абат батырдың қарындасы Тұрсынбикеге ғашық болады. Бұлардың арасында телегей-теңіз су болады да, өте алмайды. Тұрсынбике қамыстан сал жасап, шам жағып белгі береді. Екі жігіт су жағалап, Тұрсынбике жел қатты соғып салмен ағып тау етегіне барып қайырлайды. Ол сонда опат болады, екі жігіт те суға батып өледі. Бұлардың артынан іздеп барған Абат батыр әр жерден үшеуін тауып алып, жерлейді. Сол жерлер сол үш ғашықтың атымен аталып қалады дейді.

**Басқы сөзі (25-б.):** Жақсықылыш, Жаманқылыш Шора ханның баласы деседі.

**Соңғы сөзі (27-б.):** Бұл үш ғашықтар бір-біріне қауыша алмай телегей теңіз судан жол тауып жүре алмай, күзгі қара суықта су ортасына түнеп өліпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді үлкен дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайдан жиналған.** 1962 жылы институт қорына тапсырған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ. 1090, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 181-182.

Ш. 1170 (ОҒК) Б.4; Ж.69
24х22; 16х18

## ابىلاي اسپاعان سارى بەل اتالعان جەرى

**(І нұсқа)**

**Аталуы.** Абылай аспаған сары бел аталған жері (І нұсқа).

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп (1857-1931) – Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен жете танысқан. М.Көпеев өзі де өлең шығарумен бірге қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін де көп жинаған. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы.

**Аннотациясы.** Абылай хан Ботақан деген кісіні тірідей көмген. Үйіне қайтып келген соң, болған жағдайды оның әйеліне айтады. Ол күйеуін көрден шығаруды өтінеді. Хан Ботақанды зынданнан шығаруға бұйрық бергенмен, ол ерегесіп, шықпайды. Зорлықпен шығарайын деп жатқанда, жүрегі жарылып кетеді. Орта жүз қауымы адамының өлгеніне намыстанып, өшігеді. Абылай қашады. Арғын, найман басы Қазыбек боп үш көшкенше қуды. Абылай әйелінің ақылымен қара қазанды тастап кетіпті. Қазыбек казанның қасына келіп, найзаны шаншыпты. Қазыбек: «Үйден шыққанда, үш ойым бар еді. Соның біріншісі Абылайдың басын кесем, екіншісі, Абылайдың қатынын алу, үшіншісі қара қазанды алып қайту еді», – дейді. Сөйтіп қара қазанды алып қайтады. Сол қазанды Қазыбек, онан соң Бекболат, онан соң Тіленші пайдаланады.

**Басқы сөзі (1-б.):** ابىلاي حان قازاقتىڭ حانى بولعان، ەبىر بوتاقان دەگەندى ءتىرى كورگە سالعان

**Соңғы сөзі (1-б.):** ... قازانىن شاما البىتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына араб әрпінде қара сиямен түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Қолжазбаның парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.9. – Павлодар, 2006. – 54 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 174-179.

**3**

Ш. 1176 (ОҒК)

Б.1; Ж.42
24х22; 16х18

ابيلاي اسپاعان سارى بەل اتالعان جەرى

**(II нұсқа)**

**Аталуы.** Абылай аспаған сары бел аталған жері.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Абылай хан қырғызға, қалмаққа жорыққа аттанып бара жатқан жолында, Қаз дауысты Қазыбек бидің елінде бір асқа кез болыпты. Сол аста Шаншардың бозбалалары «ханның басындағы бөркін қағып түсіргенге не қаһар қылар екен» десіпті. Қазыбектің інісі ханның арт жағынан барып, андаусызда шыбықпен басындағы бөркін қағып түсіреді.

Хан «жерге түскен бөрікті қайта алып киюге жарамайды, жерде қала берсін» деп бөрікті жерден алдырмай, жүре берді. Біраз уақыт өткен соң қаракесек, төртуылдың базар базарлап барғандарының ішінен төртуылдан Ботақанды, қаракесектен Жанайды байлап алып қалады. Абылай хан Ботақанды тірідей көрге салдырып, үйіне келеді.

Оқиға ары қарай І нұсқадағыдай өрбиді. Мұндағы Абылайдың артынан қуған Қаз дауысты Қазыбек емес, баласы алпыс бес жастағы Бекболат би екендігі айтылады .

**Басқы сөзі (1-б.):** عالامدا ون سەگىز مىڭ جان بولىپتى

**Соңғы сөзі (3-б.):** !جىلم قارتتا جەگەنىن بىلدىرمەي جەپ قويىتۇعىن سۇيىنىشى بار دەگەن ەكەن.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1176 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.9. – Павлодар, 2006. – 132 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 179-180.

**4**

Ш. 1178 (ОҒК) Б.2; Ж.36
24х22; 16х18

**ابيلاي اسپاعان سارى بەل اتالعان جەرى**

**(III нұсқа)**

**Аталуы.** Абылай аспаған сары бел аталған жері (III нұсқа).

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңыз мазмұны II нұсқамен ұқсас.

**Басқы сөзі (1-б.):** شانشار دەگەن -ابيلاي حان الاتاۋعا جورىقا بارا جاتىپ، قاراكەسەك ملدەك عيبر ۋنى جيبن اسىنا كەز بوندى دەيدى.

**Соңғы сөзі (5-б.):** دەگەن مكەن – دەگەن ملدەن اسا الماديم، «بەسمەيرام» وسىناۋ عيبر...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне араб әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.9. – Павлодар, 2006. – 66-71 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 180-186.

**5**

Ш. 1178 (ОҒК) Б.3; Ж.45
24x22; 16x18

## [ابىلاي جانە ورىس ەلشىلەرى]

**(I нұсқа)**

**Аталуы.** [Абылай және орыс елшілері].

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Абылай хан заманында орыс жұртынан елшілікке келіп, қазақ жеріне қыстап қалғандығы, «жетімдікке» Қойлыбайға бір қыз берілгені, олардан тараған балалары жайлы айтылады.

Ал екінші нұсқасында: Орыс патшасының Қойлыбайға ит терісіне алтындатып достық хат жазып, «жетімдікке» бір қыз жібергендігі кеңірек баяндалады.

**Басқы сөзі (1-б.):** ابىلاي حان زامانىندا ورىس جۇرتىنان ونىڭ كىسى ەلشىلىككە كەلىپ، قىس جالعىز قويلىباي باي ەبىر قىس ەجۇز اق قارا -ەتۋسىپ كەتكەن سوڭ قازاق ەشىندە قىستاپ قالىپ، ەلاي بىلان قوي سويىپ كۇتىپ، قىستان اشىقتىرماي، تارىقتىرماي شىعارعان ەكەن.

**Соңғы сөзі (2-б.):** وسىلاي – بۇلاي قالعاندان شىققان، دۇنيەنىڭ اقىرى...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. Т.8. – Павлодар, 2006.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 192-194.

### 6

Ш. 1178 (ОҒК) Б.5; Ж.52
24х22; 16х18

[ابلاي جتە ورس ەلشىلەرى]

**(ІІ нұсқа)**

**Аталуы.** [Абылай және орыс елшілері].

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Орыс патшасының Қойлыбайға ит терісіне алтындатып достық хат жазып, «жетімдікке» бір қыз жібергендігі кеңірек баяндалады.

Басқы сөзі (1-б.): قويلىباي شاعر ايدىڭ قويلى باينىڭ بالاسى

Соңғы сөзі (2-б.): ... قوجا بالاسنداي (يوسيف) تەگى قوجا قوريان قوجا ەجۋسسپ تۋبى وسى مكەۋندەي ساحيدى بالا جاسىمنان بۋل كۋنگەشە كورگەنىم جوق

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.8. – Павлодар, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 194-196.

### 7

Ш. 829 (ОҒК) Б.1; П.1; Ж.32
28,8х20,2; 25,5х16

## АБЫЛАЙ МЕН АНДЫҒОЖА БАТЫР

**Аталуы.** Абылай мен Андығожа батыр.

**Жинаушысы.** Қантарбаев К. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Сағынай Ахметжанұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңызда қазақ-қалмақ арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың бірі баяндалады. Қалмақтың ханы Абылайға елші

салып, «қанға құмартып, ел тыныштығын ала бермей, татуласайық» деп, қонаққа шақыртады. Абылай хан ойлануға мұрсат алып, елшілерді орналастырып, өзі Андығожа батырмен ақылдасады. Батыры бұл сөздеріне сенбей, артында қулық барын ойлап, қонаққа баруға келіспейді. Абылай елшілерге «бармаймын» деп жауап бергенде, олар күрт өзгеріске Андығожадан сезіктеніп, батырмен жолығуды өтінеді. Абылай мақұлдап, Андығожамен кездестіреді. Өзі қабақты, бет алды ызғарлы, сөйлегенде екі ұртын толтырып, орнынан қозғалақтап сөйлейтін Андығожаны көрген қалмақтар: «Хан, тақ иесі сен екенсің, ақыл иесі, ел иесі батырың екен» – деп мадақтап, кейін Андығожаны былайша сынайды: «Артықша өзіне тартып бала тумас, бөксесі жеңіл екен. Алдынан жау қашқандай, аузынан дау қашқандай түрі бар екен», – деген сөздерінен елшінің әйел екенін таныған Абылай ұстауға бұйрық бергенде, елшілер қашып кетеді.

**Басқы сөзі (4-б.):** Абылайға қалмақтың ханы елші салып: «Татулыққа келейік, ылғи қанға құмартып, ел талап, елдің тынышын ала бермейік! Бізге қонаққа кел, келешекте елдің қамы үшін қам істейік», – деп елші жіберіпті.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Сонда елші «қош болыңыздар» деп қашып, тартып отырыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1950 жылғы Көкшетау экспедициясы кезінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.829, 8-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б.248-250.

**8**

Ш. 828 (ӘӨИ) Б.2; Ж.71
17х21; 14х17

## АБЫЛАЙ МЕН ӘМІРСАНАНЫҢ ДОСТЫҒЫ ЖАЙЫНДАҒЫ АҢЫЗ

**Аталуы.** Абылай мен Әмірсананың достығы жайындағы аңыз.

**Жинаушысы.** Мәжікеев М. (1900-1985) – Ақмола облысы,

Державин ауданы, Далабай аулында туып-өскен. 1930-1970 жылдар аралығында баспасөз орындарында қызмет істеген. Белгілі ауыз әдебиетін жинаушы. Оның жинаған материалдары ӘӨИ қорында сақтаулы.

**Тапсырушысы.** Мәжікеев М.

**Аннотациясы.** Қалмақ ханы Ғалдан Церен қайтыс болып, дәстүр бойынша хан тағына оның туыстарының отыруы керек болады. Ғалданның Әмірсанадан басқа баласы жоқ, мұрагер сол ғана. Бірақ ел «Әмірсана қазақ нәсілі, оны сайлай алмаймыз» деп Әмірсананы мұрагер деуден үзілді-кесілді бас тартады. Әмірсананың қазақ екені туралы әңгіме бар екен.

Әмірсана елі өзіне бағындыра алмайды, хан тағына оған байланысы жоқ біреу отырады. Амалсыздан сырттан көмек іздеуіне тура келеді. Әкесі Ғалдан хан өзі достастырған, одан кейін ұзақ уақыт достық қарым-қатынас жасап келген Абылайға барады. Ол досын ықыласпен қарсы алады, оның елін өзіне қаратып беру шараларын ойластырады. Бірақ қалмақтардың карындастық сөзін қабылдамайтынын, тіпті оның арты ренішке соқтыратынын білген Абылай осы жөнінде орыс патшалығымен ақылдасуды ұйғарады. Бұл ұйғарым Әмірсанаға да ұнайды. Хандық лауазымы үшін екі елді жауластыруды екеуі де лайық көрмейді. Орыс патшасына өкіл жібереді. Ол генерал бастаған әскери топ жіберіп, «қалмақтар ризалықпен бағынбаса, күшпен еріксіз бағындырыңдар!» – деп тапсырады. Орыс, қазақ елшілері Әмірсананың өзін ертіп, қалмақ еліне аттанады. Әмірсана еліне жетпей, жолда дүние салады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қалмақ ханы Ғалдан Церен қайтыс болды.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Жолшыбай Әмірсана шешек ауруынан мезгілсіз қаза болды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 828, 3-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б.168-170.

## 9

Ш. 829 (ОҒК) Б.3; П.2; Ж.50
29,6х20,5; 28,5х18

# ابىلاي تۋرالى

**Аталуы.** Абылай туралы.

**Жинаушысы.** Марғұлан Әлкей (1904-1985) – Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық географиялық қоғамның толық мүшесі, Қазақ ССР ҒА-ның академигі. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған.

**Тапсырушысы.** Марғұлан Әлкей.

**Айтушысы.** Әлжанұлы Нұртаза. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңызда даналық пен тектілік, тапқырлық сынды асыл қасиеттер сөз болады. Абылай хан Қазыбек би мен Бөгенбай батырды қасына алып кеңесіп отырып: «Дүниенің қызығы не, тиегі не?» деген сауал тастайды. Әркім өз жауабын айтса да, хан көңілінен шықпайды. Хан өз жауабында: «Дүниенің қызығы мен тиегі – әйелде» – дейді. Қазыбек би бұл сөзге келісе алмай, араларында дау туындайды. Ханнан іргесін бөліп, көшпек болады. Ақыры әйелінің ақылымен Бөгенбаймен кеңесуге барады. Әйелінің кеңесімен Бөгенбай ханнан Қазыбекті кешіруін сұрайды. Сөз ақырында Абылай биі мен батырына үйіндегі әйелдерінің ақыл айтқанын есіне салып, өз сөзінің дұрыстығын дәлелдейді.

**Басқы сөзі (2-б.):** ابىلاي حان قازىبەك پەن بوگەمبايى باتىرمەن كەڭەسىپ وتىرىپ: دەپ سۇراپتى – دۇنيەنىڭ قىزىعى نە؟ تيەگى نە؟

**Соңғы сөзі (3-б.):** سوندا باتىرلار بۇ دا ءجون ەكەن دەپ توقتاسىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба кеңсе қағазына араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Жазып алушы «Омбы облысы, Москоленко ауданы, Тұнба ауылы, Искра көшесі №3» деген адресті көрсеткен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрларымен беттелген.

**Ақауы.** Парақтары сарғайған.

**Папкасы.** Қ.829, 9-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 250-252.

## 10

Ш. 829 (ОҒК) Б.3; П.2; Ж.50
29,6х20,5; 28,5х18

# ابلاى تۇرالى

**Аталуы.** Абылай туралы.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда Абылайдың жоңғарға жасаған тағы бір жорығы баяндалады. Әскердің алдынан барлауға мың кісі жібереді. Оны екіге бөліп, бір қанатына Қанжығалы Жантайды, екіншісіне Қанжығалы Бөгенбайды қояды. Барлаушылардан ұзақ хабар болмаған соң Абылай уайымдай бастайды. Бұқардың әулиелігіне сеніп, батырларының халі не болғанын сұрайды. Сонда Бұқар жырау: «Жантайдың жолы тар, қиын. Бірақ ол барған ұлысын шауып, аман-есен оралады. Жантай әкелген ақша бет қызды Абылай алады», – деп жорыйды. Аңызда Бұқар осы сөзін жырмен айтады. Кейін бұл сөзінің дұрыс шыққанына Абылай қуанады.

**Басқы сөзі (1-б.):** ابلاي حان جوڭعارلاردى شابقان عبر شابۋىلدا مىڭ ادام بارلاۋشى عسپ العا جىبەربتى

**Соңғы сөзі (3-б.):** دەيدى – بۇقارنىڭ ايتقانى كەلگەندە، تويىم كوككە جەتكەندەي قۋانىپ،

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне араб әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.829, 9-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 255-256.

## 11

Ш. 1318 (ОҒК) Б.1; П.2; Ж.95
22х20,5; 20,5х17

# [АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ]

**Аталуы.** [Абылай туралы].

**Жинаушысы.** Есіркепов Күмісбек – Созақ аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болған. Басқа мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Белгісіз. Мәтін қорға 1941 жылы түскен.

**Аннотациясы.** Әбілпейіз деген Бұхарада хандық құрып тұрған кезде, оның Мәрәйім деген бас уәзірі ханға қарсы адамдарды ертіп, ханды өлтіру жолын қарастырады. Мәрәйім Әбілпейізді мейманға шақырып, шарап ішіп мас болған ханды өлтіріп, ертеңіне өзін хан деп жариялайды. Әбілпейіздің үй-мүлкін құртып жібереді. Әбілпейіздің әйелі бес жасар Абылайды: «ханның баласы деп тірі жанға айтпай асыра!» деп Ораз деген мүсәпір шалға береді. Ораз қария баланы алып қашып Түркістан шаһарына келеді. Кейін Арқадан келген көп түйе керуенге ілесіп Сарыарқа деген жерге келеді. Арып-ашып келе жатқан Ораз жас баласын ертіп сусын ішуге Арқалық деген бір бай ауылына келеді. Бай шалды баласымен жалшы етіп алады. Жас Абылай көп ұзамай жылқышы болады. Бай Абылайды өкіл бала етеді. Ораз шалға бір жесір кемпірді қосып, өз алдына үй етіп қояды. Жәнібек хан жар салып ел жинап, қалмақтың Қалдан ханына барып кегін алу үшін сарбаз жинайды. Ол көп қолға қосылмақ болып Абылай өкіл әкесінен рұқсат сұрайды. Аталық рұқсат етпесе де, Абылай түн ішінде қашып келіп, хан Жәнібектің көп қосынына қосылады.

Екі жақтың сарбазы бетпе-бет келіп Қалдан ханның атақты батыры Шырыш жеке соғысқа шығады. Шырыш батырдың түрін көрген қазақтарға қорқыныш кіріп, ешбір жан мен барам деп тілемейді. Шарт түйінген науша жас жігіт келіп ханнан рұқсат сұрайды. Қысылып тұрған хан кім екенін сұрамай-ақ рұқсат етеді. Үлкен майдан алабында Абылаймен Шырыш батыр ұрыс жасап, Абылай Шырышты өлтіреді. Өлген батыр мен қалған батырға қарай екі жақтың көп қолы айқайлап ат қойып, ұрыс басталады. Батырынан айырылған қалмақ ханы жеңіліп, қашады. Екі хан бітісіп, Абылайға Қалдан хан қызын береді. Қайтып келген соң хан Жәнібек орнына Абылайды хан сайлап, Абылайдың хандық дәуірі сол заманнан басталған.

Аңыздың соңында Абылай ұрпақтары туралы, Кенесары батырдың ерлігі жайында да айтылады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Әбілпейіз деген Бұхарада хандық құрып тұрған.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...Ханға қырсық сол болып, палуандар тойға жолыққан.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Папкасы.** Қ. 1318, 6-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б.170-174.

12

Ш. 829 (ОҒК)

Б.3; П.2; Ж.116
34,8х22; 34,5х20,5

ابلاي حان زامانندا قازاقتان شىققان باتىرلار

**Аталуы.** Абылай хан заманында қазақтан шыққан батырлар.

**Жинаушысы.** Әминов Нұғман – бұрынғы Павлодар облысы, Каганович ауданында туып-өскен. «Жетім Мәриям» дастанын 1956 жылы М.Ақылбековтан жазып алып, қорға тапсырған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы.

**Тапсырушысы.** Әминов Нұғман.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда XVIII ғасырдағы Абылай хан билігі тұсында орын алған тарихи оқиғалар баяндалады. Қабанбай, Бөгенбай, Барақ батырларды мадақтаумен басталған аңыздың бастапқы бөлімдері ауыз екі әңгімеге тән ырғақпен, ұйқаспен айтылған. Сонымен қатар Абылай ханның туы астына жиылған: Сырым Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай, Шанышқылы Бердіқожа, Тарақты Байғозы, Олжабай, Жауқаш би, Бөрібас, Қозған Бекше, Әлтеке, Сарым Жидебай, Ақшабдар, Уақ Сары, Баян, Байжігіт Тасболат, Жанатай, Оразымбет, Бәсентин Сырымбет, Сырғалы Елшібек, Жәпек сынды үш жүздің белді батырлары арнайы аталып өтеді. Осылайша батырлардың есімі тізбектеліп өткен соң, «Қазақта Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ» деген халық жадында қалған сөз болады. Аңыздың келесі мазмұны күрт өзгеріп, мүлдем басқа арнаға ауысады. Тарихи аңыздардың ортақ сипатын ала отырып, «Абылай ханның түсі және өлімі» атты аңыздың оқиғасын толық қайталап шығады. Тек басындағы кіріспесі мен кейіпкерлерінде ғана өзгешелік бар. Ал оқиғалар желісі, қала атаулары, сөз тіркестері, кейбір сөйлемдері алғашқы аңызмен мазмұндас. Екі нұсқаның соңында да Бұқар жырау толғау айтып, Абылайды тебірентеді.

Қорыта айтқанда, Н.Әминов тапсырған «Абылай хан заманында қазақтан шыққан батырлар» атты тарихи аңыз – «Абылай ханның түсі және өлімі» атты аңыздың өзге жеткізуші тарапынан айтылған нұсқасы анықталды. Айырмашылықтары тек кіріспесінде ғана. Кейіпкерлері мен оқиғаларында ұқсастықтар көп.

**Басқы сөзі (8-б.):** قاراكەرەي قابانباي، قانجىعالى بوگەمباي، كوكجارلى كوكجال باراق وسى – جاقسى اتى باراقعا قالادى دەلىنگەن باراق باتىر .جاۋدى كوپ قىشرادى

**Соңғы сөзі (10-б.):** بۇلار مۇندا ولگەننە قىرىق كۇن بولدى دەپ قىرقىن بەرگىزگەن كۇنى، وسى – بىزدىڭ مستۋمىزشە ابىلاي تارىحى .ولگەن كۇنى سول كۇن بولىپ شىعىپتى

**Қағазы, əріп-сиясы.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде кеңсе қағазына жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Парақтары сарғайып, тозған.

**Папкасы.** Қ.829, 1-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 231-236.

## 13

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.6; П.3; Ж.75
23,5x18,3; 11,5x15

[ابىلاي حان مەن تۇرسىنباي باتىر]

**Аталуы.** Абылай хан мен Тұрсынбай батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Абылай ханның Тұрсынбай атты батырын сынағаны баяндалады. Абылай бір жорыққа аттанып бара жатып, жолдан бір аттыны кездестіреді. Ол Балтакерей Тұрсынбай батыр екен. Хан батырды өзімен бірге жүруге көндіріп, жорыққа алып кетеді. Жолай бір өзеннің бойында көп бейітке кездеседі. Абылай Тұрсынбай батырды жіберіп, бейіт ағаш бар-жоғын біліп келуін бұйырады. Көп бейіттің ішінде жалғыз ғана бейіт ағаш бар екен. Жорықтан айтарлықтай ұрыс болмай, олжа да аз болып, Абылай қолымен қайта ордасына қайтады. Қайтар жолда қыс түсіп, күн суытады. Ашыққан жорықшылар әлгі өзен бойына жеткенде тамақтануға тоқтайды. Мал сойып, ас пісіру үшін отын керек болады. Сонда Абылай Тұрсынбай батырды сынау үшін бейіттен ағаш алып келуге жібереді. Алдын ала бейіттегі жалғыз ағаштың астына сарбазы жасырынып, қорқытуға дайындап қояды. Батыр келіп ағашты

қазып жатқанда опырылып шұңқырға түсіп кетеді. Қол созып ала бергенде жасырынған сарбаз ақырып, жағасынан шап береді. Сонда Тұрсынбай батыр әлгінің өзіне тап беріп, алыса жөнеледі. Астына басып алып, өлтіре жаздағанда әлгі сарбаз шынын айтып, батырды тоқтатады. Бейіт ағашты әкеліп, ыстық ас ішісіп отырғанда хан батырдан «пенде болып, ешнәрседен қорықтың ба?» деп сұрайды. Сонда батыр бір ханның қолында жылқы бағып жүргенде бір қорыққанын айтады. Бірде қатты боран тұрып, басылған соң жылқылар жусап кеткенде батыр да мызғып ұйықтап кетеді. Оянса аузының үстінен жылан асып бара жатады. Батыр қорыққаннан аузымен бір тістегенде жылан екіге бөлініп қалады. Аңызды баяндаушы батырдың қорыққанының өзі бір ерлікке татитынын айтып таңырқайды.

**Басқы сөзі (745-б.):** ابیلاي حان جلده ءبىر جورىقتا اتتانعاندا، قۇس ۋشپاس، قۇلان جورتپاس يەتپاقتىڭ سارى دالاسىندا ءبىر قارا الا اتتى كىسى بولدى دەيدى

**Соңғы сөзі (750-б.):** ... كيگەننە قاراسالۇ، قۇس .قاندى شەلەك، كوك تاقىم زرى – ونسى ... قۇراي...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған, тозған.

**Папкасы.** Қ.1170 «б» (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпейұлы М.Ж. Шығармалар жинағы. 8 том. Павлодар, 2006. 184-б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 206-208.

**14**

Ш. 829 (ОҒК) — Б.1; П.1; Ж.17
28,5х20; 16,7х19,7

ابیلاي حاننىڭ اڭگىمەسى

**Аталуы.** Абылай ханның әңгімесі.

**Жинаушысы.** Бекмағамбетов (аты көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Тапсырушысы туралы мәлімет жоқ.

**Аннотациясы.** Аңызда Абылайдың туы астына жиылып, қалмақтың Қалдар ханымен соғысқан батырлар ата-тегімен аталып өтеді. Абылайдың бұйыруымен барлығы ұрысқа түсіп, жеңіп шығады. Олжаға үш әйел түседі. Ішіндегі Қалдар ханның қызын Абылай өзі алып, тоқалын көпшілікке береді. Көпшілік таласып, ақыры ханның бұйрығы бойынша киіктің жеті лағын бір оқпен атқан мергенге беріледі. Әскердің ішінен Тікімбай деген батыр жеті лақты бір оқпен атып, әйелді алады.

**Басқы сөзі (3-б.):** قالماقتىڭ قالدار حانىمەن ۇرىسسىپ، جەتى كۇندەي ەسۇرىسسىپ، سونداعى جوڭدار اداماداري

**Соңғы сөзі (3-б.):** جەتى لاقتى ءبىر اتىپ ەتۋسىرىپ حانعا تارتىپ، توقالدى الىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1950 жылғы Көкшетау экспедициясы кезінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Парақтары сарғайып, жұқарған. Шеттері жыртылған.

**Папкасы.** Қ.829, 9-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 250.

**15**

Ш. 829 (ОҒК)

Б.7; П.7; Ж.154
8,5х19,7; 23,5х16

## АБЫЛАЙ ХАННЫҢ БАЛАЛАРЫ

**Аталуы.** Абылай ханның балалары.

**Жинаушысы.** Көпеев М.Ж. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Марғұлан Әлкей. Ол туралы мәлімет 9-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Аңызда Абылай ханның үрім бұтағы, қай баласынан кімнің тарағаны баяндалады. Абылайдың хандық тұғырын жалғастырушы Нұралы сұлтан, Уәли хан, Қасым сұлтан, олардың ұрпақтары Кенесары, Саржан, Наурызбай, Шоқанға дейін шежіре баян етіледі. Сөз арасында олардың атқарған істері ара-тұра айтылып өтеді. Әңгіме соңында шежіре айтудың жөн-жосығын, тура айтудың абзалдығын сөз болады.

**Басқы сөзі (18-б.):** Абылай ханның алғашқы алған бәйбішесі – қарауыл қызы. Одан ұл жоқ, жалғыз қыз болды.

**Соңғы сөзі (24-б.):** Абылай хан өлген соң Сары қазақ Сыбан, Итқара сұлтан – Біртайдың осындай басты кісілері жойылып, Уәли ханды хан көтереді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1929-1939 жылдары әр жерлерде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.829, 10-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 254-255.

**16**

Ш. 621 (ӘӨИ) Б.3; П.28; Ж.51<br>20х17,5; 19х15

## АБЫЛАЙДЫ ТҰТҚЫННАН БОСАТТЫРҒАН БАТЫР

**Аталуы.** Абылайды тұтқыннан босаттырған батыр.

**Жинаушысы.** Сақауова Ж.Б. – 1992 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс студенті болған. Өзге мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Рахымов Б. – 1958 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы, Айшырақ ауылында дүниеге келген. Филология ғылымдарының докторы, профессор, фольклортанушы-ғалым. Қазақ фольклорындағы тарихи эпостарға қатысты көптеген еңбектердің авторы. 1991-2002 жылдар аралығында Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің фольклорлық практикасына жетекшілік жасап, ел арасынан көптеген фольклорлық шығармалар жинаған.

**Аннотациясы.** Аңызда қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезіндегі тарихи оқиғалар сөз болады. Қазақтың қолын Абылай, қалмақтардың қолын Қалдан Серен бастаған бір соғыста дәстүр бойынша екі жақтан екі батыр жекпе-жекке шығады. Қазақ батыры жеңіп шығып, қалмақтың атын ұстап әкеліп алдына тартқанда, қалмақ батыры есімін сұрайды. Ол

Барқының ұлы батыр Нияз екен. Ертеңіне Қалдан Серен Ниязды арнайы ордасына шақыртады. Батырдың алдына қызыл кілем төсеп күтсе де, ханның шатырына дейін атынан түспейді. Хан ашуланып қылышын суырғанда, Нияз төсін айқара ашады. Хан құрметтеп аттан түсіріп алады. Кешегі жеңген батырын көп батырдың ішінен танып біледі. Оған разы болған Қалдан Серен: «не тілерің болса, сұра» дейді. Батыр Нияз үш тілек айтады. Біріншi, екі арадағы соғысты тоқтату, екіншісі, таласып жатқан екі көл мен екі төбені қазақтың өзіне беру, үшіншісі, «тілегім мойнында қалсын, кезегі келгенде, кезінде сұрармын», – дейді. Қалмақ ханы келісіп, екі жақ тарасады.

Нияз қатыспаған тағы бір соғыста батырдың екі баласы бірдей қаза табады. Қалмақтан кек алуды сұраған халыққа шау тартқан батыр: «Бұл жолғы соғысты бастаған қалмақтар емес, қазақтар. Екі балам оған рұқсатсыз қатысты. Ризашылығым болған жоқ. Құн да, кек те іздемеймін», – деп жауап береді. Кейін басқа бір соғыста қалмақтар Абылай ханды тұтқынға алады. Хабарды естіген Нияз Қалдан Серенге келеді. Осы жолы ол өзінің үшінші тілегінің мойнында қалғанын қалмақ ханының есіне салып, сол үшінші тілегі ретінде Абылай ханды босатуын сұрайды. Абылай хан болса осы соғыста өлген қалмақ батыры әйелінің құзырында екен. Қалдан Серен үкім бере алмайтынын айтады. Батыр Нияз: «Әйел алдына барып бас ұра алмаймын. Ханымызды босатуды ханнан ғана сұраймын! ...менің бұдан басқа үшінші тілегім жоқ», – деп отырып алады. Сөзден тосылған хан аз-кем ойланып, әйелді шақырып алып, мән-жайды түсіндіреді. Әйел болса: «Тұтқындағы қазақ ханы менің қайғымды сейілтпес. Сізге батыр болмас, өлген де қайтып тірілмес. ...ханды босату, босатпау өз ықтиярыңызда», – дейді. Осыдан соң Абылай ханды тұтқыннан босатады. Нияз батырды нөкерлерімен қоса той-думанмен шығарып салады. Аңыз соңында осы тарихты айғақтайтын Кенесары заманына қатысты тағы бір оқиға баяндалады.

Патшалық Ресейге қарсы күрескен Кенесары патша өкіметіне бас бұрғандардың барлығын жазалап отырған екен. Кенесарының қолына бірде Нияз батырдың бергі ұрпақтараның бірі Қантарбай батыр түседі. Кенесары батырды алдына алдыртып жөн сұрастырғанда, Қантарбай бармағын тістеп отыра береді. «Бармағыңды неге тістей бересің?» деп сұрағанда Қантарбай батыр: «Бабам Нияз батыр сенің бабаң Абылай ханды қалмақтың тұтқынынан босатпаса, одан сенің әкең мен сен тумасаң, бүгін мен сенің тұтқының болып отырмас едім ғой. Мен соған өкініп, бармағымды тістеп отырмын», – депті. Аңыз сол Қантарбай батыр сөзімен аяқталады.

**Басқы сөзі (2-б.):** Атақты Абылай хан тұсында қазақ пен қалмақ арасында әртүрлі соғыстар мен сойқан соқтығыстар аз болмаған.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Мен соған өкініп, бармағымды тістеп отырмын, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1992 жылы жазып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.621 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 239-243.

**17**

Ш. 829 (ОҒК) Б.3; П.28; Ж.51
20x17,5; 19x15

## АБЫЛАЙДЫҢ «ҚАНДЫ ҚАРАҒАЙ ҚАН БОЛДЫ, ЖОЛ БОЛДЫ» ДЕП АТ БЕРУІ

**Аталуы.** Абылайдың «Қанды қарағай қан болды, жол болды» деп ат беруі.

**Жинаушысы.** Қаңтарбаев Карл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қаңтарбаев Карл.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда қазақ даласындағы «Қанды қарағай» деп аталатын өлкенің атауының шығуы туралы баяндалады. Аңыздың мазмұнына қарағанда, оқиға Ақмола, Атбасар, Көкшетаудың орталығындағы орманды-жазықты байтақ далада өтеді. Оқиғаны қазақ пен қалмақ қолдарының арасындағы бір шайқастың көрінісі деуге болады.

Абылай хан қазақтың көп батырларымен кеңесіп отырғанда бір бейтаныс кіріп келіп, жол бойында қалмақ қолдарына кезігіп қалып, әбден мазақ болғанын айтады. Ханға жаудың жүрген жолын, мекенін айтып береді. Абылай әскерімен жауды іздеп аттанады. Жеткенше кеш болып, көз ұшында көрінген отқа тоқтайды. Түн өткізіп, ертесі екі жақ бір-біріне қарсы ту көтеріп қозғалады. Жау қолын Қалдан ханның Шеріш деген батыры бастап келеді.

Екі жақ елші жіберіп, сөз аңдысып тұрғанда қалмақ әскерінің бірі Абылайға тап береді. Екеуінің ұрысы қалың қарағай ішінде болады. Абылай жауын жеңіп келсе, екі қол бей-берекет соғысқа кірісіп кеткен екен. Хан бірден туын көтеріп, ерлерін бір төбеге жинайды. Қалмақ қолы жинала алмай қырғынға ұшырайды. Жауды жеңіп, олжаны бөлісерде қалың жұрт бұл жорықты қалай атаймыз деп сұрайды. Сонда Абылай «Қанды қарағай қан болды, жол болды» деп ат береді.

**Басқы сөзі (2-б.):** Ақмола, Атбасар, Көкшетаудың орталығында кең байтақ жатқан дала мен «Қанды қарағай» деген бұрын атығай, карауыл, қаржас, алтайдың жайлаулары болып еді.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ... Бұл жорықтың аты «Қанды қарағай қан болды, жол болды» болсын, – деген екен деседі. Содан бері осы өлке сол атпен кетті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әріпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1950 жылы Көкшетау экспедициясы кезінде жазылған.

**Беттелуі.** Қарындашпен араб цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ. 829, 8-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 204-206.

## 18

Ш.1170 (ОҒК) Б.2; П.12; Ж.61
24х20,5; 18х16,5

ابلایدنڭ الغاش کوزگه توسوی

**Аталуы.** Абылайдың алғаш көзге түсуі.

**Жинаушысы.** Көпеев М.Ж. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Алғашқы нұсқадан мазмұндық ерекшеліктері мынадай: Абылай он екі жасар бала күнінде қасында Оразаулық деген сарт бар, екеуі Түркістан шаһарына келіп, үйсін Төле бидің түйесін бағады. Кейіннен Сарыарқаға келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бақты. «Атың кім?» деп сұрағанға: «атым – Сабалақ» депті. Бай

бәйбішесіне Сабалақтың жай адам емес екенін, оған ерекше күтіммен қарауды тапсырады.

Елді Қарақалмақ Қатысыбан деген жау шабады. Қазақтың бар батырының бәрі аттанып, қалмаққа барса, қалмақ шеп құрып, айналасын қорған қылып, шептің аузына жайнатып жасау төгіп, қыз-келіншек қойып, қазақтың батырлары жасауға қызығып шапса, ар жағында бұғып жатқан мергендері атып тастап, қалмақ қазаққа алдырмайды. Неше күн жатып, «сасық қамал» болып, қалмақтан жылқысын айыра алмай, салы суға кетіп, қайтпақшы болыпты. Сонда жылқының соңынан қалмай қуған жылқышы Сабалақ қазақтардың қайтарына кезі жеткен соң, көптен оңаша шығып, атынан түсіп, шүберек белбеуін құрығының басына байлап, ту қылып, қалмақтың қамалына: «Абылай! Абылай!» деп, жалғыз барып кіріп кетеді. Қалмақтың құтын қашырып, Сарыарқадан аудырған, басына қара қан жаудырған Абылай хан екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** ون ەكى جاسار بالا كۇنندە قاسندا ورازاۇلق دەگەن سارت بار، مەكەۋى پتشاعا قزمەتكەرشلك قلدى (ابۇالمابەت) تۇركستان شاھارنا كەلىپ، ابىلمامبەت

**Соңғы сөзі (4-б.):** ابىلاي شىققان ونەككە دەپ – وسى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.9. – Павлодар, 2006. – 12-14 бб.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 131-134.

## 19

Ш. 829 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж.61
30х20,5; 22,7х16,5

## ABILAYDIÑ ÄTEKE JIRIQPEN SOĞISUI

**Аталуы.** Абылайдың Әтеке жырықпен соғысуы.

**Аннотациясы.** Аңызда Абылай ханның қырғыздарды Ұлы жүз жерінен

аластату үшін жасаған жорықтарының бірі баяндалады. Қырғыздарға елші жіберіп, ортақ келісімге келуді ұсынса, еш қабылдамайды. Содан Абылай қолын жиып ұрыс салады. Ұрыста Жанай деген қырғыздың батыры қолға түседі. Қырғыздардың басшысы Әтеке батырды ұстайын деп барса, Алтыбай деген қолында жүрген қазақ баласы атқа мінгізіп, қашырып жібереді. Абылай ашуланып, өлтірейін дегенде Малайсары мен Барақ батыр араша болып, аман алып қалады. Бала өз еліне кетеді. Аңыз соңында Абылайдың 73 жасқа келіп қайтыс болуы баяндалады. Өлерінде Бұқар жырау қасына барып, «Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай!» деп басталатын толғауын айтады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Abılay orıs patşasına bağınbay onımen soğısıp, jeñiletin bolğan soñ, osı alatawğa qaray awıp keledi.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Jılı sözben qol berip amandastı depti.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін латын әрпінде, ескі қағазда машинкаға терілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1929-1950 жылдары Көкшетау экспедициясы кезінде жиналған материалдар.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздары ескірген.

**Қосымша белгілері.** Аңыздың соңында кісі аты жазылатын жерде «Мұсылманқұл» деген жазу бар.

**Папкасы.** Қ.829, 10-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 252-254.

**20**

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.7; П.4; Ж.91
23,5х18,3; 16,8х11

ابلاینڭ بیر جوریغی

**(І нұсқа)**

**Аталуы.** Абылайдың бір жорығы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қалмақ ханы қан төгіспей келісімге келіп, жекпе-жекке батырларды шығарайық, қай жақ жеңсе, олжаны сол алады деп ұсыныс айтады. Абылай хан келісімге келіп, Жәнібек батырды шығарады. Батырдың жайсыз жүзін Абылай хан жақсылыққа жорып, батыр жекпе-жекте жеңіп шығады. Бұл аңыз толығымен «Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы» аталатын аңызды қайталайды. Кейбір сөз тіркестері мен сөйлемдері болмаса, стильдік айырмасы да жоқ. Бірінші нұсқада Жәнібек батырдың ата-тегі, анасы жайлы деректер берілсе, бұл нұсқада ондай деректер жоқ. Айтушы оқиғаны қысқа жеткізуге тырысқан. Бірінші нұсқа соңында «Жан болса осындай болсын!» деп аяқталса, бұл нұсқада «жан» сөзінің орнына «хан» сөзі тұр.

**Басқы сөзі (1-б.):** ابلاي حان قاراقالماق قاتسىبتعا قول جيبپ، شەرۋ تارتيپ بارعاندا، ابلايعا كسي سالدي دميدي

**Соңғы сөзі (3-б.):** دميدي !حان بولسا، وسنداي بولسن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайып, шеті жыртылған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Жүсіп Қазақ тарихы шығармалары Т.9. – Павлодар, 2006. – 40-б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 216-219.

## 21

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.7; П.4; Ж.91
23,5x18,3; 16,8x11

## ابلايدىڭ ءبىر جورىعى

### (II нұсқа)

**Аталуы.** Абылайдың бір жорығы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұл мәтін – Абылай хан Жәнібек батырдың түсін жорыйтын үшінші нұсқалы аңыз. Осыған ұқсас «Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы», «Абылайдың бір жорығы» деп аталатын аңыздар бар. Аталмыш аңыздың оқиғалары, негізгі мазмұны алдыңғы екі аңызға ұқсас болғанымен, аздаған айырмашылықтары да бар. Бірінші, екінші нұсқаларда Абылай Жәнібекті жекпе-жекке шығуға шақыртып алса, бұл нұсқада хан өзі Жәнібекті іздеп барады. Хан келіп, ауыл у да-шу болып жатса, Жәнібек үй ішінде қайнап жатқан құртты араластырып тұрады. Таң қалған ханның сөзіне: «Үйде құрт қайнатуға жарамаған жаман, жауда ат ойнатуға жараушы ма еді?!» деп жауап береді. Бірінші нұсқадағы Жәнібектің тегін айтатын тұсы бұл аңызда да бар. Есімхан Ташкенде Тұрсын ханды өлтіргенде, бір қызын өз баласы Салқам Жәңгірге, бір қызын Жәнібектің әкесі – Шақшақ батырдың баласы Қошқар батырға жар қылады.

**Басқы сөзі (739-б.):** قاراقلماق قتسبانىنك حتى ابلايعا ءلشى جبەرگەن مكەن

**Соңғы сөзі (745-б.):** حان بولسا، .ون قالماقتى تۋتتاي جالاگاش قلىپ توناپ، السپ قيتتى وسنداي بولسن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Жүсіп Қазақ тарихы шығармалары – Т.9. – Павлодар, 2006. – 42-б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 219-222.



Ш. 1170 (ОҒК) Б.7; П.4; Ж.91
23,5x18,3; 16,8x11

## ابىلايدىڭ قالدان شەرىنگە ەلشى جىبەرۋى

**Аталуы.** Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Абылай хан Қалдан Шерінге екі елдің арасында «бейбітшілік болсын» деп елші жіберген екен. Қалдан Шерін ханымы Қарабас ханымды: “Келген елшілердің ішінде бітім алып қайтуға тұрарлық адам бар ма екен, сынап кел”, – деп аттандырады.

Қарабас ханым аралап көріп, төрт кісіні таңдап, Қалдан Шерінге алып барады. Олар: қаз дауысты Қазыбек, Айдабол бидің баласы Тайкелтір би, Балтакерей Тұрсынбай, Шақшақ Жәнібек.

Сонда Қалдан Шерін ханымынан бұларды қалай сынағанын сұрағанда, ол былай деп жауап береді: – Мынау отырған Қазыбек ұйықтағанда, екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберіп, керген төстіктей жатады екен. Оның мәнісі: «Дүниенің төрт бұрышын тірей туған ұлмын» дегені. Қара бақайына шейін құт екен. Өлгенде арулаған жерін басып өткен ел бай болар, – дейді. – Мынау отырған – Тайкелтір. Кішкене тілінің ұшы екі айырыла біткен екен. Өнері қара санынан келеді екен. Ер көмей, темір жақтың барып тұрған өзі екен. Екі жақты, бір тілдіге өмірінде сөз бермес, – дейді. – Мынау отырған – Балтакерей Тұрсынбай. Құлағы жоқ шұнақ, құйрығы жоқ шолақ екен. Ерлігінен де міні жоқ, еңбектілігінен де міні жоқ. Жалғыз-ақ айыбы – жауы желкесінде екен. Онан басқа қорқар нәрсесі болмаса керек, – дейді. – Мынау отырған – Жәнібек. Екі аяқты, бір бастының сырттаны екен, өзінің оққағары бар екен. Күнінде ыңыршағынды отқа жағып, бақайшағыңның майын шағатұғын осы екен, – дейді. Сонда Қалдан Шерін төртеуін өлтіріп тастауға оқталғанда, ханымы ақылды сөз айтып тоқтатады.

**Басқы сөзі** (735-б.): ابلاي حان قالدان شەرىنگە جاۋلاسپاي تۇرعان كۇنىندە كوپ ەلشى جىبەرگەن ەكەن

**Соңғы сөзі** (738-б.): دەيتى – اۋ-كەلىن مۇنداردى كىسى بۇرىن تىلىپ قويىتۇعىن ەكەن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен, араб әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбаның парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.9. – Павлодар, 2006. – 21-22 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 151-152.

Ш. 829 (ОҒК) Б.4; Ж.62
22х20;18х16

# ابلايدنڭ قامال بۇزعان جەرى

**Аталуы.** Абылайдың қамал бұзған жері.

**Жинаушысы.** Молда Мұқан Машанұлы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Павлодар облысы, Баянауыл ауданында өмір сүрген ақын. Төңкеріске дейінгі ауыз әдебиеті үлгілерінен қазақтың көптеген жырларын және ақындардың айтыс өлеңдерін қағазға түсірген белгілі жинаушы.

**Тапсырушысы.** Қорға 1935 жылы түскен. Бозтай Жақыпбаев (1887-1970) – Павлодар облысы Баянаулы ауданында дүниеге келген. 1930 жылдан бастап СССР Ғылым академиясының қазақ филиалында, Тіл, әдебиет институтында қызмет еткен жылдары ол, қазақ ауыз әдебиеті үлгілері мен фольклорын көптеп жинаған.

**Аннотациясы.** Мазмұны «Абылайдың алғаш көзге түсуі (№18 сипаттама)» нұсқасымен бірдей.

**Басқы сөзі (1-б.):** جاسندا قاسند! وراز النق دەگەن سارت بار ەكەن 12 ابلاي حان

**Соңғы сөзі (10-б.):** قوزى اسىعى دەمە، قولايڭا جاقسا ساقا » بۇرىنعىنىڭ ءسوزى بار ەدى
قاراۋىلدىڭ ورتاسىنا الىپ كەلىپ، اق وتاۋ كوتەرىپ، دەپ اتىعاي – دەگەن، وسىنى حان كوتەرمىك، «قوي
التى قاتىن الىپ بەرىپ، اق كيگىزگە سالىپ حان كوتەرگەن ەكەن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Ш. 829, 4-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 138-140.

Ш. 1176 (ОҒК)

Б.5; П.3; Ж.91
20х17,5; 19х15

# ابلايدنڭ قىرعىزعا جورىعى

## (І нұсқа)

**Аталуы.** Абылайдың қырғызға жорығы (І нұсқа).

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда Абылай хан заманында қазақ-қырғыз халықтарының арасында өткен тартысты оқиғалар баяндалады. Аңыз Садырбала деген қырғыз ханының мақтаныш сөздерінен басталады. Абылайды «кәрі сарт» деп менсінбей айтқан сөзі Абылайға жетіп, хан үш жүзден қол жинап, Садырбалаға аттанады. Шу мен Талас бойына жеткенде Садырбалаға елші салып, «хан болса, тектілігін көрсетсін» дегендей беттесуді күтіп жатады. Садырбала пәлен күн уақыт сұрап, алдына сый-сияпатпен көрісуге баратынын айтып, айлаға басады. Содан Абылай қолы бейқам жатқанда Садырбала қалың қолмен жетіп келеді. Сол мезеттерде Созақтан шыққан «Жалаңаяқ Әудер» деген диуана кісі Абылайдың қосынына кез болады. Әулиелігін мадақтап, қиын жағдайдан шығу үшін «керемет көрсетуін» сұрайды. Сонда диуана Садырбала өзінің май басқанынан туған лепес баласы екенін айтып, оған қаһар шаша алмайтынын білдіреді. Сонда хан оған: «Ол бір бала да, мынау қазақ көп мүритің ғой, ел-жұртың ғой. Бір бала қалай, көп қалай?» – дейді. Диуана айтқанына көніп, әулиелігімен қырғыздардың сабын бұзып, берекесін қашырады. Осы жерде Әйтеке жырық туралы айтылады. Ол алты баласымен қашқан жолда қырғын табады. Қырғыздар ақыры кешірім сұрап, бітімге келіп, салт бойынша Сәру деген бір тайпа елін «ақ үйлігe» береді. Аңыз соңында Абылайдың кейінгі ұрпақтары Кенесары, Наурызбай, Құдайменде, Ержан төрелер сол Әйтеке жырықтың немерелерінің қолынан қаза тапқанын айтып аяқталады.

**Басқы сөзі (294-б.):** قازى مابەكتى النم، انيەك» ;سوندا سول سادىربالا ماقتانعان ارقادا ابىلاي دەگەن كارى سارت ». شولاقى النم، كوكجال باراقى النم، جالعىز كوزدى قاراقى النم دەيدى «بار

**Соңғы сөзі (295-б.):** دەپ، سول ايتەكە جىرىقتىڭ نەمەرەلەرى «قىساسى قيامەتكە قالمايدى جاتقاراش، جانتاي، قارابەك بالالارىنىڭ قولىندا كەنەسارى، ناۋرىزباي، قۇدايمەندە، ەرجان ەبىرسىپىرا تورەلەر شاھيتلىك دارەجەسىن تاپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен араб әріпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1176 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 198-199.

**25**

Ш. 1170 (ОҒК) Б.2; П.2; Ж.21
21х19; 17,7х11,5

**ابلايدنگ قيرغيز، وزبككه جوريغى**

**(II нұсқа)**

**Аталуы.** Абылайдың қырғыз, өзбекке жорығы (II нұсқа).

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет алдыңғы 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

**Аннотациясы.** Аңыз екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде Абылайдың Садырбала деген қырғыз елінің ханын шабуға аттанған жорығы айтылса, келесі бөлімде сарттарға жасаған жорықтары, ханның түсі, әскерін таратып жіберуі, сол жорықта қайтыс болуы сынды оқиғалар баяндалады. Аңыздың бірінші бөлігі «Абылайдың қырғызға жорығы» деп аталатын аңызға ұқсас. Тек мұнда Садырбаланың жеңілуі қысқаша ғана баяндалады. Алғашқы нұсқадағы Абылайға көмектесетін Жалаңаяқ Әудер деген әулие бұл аңызда мүлдем аталмайды. Қырғыздар бітім үшін берген Сәру руымен қоса, Абылайдың шүршіт пен қалмақты бақылауға қойған баласы Әділ төре туралы да айтылады.

Екінші бөлімінде өзбекке жасаған жорықтары айтылады. Салыстырып қарағанда, бұл мәтіннің өзбекке жорығын баяндайтын бөлігі «Абылай ханның түсі және өлімі» деп аталатын аңыздың бір нұсқасы деуге болады. Себебі негізгі оқиғалар желісі екі мәтінде де ұқсас. Аңызда хан Абылай Бұхараны аламын деп өзбек жұртына аттанады. Арада жүріп өткен жолындағы Түркістан, Манкент, Шымкент, Сайрам, Ташкент сынды

шаһарларды өзіне қаратып, басшысын сайлап кетеді. Олардан асып, Самарқан шаһарына барып түскен түні Абылай хан түс көреді. Бірақ бұл нұсқада түсін жорушы Бұқар жырау емес, «бір қария». Қарияның түсі де Бұқар көретін түстен өзгеше. Кейінгі оқиғалардың мазмұны баска нұскалармен бірдей. Түсін жорыған соң Самарқан жерінен өзіне көк тас қаздыруы, әскерін таратып жіберуі, халықпен көрісіп, қонақасы беріп болған соң, Арқаға қайтар жолда Шымкенттегі сарт бегі өткізбей, Абылайдың құсалап қалуы ретімен баяндалады. Абылайдың қырғызға жорығы туралы аңыздағы Жалаңаяқ Әудер аталмыш аңыздың екінші бөлігінде Жалаңаяқ Әздер деп аталады. Ол Абылай хан өлгенде егіліп жылайды. Аңыз соңында Мөңке бидің болашақты болжап айтқан толғаулары келтіріледі.

Басқы сөзі (727-б.): ابلاي حان زامانندا قىرعز سادىربالا دەگەن شىعىپ، اق قالپاقتى قىرعزدى اۋزىنا توگەل قاراتىپ تۇرعان كۇنىندە ماقتانىپ سويلەگەن ەكەن

Соңғы сөзі (735-б.): ٴتۇرشىتيەمىن ەلدەسىپ، بالاسىنىڭ مەڭ ۇلكەنى ەادىل تورەنى سول دەپ سولاي جىبەرىپ، ۋسى كۇنگە شەيىن ۋنىڭ ۇرىم – اجاقاعى قازاق، قالماقتا يە بولىپ، تورەلىك قىل ۋنىپ كەلەتى-بۇناعى سول جاقتا ٴۋرسىپ

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 199-204.

## 26

Ш. 829 (ОҒК) Б.1; П.1; Ж.31
31,8x24,3; 25,2x14

## АБЫЛАЙДЫҢ ӨЗ ТҮСІН ЖОРУЫ

**Аталуы.** Абылайдың өз түсін жоруы.

**Жинаушысы.** Қаңтарбаев Карл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Абылай ханның түсінде есік алдындағы бір үлкен көлдің қамысы жапырылып тұрады. Есіктен шыға берісте бір арыстан

қарсы қарап жатады. Абылай сескеніп тұра қалғанда, арыстан кетіп қалады да, кейін қасқыр, түлкі, қоян болып кідіріп, өз беттерінше кетеді. Ал көрген көлі бұлақ па, шалшық па, білмей жатқанда шошып оянады. Ертеңіне елді жиып, түсін жоруды сұрайды. Жиын не дерін білмей қаймығып отырғанда, өз түсін өзі жорыйды. Бұл жоруы басқа аңыздардағы Бұқар жыраудың жоруымен дәлме-дәл келеді.

**Басқы сөзі (4-б.):** Абылай үйінде ме, не жорықта ма, әйтеуір бір түс көріпті.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ... «Түс – түлкінің боғы», жақсыға жорыңыз, түс көрушіден емес, жорушыдан, – деген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әріпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1950 жылы Көкшетау экспедициясы кезінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.829, 8-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 222-223.

## 27

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.8; П.4; Ж.116
23,5x18,3; 16,8x11

[ابلاينىڭ سامارقانعا جورىعى]

**Аталуы.** Абылай ханның Самарқанға жорығы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Абылай ханның түсі жайлы аңыздардың көптеген нұсқалары бар. Бұл нұсқада Абылай ханның елді қалмақ қырғынынан құтқарушы, қазақтың кегін қайтарушы ретіндегі қаһармандық істері қысқаша сөз болады. Самарқан маңындағы қорықта жатқан түндердің бірінде Абылай түс көреді. Түсінде алдына жолбарыс келіп алдымен

аюға, одан қасқырға, одан түлкіге, қоянға айналады. Оны Бұқар жырау былайша жорыйды: «Бұхарадағы тамам әулие Самарқан дарбазасының түбіне келіп шөкті. Ол Самарқанды саған алғызбаймын деп келгені. Жолбарыс – өзінің бақ-талайың. Аю болғаны – сенен соңғы баланың заманы, «аю заманы» деген заман болады. Аюдай алысып өтеді. Қасқыр болғаны – немере ұрпақтарың заманы, «қасқыр заманы» деген заман болады, қасқырша жұлысып өтеді. Түлкі болғаны – шөберең заманы, «түлкі заманы» деген заман болады. Түлкіше жортып жүріп, жан сақтайды. Қоян болғаны – онан соңғы заман, қоянша қара кебек қылып, қорғалап жатып, жан сақтайды. Онан соң заманның не боларын Құдірет өзі біледі. Қарсақ болар, күзен болар, ең аяғы тышқан, бақа-шаян, құрт-құмырсқа болып, дүние сөйтіп тозып таусылады дағы», – дейді.

Аңызды басқа нұсқаларымен салыстырғанда, бірқатар айырмашылықтар байқалады. «Абылай ханның түсі және өлімі» атты аңызда түсін жорыған Бұқардың соңында қарсақ, күзен, бақа-шаян туралы айтатын тұсы кездеспейді. Аңыздың кейінгі оқиғаларын да басқа нұсқалармен ұқсастықтары мен айырмашылықтары кездеседі. Абылай ханның алдына шығып, өткізбей тұрып алатын сарттың аты бұл нұсқада Ғабдалрахман болса, басқа нұсқаларында Ғабдырахман, Әбдірахман деп дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Хан өлгеннен кейін толғанып жылайтын Жалаң аяқ Әудер (Әздер) бұл нұсқада Жаланаяқ Адұрдүр деп аталады.

Бұл нұсқада Абылай әскерін таратып жіберіп, Ғабдалрахманның қамауынан өте алмай тұрып қалған кезде, «Етек пенен жең болған, ежелден саған ел болған» деп басталатын толғауды Бұқар емес, бір қария айтады. Аңыздың соңында Мөңке бидің толғауынан кейін, ақындар айтыпты деп келетін «Ерей мен Есіл басы тау болыпты» деп басталатын Кенсарының орыспен жаулығы туралы екі шумақ өлең берілген.

**Басқы сөзі (789-б.):** اَتاجۇرتىم » مركن كەلگەن سولڭ-وزى ەمىن-ابىلاي حان وزىنە
دەگەن باتىرلارىن «سەن تۇر، مەن ايتايىن» دەپ، ءوزى جۇرتىڭ بالاسى قازاقتىڭ «بۇحارانى الامىن
جىبەپ، اتتاندى

**Соңғы сөзі (795-б.):** ۋشقان قۇس، جۇگىرگەن اڭ وتە المادى، ورىسپەن كەلەسارى جاۋ
دەپ بۇرىنعى اقىندارىڭ ولەڭىندە ايتىلعان – بولعاندا،

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170, (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Жүсіп Қазақ тарихы шығармалары – Т.9. – Павлодар, 2006. – 191-б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 223-227.

## 28

Ш. 829 (ОҒК) Б.2; П.1; Ж.37
31,8х24,3; 26,4х15,3

### ابلايدنڭ سوڭىنا ەرگەن باتىرلارىن سىناۋى

**Аталуы.** Абылайдың соңына ерген батырларын сынауы.

**Тапсырушысы.** Шоканов Б. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Оқиға өзегі мен негізгі мазмұн «Абылай хан мен Тұрсынбай батыр» атты аңызға ұқсайды. Бірақ кейіпкерлері мен айтылу тәсілінде елеулі өзгешеліктер бар. Алғашқы нұсқада Тұрсынбай батыр Абылай ханға жорықта жолай кезіксе, бұл аңызда Сапақ батыр атасының жолын қуып, Абылайдың жорығына ілеседі. Тұрсынбай батыр ханның өз тарапынан сыналса, Сапақ батырды молаға әскер ішіндегі біреулер жібереді. Қабір ішінен тап берген адамға Сапақ батыр: «Өлі сен түгіл, тірі Абылай қоста аш жатыр», – деп қарсы ұмтылады да, алыса жөнеледі. Ақыры отынды алып келеді. Болған оқиға жайында естіген Абылай Сапақты шақыртып, «Батыр аңғырт болатын, сен жүректі батыр екенсің. Бірақ жау тұра қашпайды, жүрекпен бірге амал да, айла да керек», – деп ақыл айтады.

**Басқы сөзі (6-б.):** ابلاي حان بولىپ تۇرعاندا بىرنەشە باتىرلارىمەن جولعا شىعىپتى
**Соңғы сөзі (7-б.):** ەبىراق جاۋ تۇرا قاشپايدى، جۇرەكپەن بىرگە امال دا، ايلا دا كەرەك، دەپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1950 жылы Көкшетау экспедициясы кезінде жазылған.

**Беттелуі.** Қарындашпен араб цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.829, 8-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 211-212.

**29**

Ш. 828 (ӘӨИ)

Б.5; П.11; Ж.58
24х22; 20х16,5

## АБЫЛАЙДЫҢ ТҰТҚЫН БОЛУЫ

### (I нұсқа)

**Аталуы.** Абылайдың тұтқын болуы.

**Жинаушысы.** Мәжікеев М. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Мәжікеев М.

**Аннотациясы.** Қалмақтар Шарыш сынды батырды өлтірген Абылайды ұзақ уақыт іздеп, ақырында ұйқыда жатқан кезінде Абылайды ұстап, Ғалдан ханға тапсырды. Қазақ елі қалмаққа бірнеше рет игі жақсыларын жіберіп, Абылайды босатып ала алмайды. Россия патшасы Екатеринаға айтып, ол қалмақ ханына генерал Нефельдиев бастаған өкілдер тобын жібереді. Жолшыбай оларға қазақтың тоқсан адамы қосылып, Ғалданның ордасына барып түседі. Қалмақтар оларды құрметті қонақ ретінде үш ай күтеді.

Күндерде бір күн қалмақ ханы орыс, қазақ меймандарын, өзінің билері мен батырларын, басқа да игі жақсыларын жинайды. Ғалдан Церен тұтқындағы Абылайды жазалайтынын, Шарыштың орнына өлетінін айтып, қандай арманы бар екенін сұрайды. Сонда Абылай: – Бірінші арманым мен Шарыш батырды қалмақ пен қазақтың қан майданында өлтірдім. Ал сіз мені ұйқыда жатқан жерімде ұстап алып, өлтіргелі отырсыз. Қан майданда алысып, күші басым адамның қолынан өлмегеніме өкініштімін. Екінші, қазақ елі бытыраңқы, көшіп-қонып жүрген ел еді. Жоғары атаққа ие болған күндерімде сол елді отырықшыландырып, ортасына мәдениет ұрығын себуді арман етіп едім. Сол арманыма жете алмадым. Үшінші арманым: Абылай батырдың жұрағатымын. Сол әулеттен жалғызбын, әлі үйленгенім жоқ. «Егер қазір

өліп кетсем, Абылайдан бергі төрт ата дүниеге келмегендей болады-ау! – деп уайымдаймын».

Абылайдың ақырығы тілегі, ханның жүрегін жібітеді. Ғалдан хан Абылайдың күнәсін кешіріп, Әмір Санамен екеуін дос қылды да, хан тұқымынан бір қыз береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қалмақ елі етек-жеңін жинағаннан кейін, Шарыш сынды батырды өлтіріп, елін үлкен күйзеліске ұшыратқан Абылайды іздеді.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ... Абылайды сұрағалы келген орыс, қазақ өкілдеріне үлкен сыйлық беріп қайтарды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған. Қолжазбаның 11-беттің соңғы екі жол шимайланған. Оқу мүмкін емес. Мәтіннің аяғында «Абылай жайындағы әңгімеміздің бір саласы осымен аяқталды. Бұл әңгімені қарауыл ішінде Бектауыл, оның ішінде Сарғалдақ (Байбарақ) әулетінен Досқанаұлы Есмағамбет карт айтты. Ол естігенін ұмытпайтын, көңілде тоқи білетін, тілі орамды адам еді. Фактілері өзгеріссіз жазылды» деген мәлімет бар.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 828/3 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 141-143.

### 30

Ш. 1645 (ОҒК) | Б.5; П.12; Ж.72; 24х22; 20х16,5

### ابلايدنك توتقن بولوى

### (II нұсқа)

**Аталуы.** Абылайдың тұтқын болуы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңыздың мазмұны I нұсқамен ұқсас. Тек I нұсқада кездеспейтін мынадай эпизодтар бар: Қалдан Шеріннің өсиеті, оның жалғыз баласы Еженнің хан сайлануы, Ежен ханның ел билеудегі қателігі, Қалдан Шеріннің қайта таққа отыруы, Абылай ханды тұтқындауы, қазақ ханы ақылдылығының арқасында қалмақ ханын жеңілуі, екеуінің дос болуы.

Соңында Қонтайшы Аюкенің қызынан туған Топыш сұлуды Абылайға беріп, қазақтан не заманда олжаға түскен, өсіп-өнген бірталай жанды Абылайға байлап, рулы елдей қылып қайтарады.

**Басқы сөзі (1-б.):** قالماقا قوبا قالماقنىڭ حانى قالدان شەرىن دەگەن حان بولعان

**Соңғы сөзі (5-б.):** ھندى زامانىنىڭ تاريحى، شەجىرەسى بىزگە ءبارى وتىرىكتەي كورىنەدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбаның парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1645 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.9. – Павлодар, 2006. – 355-400 бб.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 152-161.

## 31

Ш. 1177 (ОҒК) | Б.4; П.10; Ж.66<br>24x22; 20x16,5

## ابلايدىڭ تۇتقىن بولۇى

**(III нұсқа)**

**Аталуы.** Абылайдың тұтқын болуы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңыз мазмұны жоғарыдағы I, II нұсқалармен бірдей.

Тек ерекшелігі оқиға Аюкенің жалғыз қызына қырық қыз қосып, Қалдан Шерінге жіберген жерден басталады.

**Басқы сөзі** (1-б.): قالماقتىڭ حانى كارى ايۋكه جالعز قىزىنا قىرىق قىز قوسىپ، قالدان شەرىنگە جىبەرگەن مكەن: «كىمگە بەرسە بيلىگى قالداندا» دەپ

**Соңғы сөзі** (4-б.): ابىلاي حاننان كەيىن ولار تاعى قالماق ىشىندە تىرلىك قىلا الماي، بۇل ەلدى قانجىعالى ىشىندە اتالىپ ەرسىپ «تولەگەت» جاققا اۋىپ كەلىپ، تورەلەرگە تولەگەت بولىپ،

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде түсірілген.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 161-167.

## 32

Ш. 1177 (ОҒК)

Б.3; П.28; Ж.51
20х17,5; 19х15

## АБЫЛАЙДЫҢ ХАН ТҮСІ ЖӘНЕ ӨЛІМІ

**Аталуы.** Абылайдың хан түсі және өлімі.

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Халық арасында Абылай ханның түсі жайлы аңыздардың көптеген нұсқалары кездеседі. Бұл нұсқада оқиғаның болған жері, уақыты, сол économie кездегі тарихи жағдаят біршама нақты сөз болады. Абылай ханның елді қалмақ қырғынынан құтқарушы, қазақтың кегін қайтарушы ретіндегі қаһармандық істері қысқаша сөз болады. Орыс халқымен, шүршіттермен орнатқан бейбіт келісімдері де көркем тілмен баяндалады. Үргеніш, Бұхара, Қоқан, Тәшкен тарапынан төнген қауіптен арылту үшін Түркістанға барғаны, саяси іс-әрекеттері сөз болып өтеді. Сол жорықтардың бірінде, Жызақ үстіне барғанда бір қоңыраттың байы қонақ қылады. Сол түні үй иесінің келіні ұл тауып, баланың атын Абылай қояды. Одан аттанып, Самарқанды қамаған түндердің бірінде Абылай түс көреді. Түсінде бір жолбарыс келіп, шатырының алдына шөгеді. Мойнын салып жатып алады. «Бұ не

қылғаны?» деп қараса, жолбарыс дегені аю болып кетеді. Аю ит-құсқа айналады. Ит-құс түлкіге, түлкі не қарсақ, не қоян екенін белгісіз әлде немеге айналады. Бұл түсті Бұқар жырау жорып, жолбарыс – Абылайдың бақ-талайы, оның шөгіп, басын көтере алмай, жатып алғаны – жетіп жығылған жері; аю болғаны – Абылайдан соңғы заман, ит-құс болғаны – ит-құсша жұлысып өтетұғын заман, түлкі болғаны – түлкіше бұлаңдап жүріп күнелтетұғын заман, қоян болғаны – қоянша кеспектен-кеспекке қорғалап, жан сақтайтұғын заман болатынын айтады. Одан әрі өзінің көргені бойынша: «күннің көзі, жердің жүзіндегі әулиелер: «Абылай өледі, соның жаназасына Түркістанға бара жатырмыз» десіп, «жындай жиылып, құмдай құйылып» жүргенін айтады.

Бұларды білген соң Абылай хан Самарқанға елші жіберіп, ұрысуға емес, әулиелерге зиаратқа келгенін айтып, бас адамдарын қонаққа шақыртады. Бірін-бірі сыйласып, қонақ болысады. Абылай хан көк қасқа сойдырып, басына қойдыратұғын тас қаздырады. Абылайдың бағына шыққан тасқа Самарқан жұрты таңқалысып, Әмір Темірден соң ешкімге шықпаған тас екенін айтады.

Содан Абылай хан батырларына «амандарыңда ел табыңдар!» деп, елге қайтуға рұқсат береді. Өзі Тәшкенге барып, Мырзахметтің қызын алып, үш ай жатып қалады. Үш ай өткенде Арқаға бет алып, Арыс бойына келгенде, баяғы «Шымкент, Сайрамға ие бол!» деп тағайындаған Әбдірахманы Тұрбат сұлтан, Рабат, Қарабұлақ, Манкенттегі сарттарды жинап алып, «Арыс өзенінен өткізбеймін» деп, алдын тосып тұрады. Бір төбенің басында, қасында қосшы, қолаңшы, төлеңгіттері ғана бар Абылай қалшиып тұрып қалады. Сонда Бұқар жырау «Бірі – етек, бірі – жең болған, Ежелден саған ел болған, Орта жүзден кісің жоқ» деп басталатын толғауын айтыпты. Абылай батырларын таркатып жібергеніне өкініп, құса болады. Сол жерде бір қорғанға түсіреді, сол қорған бүгін де «Хан қорғаны» деп аталады екен.

Арқада Абылайдың өлгені туралы хабар тарайды. Ханның өлгенін Ордадағы бала-шағасына бірден есіттіре алмай, «өліктің қырқы» толған уақытты күтіп, қырық күн болды дегенде хабарлаған екен. Содан мал сойғызып, салт-дәстүр бойынша қырқын өткізеді. Бірақ кейіннен ханның жақын жолдастары, өз қолымен көмген адамдар келіп жөн білiскенде, Арқадағы халық қырық күн өтті деп мал сойғызған күні – ханның дүниеден өткен күні болып шығады. Демек, аңыз бойынша Абылай ханның өлімі Арқадағы халыққа хан өлместен қырық күн бұрын естілген екен.

**Басқы сөзі (2-б.):** Бұрынғы замандарда қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Біздің естуімізше, Абылай тарихы – осы.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 227-231.

**33**

Ш.828 (ӘӨИ)

Б.4; Ж.68
19x16;17x14

## ХАН АБЫЛАЙ

**Аталуы.** Хан Абылай.

**Жинаушысы.** Мәжікеев М. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада көрсетілді.

**Тапсырушысы.** Мәжікеев М.

**Аннотациясы.** Әкесінен жастай жетім қалған Әбілмансұр қазақ даласына жаяулап жол тартады. Сол бетінде қалың Үйсін еліне, Төле биге келеді.

Киімі тозған әрі кір, шашы ұйпа-тұйпа балаға Төле би сыртқы бейнесіне қарап «Сабалақ» деп ат қояды. Түйе бағу міндетін жүктеді. Биге қызметі ұнаған Сабалақ кейіннен жылқышы қызметіне ауыстырылды. Бірде ер азаматтар қазақ пен қалмақ арасында соғысқа аттанады. Сол жорыққа қосылғысы келіп, Сабалақ атасынан рұқсат сұрайды. Босатқысы келмегенмен, жауға зығырданы қайнап, ел намысы үшін жанын қиюға әзір екендігін сезген би келісім береді. Майданда қалмақтың Шарыш батырымен жекпе-жекке шыққан Сабалақ жеңіске жетеді. «Абылай, Абылай! Жар бол, Абылай!» деп ұрандатады. Осы тарихи оқиғадан кейін Сабалақ «Абылай» атанып кеткен екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Тарих тағы даңқты хан Абылайдың шын аты – Әбілмансұр.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ... Барған адамдар биден ризалық алып, өзін ертіп ала келді де, баласын сұлтан көтерген қуанышты думанға қатыстырды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.828, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 126-128.

## 34

Ш. 1064 (ОҒК) Б.2;П.2; Ж.37
30х21; 29х17,5

## [АҒЫБАЙ БАТЫР]

**Аталуы.** [Ағыбай батыр].

**Жинаушысы.** Қаңтарбаев Карл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ағыбайды кәрілік жеңіп, ауырғанда кіші бәйбішесінің күтімінде екен. Сонда замандасы Бектемір молла батырдан сұраған екен: «Иә, батыр Ағыке, бізге кейін сөйлеп жүрелік сөз қалдырыңыз, қандай арманмен кетіп барасыз?». Сонда батыр: «Иә, Бектемір, менде екі арман бар: біреуі бұл сексен үшке келерімді білсем, баса қимылдар едім, екіншісі, тіршілігімізде Көкбестінің басын жіберіп бір шаппадым, құланға енесі шатысып туған еді», – деген екен.

**Басқы сөзі (3-б.):** Ағыбай ауырып, Шұнақ деген жерде кіші бәйбішесі Шүкіжанның қолында болады.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ... Көкбестінің басын жіберіп бір шаппадым, құланға енесі шатысып туған еді, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін дәптер бетіне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1948 жылы жазылған. Қайда жазылғаны белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1064, 13-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи

аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 224-225.

**35**

Ш. 955 (ӘӨИ)

Б.2;П.2; Ж.37
30х21; 29х17,5

## АҒЫБАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Ағыбай батыр.

**Айтушысы.** Аңызды 1991 жылы Қарағанды облысының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Доман Жүнісовтың айтуынан жазып алған.

**Аннотациясы.** Ағыбай батыр Кенесары мен Наурыздың бас батырларының бірі екен. Бір соғыста Кенесары қырғыздардың қолына түсіп, Ағыбай қашып кетеді. Еліне келсе, қонысынан туыстарын таппайды. Біраз күннен кейін оны Семейге шақыртып, жауап алады. Патша оған:

– Менің алдымда тұрып сөйле, – дейді. Сонда Ағыбай:

– Менің тілім сөйлейді, аяғым емес, – деп патшаның алдында беті таймастан отыра береді. Патшаның «Сен кім болғың келді?» дегеніне,

– Мен ел болғым келеді, елім бытыраңқы, соны жинағым келеді, – дейді. Ол Есбергеннің Шұнақ деген жерін жайлауға сұрап, Қаратал деген жерін қыстауға алады.

**Басқы сөзі (17-б.):** Ағыбай батыр Кенесары, Наурыздың қоластында болған.

**Соңғы сөзі (18-б.):** Шұнақтың Қаратал деген жерінде елімен қыстауда болады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Меруерт Қанжанова жазып алған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.955 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 225.

36

Ш.140 (ОҒК) Б.2;П.2; Ж.37
30х21; 29х17,5

## АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ БІР ЖОРЫҒЫ...

**Аталуы.** Ағыбай батырдың бір жорығы...

**Тапсырушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Ағыбай батырды Кенесары «Ақжолым» деп атап, жауапты жорықтарға жібереді екен. Інісі Наурызбай ержетіп, әжетке жараған соң, Наурызбайға белді ат керек болыпты. Арқадан таңдап мінген бірнеше аттар мертігіп, не шабысты көтере алмай қала беретінін айтып Кенесары батырды түркімен жаққа аттандырыпты.

Ағыбай бастаған топ елден шығып, арада бірнеше күн өткен соң бір жайлы жерге тоқтап, жолдасына ас даярлатып, жантайып жатып ұйықтап кетеді. Ас даяр болған тұста бір бейтаныс жолаушы тоқтап, пісіп тұрған асты ішіп, өздігінен бата қылып, жүре беріпті. Серігі Ағыбайға келген адамның түсінің суықтығын, мінгені жарау ат екендігін, қару-жарақ асынғанын айтыпты. Ағыбай сауыт жүріп әлгінің соңына түсіпті. Әлгі айдаладағы қосқа түскенде артынан Ағыбай да кіріп келіпті. Алдыңғы жігіт қостағы біреумен алысып жатқанының үстінен түседі. Таныс жігіт: «Ала тулы Абылайдың әруағы, ак жолды Ағыбайдың әруағы қолдай көр! – деп бұлқыныпты. «Ағыбай менмін» дейді батыр. Сонда екеуі де абдырап қалып, кешірім сұрайды. Жөн сұраса келе екі жігіттің бірі – адай, екіншісі – түркімен, жауласқан екі елдің батырлары боп шығады. Осы жолы Ағыбай екі батырды төс қағыстырып достастырады. Түркімен жігіті жылқыны үшке бөліп, бір бөлігін адай жігітке беріп, Ағыбайға астындағы атын мінгізіпті.

Адай жігіті Ағыбайға «Мына жылқының бәрін ал. Менің олжам аз емес: біріншi, ажалдан жаным қалды; екінші, ата жауыммен қол алысып, дос болдым; үшінші, «өмірімде бір көрсем» деп жүруші едім. Міне, тар жерде кездесіп, шарапатың тиді. Халық аузында «Ақжолды Ағыбай» деген атақ тауып қойылған екен, әруағыңнан айналайын!» депті.

**Басқы сөзі (5-б.):** Шұбыртпалы Ағыбай батырды Кенесары «Ақжолым» дейді екен.

**Соңғы сөзі (6-б.):** Атақты Наурызбайдың Ақауыз аты сол түрікмен батырының Ағыбайға берген аты еді дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.140 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Ақжолтай Ағыбай батыр. – Алматы, 2002. – Б. 167-171; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 234-237.

**37**

Ш. 1154 (ӘӨИ)

Б.1;П.1; Ж.26
29,5х21; 21х15

## АҒЫБАЙ МЕН ҚҰНАНБАЙ

**Аталуы.** Ағыбай мен Құнанбай.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай (1919-1990) – белгілі фольклортанушы ғалым, әдебиет зерттеушісі, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945-1986 жылдар аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеген. Шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді зерттеумен шұғылданды. «Шешендік» (1969), «Халық даналығы» (1976), «Қазақтың шешендік өнері» (1984) аталатын монографиялық зерттеу еңбектері шықты. «Қазақ ертегілері» (1962), «Шешендік сөздер» (1967), «Ел аузынан» (1985) жинақтарын құрастыруға қатысқан.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Б.

**Аннотациясы.** Ағыбай батыр Сүйіндік Мұсаның аулына ат басын бұрыпты. Келсе, Құнанбайдікіне кеткенін хабарлапты. Құнанбайдың үйін тауып, сәлем беріп үйге кіріп келгенде, Мұса сәлемін алып, Құнанбай елемепті. Ағыбай қамшысын тізесінің астына басып күтіп отырып, Мұсамен сөзін бітіріп болған соң, Құнанбайға ренішін өлеңмен білдіріп, үйден шыға жөнеліпті. Артынан шығып, тоқтатпақ болған Құнанбайға бұрылып қарамапты да.

**Басқы сөзі (9-б.):** Шұбыртпалы Ағыбай батыр бір жұмыспен Сүйіндік Мұсаны іздеп үйіне барса, Мұса тобықты Құнанбайдікіне кетті депті.

**Соңғы сөзі (10-б.):** Құнанбай артынан тұра жүгіріп шақыртқан екен, атқа мініп қалған Ағыбай батыр артына қайырылмай жүріп кетіпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1154 (ӨӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 228-229.

## 38

Ш. 1337 (ОҒК) Б.3; П.28; Ж.51
20х17,5; 19х15

## [اعباي مەن سارشمشق تورعاي]

**Аталуы.** Ағыбай мен сарышымшық торғай.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түллүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ағыбай ауыратына үш күн бұрын Шұнақ деген жерде Дуана атты баласымен отырса, бір сарышымшық торғай шырылдап, Ағыбайдың екі иығына, сақалына, мұрнына қонады. Дуана ұстайын деп қанша ұмтылса да, ұстатпайды. Сонда Ағыбай: «Маған қош айтысуға келген шығар, өтіп кеткен жас дәурен келе ме? Саған не қонсын, балам?» – дейді.

**Басқы сөзі:** اعباي اۋرماستان ءۋش كۇن بۇرىن كەشكە قويدىڭ شەتىندە وتىرسا ...

**Соңғы сөзі:** ماعان قوش ايتىسۋعا كەلگەن شىعار، ءوتىپ كەتكەن جاس داۋرەن قايتىپ كەلە مە؟

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін бұрын басылым көрмеген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1337, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 242.

39

Ш.1064 (ОҒК)

Б.2;П.2; Ж.37
30х21; 29х17,5

## АҒЫБАЙ ОЛЖАБАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Ағыбай Олжабайұлы туралы.

**Жинаушысы.** Қаңтарбаев Карл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қаңтарбаев Карл.

**Аннотациясы.** Кенесары, Наурызбай, Бала би Досбол, Басықара және басқалары жиналып отырғанда, Ағыбай Кенесарыға айтыпты:

– Біздің қолдың ішінде орнатылмаған бір жоба-жосық бар, егер бірін-бірі өлтірсе, соған құн кесу керек, – дейді. Сонда Кенесары.

– Ердің құны елу түйе болсын! – депті. Ағыбай:

– Иә, тақсыр, алдияр хан, қараша қазақтың құны кесілді, енді төренің құнын кесу керек. Кенесары Ағыбайдың бетіне тесіле қарап жаман көзімен үндемеді. Үшінші ретте ашуланыңқырап суық түрмен қарап еді, «Төренің құны жүз түйе, құнықер әрі тандамалы қыз, қалы кілем, қара нар болсын!». Сіздің ағаңыз Бопының құны да осылай, – деп тағы қыстырылыпты.

Бала би Досбол: – Ей, Ағаке, төрені өлтіремін деп пе едің?

Ағыбай: Ашу келсе төресі не, қарасы не, ретін білсін, – депті.

– Ұрғашының құны қандай? – депті тағы да Ағыбай. Сонда Кенесары:

– Қалың мал қандай болса, құны сондай, жиырма жеті бас жақсымен, – деген, «басы жақсы» деген – байлар қырық жеті қарамалының үстіне бес-он, жиырма төрт, отыз түйе артық төлейді депті.

**Басқы сөзі (6-б.):** Кенесары, Наурызбай, Бала би Досбол, Басықара және басқалары жиналып отырғанда, Ағыбай Кенесарыға айтыпты:

**Соңғы сөзі (7-б.):** Бағызыда бір байлар жүз-жүзден мал береді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтіннің соңында «Кенесары делосынан көшіріліп алынды. № 55. 1947 жыл» деген жазу бар.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1064, 13-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 225-226.

40

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.4. ; Ж.96
26х17; 18х15

## АҚ ТІЛЕК

**Аталуы.** Ақ тілек.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін – ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосында туып-өскен.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңызда Қазыбек бидің он бір, он екі жастағы кезінде бір қариядан бата алғаны туралы айтылады.

Ауылдың үлкендері Қазыбекті «ел көрсін, жер көрсін» деп жандарынан тастамай, алып жүреді. Сондай сапарлардың бірінде ауылдан 3-4 қонаға ұзап шыққанда түйеге артылған қазан ошақтың арқаны үзіліп, қазан тақыр жерге ұшып түседі де қақ айырылады. Сөйтіп, қос қазансыз қалады. Елсіз-күнсіз сары далада екі-үш күн ыстық іше алмай жолаушылар әбден абыржиды. Бір жерге қонақтағанда, белдің арғы астында тұрған ақбоз үйді көреді. Көшбасшы қариядан рұқсат алып, Қазыбек қазан сұрап келуге барады.

Осы жолы да Қазыбек өзінің шешендігі мен тапқырлығын көрсетеді. Үй иесінен өлеңдетіп қазан сұрайды, үй иесі де бекер адам емес екен. Ол да өлеңмен жауап қайтарады. Сөйтіп, Қазыбектің сұраған затын бергізеді. Ақбоз үйдің иесі ақсақалды қария Қазыбекке сүйсініп: «Даусың қаздың дауысындай қоңырлап тұр екен. Түбінде қаз дауысты Қазыбек шешен сен боларсың», – деп бата берген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қазыбектің он бір, он екі жастардағы кезі болса керек.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ...Осы бата болашақ шешеннің тұсаукесері болса керек.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1122/17 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Ленин жолы газеті, 1985 ж.; Бабалар сөзі:

Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 75-77.

**41**

Ш. 339 (ОҒК) П.1; Б.2; Ж.15
20х16,5; 18х15

## АҚАН СЕРІ МЕН АҚТОҚТЫ

**Аталуы.** Ақан сері мен Ақтоқты.

**Жинаушысы.** Нұртазина Ғ.

**Аннотациясы.** Ақан Ақтоқтыны бір көргеннен ғашық болған. Өлеңдерінің көбін соған арнаған. Қыз ұзатылғанда, ішінде Ақаннан бала кетіпті. Оның аты – Тоқан екен. Ақтоқты барған жерінде сөз естіп, баласы да қағу көріпті. Ақтоқты құсадан өліпті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ақан Ақтоқтыны бір көргеннен-ақ ғашық болып...

**Соңғы сөзі (2-б.):** ...Ол Қызылағаш колхозында, Көкшетау елінде тұрады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Ақауы.** Қағаздары сарғайған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке толық орналасқан.

**Папкасы.** Қ.339, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 325.

**42**

Ш. 339 (ОҒК) П. 1; Ж. 55
29,8х19,7; 27,5х19,1

## АҚАН СЕРІНІҢ НАУАН ҚАЗІРЕТКЕ АЙТҚАНЫ

**Аталуы.** Ақан серінің Науан қазіретке айтқаны.

**Жинаушысы.** Нұртазина Ғазиза.

**Айтушысы.** Қанипа (қолжазбада айтушының фамилиясы жазылмаған).

**Аннотациясы.** Ақан бір жылы Арықбалық базарына барса, бір үйдің іші-сырты толған халық адамдардың, үйдің киізін жыртып, сығалап әуре боп жүргенін көріп: «Бұл үйде не бар? – депті. Жұрт: – Науан қазірет жұртты жинап алып, «мұсылмандарға базарға келу арам» деп шариғат айтып отыр, соған жиналып жатыр, – дейді. Ақан:

– Е, әлде қайда бір болған базарға келмей, шариғат деп жұрт өле ме? – дейді. Мұны қазірет естіп қалып, Ақанды шақырып ұрсады. Сонда Ақан: «Молданың істегенін істеме, айтқанын істе» деген осы-ау, – деп шығып кетіпті.

**Басқы сөзі (2-б.):** Ақан бір жылы Арықбалық базарына барса...

**Соңғы сөзі (3-б.):** Осы айтқан азаның, – деп шығып кетіпті.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескіріп, жыртылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімделген.

**Папкасы.** Қ. 339, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 324.

**43**

Ш. 339 (ОҒК) П.2; Б.4; Ж.12
20x17; 19x15

اقان سه رىنىڭ سوزى

**Аталуы.** Ақан серінің сөзі.

**Жинаушысы.** Құлсариев Ертай (1886-1958) – жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әли ауылында туып-өскен. Өлеңдері түрлі жинақ, газет, журналдарда жарияланған. Ол «Қисса Жәмшид», «Мың бір түн», «Күлпан балуан» т.б. дастандар мен «Арқалық батыр», «Олжабай батыр» сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратты. Сондай-ақ, ақынның Жетісу өңірінің фольклор үлгілері мен ақындарының шығармаларын жинаудағы еңбегі ерекше.

**Аннотациясы**. Ақан өзі ақын, өзі мырза, өзі серілікпен жүргендіктен – «Ақан сері» атаныпты. Елінде алты ағайынды жігіттің жалғыз қарындасы болыпты. Сол қызбен Ақан көңіл жарастырған екен. Бірде Ақан ағасының үйіне келсе, қыз сонда отыр екен. Ақан басқа үйге барып қонады. Ақаннан қауіптенген қыздың жеңгесі есікті мықтап байлап қояды. Ақан сері түнде есіктің беріктігін көріп қайтып кетеді. Ертесі қыз жеңгесі Ақанға түлкі бөстек салады. Ақан бөстекті лақтырып жіберіп, жеңгесінің түндегі әрекетін сынға алады. Қыз айыбын мойындап, үстіндегі камзолын Ақанға жауыпты. Ақан сері ырза болып, бешпетті алып кете беріпті.

**Басқы сөзі** (1-б.): ...ارغن  التاي قاريق ده كه ن جه رد ه

**Соңғы сөзі** (4-б.): ...مه شبه تتى البب كه ته به رئيتى

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін 1939 жылы ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Ақауы**. Қағаздары сарғайған.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы**. Мәтін жолдары әр бетке толық орналасқан.

**Папкасы**. Қ.339, 15-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 325.

**44**

Ш.339 (ОҒК) Б.1; Ж.15
20х16,5; 18х15

## АҚАННЫҢ ӘЙЕЛГЕ БЕРГЕН БАҒАСЫ

**Аталуы.** Ақанның әйелге берген бағасы.

**Жинаушысы**. Нұртазина Ғ.

**Аннотациясы**. Ақан Науан қазіретке ағайын болыпты. 1905 жылдары Науан қазірет Көкшетаудың уездной начальнигі Коноваловты боқтағаны үшін жер аударылыпты. Қазіреттің әйелі Фахрутден Муфтахутденов деген татардың қызы еді. Қазірет әйелін үнемі «татар, кедей» деп айыптайды екен. Науан қазірет жер ауғанда, әйелі бірге барыпты. Сонда Ақан Науан қазіреттің әйелінің ақыл-парасатына ризалығын білдірген екен.

**Басқы сөзі** (1-б.): Ақан өзі Науан қазіретке жақын ағайын болу керек...

**Соңғы сөзі** (1-б.): ...Сол уақытта Ақан: «Әйелді ұлтына, тұрмысына қарап бағалама, ақыл-сана, ой тұрысына қарап бағала» деген екен.

**Қолтаңбасы**. Жинаушыныкі.

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы**. Мәтін жолдары әр бетке толық орналасқан.

**Папкасы**. Қ.339, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 324.

**45**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## АҚМОЛА

**Аталуы**. Ақмола.

**Тапсырушысы**. Адамбаев Балтабай. Ол туралы 37-сипаттамада мәлімет берілді.

**Аннотациясы**. Аңызда Бүгелі мен Даттың моласы жайлы әңгімеленеді. Мұнда беріш Сырлыбай Бүгеліге арнап тұрғызған моланың жанында Сырымның әкесі Дат бір сапарында топ қасқырға тап болып сол жерде өледі. Сырым әкесіне тура сол жерден Бүгелінің моласынан екі есе биік етіп мола тұрғызады. Бұрынғы Бүгелі моласы деген ат жойыла бастап, Дат моласы болып халыққа тарала бастайды. Мұны естіген Саржала батыр Сырымды сөзбен жығып, өзінікін мойындатады.

**Басқы сөзі (48-б.)**: Есенгұл беріш Сырлыбай деген кісі қазақтың пішен шаппай, көшіп-қонып, мал отарлап жүрген кезінде Кіші жүз Тайсойған деген қонысында отырып, Бүгелі деген баласын құланға қысырақ мата деп жібереді.

**Соңғы сөзі (49-б.)**: Ақмола қаласының жанында Бүгелі мен Даттың моласы күні бүгінге дейін бар дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы**. Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.990, 3-тізім (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 52-54.

**46**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## АҚМОНШАҚ АТ

**Аталуы.** Ақмоншақ ат.

**Жинаушысы.** Балтабай Адамбаев. Ол туралы алдыңғы 37-сипаттамада мәлімет берілді.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырымның қарт атасы Шолан батырдан бастап, әкесі Даттың қалай дүниеге келгені, Дат дүниеге келген соң Қабылан батырдан әкесінің кегін алуы, одан Сырым дүниеге келіп, оның Нұралы ханмен болған арадағы қарым-қатынастары, Бақай сыншымен болған арадағы әңгімесі сөз болады.

**Басқы сөзі (17-б.):** Сырымның қарт атасы – Шолан батыр.

**Соңғы сөзі (20-б.):** Сонда Бақай сыншы сөзден жеңіліп, батырды үйіне қонақ қып, астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып, батасын беріп аттандырыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған. Қорға 1987 жылы түскен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.990, 3-тізім (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 27-29.

**47**

Ш. 985 (ӘӨИ) П. 2; Ж. 29
29x20; 23x17

## АҚСАҚ ҚҰЛАН, ЖОШЫ ХАН

**Аталуы.** Ақсақ құлан, Жошы хан.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Жошы ханның бір ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге құлан қуып жүргенде, құланның әңгісі шайнап өлтіреді. Жошы қатты қаһарланып, «кімде-кім менің баламның өлгенін естіртетін болса, құлағына қорғасын ерітіп құямын» деп жарлық шашады. Сонда ел қатты сасып, ақыры бір мықты күйшіге қолқа салып, ол күймен Жошыға баласының қазасын естіртеді.

**Басқы сөзі (88-б.):** Жошы ханның ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүріп...

**Соңғы сөзі (89-б.):** Ақсақ құлан, Жошы хан, Илан, ханым, осыған!

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 985, 2-дәп (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 102-103.

**48**

Ш. 1206 (ӘӨИ) П. 41; Ж. 16
28,5x20; 8x16,5

## АҚСАҚ ТЕМІР

### (I-нұсқа)

**Аталуы.** Ақсақ Темір.

**Жинаушысы.** Тұрғынбаев А. – фольклорртанушы ғалым, Қазақстан Республикасының ТҮРКСОЙ ұйымындағы өкілі.

**Аннотациясы.** Темірдің шешесі жүкті кезінде бір түс көріпті. Түсінде

туғаны бала емес, жылан болады. Ол жылан үлкейіп, алдымен өзін, сонан соң Сырдария билеушісі Тоқалакты жұтқан. Бұл түсін үйіне келген қонақ кемпірге айтады. Ол кемпір сатқындық жасап Тоқалаққа айтады. Тоқалак жүкті келіншекті қарнын жарып өлтіріп, далаға тастайды. Аяғы жараланып, тірі қалған жеті айлық баланы сіңлісі Теккене аман сақтап өсіреді.

**Басқы сөзі (27-б.):** Темірдің шешесі Сақыпжамал осы баласына екікабат кезінде түс көріпті.

**Соңғы сөзі (27-б.):** Ақсақ Темір өмірбақи шешем, анам Теккене деп кетті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Компьютерде теріліп, беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 112-113.

**49**

Ш. 1206 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 12
28,5x20; 6x16,5

## АҚСАҚ ТЕМІР

### (ІІ-нұсқа)

**Аталуы.** Ақсақ Темір.

**Жинаушысы.** Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Түркі тұқымдас Барлас руынан шыққан Шахрисябз түс көреді. Түсінде қараңғы түнде ұстаған қылышы дүниені жарық қылып жібереді және сол кезде Қызыр аян беріп: «Сенің әйелің босанады. Ол ержеткенде дүниені билейтін жаһангер болады» дейді. Бұл түс Қазаған ханға да жетеді. Ол әйелге қастық істейді. Бірақ бала аман, тек бір аяғының қары солып туылады.

**Басқы сөзі (27-б.):** Түркі тұқымдас Барлас руынан шыққан Шахрисябз биі Тарағай түс көреді

**Соңғы сөзі (27-б.):** Бірақ тастың салмағымен ана қарнынан бір аяғы солып түседі.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Компьютерде теріліп, беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 113.

**50**

Ш. 1206 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 28
21,5x20; 11x16,5

## АҚСАҚ ТЕМІР

### (ІІІ-нұсқа)

**Аталуы.** Ақсақ Темір.

**Жинаушысы.** Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Тарағайдың ортаншы әйелі түс көреді. Түсінде Қызыр әулиеден бала сұрайды. Сонда денесі тастан, жүрегі гүлдей жұмсақ бала береді. Ол әулиеден: «Жоқ, маған денесі гүлдей нәзік, жүрегі тастан жаралған бала бер?» деп жалынады. Әлгі бала еме алмағанда шапалақпен қанша ұрса да жыламайды. Сонда Тәккине қатты қуанып түсінен оянып кетеді. Түсін бір кемпірге жорытқанда ол бекер бірінші баланы алмағанын, кейінгі баланың мейірімсіз болатынын болжайды.

**Басқы сөзі (28-б.):** Тарағайдың ортаншы әйелі Тәкинә қатын осы Темірге екіқабат болған кезінде.

**Соңғы сөзі (28-б.):** «Түбі өзгені қойғанда өзіңді де талай жылатар», – деген екен.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Компьютерде теріліп, беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 114.

## 51

Ш. 1059 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 21
29,5х20; 28х16

### АҚСАҚ ТЕМІР МЕН ДОМБЫРАШЫ

**Аталуы**. Ақсақ Темір мен домбырашы.

**Жинаушысы.** Бисенғаликызы Айсұлу – қазақтың фольклорлық мұрасын жинаушылардың бірі. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

**Аннотациясы.** Әмір Темір бір ауылға келіп, ондағы барлық домбырашыларды жинап ап күй тартқызады. Түн ортасы ауғанда бәрін таратып жіберіп, бір соқыр күйшіні жанына алып қап, күй тартқызып, өнеріне қайран қалады. Сонда Темір атын сұрайды. «Дәулет» деп жауап береді. Темір: «Дәулет те соқыр бола ма екен?» – дегенде, «Дәулет соқыр болмаса, ақсақтың үйіне бармас еді ғой», – деп Темірді сөзден жығады.

**Басқы сөзі (156-б.):** Атақты Ақсақ Темір бір ауылға келеді.

**Соңғы сөзі (157-б.):** Тақсыр-ау, Дәулет соқыр болмаса, ақсақтың үйіне барар ма еді? – дейді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпімен басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қай жылы жиналғаны туралы мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1059, 3-том. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Ленин туы. – Қазалы ауданы, 1987; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 128.

## 52

Ш. 426 (ОҒК) П. 4; Ж. 19
21х16,5; 17х15,5

### AQSAQ TEMIR TURALI

**Аталуы**. Aqsaq Temir turalı (Ақсақ Темір туралы).

**Жинаушысы.** Бекарыстанов Зердебай – 1924 жылы Маңғыстаудың

Торты деген жерінде дүниеге келген. Тельман мектебін бітіріп, осы мектепке бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарған. 1942 жылы майданға аттанып, Оңтүстік-Батыс майданының №352 атқыштар полкының құрамында Сталинград үшін болған шайқасқа, Тула, Воронеж түбіндегі, Харьков үшін болған ұрыстарға қатысқан.

**Айтушысы.** Жалмағамбетов Құдайберген. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ақсақ Темір жетім бала болады. Өзі сияқты он төрт жетім баламен бай адамдардың малын бағады. Бұлар хан ойынын ойнайды екен, бірақ Темірді хан қоймайды екен. Бір күні Темір де хан болғысы кеп балаларға байдың бір бұзауын сойып, тойындырады. Бай Ақсақ Темірді қуып жібереді. Ақсақ Темір далада жаман тамда етке өрмелеген тышқанның жігерін көріп, талаптанады да, қасындағы балаларды үгіттеп, басқа қалаға ауып кетеді. Бұлар керуен тонап, бара-бара адамдары көбейіп, үлкен топқа айналады. Ханның талай жіберген әскерін айламен қырып салып, ақыры қаланы шауып, ханды өлтіріп, Ақсақ Темір шын мәнінде хан болады.

**Басқы сөзі (8-б.):** Aqsaq temir özi jetim bala boladı.

**Соңғы сөзі (13-б.):** Aqırı sol qalanı alıp xanın öltirip, özi xan boladı.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін қара сиямен латын әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы**. Қолжазба ескірген, мәтін жазылған парақтардың асты-үсті түрлі беттелген.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 426, 6-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 117-120.

**53**

Ш. 1094 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 16
29,5х20; 13,5х16

## АҚСАҚ ТЕМІР

**Аталуы**. Ақсақ Темір.

**Жинаушысы.** Рүстемов Мұхаметжан – Шымкент қаласының тұрғыны. Ол туралы өзге мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ақсақ Темір соғыс жорығына аттанып бара жатып, Түркістан шаһарына келіп аялдайды. Оқшау бір үйге түсіп, ол үйдің кемпірі алдына бидай көже әкеліп қояды. Қарны ашқан Темір көжені асығыс ұрттап аузын күйдіріп алады. Сонда кемпірдің: «Әй, қарағымай, көжені бетінен алады, жауды шетінен алады» деген сөзіне Темір ойланып, даналық жатқанын түсінеді.

**Басқы сөзі (47-б.):** Тұранның даңқы әлемге тараған әмірі Ақсақ Темір қалың қолмен жырақтағы жауға аттанып бара жатып...

**Соңғы сөзі (47-б.):** ...Соғыс өнеріне сабақ боларлық даналық жатқанын ішке түйіп қалған екен дейді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1980 жылы жинап қорға тапсырған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескіріп, әріптері өшіңкіреген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімделген.

**Папкасы.** Қ. 1094 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 121.

**54**

Ш. 187 (ОҒК) П. 2; Ж. 27
21x16; 19,5x15

## AQSAQ TEMIRDIÑ BALALIQ ŞAĞI JÄNE XAN BOLUI

**Аталуы.** Ақсақ Темірдің балалық шағы және хан болуы.

**Айтушысы.** Мергенбай Мақаш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ақсақ темір бала кезінде ақсақ әрі жетім болыпты. Орданың бұзау бағатын қырық баласы болыпты. Ақсақ Темір оларға ілесе алмай артында қалады да, бір биік тауға келіп отырса, бір құмырсқа тастан аса алмай қайта-қайта шығып, сырғып түсіп, ақыры тастан асып жайына кетеді. Ақсақ Темірге үлкен ой түседі. Құмырсқаның қайсарлығына таңданады. Сонымен қырық балаға киімдерін шешкізіп, «Ұзақтан жарысайық, осы жерге кім бірінші келсе, сол бәрімізге хан болсын» дейді. Балалар ә дегенде Ақсақ Темірден ұзап кеткенімен шаршап, өкпелері өшіп жолда қалады. Ақсақ ақсаңдап отырып, мәреге

жақындағанда бір бала Ақсаққа жеткізбей мәреге жақындайды. Ақсақ Темір бөркін лақтырып, көмбеге баладан бірінші түсіреді. Балалар арасында талас болғанда бір ақсақалдан төрелік сұрап, Ақсақ қырық балаға хан болады. Сөйтіп орданың бұзауларын қайтармай, өздері мықты жерге бекініп, есейген соң Орданы шауып, Ақсақ елге хан болады, қырық бала сенімді уәзірлері болады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Aqsaq Temir toxan äri jas, äri jetim, äri aqsaq bala eken deydi.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Al burıngı qırıq bala senimdi qırıq wäziri bolıptı deydi.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен латын әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1941 жылы, Қазақстан зерттеу қоғамынан түскен.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, жазулары анық емес, 2-парақтың жартысы кесіліп алынған, алайда мәтін толық.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Қосымша белгілері.** Қолжазбаның 1-бетіне ҚазКСР Ғылым академиясының мөрі басылған.

**Папкасы.** Қ. 187, 1-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 114-117.

**55**

Ш. 475 (ӘӨИ)

Б.19; П.10; Ж.208
28х20; 18х12

## الاشا حان

**Аталуы.** Алаша хан.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

**Айтушысы.** Нұрғалиев Нұрқасым. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңыздың құрылымы Жошының аңға шығып, құланды қууы, Құланның айғыры жаралы болып, оны мерт қылуы, Алаша ханның: «Кімде-кім Жошының қазасын естіртсе, аузына қорғасын құямын!» деген жарлығын бұзып, домбырашы Тұманың Алаша ханға қазаны естіртуі, Алаша ханның семсермен домбыраны қақ жаруы, ханның терең

ор қаздырып, құлан біткенді орға құлатып, қыруы сияқты эпизодтардан құралған. Жырда осы көріністердің бәрі үйлесімді түрде баяндалған.

Туындыда жыршы Алаша ханның қаталдығын, қаһарлығын суреттеуге көп көңіл бөлген.

**Басқы сөзі (20-б.):** حان بولعان عىبرزاماندا الاشا حان، قاراعان قولاسىنا عىبرقتار جان

**Соңғы сөзі (45-б.):** جاماعات، قاته كەتسە ايىپ ەتپە، وسىمەن الاشا حان اياقتالدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Жыр мәтіні ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1958 жылғы «Мақаншы экспедициясы» кезінде жазылған.

**Беттелуі.** 20-38-ге дейін Еуропа цифрымен бетелген.

**Папкасы.** Қ.475, 3-дәп. (ӘӨИ)

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.89: Аңыздық жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 133-144.

**56**

Ш. 800 (ОҒК) Б.137; П.137; Ж.30х22; 14х6

## ALDARKÖSE

**Аталуы.** Алдаркөсе.

**Тапсырушысы.** Мыңбай Рәш – 1930 жылы Семей облысы Шұбартау ауданының (қазіргі Аягөз) 10-ауылында дүниеге келген. Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының Тіл және әдебиет факультетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, «Ара-Шмель» журналдарында бөлім меңгерушісі болған. Қазақ КСР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінде істеген. «Ғылым» баспасы бас редакторының орынбасары, «Қазақстан» баспасының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып қызмет еткен.

**Айтушысы.** Мыңғатұлы Бөжей – революциядан бұрын медицина саласында жоғары білім алып, Семей, Шұбартау және Қарқаралы өңірінде қызмет еткен алғашқы қазақ дәрігерінің бірі. Шығыс елдері мен орыс ақын-жазушыларының шығармаларын оқып, ұлы Абаймен жақын араласқан. Өзі де қазақ халқының өмірі, қоғамдық ахуалы, кәсібі мен салт-санасы туралы еңбектер жазған.

**Аннотациясы.** Алдаркөсе асқан айлакерлігі арқасында сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды т.б. әжуа етеді.

Бірінші әңгімеде баяғы өткен заманда, хан Жәнібек тұсында Қожыр деген бір кедей шал болыпты. Бір күні шал балаларын жинап алып сынамақшы болып, балаларына бірнеше сауал қояды. Шал балаларының берген жауабына мәз болып, батасын береді. Кенже баласының алдауды кәсіп етпек болғанын да құптайды. Онан соң Алдардың әкесінің батасын алып алыс сапарға аттанғаны, байғыз құсты тапқаны, ол құспен дию қуғаны, бақсылық жасауы, байды алдап құсын елу құсқа сатқандығы туралы баяндалады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Bügini joq erteñi, üş bw jazdım ertegi.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Ertede ötken er kebi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін латын әрпінде машинкаға басылған

**Беттелуі.** Еуроп цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.800, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.89: Аңыздық жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 11-111.

## 57

Ш. 346 (ОҒК)

П. 3; Ж. 19
22,5x14,5; 20x13,5

## الشىن قورلىباي باتىردىڭ قالدان حانمەن كەزدەسۋى

**Аталуы**. Алшын Қорлыбай батырдың Қалдан ханмен кездесуі.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып (1885-1955) – Халық ақыны. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетай ауылында туып-өскен. Бала жасынан жетім қалып, нағашысының қолында тәрбиеленеді. Орталық Қазақстандағы ауылды жаңа шаруашылық саласына жұмылдыру жұмысына белсене қатысып, кеңес, шаруашылық, ағарту саласында қызмет істеген. 1923 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық этнографиялық көрмеге қатысып, қобызда ойнап, ән айтады. Сол жолы белгілі музыка жинаушы А.В.Затаевич одан «Сұлушаш», «Қоскөтерме», «Әупілдек», «Назқоңыр», «Жеңеше» сияқты халық әндерін жазып алады. Отан қорғауға шақырған патриоттық жырлар шығарып, қас батырларға арналған «Әбдірдің Нүркені», «Ер Төлеген» толғауларын өмірге әкелді.

Өз жанынан эпикалық дастандар да шығарды. Бұрынғы қазақ тұрмыс-тіршілігі мен әйел теңдігін баяндайтын «Қолаң», 1916 жылғы ұлтазаттық көтерілісіне арналған «Амангелді» дастандарын жазды. Өлеңдері, дастандары мен айтыстары халық ақындарының жинақтарында, 1958 жылы Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген қазақ поэзиясының антологиясында жарияланды. Таңдаулы шығармаларының жинағы үш рет жеке жарық көрді.

**Аннотациясы.** Қорлыбай батыр бір жолы көп қолымен бір жауласқан жауын шауып, еліне қайтып келе жатқанда бір төбенің басында жаяу отырады. Басқалар сұрағанда: «Қолға түскен бір жігіт бір жерге тыққан алтыным бар еді, соны алып келем деген соң, атымды соған беріп, жолын күтіп отырмын» дейді. Басқалар «сізді алдап кетіпті» деп сенбейді. Бірақ әлгі жігіт алтынды алып оралғанда Қорлыбай риза болып, жігіттің басын азат етіп, астына ат және алтынымен еліне қайтарады. Тағы бірде Қорлыбай батырдың маңайындағы ауылдар Қорлыбайға айтпай, Қалдан ханның қалың қолынан қорқып, үдере көшіп кетеді. Қорлыбай түнде көшуді намыс көріп, ертесі көшіп келе жатып, жолда намаз оқиды. Сонда Қалдан хан келіп бұларды сынайды. Қорлыбай бастаған бес кісі намаздарын оқып болып, Қалдан ханға амандасып, аттан түсіріп қонақ етеді. Алдағы көшті қайта қайтарады.

**Басқы сөзі (1-б.):** ورلباي بتر كوب قولمن مير جاۋلاسقان جاۋن شاۋپ ملنه الپ قايتپ كله جاتقا

**Соңғы сөзі (6-б.):** ملدن كوب قپ جيناپ قالك جلقي ايداتپ قايتارعان مكمن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1945 жылы жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, тігісі мәтінді басып қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Қосымша белгілері.** Соңына Қаз КСР Ғылым академиясының мөрі басылған.

**Папкасы.** Қ.346, 1-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 322-324.

58

Ш. 131 (ӘӨИ)

П.3; Б.3; Ж. 30
30х21; 25,5х16

## АСАНҚАЙҒЫ

**Аталуы.** Асанқайғы.

**Жинаушысы.** Өкпенов Ибрагим – фольклорлық мұраны ел аузынан жинаушы. Қарағанды облысы, Шет ауданынан. Өзге мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Асанқайғының әкесі Сәбит деген кәсібі аңшы кісінің қара тұлпары, қара бүркіті, қара тазысы болады. Бір күні түс көріп, әйеліне бір жетінің ішінде өлетінін, ішінде алты айлық ұл бала бар екенін айтып, атын Асан қоюды, ержеткенде жүгенді, балақ бауды, қарғыны беруді тапсырады. Бұлғыр тауына барып «құрауласа», тұлпар, «бапаласа», бүркіт, «кәкаласа», тазы келетінін айтады.

Бала ер жеткеннен кейін шешесі аманатты тапсырады. Асан бір күндері аң аулап келе жатса, алдынан бір аң қашады. Аңды соғып алып, қанжығасына байлап, бір төбенің үстіне шығып, етекте отырған бір ауылға келіпті. Бір қыз Асанды көріп адамның сұлтаны, аттың тұлпары, құстың сұңқары, иттің сырттаны, мылтықтың ақ берені, қылыштың наркескені, түлкінің біршегі, жетеуінің бір жерге қосылғанына таңырқапты. Қыз Асанның көп ұзамай «Асан қайғы» атанатынын болжайды.

**Нұсқасы.** Мазмұны 1957 жылы Сарымсақов Мұхамбетқали, 1962 жылы Наурызбаев Әбілқасым жинаған нұсқалармен ұқсас.

**Басқы сөзі (33-б.):** Асанқайғының әкесі – Сәбит деген кісі.

**Соңғы сөзі (35-б.):** Асаннан Шашты Әзиз туады, Едігені Тоқтамыс өлтіреді.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Сарғыш қағазға кирилл әрпінде машинкамен басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қолжазбаны Өкпенов Ибрагим Қарағанды облысы, Шет ауданында жазып алған. Институт қорына 1959 жылы түскен.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.131, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 145-147.

Ш. 333 (ОҒК) П.2; Б.2; Ж. 24
28,5х20; 25,5х17,5

## اسان قايعى

**(I-нұсқа)**

**Аталуы.** Асан қайғы.

**Жинаушысы.** Құсниев Мұрат (1883-ө.ж.б.) – жыршы, халық ауыз әдебиетін жинаушы. Ол Батыс Қазақстан облысы, Қазталовка ауданында туылған. Бұрынғы ірі эпикалық «Салсал», «Зарқұм», «Көрұғлы», «Бозжігіт», «Шора», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Исатай-Махамбет», «Шернияз» сынды жырларды жатқа айтушы. 1950-1956 жылдары оның жинап тапсырған материалдары ӘӨИ-дің 364, 365-бумасында сақтаулы.

**Тапсырушысы.** Құсниев Мұрат.

**Аннотациясы.** Асан қайғы Жәнібек кезінде өмір сүрген. Жәнібек Астарханды салдырып, той жасап үш жүздің баласын шақырады. Екінші, қарындасын күйеуге беріп той жасайды. Үшінші, құладынды үйретіп, қу алдырып той жасайды. Осы үш тойына да Асан қайғыны арнап шақырса да, бармайды. Ол «Халық шаруасын сөйлесем» деп шақырғанда ғана келеді. Жәнібек тойға келмеген себебін сұрайды. Асан үш тойының да жөнсіз екенін, сол себепті келмегенін, келешекте Астарханның орыстың қолына қарайтынын айтады.

**Басқы сөзі (1-б.):** حالق اۋزينداعى اسان قايعى وسى جانيبەك كەزينده بولدى

**Соңғы сөзі (2-б.):** جانيبەك ولگەن سوڭ استارقان رەسەيگە قاراۋى كوپ كەشكپەدى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жинаушының қолымен үлкен дәптерге түсірілген.

**Қолтаңбасы.** Қолжазбаны 1940 жылдары Мұрат Құсниев жинап, тапсырған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1940 жылдары жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке орналастырылған.

**Қосымша белгілері.** Дәптердің сыртына «Асан қайғының Жәнібек ханға қайтарған жауабы» деген тақырып жазылған. Қолжазбаның ертеректе беттелгені бойынша 21-22 бет болған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** 333, 13-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 156.

**60**

Ш. 191(ӘӨИ)

П.3; Б.5; Ж. 26
25,5x17; 23x16,5

اسان قايغى

**(ІІ-нұсқа)**

**Аталуы.** Асан қайғы.

**Жинаушысы.** Сарымсақов Мұхамбетқали (1878-1957) – ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Батыс Қазақстан облысы, Жанақала ауданы, Жиделіқұм деген жерде туған. Жасында Баязит деген молданың медресесінде алты жыл оқып, сонан соң ауылда бала оқытқан. Ол өлеңге отыз жасынан бастап әуестенсе керек. Ақынның көп өлеңдері жергілікті баспасөзде, «Пернедегі термелер» атты халық ақындарының шығармалары жинағында (Алматы, 1965) жарияланған.

Мұхаметқали Сарымсақовтың қолжазбаларындағы хикаяттар мен аңыздарды 1957 жылғы Батыс Қазақстан, Гурьев экспедициясының мүшесі Б.Адамбаев жинап, институт қорына тапсырған. ӘӨИ-дің ҚҚ-да 455, 566, 579-бумада өлеңдері, 190-192-бумада ол жинаған ауыз әдебиеті үлгілері сақтаулы.

**Тапсырушысы.** Институт қорына 1957 жылғы Батыс Қазақстан, Гурьев экспедициясының мүшесі Балтабай Адамбаев тапсырған. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Асан қайғы жеті жасында жетім қалады. Ержеткен соң батыр болып, аң аулап жүргенде бір жақсы қыздың хабарын естиді. Соны көруге келе жатқанда, қыз анасына үйге төрт сырттан: адамның хаты құлағы, құстың хаты қиягы, иттің жез тырнағы, жылқының мастек тұяғы келетінін айтады. Асан қайғы сол үйге келіп, қызды ұнатып, басындағы шашын сипайды. Сонда қыз жерде жатқан тай терісі тулақты сипаған екен, Асан «болмас» деп қайтып кетеді.

Сонан үйіне келіп аң аулап, балық аулап жүреді екен. Бір күні оның

қармағына алтын сандық ілініп шығады. Сандық ішінде айдай сұлу қыз қыз болады. Асан сол қызды алады. Қызды сөйлете алмай, Мысыр шәріне апарады, бірақ қыз сөйлемей, үш рет күледі.

Елге келіп, қатыны сөйлемегеніне арланып, қылышпен шаппақ болғанда, қыз тұз алып жатқан адамдардың ақымақтығына, саудалаған адамның үш күндік ғұмыры қалғанын, пәнидің қызығына алданып, пенденің өлімнен хабарсыздығына, қатындар балаға таласқанда, баланың өз анасы жаны ашып қоя бергенін, Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, өтірікпен мақсатына жетіп, жанжал қатынның баланы нақақ тартып алғанына күлгенін айтады. Бала туғанша бетінен ұяты кетпесін деп сақтанып сөйлемегенін, сертінен тайдырып, күнәлі еткенін, су сұлтанының қызы екенін, он үш жасынан түсінде көріп, ғашық болып қосылғанын, ішінде туарға үш ай қалған ер бала бар екенін, оны қырық күншілік шөлден, я қырық күншілік дарияның жағасынан табатынын айтып, қыз дарияға түседі де кетеді. Сонан Асан қайғырып, баласын іздеп, дүниенің төрт бұрышын желмаямен желдіртіп бармаған жері қалмайды.

**Нұсқасы.** Мазмұны 1957 жылы Сарымсақов Мұхамбетқали, 1959 жылы Өкпенов Ибрагим, 1962 жылы Наурызбаев Әбілқасым жинаған нұсқалармен ұқсас.

**Басқы сөзі (10-б.):** اسان قايعى دەگەن اتاڭ جەتى جاستا جەتىم قالعان بالا ەكەن

**Соңғы сөзі (14-б.):** اسان اتاڭنىڭ قىزىنىڭ، بالانىڭ قايعىسىنان باستاپ، بۇكىل دۇنيادا عى ماقۇلىقتى، جەردى، سۋدى قايعىلاپ كەتكەن، ونىڭ جايى سولاي دەيدى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін қара, көк сиямен араб әрпінде жинаушының қолымен үлкен дәптерге түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1930 жылдары жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қосымша белгілері.** «Ескерту. Абат мергеннің сол бала екені, басқа қатыннан болғаны маған белгісіз, оның хақында көрген тауарих жоқ болды» деген қосымша жазу бар.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.191, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 150-152.

Ш. 333 (ОҒК)

П.3; Б.6; Ж.17
33x21; 32x20

## اسان قايعى

## (III-нұсқа)

**Аталуы.** Асан қайғы.

**Жинаушысы.** Раев Зейнолла. Қолжазбада «мәтінді жинаған тұста жасы 63-те болған. Амангелді ауданы орталығында тұрған» деген мәлімет бар. Өзге мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Раев Зейнолла.

**Аннотациясы.** Асан қайғы жас күнінде аң аулауға шығады. Сахарада келе жатса, алдынан қашқан түлкіні қуалап, күн батуға жақындағанда соғып алады. Қанжығасына байлап келе жатса, алдында бір жалғыз киіз үй көрінеді. Киіз үйге келіп кім бар деп дауыстағанда, бір қыз шыға келіп Асан қайғыны көріп, ішегін үш рет тартады. Сонда әкесі ішегін неге тартқанын сұрағанда қыз адамның сырттаны, жылқының, аңның, ағаштың сырттаны келіп тұрғанын айтады. Асан қайғы қызды алмақшы болады. Қыз үшінші күні қайтып келсе, еріп кететін болып уәделеседі. Асан қайғы жүріп келе жатып, тағы бір уақытта бір киіз үйге келді. Үйге кіріп келсе, үйдің ішінде бір жалғыз қыз отыр екен, манағы қыздан да ажарлы. Қызды алатын болады, қыз «алты айға дейін сөйлемеймін, мені сөйлетпе, сөйлетсең мен саған жоқпын» деп шарт қояды.

Уәде бойынша Асан қайғы қызды үйіне алып келді. Бірнеше күн той өтеді. Қыз сөйлемеген соң Асан қайғы бал ашушыларды шақырып, бал аштырады. Балшы базарды аралатса, қыздың сөйлейтінін айтады. Қызды базардың шетіне шығарып келе жатқанда, қызға тіл бітеді: алты айға жасаған шарттың бұзылғанына ренжіген қыз кетіп қалады.. Асан қайғы қызды таба алмай қайғыланды.

**Басқы сөзі (1-б.):** اسان قايعى جاس جىگىت كوڭىندە الّٰە اۋلاۋعا شىعادى

**Соңғы сөзі (6-б.):** اسان قايعىنىڭ «اسان قايعى» اتانۋ سەبەبى وسىدان مكەن

**Қағазы, әріп, сиясы.** Сары қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, қара қаламмен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қосымша белгілері.** Қолжазбаның шетіне 1947 жылы қойылған институт мөріне қарағанда инвентар нөмірі 744 болған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.333, 10-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 155-156.

## 62

Ш. 333 (ОҒК) П.1; Б.1; Ж. 11
28х20,5; 11,5х16,5

## АСАН ҚАЙҒЫ

**Аталуы.** Асан қайғы.

**Жинаушысы.** Бекарыстанов Зердебай. Ол туралы мәлімет 52-сипаттамада берілген.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорындағы (370-бума, 18-дәп.) 1966 жылы 24 майда өзі жазған өмірбаяндық мәліметке қарағанда Шевченко қаласы Жетібай поселкесінде тұрған.

**Айтушысы.** Жалмағамбетов Құдайберген. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Асанқайғы желмаясын мініп жеті жыл жер кезіпті. Ол тыныш жақсы жер қарап жүргенде Маңғыстауға үш келіп, үш кетіпті. Бір келгенде екі баласымен келген екен. Асанқайғы. «Түбінде Маңғыстаудан жақсы жер жоқ екен», – деп ойлап, желмаяға мініп кетіп қалады. Сол кеткеннен Тесік тауға барып тесігінен өтеді де, өзі сол тесікті бітеп тастайды екен. Оның артынан Мөңке би т.б. қуып кетеді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Асанқайғы жеті жыл желмая мініп жер кезіпті.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Оның артынан Мөңке би т.б. соның жолын қуыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1941 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қосымша белгісі.** Бұрыштамада «1941 жылы жиналынған тізімнің 55-нөмірінен Бекарыстанов Зердебай» деген қосымша жазу бар.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.333; 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 166.

## 63

Ш. 1202 (ӘӨИ) П.8; Б.15; Ж.10
20x15; 16x9

## اسان قايعى توٴرالى

**(I нұсқа)**

**Аталуы.** Асан қайғы туралы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Жүсіпов Қуандық. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Асан қайғы желмаясына мініп желдіртіп Сарыарқаны аралап жүріп Ертісті, Шыңғыс тауын, Семей тауларын көріп, Түндік өзеніне, Қызылтау деген жерге, Баянаул тауына, Ащы бойына келгенде, Бөкейбай деген төбені көргенде, Терісаққан мен Шу өзеніне, Қаратау, Шымкент пен Сайрамға, Сыр бойына келгенде сын айтқан екен.

Басқы сөзі (1-б.): اسان قايعى جەلمايسنا ،مىنىپ جەلدىرتىپ سارىارقانى ارالاپ جۇرگەندىگى جەرگە ايتقان سىندارى

Соңғы сөзі (15-б.): قاراتاۋدى جايلاسا، سىرنىڭ بويىن قىستاسا، قونىس بولۇعا سوندا دۇرىس مكەن دەپتى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған. Ксерокөшірме.

**Қолтаңбасы.** Араб әрпінде жинаушының қолымен жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.1202/1 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 164.

Ш. 910/5 (ӘӨИ) П.3; Б.3; Ж. 41
29,5х19; 26х14,5

## АСАН ҚАЙҒЫ ТУРАЛЫ

### (ІІ-нұсқа)

**Аталуы.** Асан қайғы туралы.

**Жинаушысы.** Ләззат Басирова – 1984-1987 жылдары Батыс Қазақстан пединституты филология факультетінде студент болған.

**Айтушысы.** Төлеу. Ол 1980 жылдары бұрынғы Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Алтай совхозында тұрған.

**Аннотациясы.** Әз Жәнібек хан орысқа Астрахан қаласын салдырыпты. Орыс қаланы салғаны үшін ақысына жер сұрайды. Ол жердің көлемі бір өгіздің терісін таспадай қылып тілгенмен бірдей екен. Осы қаланың салыну құрметіне әз Жәнібек хан үлкен той, тағы бірде құсбегімді білдіремін деп той жасайды. Асан қайғы бұл екі тойға тағы да келмейді. Үшінші рет бала сүндеті деп жасаған тойға ғана Асан қайғы келіп, Әз Жәнібекке күндердің күнінде қаласын орыс жайлайтынын, құсбегілігі де қалатынын, осы тойға Пайғамбар сүндетіне құтты болсын айтуға келгенін айтады.

Асан қайғы үйіне барып жатып алады. Хан хандығын құрып отыра береді. Күндердің күнінде Асан қайғы «Жәнібек өлді, оны өлтірген есік алдындағы құлы» дегенді естиді. Жәнібек хан өлгесін иесіз қалған қаланы иемдену үшін орыс пен қазақ дауласады, дау орыстың пайдасына шешіледі.

Осыдан кейін Асан қайғы қазақтың тұрмысына қолайлы жер іздеп Шу бойына барып, «жері шулайтын жер екен» деп, терістікке Еділ, Жайыққа кетіп, «қысы қатты болатын жер екен» деп, Хорезм, Бесқала жақтағы Айбүгір деген тауға: «Келгенге тоймайтын, кеткенге ортаймайтын, қазғаны арық, көрмессің жарық. Күндердің күнінде атарсың атпа, боларсың қатпа. Жері қамыс қатпа, бал өретін жер екен» деп, оны да ұнатпайды. Маңғыстауға келіп, оны «Маңғыстау емес, Мыңқыстау екен. Мыңсаулық қоздайтын жер екен, жері тар екен» деп бағалайды. Осылай әр жерді аралай жүріп Майлықоңыр деген жер Асан қайғыға қатты ұнайды. Содан бері Майлықоңыр қазақтың қоныстанатын жеріне айналыпты.

**Басқы сөзі (42-б.):** Әз Жәнібек хан Астрахан қаласын орысқа салдырыпты.

**Соңғы сөзі (44-б.):** Содан бері Майлықоңыр қазақтың қоныстанатын жеріне айналыпты.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ұзынша жұқа дәптерге машинкамен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.910/5 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 157-159.

**65**

Ш. 926 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж. 22
29х20,5; 13х17

## اسان قايعى

**(III-нұсқа)**

**Аталуы.** Асан қайғы.

**Жинаушысы.** Ж.Әбдірахманова. Сол кездегі Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті.

**Айтушысы.** Тырапбеков Сейталы – 1904 жылы бұрынғы Талдықорған облысы Киров ауданы Бесқайнар ауылында туған.

**Аннотациясы.** Асан қайғы «Елге жайлы қыс болмайтын, ойы түңлік Қиқора деген жерге барайық», – дейді. Бұл мекен Қытай жерінде көрінеді. Сол жерде болатын тойға ел бармақ болады. «Барған жұрт бір-бірден тас алып барып асуда тастаңдар да, қайтарда елге әкеліп тастаңдар!» – депті. Сол әкелген тастар Жаркенттің қасындағы Үйгентас деген жер көрінеді. «Бұл жерде тұруға болмайды, екі үй бір үйге телі болады екен. Үй бас сайын келі болады екен, сондықтан бұл жерден онша ел молшылықта бола қоймайды, ал Қиқораға барсақ, қысы жұмсақ, жағдайлы, малға да жайлы, аяғың толады, ішкенің айран-шалап болады. Мал ұстап жан бағамыз», – деген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** اسان قايعى: «بۇل اۋىلدان كەتىپ، قىس بولمايتىن، ويى تۇلىكتىك قيقورا دەگەن جەرگە بارايىق. ملگە جايلى» دەيدى

**Соңғы сөзі (1-б.):** سونسەن قيقوراعا كوشكەن ەل ارىماي-تالماي، جاقسى ومىر سۇرىپتى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ақ қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.926, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 165-166.

**66**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.8; Б.15; Ж. 10
20х15; 16х9

## اسان قايعى تۇرالى

**(IV нұсқа)**

**Аталуы.** Асан қайғы туралы.

**Жинаушысы.** Басирова Ләззат. Ол туралы мәлімет 64-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Асан қайғы мен баласы Абат ауылдан жүз қадамдай қашықтап кеткенде әкесі артынан атын атап айқайласа, Абат түсінгенін айтады. Жолдастары Абаттан әкесінің не дегенін, әкесінен барып сұраса да, солай деген сөз болып шығады. Абаттың өзі де әкесінен кем емес, тапқыр, ойшыл екені аңғарылады. Асан қайғыдан жұрт: «дүниедегі мырза, қорықпайтын, қызғанбайтын кім» деп сұрапты. Сонда Асанқайғы «Абат» деп жауап берген екен. Абат мырза болғаны тірлікте бай болып, мал жинамай, халық қатарында күн көруге болады деп ойлайтынын; қырық шақты атты жүріп келе жатқанда көк бұта арасынан тап бола кеткен бір қоянды қоралап тұра қалғанын, қоян найзасын оңтайланып тұрған жігіттердің біреуінің үстінен ата жөнелгенін, ажал келмесе, жасанған жаудан да қорқуға болмайтынын айтқан екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** اسان قايعى مەن بالاسى ابات اۋىلدان ءجۇز قادامداي قاشىقتاپ كەتكەندە اكەسى ارتىنان ايقايلاپ

**Соңғы сөзі (15-б.):** سونىقتان مەن بتىرلىقتى سودان باستادىم ، – دەگەن ەكەن

**Экспедициясы.** Тілеужанов Мәтжанның Батыс Қазақстан өлкесіндегі ауыз әдебиет үлгілерін жинаған материалдары.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ақ қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қосымша белгілері.** Абаттың Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты «Жақсы қылыш» деген жерде көл басында қабірі бар делінеді. Ол ерте кезде сол көлге ат суарып тұрғанда жайын жұтып, содан өлген, сондықтан көл басына қойылған екен дерек бар. Ал өзі өте ірі кісі болса керек. «Қабірінің ұзындығы 4-5 метрдей болады» деген сөздер бар.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.910 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 174-175.

**67**

Ш. 242 (ӘӨИ) П.2; Б.4; Ж. 29

20,5х16,5; 18,5х14,5

اسانقايعى تۋرالى اڭىز

**Аталуы.** Асанқайғы туралы аңыз.

**Жинаушысы.** Наурызбаев Әбілқасым (1892-1972) – ақын, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Қарағанды облысы, Жезқазған ауданы, Білеуті ауылында дүниеге келген. 1956 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін көп уақытын әдеби мұраларды жинауға арнап, 1963 жылы Институт қорына көптеген шешендік сөздер мен аңыз, жыр нұсқаларын жинап, тапсырған (242, 526, 1002-бума). Қарағанды ақындарының айтысы жинақталған 253-бумада 1943 жылғы Наурызбаев Әбілқасым мен Қожахметов Сәрсенбайдың айтысы сақталған.

**Тапсырушысы.** Наурызбаев Әбілқасым жинап, 1963 жылы Институт қорына тапсырған.

**Аннотациясы.** Ертеде бір ханның тоғызыншы әйелі бала туып, атын Асан қойыпты. Хан ауырып өлер халге таянғанда уәзірлерін жинап, Асанға қамқорлық етуді бас уәзіріне тапсырады. Ала биенің биылғы құлынын, сары ала тазының биылғы күшігін, пәлен жерде бір бәйтеректің басына ұялайтын бүркіттің биылғы балапанын алып, асырап өсіріп, осы үшеуін ержеткенде Асанға тапсыруды бұйырады. Уәзірлер айтқанын орындап, ержеткен соң Асанды таққа мінгізіп, аманат үш затты тапсырыпты.

Асан бір күні уәзірлерімен аңға шығып, бір киікті қуып, елден жырақ кетеді. Әбден шаршаған бала бірнеше күн өткен соң бір елге кездеседі. Бір үйден сусын сұрап тұрған Асанды мұсылман пері елі патшасының қызы ұнатып, мақұл көрсе тұрмысқа шығатынын айтады. Әкесі бірнеше күн ойын-сауық өткізіп, қызын Асанға неке қиып қосады.

Еліне келген соң Асанның әйелі мылқау, құлағы естімей қалады. Тәуіп, бақсы-балгерлер жаза алмайды. Бір күні Асан әйелін ертіп базарды аралап жүргенде мылқау келіншегі езу тартады.

Асан әйелі езу тарту себебін айтпаса, өлімге бұйырмақшы болады. Сонда қыз перінің заңында қыз өз ықтиярымен адамзатқа тисе, қырық күнге дейін сөйлемейтінін, егер сөйлесе, бақытсыздыққа ұшырайтынын, бір күннен соң өзі де сөйлейтінін, ал достығын дәріптеп тұрған екі ер, екі әйел төртеуі бір-бірінің көзіне шөп салып жүргендері әшкереленіп, жақында бірін-бірі өлтіретінін, ал етік сауда қылып тұрған жігіттің он күндік өмірі қалғанын сезіп езу тартқанын айтады да, жасырып жүрген ұшатын атына мініп «қош» деп ұшады да кетеді.

Асан мал-мүлкін, тәж-тақытын, ел-жұртын тастап, бір желмаяға мініп, әйелін іздеп дүниені кезуге шығады.

**Нұсқасы.** Мазмұны 1957 жылы Сарымсақов Мұхамбетқали, 1959 жылы Өкпенов Ибрагим жинаған нұсқалармен ұқсас болып келеді.

**Басқы сөзі (11-б.):** مرتەدە مبر حالنك قارتايعانشا بالاسى بولماعان سوڭ بالا ءۇشىن تورعز ايەل البىتى

**Соңғы сөзі (14-б.):** جانە اسانعا «قىيعى» دەگەن ات وسىدان كەيىن پايدا بولىپتى دەيدى اكز

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін жол көз оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1963 жылы хатқа түскен.

**Қосымша белгілері.** Қолжазбаны Ә.Наурызбаев Қаз ССР Ғылым академиясына жібергені, оны қолжазба бөлімінің қызметкері Б.Ысқақов қабылдап алғаны туралы мәлімет бар.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Су тиіп бояуы ағып кеткен тұстары бар. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.242, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 165-166.

Ш. 333 (ОҒК) П.8; Б.15; Ж.10
20х15; 16х9

## استقايعى بالاسى ابەت ءسوزى

**Аталуы.** Асан қайғы баласы Әбет сөзі.

**Жинаушысы.** Мадияр Ермағанбетұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Қыпшақбайұлы Сқақбек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Бір күні Асан қайғыны əз Жəнібек қонаққа шақырыпты. Қонақасы үстінде əз Жəнібек Асанқайғыдан: «Уа, қария, тамақтан құр қалғанда өкпелемейтін, өз әйелін басқа біреуден қызғанбайтын, қаптап келе жатқан қалың жаудан қорықпай қарсы тұратын адам бола ма?» – дегенде, Асан: «Ол біздің Әбетжан», – деп жауап беріпті. Сонда əз Жәнібек: «Мына кісі өз баласынан басқаны айтпады ғой» деп ойлапты. Әз Жәнібекпен жауаптасқанда Асан қайғының жетпіс бес жастан асқан кезі екен.

Асан айтқан үш сөз хан көңілінде қалып жүргенде, бір күні бір бай той жасапты. Тойға Әбет те келеді. Хан Әбетке арнап үй беріп, қол жуғызғанымен, оған табақ тартқызбайды. Ел тамағын жеп болғанда дастарқанды жиып әкетеді. Әбет ет жеген адамдай риза болып, күліп-ойнап аттанады.

Тағы бірде ханның айтуымен бір жігіт Әбеттің әйелімен қойындасып, құшақтасып жатқанда, Әбет те келіп қалады. Әбет шам жағып, төсекке жатайын деп келсе, төсегінде бір жігіт қатынын құшақтап жатқанын көреді. Ол қатынының мойнының астында жатқан жігіт қолын қатынының үстіне салып, жігіттің мойнының үстіндегі қатын қолын жігіттің мойнының астына салып құшақтатады. Өзі төр алдына киімін айқара салып, жата кетеді.

Бір күні хан Әбеттің жолаушы жүрмек екенін естіп, алдынан жүз кісіні жау қылып жібереді. Әбет жауын тосып тұрады. Келгендер өз ауылының кісісі екенін танып, сәлемдеседі.

Хан Әбетті тағы да бір қонаққа шақырғанда, Әбет бала жігіт шағында бастан өткізген әңгімесін айтып береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** ءبىر كۇنى اسان قايعىنى ءاز جانىبەك قوناققا شاقىرىپتى.
**Соңғы сөзі (1-б.):** ابەت، سەنى سىنايىن دەپ ەدىم، – دەپتى.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1939 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.333, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 171-174.

**69**

Ш. 464 (ӘӨИ) П. 2; Ж. 32
32,5x19,5; 28,5x17,5

## اسان قايعى جانه امەت باتىر

**Аталуы.** Асан қайғы және Әмет батыр.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан (1927-1995) – фольклортанушы ғалым, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Жоқтау, қоштасу, жұбату, бата жанрларына арналған «Дала мұңы» еңбегі, «Сырым Датұлы туралы» зерттеу еңбегі, «Астарлы әзіл», «Ел әдебиеті», «Халық тағылымы» атты монографиялық еңбектері, «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың көркемдік иірімдері», «Махамбет Өтемісов творчествосы туралы қосымша материалдар», «Сырым Датов және оның шешендік сөздері», «Қазақтың халық педагогикасының кейбір мәселелері», «Термелер» деген еңбектері бар. 1992 жылы тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ашып, ел ішіндегі қолөнер туындылары мен латын әрпінде жазылған шығармаларды жинады. Ол Батыс Қазақстан аумағынан ауыз әдебиеті нұсқаларын ұзақ жылдар бойы жинап, Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған.

**Аннотациясы.** Әз Жәнібек хан өзінің Айсыл есімді картын шақырып алып: «Менің бәлен уақытта аттанатын жауым бар, соған бір тұлпар ат тауып кел» деп жұмсапты. Айсыл еш жерден таппай бір көк шолақ биені әкеліп көрсетіпті. Хан мәнісін сұрағанда: «Мұның ішінде қара төбел құлын бар, өскенде тұлпар болады» депті. Хан биенің екі көзін ойып алып, Айсылдың өзіне қайтарып беріпті. Сол биеден шынымен де қара төбел құлын туып, бір жыл қараңғыда асырап, күтеді. Баласы Әметке, хан аңға шыға ма екен, хан қаршығасын жібергенде, қара төбел құстың артынан қуып жетпес пе екен?» деп Әметке міндіріп жіберіпті. Хан дауылпазын соқтырып, құс ұшқанда қаршығасын жіберіпті. Қаршаға шүйілгенше,

Әмет ұшқан құсты көтерілмей жатып, құйрығынан ұстап жүре беріпті. Хан мән-жайды біледі. Аттанатын жорығы таяп, жолда өзінің бұқасын баққан құлы Боғалы байдың үйіне қонып: «Осы жаудан аман оралсам, саған қарындасым Ханбикені беремін» депті. Хан соғыстан жеңіліп қашқанда, артынан екі жаудың адамы жетіп, найза салмақшы болғанда, Әмет келіп құтқарып алып кетіпті. Сонда Хан: «Саған, қарындасым Ханбикені беремін» депті. Бірақ хан уәдесінде тұрмай, өзінің құлы Боғалы байға Ханбикені ұзатпақшы болады. Әмет түнде келіп, некесін қидырып, қызды алып қашады. Ертесі бұлардың артынан Алшынның батыры Алау қуып жетеді де, екі жасқа батасын беріп, өзінің бармағын атқызып, кері оралады. Артынан жеткен әскерге: «Садақ тартарымды түсіріп кетті» деп бармағын көрсетеді де, кері қайтады.

**Басқы сөзі (15-б.):** ونكەن ءاز جانىبەك حان ورزىنىڭ سىنشى ايسل مسمدى قارتين جۇمسانىنى

Соңғы сөзі (17-б.): امەت امان حسمن قىزدى الىپ قوتىلىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жинаушылардың қолымен үлкен дәптерге түсірілген.

**Қашан, қайда жазылған.** 1954 жылы М.Тілеужанов қорға тапсырған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, ішіндегі парақтары түптеуінен ажырап кеткен.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тыстылған.

**Қосымша белгілері.** Мәтіннің соңын ала қызыл сиямен «Қайталау» деген сөз жазылған.

**Папкасы.** Қ. 464/4 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 182-187.

## 70

Ш. 1006 (ӘӨИ)

П.8; Б.15; Ж. 10
20x15; 16x9

## اسانقايعى مەن ءاز جانىبەك

**Аталуы.** Асанқайғы мен Әз Жәнібек.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Асанқайғы қойға қошқар қоймай, жылқыға айғыр салмай, бура шөгермей, сиырды бұқасыз сақтап, малды үш жылға дейін ту қылып ауған екен. Сол ауып бара жатқан бетінде ноғайлының ханы Әз Жәнібекке кез болыпты. Бұрын үш тойына шақырғанда Асанқайғы бармаған екен. Ауып бара жатып кез болған соң әз Жәнібекке айтыпты: «Бұрын бір хан болыпты. Ханның қасында бір қараша кедей үй қонсысы болған екен. Ханның малының сүмесінен қозы қарын майы мен бір қап құрт алған екен. Күзді күні ел тауға қонар мезгілде қараша хандікінен айырылып кететін, болған соң ханымды шақырып, құрт пен майдан дәм таттырмақ болады. Ханымды үйіне шақырса, келе қоймапты. Қараша да ханымды күтіп, көп уақыт көшпей отырып қалыпты. Күндердің күнінде ханым далаға шығып, қазыханаға барып қайтып келе жатса, ханның кісі алатын бурасы ханымды қуыпты. Ханым сасқанынан қараша үйге қойып кетіпті».

Қарақалпақ қызы Қарашаш сұлуды алғанда, Жайық бойынан дауыл өтпесе, жан өтпейтін үй салдырғанда, құладынға қу ілдірдім деп үш той жасағанын құптамаған Асанқайғының сөзіне басын шұлғығаннан басқа хан дәнеме айта алмапты.

**Басқы сөзі (1-б.):** اسانقايعى قويعا قوشقار قويماي، جلقىعا ايعىر سالماي، بۋرا شوگەرمەي، سيىردى بۇقاسىز ساقاپ، مالدى ءۇش جلعا دەيىن تۋ قىلىپ اۋعان ەكەن

**Соңғы сөзі (15-б.):** سول جولى ەكەۋى دوس بولىپ، جالعىز جەتىم جانالىنى سۋراپ الىپ قالىپتى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ақ қағазды ұзынша жұқа дәптер етіп тігіп, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қосымша белгілері.** Қолжазбаны қабылдап алған Балтабай Адамбаев: «1981 23/01. Мұқият оқып шықтым, көпшілігі соны, жарамды нұсқалар, ара-тұра бұрын жарияланған белгілі нұсқалар да кездеседі» деген ескертпе жазған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Папкасы.** 1006, 1-дәптер, (ӨӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 160-162.

## 71

Ш. 333 (ОҒК) П.2; Б.2; Ж. 19
21x16; 19x15

### [اسان قايعى مەن ورمانبەت حان]

**Аталуы.** [Асан қайғы мен Орманбет хан].

**Жинаушысы.** Сабыржан Шәкіржанов. Мәтінді 1923 жылы Сабыржан Шәкіржанов хатқа түсірген.

**Аннотациясы.** Оқиға сюжетіндегі Орманбет хан басқа аңыздарда Әз Жәнібек бейнесінде беріледі.

Орманбет хан қарадан Қарагөз деген қыз алып, құладынды қайырып, аққу ілдіргенге және Қазан қаласына тас мешіт салып той жасағанда Асан қайғы келмеген екен. Сонда хан Асан қайғыға ашуланып, жасауыл жіберіп шақырып алып ренішін айтыпты

**Басқы сөзі (10-б.):** ورمانبەت حان قارادان قاراگوز دەگەن قىز الىپ، اسان قايعىنى تويعا شاقىرعان ەكەن

**Соңғы сөзі (11-б.):** ونىڭ نەمەنەسىنە قۋانىش قىلىپ كەلدىڭ، - دەگەن ەكەن

**Қағазы, әріп, сиясы.** Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1923 жылы Алматы облысында хатқа түскен.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қосымша белгілері.** «Бұл материалдар Алматы облысынан жиналған, 1923 жыл. Сабыржан Шәкіржан» деп жазылған. Сол қолжазбадан оқушы дәптеріне кейін көшірілген болуы керек.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.333, 15-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 159-160.

## 72

Ш. 333 (ОҒК) П.8; Б.15; Ж.10
20x15; 16x9

### اسان قايعىنىڭ بالاسى ابات تۋرالى

**Аталуы.** Асан қайғының баласы Абат туралы.

**Жинаушысы.** Бекарыстанов Зердебай. Ол туралы мәлімет 52-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Асанқайғының Абат деген бір баласы болыпты. Ол өте батыр, ер және кең көрінеді. Бұл Орақ, Мамайлармен бірге талай соғысқа қатынасқан екен. Сол уақыттағы хан жұрт мақтаған кеңдігін сынайын деп Абатты бір жаққа жұмсайды. Абат әйелін өте жақсы көреді екен. Абат келер кезде сұлу әйелінің қасына екі құл жатқызыпты. Абат келсе, әйелінің қасында екі құл жатыр, бір-бір қолдары әйелінің астында. Бұл екеуінің екі қолын әйелінің астынан алып: «Бұлай жата ма екен?» деп, үстіне салған екен дейді. Сөйтіп оның нағыз кең екенін біліпті.

Асан қайғы осы баласымен бір жаққа көшіп бара жатқанда, Абат қайтыс болады. Сол жерде көп ауыл бар екен. Асан қайғы сол ауылдың адамдарына кірпіш даярлатып, там салып, Абатты Келес өзені бойына қойыпты.

**Басқы сөзі (2-б.):** استقايعننك ابات دمكەن عبىر بالاسى بولىپتى.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ونڭ مولاسى كەلەس وزەننڭ بويندا بار مكەن دەيدى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1939 жылы жазылған. Қайда жазылғаны белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.333, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 170-171.



Ш. 333 (ОҒК) П. 5; Ж. 15
22х20; 20х16,5

## اسان قايعننڭ قىزى جۇپار

**Аталуы.** Асан қайғының қызы Жұпар.

**Жинаушысы.** Мадияр Ермағанбетұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Қыпшақбайұлы Сқақбек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Асан қайғы жеті жыл жер шолып, Жиделібайсын деген жерді ұнатып, сонда көшпекші болады. Бірақ ол үшін үш жыл малды ту ұстап, көшу керек дегенде, халық мұны ауыр көріп көшпейді. Мұны Асанның 15 жасар Жұпар деген қызы естіп отырады. Жұпар сұлуға Ақшора деген бай құда түсіп, Ерназар деген баласына алып береді. Жұпар Ерназарға тиген соң, тағы да өзінен де сұлу екі әйел алдырады. Үшеуінен 45 ұл туылады. Әкесінің айтқаны есінде болған Жұпар, ұлдары ержеткен соң, Жиделібайсынға көшіп келеді. Хан қорығы деген жерге келіп қонады. Ханның адамдары келіп: «Бұл жерге қонуға болмайды, көшіңдер» деп айтады. Жұпар бәйбіше ертең көшетінін айтады. Ертеңінде ұлдарына ақыл үйретіп, өзінен туған 15 ұлды ақ шапан, ақ атқа мінгізіп, ортаңғы әйелден туған 15 ұлға қара шапан, қара ат мінгізіп, соңғы әйелден туған 15 ұлға күрең ат, күрең шапан кигізіп, хан келгенде үш жақтап, салтанат құрып келуін айтады. Қорықта адам қарасы көбейген соң, хан өз кісілерімен келеді. Хан келе жатқан жолға Жұпар кілем төсеп, ханды құрметтеп қарсы алады. Хан үйдің салтанатына, ұлдардың қару-жарағына қарап таң тамаша болады. Сөз барысында Жұпар бәйбіше өзінің тапқыр да, ұтымды сөздерімен ханды сөзіне иландырады. Сөйтіп, хан да ертеңінде Жұпарды бар адамдарымен бірге ерулікке шақырып, жеті атасынан қалған қорықты Жұпарға беріп, енді бұл жер «Жұпар қорығы» аталсын дейді. Жұпар да ханға сый-сияпатын көрсетеді.

**Басқы сөзі (3-б.):** اسان قايعى جەتى جىل جەلمايا ەمنىپ، جەر قاراپ جيدەلىبايسىندى ۇناتىپ، حالىققا ايتىپ ۇتىر ەتتى ونى بەر جاستاعى جۇپار دەگەن قىزىنىڭ ۇعىپ، سەرگەن سەتەرى

**Соңғы сөзі (10-б.):** جۇپاردىڭ بىلسەمەن سىرعىسىز حان قورىعى «جۇپار قورىعى» اتالىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1939 жылы жазылған. Қайдан жазып алғаны туралы мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген.

**Папкасы.** Қ.333, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 187-192.

Ш. 333 (ОҒК)

П.2; Б.4; Ж. 30
26,5x17,5; 25x17

## اسانقايعنىڭ ۇلى ابات پەن قىز

**Аталуы.** Асанқайғының ұлы Абат пен қыз.

**Жинаушысы.** Диқанбаев жинаған (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Асанқайғының Абат деген жалғыз баласы болыпты. Әз Жәнібек ханның баласымен құрдас екен. Ханның баласы хан өлген соң орнына хан болыпты. Хан өзі қол бастап Абат және басқаларымен ел шабуға аттанады. Бұлардың олжасына бір бойжеткен сұлу қыз түседі. Хан қызға үш күнге дейін өзіне күйеу таңдауға рұқсат береді. Қыздың көзі шеткі қостың алдында бақыр асып отырған адамға түседі. Хан бақыршыны шақырып алып қараса, Асан қайғының баласы Абат екен. Хан Абатқа қызды қосады.

Асанқайғы елді Жиделібайсынға апармақшы болғанда, Абат көшуді құптамайды, келіні атасының көңілін қимай, қоса көшеді. Көш Балқашқа барып қонғанда Асанқайғы келінін кері қайтарады.

**Басқы сөзі (1-б.):** اسان قايعىنىڭ ابات دەگەن جالعىز بالاسى بولىپتى

**Соңғы сөзі (4-б.):** – اسانقايعى: – شىراعىم، ولاي بولسا، ەوز جولدارىڭدى ورنىڭ تاۋىپ الا! – دەپ كەلىنىن قايتارىپ جىبەرىپتى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін қара сиямен араб әрпінде хатқа түсірілген.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қосымша белгілері.** Асанқайғы әңгімесі деген қосымша атау қойылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.333, 5-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 167-170.

Ш. 364 (ӘӨИ)

П.8; Б.15; Ж. 10
20x15; 16x9

## [اساقايعننڭ ۇلى ابات]

**Аталуы.** [Асанқайғының ұлы Абат].

**Жинаушысы.** Құсниев Мұрат. Ол туралы мәлімет 59-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Ноғайлы Асан қайғының заманында Асан қайғыдан бір қыз: «Ер адам төртке шейін әйел алады, бір әйелдің төрт еркекке тиюге болмайды?» – депті. Сонда Асан қайғы жауаптан тоқталып: «Ертең осы уақытта қайта келші, бұған жауап берсе Абат берер, – дейді. Асан қайғы жалғыз баласы Абатқа қыздың сауалына жауап бере алмағанын айтады.

Ертеңінде қыздан бұрын төрт түрлі сиырды әзірлетіп қойып, қыз келген соң төрт сиырды бір шелекке саудырып болып, Абат қыздан араласып, қосылып кеткен сүттің қай сиырдікі екенін, төрт айырып беруін өтінеді. Қыз тосылып қалады. Абат осылайша бір әйелдің төрт еркекке тиюіне болмайтынын дәлелдепті.

**Басқы сөзі (1-б.):** نوعايلى اسان قايعننڭ زامانندا اسان قايعدان ءبىر قىز كەلىپ سۇال سۇرايتى

**Соңғы сөзі (1-б.):** ابات ءارى مەرگەن، ءارى باتىر، ءارى اقىلدى، ءبىلىمدى بولعان دەيدى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жинаушының қолымен үлкен дәптерге жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қолжазбаны 1950-1956 жылдары Мұрат Құсниев хатқа түсіріп, қорға тапсырған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** 364, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 166.

Ш. 333 (ОҒК) П.8; Б.15; Ж. 10
20x15; 16x9

## اسانقايغىنىڭ حان اتالۋى

**Аталуы.** Асанкайғының хан аталуы.

**Жинаушысы.** Мадияр Ермағанбетұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Қыпшақбайұлы Сқақбек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Асан қайғының шын аты Хасен екен. Хасеннің жігіт күнінде Еженхан деген мәнжу ханы қазақ халқына былай деп жарлық еткен екен: «Қазақ айғырын кісінетпесін, егер айғырдың даусын естісе, менің қорамдағы бедеулерім құлын тастайды. Егер бедеулер құлын тастаса, қазақ еліне ауыр жаза көрсетемін!» деп. Қазақ халқы қатты сасады. Хасен ел басшыларына қасына қырық мерген қосып ханға жіберуін сұрайды.

Хасен мергендерін ертіп, Еженхан тұрған шәріне қарай жолға шығып, жолда кездескен елдің итін қырып өлтіре береді. Осылай хан тұрған қаланың итін де қыра бастайды, ешкім қарсы келе алмайды. Осы хабар құлағына жеткен хан кісі жіберіп алдыртып жөн сұрапты. Хасен: «Жас кезімде, қозы бағып жүргенімде қозыма қасқыр шауып, қырып жатқанда мен бар даусыммен иттерімді шақырдым. Маған бір де бір ит келіп қасқырдан қозыларымды айыруға көмектеспеді. Мен сонда даланың иті болсын, қаланың иті болсын, қырамын деп серт етіп едім», – дейді. Хан: «Сенің даусыңды даладағы ит естісе, естір. Қаланың иті қалай естиді?» – депті. Хасен айтады.«Тақсыр, айғырдың даусы жеткен жерге адамның даусы жетпей ме?» Хан: «Тіліңді Тәңір кессін, енді айғырдың даусын естіртпе дегеннен қайттым. Сенің атың Хасен болса, хан атын қостым!» – деген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** اسانقايغىنىڭ شىن اتى حاسەن مكەن

**Соңғы сөзі (15-б.):** اسان قايعى اتى العاش حان اتالدى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін қара сиямен араб әрпінде хатқа түскен.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.333, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 162-164.

Ш.1337 (ОҒК). Б.3; П.28; Ж.51
20х17,5; 19х15

## اۋسار سالعىرت شىڭباي مىڭبايۇلى

**Аталуы.** Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы.

**Тапсырушысы.** Титақұлы Түллүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мыңбайұлы Ш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кенесары қолы мен сарттар арасындағы бір жекпе-жекте сарттар жағынан «Өлсем – шейітпін, өлтірсем – қазымын» деп күрең арғымаққа мінген, бес қаруы сай біреу ойқастап ортаға шығады. Бұған қарсы Кенесары әскерінен Ағыбайдың атына жайдақ мінген Шыңбай сұранады. Бірақ найзасы осал болғандықтан, Ағыбайдың қаруын сұрайды. «Жаугершілік кезінде адам қарусыз жүре ме» деп Ағыбай бермейді. Бірақ темірі жоқ тоқал найзамен ұрыска беттеген Шыңбайды шақырып алып найзасын береді. Жекпе-жек Шыңбайдың жеңісімен аяқталып, ол сарт мінген күрең атты Ағыбайға тартады. – Ханға тарту ет, – деп Ағыбай бас тартады. Сондағы Шыңбайдың «Мен өлсем Кенесарының ештеңесі кетпейді» деген сөзі Кенесарының құлағына шалынып, бұл баланың кім екенін сұрайды. Ағыбай: – Бұл менің інім, аусар Шыңбай, – дейді. Сонда Кенесары: – «Жарайды, балам, өзің мін! Алғашқы олжаны ердің өзіне берсең, екінші бата қылмайды», – деп күрең арғымақты Шыңбайдың өзіне қалдырады.

**Басқы сөзі (12-б.):** کەنەسارى قولعا حابار قىلدى: «سارتقا شابىنشىلىقتا جورەمىز، قام قىلسىن!» – دەپ

**Соңғы сөзі (13-б.):** بالام، وزىڭ ەمىن، ەشكىمگە بەرمە، مۇنداي مردىڭ العاشقى ولجاسىن وزىنە بەرسەڭ، ەكىنشى باتا قىلمايدى، – دەپ وزىنە بەردى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Ақ қағазға араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1337, 13-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 246-247.

## 78

Ш. 1094 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 12
29,5х20; 9х16

### АЯЗ БИ

**Аталуы**. Аяз би.

**Жинаушысы.** Рүстемов Мұхаметжан. Ол туралы мәлімет 53-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аяз би хан болып ел билеген тұста, өзінің баяғы қой бағып жүрген кездегі дода-додасы шыққан тымағы мен шапанын босағаға іліп қойған екен. Аяз өз кемеліне келіп, дүниені түгел бағындырам депараны ашылғанда, сол босағадағы жаман киімдерін көріп тәубесіне түскен екен.

**Басқы сөзі (17-б.):** Хан тағына отырған Аяз би бұрынғы қой бағып, жалшы болып жүргендегі

**Соңғы сөзі (18-б.):** Сөйтіп, Аяз би тәубеге келіп, райынан қайтқан екен.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1985 жылы Шымкент қаласынан жинап қорға тапсырған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы**. Қолжазба ескірген.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, бір жақ бұрышынан ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 1094 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 101.

## 79

Ш. 1100 (ӘӨИ)

Б.12; П.14; Ж.336
30,2х21; 26х15

### ӘБУСИНА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

**Аталуы.** Әбусина туралы аңыздар.

**Жинаушысы.** Доспамбетов Әкбарбек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Доспамбетов Әкбарбек.

**Айтушысы.** Көлжанов Сартай. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Батыста Авиценна атымен танылған белгілі дәрігер, ғұлама ғалым Әбусина жөнінде ел арасына тараған аңыздар көп. Аңыздардың басым көпшілігінде шипагердің «басы ауырып, балтыры сыздаған» науқастарға жасаған ем-домы мен шөптесін өсімдіктердің емдік қасиетін анықтаған ерекше дарыны жайында баяндалады. Сондай-ақ, ғалымның емшілік, дәрігерлік қасиетімен қоса көріпкелдік, сәуегейлік қырлары, тапқырлық қасиеті де біршама аңыз желісіне арқау болған.

**Басқы сөзі (2-б.):** Әбусина болмашы нәрсені сезгіш, аңғарғыш кісі болған екен, – деді Сукең.

**Соңғы сөзі (3-б.):** – Сенікі дұрыс, – депті сонда ғұлама жеңілгенін мойындап, – сенің жерағашың өз жерін өмірбақи жырта береді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін журнал қағаздарына кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Жамбыл облысы Қаратау қаласында тұратын Сартай Көлжановтың айтуынан жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Мәтінді оқуға қиындық тудыратын айтарлықтай ақау болмағанымен, қағаздарының тоза бастағаны байқалады.

**Папкасы.** Қ.1100, 3-дәптер, ӘӨИ.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 53-61.

**80**

Ш. 205 (ОҒК) П.8; Б.5; Ж.10
20х15; 16х9

## ӘЗ ЖӘНІБЕК ПЕН ШАЛ

**Аталуы.** Әз Жәнібек пен шал.

**Айтушысы.** Қазақбаев Әбдісәмет. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әз Жәнібек ханның бір уәзірі ханнан өзінің ақылы артық деп ойлап жүреді. Бір күні хан сейіл құрмақ болып қасына әлгі уәзірді алып жолға аттанады. Келе жатса, бір таудың ішінде жайылып жүрген он шақты ешкі-лақты көреді. Алдынан кезіккен бір қоңыр киіз

үйде төр алдында отырған бір шалға сәлем береді. Хан мен шалдың арасындағы әңгіме: Асқар тауың қалай? – Асқар тауымды қар шалды (шашына ақ кіргенін айтқаны); Шұқырың қалай? – Шұқырға су толды (көзіне жас толатынын); Екеуің қалай? – Екеуім үшеу болды (таяқсыз жүре алмайтынын); Жақыныңмен қалайсың? – Жақыныммен күнде найзаласам (тамақ жегенде азу тістің жоктығын); Алысыңмен қалайсың? – Алыспен мүлде аразбын (алысты көре алмайтынын); Арзанға бітесің-ау! – Айдаушысы келсе атамның құнын алмай бітпес едім (хан уәзірді қорқытса, шал құн алып қана айтамын деген).

Хан үйге келіп уәзірге шал екеуінің не айтқанын үш күнге дейін таппаса басын алатынын айтады.Уәзір әрі ойлап, бері ойлап, таба алмай, тоғыз түйеге қазына артып баяғы шалға келеді. Шал азырқанып, әкелген сыйын алмайды. Ақырында шал уәзірден үш тоғыз алып, жұмбағын шешеді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Әз Жәнібек ханның бір уәзірі хан қолында бірнеше жыл жүріп ақылға да, білімге де өзін-өзі артық асқандығын сезіпті.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Шал жүйрік пе, хан жүйрік пе?

**Қағазы, әріп, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Калпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.205, 5-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 139.

**81**

Ш.917 ӘӨИ — Б.3; П.28; Ж.51<br>20x17,5; 19x15

ءاز جانىبەك حان مەن جيرەنشە جايىندا

**Аталуы.** Әз Жәнібек хан мен Жиренше жайында.

**Жинаушысы.** Қайнарбаев Әлқуат (1898-1979) – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тұрғыны. Ұзақ жылдар бойы партия, кеңес қызметінде істеген. 1930-жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиетін жинап, қағазға түсірген. Фольклор жанашыры ретінде жүз мың жолдан аса әдебиет мұраларын, Сыр бойы ақындары мен жырауларының

шығармаларын ОҒК мен ӘӨИ-дың Қолжазба қорларына өткізген белгілі жинаушы.

**Аннотациясы.** Жиренше Әз Жәнібектің бас уәзірі, әрі шешен, білгір адам болған. Жиренше шешеннің әкесінің аты – Кеңес, әйелінің аты Қарашаш екен. Кеңестің ұлы Жиренше менен Құзғынның ұлы Көсе екеуі бір кісінің қыздарынан туған қарсы бөле екен. Жиренше шешендікпенен ханға, халыққа қадірлі болған. Ал Құзғынның ұлы Көсе өте жылдам қайымшыл, тапқыр кісі болған. Бірақ хан менен Жиреншеге бағыты қарсы, пікірі қосылмайтын. Қулық пен амал-айлаының неше түрлісін ойлап білетін. Хан мен уәзірге де белгілі сақтанатын қауіпті адамының бірі болған.

Әз Жәнібек хан халықтың басшыларын жинап, бір үлкен мәжіліс құрады. Ханның жиналысын сырттан есіткен Көсе не әңгіме, кеңес болар екен деп естуге өзі келеді. Көсенің келген кезінде Жиреншеге әз Жәнібек хан бір сұрақ беріп, соның шешуін сұрап жатыр екен. Сол кезде Құзғынның ұлы Көсе орнынан ұшып түрегеліп:

– Тақсыр, шешеннің жауабы шындыққа жатпайды. Өтірік пен шынның арасы аспан мен жердей емес, төрт елі дегенімнің мәнісі – құлақ есіткен өтірік, көз көрген шын. Құлақ пен көздің арасы алыс емес, тек төрт елі. Сондықтан өтірік пен шынның арасын алыс деген жауап дұрыс емес. Тек төрт елі, – деп Көсе сөзін мақұлдатып, ханнан ат мініп, шапан киіпті.

**Басқы сөзі (6-бет):** ءاز جانيبەك حان، جيرەنشە ونىڭ باس ءۋازيرى، ءارى شەشەن، بىلگىر ادام بولعان

**Соңғы сөзі (7-бет):** تەك ءتورت ەلى، – دەپ كوسە ءسوزىن ماقۇلداتىپ، حاننان ات ءمىنىپ، شاپان كيىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Араб әрпінде қарандашпен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Қолжазбаның соңғы бетінде «Нұрымбетұлы Ахмет молда қолынан жазған шежіресі» деп жазылған. Қашан, қайда жазылғаны белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр қатарға қарасөзбен жазылған.

**Ақауы.** Қағаз беттері сарғайған.

**Папкасы.** Қ.917/11, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 237-238.

82

Ш. 1058 (ОҒК)

Б.8; П.12; Ж.69
21x16,5; 16x15

## ÄZ JÄNIBEK, JÏRENŞE, KÖSE

**Аталуы.** Әз Жәнібек, Жиренше, Көсе.

**Жинаушысы.** Исмаилов Теміргали. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Исмаилов Теміргали.

**Аннотациясы.** Бір күні Әз Жәнібек елге жарлық қылады: «Байталдарым құлын тастап жатыр, айғырларының дауысы маза бермеді, айғырларын қырсын!» – дейді. Ел ханның жарлығынан қорқып, не істеу керектігін ақылдасады. Жиналған жұрттың ішінен бір көсе шығып: «Сендер саспаңдар! Ханның жауабын мен берейін. Маған бір түйе, бір кебеже, шашы қара, сақалы ақ бір шал, сақалы қара шашы ақ бір шал және бір серке беріңдер!» – деді. Жұрт осы айтқандарын тауып береді. Содан кейін көсе ханға жөнеледі. Ханның ауылының шетіне келіп: «Ханға жолыққан кісі қалай жолығады» деп сұрайды. Мініп келген көлігін кейін тастап, дауыс естіртім жерден: «Сәләумалайкум, алдияр!» деп қолын қусырып барады», – дейді. Көсе ол айтқанды істемейді. Хан Көсенің бұл ісіне ашуланады.

Хан үндей алмады. Көсе жүріп кетті. Артынан ханға Жиренше келеді. Көсенің келгенін, айтқан сөздерін хан Жиреншеге бастан-аяқ айтып өтті. Жиренше: «Мен оған барайын» деп еді, хан: «Ойбай, барма, кісіден тосылатын емес, қу көсе көрінеді», – деді. Жиренше шыдамай Көсенің артынан кетіп қалды. Жиренше Көсені қуып жетіп, артынан келіп сәлем беріп еді, Көсе сәлемін алмады. Жиренше аттан түсіп, атын береді. Көсе атқа мініп алып, түйені жетелеп, олай бір, былай бір жортып, жортып келіп: «Жер ортасы төбе, ел ортасы көре» деген, болжап келіп қарасам, сенің тұрған жерің жер ортасы екен», – деді де атты сауырға бір салып, Жиреншеге қарамастан тартып жүріп кетті.

**Басқы сөзі (2-бет):** Äz Jänibek xan sırdıñoñjağında otıradıeken

**Соңғы сөзі (8-бет):** Tiliñdi quday kessin! – dep, attısawırğa bir salıp köse tartıp otırdı.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін латын әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1946 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1058 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 241-245.

**83**

Ш. 28Д (ОҒК) Б.7; П.21; Ж.135
20х16,5; 18х15

## ӘЗ ЖӘНІБЕКТІҢ ЖИРЕНШЕ МЕН ҚАРАШАШҚА БАЛА БОЛҒАНЫ

**Аталуы.** Әз Жәнібектің Жиренше мен Қарашашқа бала болғаны.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Бір күні Әз Жәнібек хан бір байдың қызын айттыруға кісі жібереді. Бай қызын берейін десе, ханның жасы болса келіп қалған. «Қатын үстіне қызымды бермеймін» деп қызын бермей қояды.

Қарашаш сұлу Жиреншеге келіншек болып түскеннен кейін хан өзіне тимей кеткен қызға құмар болып, Қарашашты көп торып, айналдыра беріпті. Не амал қылса да, Қарашаш ханның қолына түспей құтыла береді. Бір күні Қарашаш босанып, бір бала тапқанда, бір емшегінің сүтін бір қара тұлыпқа сауып жинай береді. Шешен:

– Сенің мынау сүтіңді жинай беруіңнің себебі не? – деп сұрағанда, әйелі:

– Осы алдымызда, аз күннің ішінде біздің елдің барлық еркек кіндігі бір жауға баруға тиіс. Бірақ жауға барған жерде, хан да, сіз де туларыңыз жығылып, қашарсыздар. Сонда сіз хан қалай қарай қашса, соңынан қалмай, қабаттаса қашыңыз. Былай ұзап шыққан соң, хан артына қарап: «Уа, шешен, шөлдедім ғой, су табар жерің бар ма?» деп сұрар. Сонда сіз осы сүтті ханға жұтқызып жіберерсіз», – дейді. Қарашаштың айтқаны көп ұзамай тура келеді. Хан мен шешен екеуден екеу елсізге шығып алған соң, Жиреншені көріп қуанып, су сұрайды. Шешен қойнындағы сақтаулы сүтті алып береді. Хан сүтті жұтып жіберіп:

– Япырай, шешен, менің шөлдегенім бе, мынау қалай тәтті сусын болды? Мұны қайдан таптың? – дегенде, шешен айтады:

– Не сусын екенін білмеймін, келініңіз осыны жинап, «хан шөлдейтін кез келсе, шөлдетпей осыны берерсің» деп беріп еді, – дейді.

Сонда хан:

– Япырай, мынау анамның сүтінен соңғы аузыма татыған тәтті сусын болып еді, келіннің емшегінің сүті болмаса игі еді. Енді келін маған шеше болды, сен маған әке болдың, – депті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Әз Жәнібек ханның жасы елуден асқанда, қасында бірнеше жолдастары бар, қаршыға салып жүріп өзен суды жағалап келе жатса, бір бойжеткен қыз бие сауып, бір келіншек оны саугызып тұр екен.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Әуелі ел-жұртыңның қамын ойлап, рабат салдырмай, өз басыңның қамын жеп, он екі қақпалы үй салдырғаныңа көңілім тоймады, тойыңа сол себепті бармадым, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.28Д (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 228-232.

**84**

Ш.1014 (ӘӨИ) Б.2 ; Ж.47
29x20;16x23

## ӘЙЕЛДІҢ КҮРЕК ТІСІ – КӨРКІ

**Аталуы.** Әйелдің күрек тісі – көркі.

**Жинаушысы.** А.Торсықбайұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қорға 1988 жылы Б.Адамбаев тапсырған. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Жантай деген бір бай малшымен төбелесіп, сол төбелесте бір күрек тісі сынады. Жалшы ақысын сұрайды. Бай тісін сындырғанын айтып, соның төлеуі ретінде жалшының ақысын бермейтінін айтады. Екеуі дауласып, Қазыбек биге келеді. Екеуін мұқият тыңдаған Қазыбек би мынадай билік айтыпты: – «Ас – адамның арқауы» еді. Жантай асқа жарытпаған соң, жалшыға күш қайдан дарысын. «Аш кісі – ұрысқақ» деген, төбелестің шығуына өзің себепші болғансың. Сондықтан мынаның ақысын бер. Күрек тісің – құнсыз, еркектің ет жейтін азуы аман болса, бір күрек тістен келер кемшілік жоқ. Ал әйелдің күрек тісі – әрі көркі, әрі жіп қиятын қаруы, – депті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Жантай деген бір бай малшымен төбелесіп, сол төбелесте бір күрек тісі сынады.

**Соңғы сөзі (1-б.):** ... Ал әйелдің күрек тісі – әрі көркі, әрі жіп қиятын қаруы, – депті.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 88-89.

**85**

Ш.856 (ӘӨИ) Б.3; Ж.29
22х24;16х18

## ӘЙТЕКЕ БИ

**Аталуы.** Әйтеке би.

**Жинаушысы.** Батталов Ғаббас. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қорға 1979 жылы Батталов Ғаббас тапсырған.

**Аннотациясы.** Төле бидің Қалманбет деген ұста көршісі болыпты. Төленің үйінің сыртында өсіп тұрған қисық қайыңды кесіп алып, өзіне ер соғып алады. Ер біткен соң, әдемілігіне қызыққан Төле би өзіне иемденгісі келеді. Бірақ Қалмамбет көнбейді. Ерді өзінше ала алмайтынына көзі жеткен Төле би іргелес отырған Кіші жүзге барып төрелік сұрамақ болады. Былай шыққан соң Төле би: «ойпырым-ай, бір ер үшін жүз асып төрелікке барғаным жөн болмас, жол-жөнекей ұшырасқан адамның төрелігімен-ақ бітісейін» деген ойға келеді. Қалмамбет те келісе кетеді. Сөйтіп, бұлар жайылып жатқан үйір-үйір жылқының ішіне келсе, мал бағып жүрген жайдақ тайға мінген бір бала екен. Бала тайынан түсіп келіп, жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Сәлемнен кейін Төле мен Қалмамбет жасырмай барлық жағдайды айтып, өздерімен таныстырып өтеді.

Бала: – Екеуіңіз де әкемдей үлкен кісілерсіздер. Төрелік біреуіңіздің пайдаңызға шешілсе, екіншіңіздің көңіліңіз қалып қояды. Мені қойып мына тұрған ауылға барып өздеріңіз қатарлы адамға төрелесіңіздер, –

деп бала жуытпайды. Баланың кішіпейіл, ақылды сөзі таңғалдырып: – Қарағым, «қой асығы демеңіз, қолға жақсы сақадай, жасы кіші демеңіз, ақылы жетсе, атадай» деген, өзіңе тұрдық, айт төрелігіңді, – деп жатып жабысады. Жабысып болмаған соң бала:

– Олай болса, екеулеріңіз де тымақтарыңыз бен қамшыларыңызды беріңіздер. Аузыма түскенімді айтайын, – дейді. Қамшы пен тымақтарын алып, екеуінің қамшысын екі жағына шаншып, ортасына жаңағы ерді қояды да, құр ағашқа таласып жүргендерін беттеріне басады. Жөн сұраса бұл баланың есімі Әйтеке екен. Сол күннен бастап Кіші жүз алшыннан шыққан Әйтеке би Ұлы жүздің Төле биінің, Орта жүзде Қаз Дауысты Қазыбек бидің қатарына ілесіп, атақты би болған.

**Басқы сөзі (1-б.):** Үйсін Төле бидің Қалманбет деген ұста қоңшысы болыпты.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ... Орта жүзде Қаз Дауысты Қазыбек бидің қатарына ілесіп, атақты би болған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1928 жылы Урицкий ауданы, «Сопшлы» ауылының тұрғыны Дүзен қариядан жазып алған – Сатаев Ғаббас.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз карасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 856, 4-тізім (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 107-109.

**86**

Ш.1124 (ӘӨИ) Б.3; Ж.29
22х24;16х18

## ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ҚАЗАСЫ

**Аталуы.** Әйтеке бидің қазасы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Аңызда әйгілі Әйтеке бидің қазасы туралы айтылады. Сол уақытта бүкіл Кіші жүз жаңа қонысқа қазіргі Қазалы өңіріне көшіп келіп орналаса бастағанда, Әйтеке би өзіне қарасты ағайын-туыс, тумаларымен Бұқараның маңын қыстап қалады. Ол жерде қалуының мәнісі: бір шеті қоңырат елі, екінші шеті Үргеніш-Хиуа елі аралығында ыдырап көше алмай қалып қойған Кіші жүздің халқын бір жерге жинап, келесі жазда осы жерге алып келіп басын қосу еді. Жаз шыға Әйтеке би іске асыра бастайды. Көктемнің аяғына дейін бұл жұмысты бітіріп, көшіруді бастауға санаулы күндер ғана қалады. «Ертең бір күн көшеміз» деп отырғанда Қарақалпақ жеріне барып, ақ жүгері алып келген өзінің бір жақын інісі базарлық деп үлкен бекірені Әйтекенің үйіне әкеліп тастайды. Балықты жеп отырғанда Әйтекенің тамағына қылқан тұрып қалады. Әрі-бері жұтқыншағын тоғыганмен, қылқан шықпайды.

Арада бір жеті уақыт өтеді. Әйтекенің тамағынан қылқан кетпей, ауруы меңдей береді. Үшінші жетіге қарағанда Әйтеке сөзден қалады. Бәйбішесіне өзін Мыңтөбедегі Сейітбаттал әулие мен Зәңгі ата әулиеге апарып жерлеуді тапсырады. Көп уақыт өтпей Кіші жүздің биі Әйтеке елу жеті жасында Бұқара аймағында қайтыс болады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бүкіл кіші жүз жаңа қонысқа қазіргі Қазалы өңіріне көшіп келіп орналаса бастағанда Әйтеке би өзіне қарасты ағайын-туыс, тумаларымен Бұқараның маңын қыстап қалады.

**Соңғы сөзі (3-б.):** ... Бір жеті жол жүріп, Әйтекенің мүрдесін сол кезде Мыңтөбе деп аталған жердегі Зәңгі ата мешітінің іргесіне әкеліп жерлейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1114/100 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Ленин туы. – Қазалы аудандық газеті. – 1989 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 113-114.

87

Ш.1123 (ӘӨИ)

Б.3; Ж.29
22x24;16x18

## ӘЙТЕКЕ БИДІҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ

**Аталуы.** Әйтеке бидің мықтылығы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Аңызда қазақтың аузы дуалы үш биі пір сайлау кезіндегі оқиға туралы айтылады. Сайлауға Төле би өзінің ғұламасы Мағзаманды, Қазыбек би Ер Сейтпембетті, Әйтеке Мүсәліні алып келеді. Тәртіп бойынша үш бидің ғұламасының тапқырлығы сыналып, ең мықты дегенін ғана пір сайлауына жарамды деп шешіледі. Тапқырлық көрсету жөніндегі ұсыныс Әйтеке биден шыққан болатын. Оның бұл ұсынысы көптің ішінен қолдау табады да, Әйтеке халық алдына бір буаз сиыр әкелдіреді. Сайлау шарты мынадай: Сиырдың ішіндегі бұзаудың түрін, түсін, жынысын және қандай күйде жатыр соны көпке бұлжытпай айтып беру. Сиырды сойып, бұзауды алғанда қайсысының сөзіне бұзаудың түр-түсі дәл келсе, сол үш жүзге Ұлық пір болып сайланады. Бұған үш би келіседі.

Төле бидің ғұламасы. Бұл сиырдың ішінде қара, ұрғашы, ақтөбел бұзау жатқанын айтады. Қазыбектің ғұламасы Ер Сейітпамбет сиырға қарап тұрып: – Мына сиырдың ішінде ұрғашы, қара бұзау жатыр, – деп кідіреді. Үшінші болып Әйтекенің ғұламасы Мүсірәлі сиырды көзімен бір рет сүзіп өтеді де, «Бұл сиырдың ішінде ұрғашы, қара, ақ құйрық бұзау жатыр», – дейді.

Сиырдың ішін жарып бұзауды алып қараса, бұзау – ұрғашы, қара, ақ құйрық. Бұл Мүсірәлінің айтқаны еді. Сондықтан халық бір ауыздан ұлық пірге Мүсірәліні сайлады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Пір сайлау жұмысына кіріскенде Төле би өзінің ғұламасы Мағзаманды, Қазыбек би Ер Сейтпембетті, Әйтеке Мүсәліні (кейінгі лақап аты – Сұпәзі) өздерімен бірге мәжіліске ала келеді. .

**Соңғы сөзі (3-б.):** ...Сөйтіп, үш би татулықпен тарқасын Әйтеке Мүсірәліні қасиетті қара шаңырағына әкеліп қондырған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1123, 47-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Ленин туы газеті. – 1989 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 105-107.

**88**

Ш. 1059 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж.49
30,5x18,5; 27,5x17

## ӘЛ ФАРАБИ

**Аталуы.** Әл Фараби.

**Жинаушысы.** Айсұлу Бисенғаликызы. Ол туралы мәлімет 51-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Айсұлу Бисенғаликызы.

**Аннотациясы.** Аңызда Әл Фарабидың шаһар әкімімен болған бір оқиғасы баяндалады. Әл Фараби ілім іздеп Дамаскіге барғанда, қаланың әкімі Сейф ад-Даула бен Хамдан онымен кездескісі келеді. Мәшһүр ғалымды арнайы қонақасыға шақырады. Әл Фараби кіріп барғанда, «отырыңыз» деп, бірақ орнын көрсетпей, сынап көргісі келеді. Сонда Әл Фараби тапқырлығымен әкімге сұрақ қойып, әкім оған «өз мәртебеңіздің шамасымен отырыңыз» дегенде, басшы отырған таққа барып отырады. Басшы тақтан түсіп кете жаздап, мұның мәнісін сұрағанда, Әл Фараби даналықпен жауап қайтарады. Мұны ол «құпия тілмен» сөйлеген екен. Әкім де Әл-Фарабиге таңданып, даналығын мойындайды.

**Басқы сөзі (3-б.):** Фараби Бағдат, Шам шаһарына – Дамаскіге барады.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Мәжілісте отырған барлық ғұлама, дана адамдар тыныш тұрып Фарабидің сөзін ықыласпен тыңдап, бәрі де оның асқақ ғылымына бой ұсынды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Тор көзді қағазға көк сиямен кирилл әрпінде қолмен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1996 жылы Орал қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрларымен беттелген.

**Ақауы.** Парақтары аздап сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1059 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 49-50.

**89**

Ш.1295 (ОҒК) Б.2;П.2; Ж.37
30х21; 29х17,5

## ӘЛИХАННЫҢ ҮШ СҰРАҒЫ, АҒЫБАЙДЫҢ ҮШ ЖАУАБЫ

**Аталуы.** Әлиханның үш сұрағы, Ағыбайдың үш жауабы.

**Аннотациясы.** Ақжолтай Ағыбай батырдың қартайған шағында сәлем беріп, батасын аламыз, – деп Әлихан Бөкейханов серіктерімен батырдың үйіне келіп қонады. Сөз арасында Әлихан үш сұрағы барын айтады. Ердің эруақтысын, әйелдің сұлуын қайдан көрдіңіз? Оны сұрағаным, нағыз ер жігіт осының үшеуінен шет болмаса керек қой, – дейді Әлихан.

«Арқада, қырықтағы күнім, – деп, Ағыбай сөз бастайды, – астымда Көкбесті деген атым бар. Осы кезде: «менен артық жігіт, Көкбестіден артық ат жоқ», – деп ойлаушы едім. Бір күні ауыл сыртына көп адам келіпті, «Саржан батыр» екен, алпыс қаралы адамымен үй тігіп, түсіріп қонақ еттім. Саржан батыр аты шыққан ер болғанымен, көзіме өзі де, аты да кораш көрінді. Ертеңгісін: «Ағыбайжан, Арқада жолдас болуға жарайтын сен деп іздеп келдім. Ақбастауды орыс алып, қазақтарды күнде шабатын көрінеді. Мен алпыс адам, сен қырық жігіт ерт, жүз кісі болып соған барайық», – деді. Жер шамасына барған соң: «Ағыбайжан, жау тақау, бүгін ат терін алайық», – деді. Сонан соң шабатын аттарды қалдырып, өзіміз алға оздық. Ол кісінің астында тайдай ғана Аққасқа аты бар. Ілгері ұзап шыққан соң, мінген аттарымыздың қарымын байқау үшін бір жүгіртіп алуды ойладық. Атқа шабатын жігіттерді сайлап, керме тартып, ат тостық. «Аман болса, Көкбесті атым келер», – деп тұрғанда тайдай ғана Саржанның Аққасқасы келді. Көкбесті ат жығылды деп ойласа аман-сау екен. Кермеге барсам, тайдай Аққасқа Көкбесті аттан анағұрлым өсіп кетіпті. «Аттың тұлпары екен ғой, бойын жасырып тұратын», – деп бағаладым.

Ертеңгісін Саржан батыр жатқан жерінен ұшып тұрып: жаудың алты жүздей кісі екенін айтқан. «Қайда жүріп болжап қойды?» – деп қарасам, бағанағы көзіме тым қораш көрінген батыр өзімнен анағұрлым өсіп кеткен екен. Сол жерде «Ердің әруақтысы, аттың тұлпары екеуі де Саржан батырда», – деп бағаладым.

Қазақпен көп шабысып, ері – құл, қызы – күң боп, қазақ-өзбек арасы теңдіксіз екен. Найман руына берген қарындасы бір шапқыншылықта өзбекте қолда кетіп, «бұл болмайды екен» деп қырық кісі алып бітімге барғанда Әлімқұл ханның ордасына түседі. Үйге кіріп келгенде, есікті ашқан бір аппақ әйел жалт қарайды. Сол күнде мың сан кісіден бетім қайтпайтын уақытым еді, әйелдің көзіне көзім тұрақтамай тайықсып кетті. Бұл Әлімқұлдың Ақ тоқалы екен. Сол жолы Әлімқұлмен: «Қазақ-өзбек мал шабысса да, адамды тұтқын қып, ұлы – құл, қызы – күң болу бұдан былай тоқтасын!» – деп билік еттік. Әйелдің сұлуын көргенім, міне, осы жолы дейді Ағыбай.

**Басқы сөзі (4-б.):** Ағыбай батырдың қартайған шағында «Ақжолтай атаға сәлем береміз, батасын аламыз», – деп Әлихан Бөкейханов серіктерімен батырдың үйіне келіп қонады.

**Соңғы сөзі (6-б.):** Әйелдің сұлуын көргенім, міне, осы жолы еді.

**Қағазы, әрпі-сиясы.** Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1295 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Сарыарқа газеті. 07.1992.; Ақжолтай Ағыбай батыр. – 2002.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 240-242.

**90**

Ш. 1177 (ОҒК) П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

ٵامىر تەمىر كورەگەن

**Аталуы.** Әмір Темір көреген.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** «Әмір Темірдің Әмір Темір болып жүргені әулиелердің

нәзірі түскен екен, қырық шілтен ғайып ерендер қолдаған екен!» десіп келеді. Сегіз жасында намаз жамиғатқа ең әуел құтпа намазына барған екен де, Қағба Алланы көрген екен. Шешесінің ақылымен түн баласы көз ілмей Аллаға жалбарынып, тілек тілейтін болыпты. Сол ісімен ол Әмір Темір көреген атаныпты.

**Басқы сөзі:** « ءامىر تەمىردىڭ ءامىر تەمىر بولىپ جۇرگەنى اۋليەلەردىڭ ءنازىرى تۇسكەن ەكەن»

**Соңғы сөзі:** ماعناسى: «كورگىش، كورىمپاز» دەگەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қай жылы жиналғаны туралы мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтіндер өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 121-124.

**91**

Ш.1124 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 18
21x17; 19x16

## ӘМІР ТЕМІРДІ ТОҚТАТҚАН АНА

**Аталуы.** Әмір Темірді тоқтатқан ана.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Талай елді шауып, ұлын улатқан, қызын шулатқан, кәрісін боздатқан, сәбиін жылатқан Ақсақ Темір қатігездігімен аты шығады. Бір жолғы жорықта бір кәрі кемпірдің жалғыз баласы тұтқындалып кетеді. Кемпір: «Жалғызымнан айырылып кімге тұлға болайын» деп баласының артынан іздеп кетеді. Жолда қалың орман, биік тау, шөл далаларды басып, арып-ашып Темірдің ордасына жетеді. Қажырлығы мен төзімділігінің арқасында Ақсақ Темірдің алдына да жетеді. Темір оны керек те қылмайды, тыңдағысы да келмейді. Сонда ана дауыстап тұрып, Темірдің мейірімсіздігін бетіне айтып, ана жүрегінің

ұлылығын танытады. «Қанша мықты болсаңда сенде анадан туылғансың, ана алдында қарыздарсың» деп. Жан баласына жібімес Темір ана алдында мысы басылып, баласын қайтарып береді.

**Басқы сөзі (5-б.):** Орталық қаласы Самарқан болған. Әмір Темір өте жауынгер болыпты.

**Соңғы сөзі (8-б.):** Ел шауып, жер басып алу жөнінде аты шулы Шыңғыс ханнан кем түспеген Әмір Темір.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтіндер өшіңкіреп қалған.

**Папкасы.** Қ. 1124, 101-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Ленин туы газеті. – Қазалы ауданы, 1987. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 126-128.

**92**

Ш. 131 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 18
30,5х20; 20х17

## ӘМІР ТЕМІРДІҢ ЕЛ БИЛЕП ТҰРҒАН КЕЗІ

**Аталуы.** Әмір Темірдің ел билеп тұрған кезі.

**Жинаушысы.** Өкпенов Ибрагим. Ол туралы мәлімет 58-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Бір жылда алты мемлекетті шауып алған Әмір Темір көп олжамен еліне қайтып келе жатқанда, бір кедейдің теңізден балық аулап жүрген он алты жасар баласын өзімен алып кетеді. Сол баланың анасы ұзақ жолды басып өтіп, Темірдің алдына кеп, өзінің ана екенін, өмірге дән беруші екенін, күллі мықтылардың бәрі осы анадан туылатынын айтып, Әмір Темірді өзіне басын игізіп, баласын босатып алып қайтады. Темір ананың алдында өзінің жеңілгенін мойындап көп олжамен еліне жеткізіп салады.

**Басқы сөзі (37-б.):** Орталық қаласы Самарқан болған. Әмір Темір өте жауынгер болыпты.

**Соңғы сөзі (37-б.):** Әмір Темір данышпан әйелдің баласын беріп, көп олжамен еліне апарып салады.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қай жылы жиналғаны туралы мәлімет жоқ. Қарағанды облысы Шет ауданынан жиналған. Институт қорына 1959 жылы түскен.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Қосымша белгілері.** Кейбір әріптерді көк сиялы қаламмен сызып түзектен.

**Папкасы.** Қ. 131, 1-дәп. (ӨӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 125-126.

**93**

Ш.1177 (ОҒК)

П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

ءامىر تەمىرنىڭ قوجا احمەتتىڭ باسىنا كەسەنە تۇرعىزۋى

**(І-нұсқа)**

**Аталуы.** Әмір Темірдің Қожа Ахметтің басына кесене тұрғызуы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Әмір Темір ел билеп тұрған күндерде бір күн түсінде Қожа Ахмет аян береді. «Менің басыма ғимарат тұрғыз» деп. Қожа Ахметтің жатқан жерін тауып, қанша рет ғимарат тұрғызса да құлап кала беретін болған. Түсінде тағы аян береді: «Алдымен менің ұзтазым Арыстан Бабқа ғимарат сал, сосын маған саласың» деп. Айтқанындай істейді. Сонан Темір жорыққа аттанар алдында үнемі осы Қожа Ахмет кесенесіне келіп зиярат ететін болған деседі.

**Басқы сөзі (3-б.):** كۇندەرىنىڭ كۇنىندە ءامىر تەمىر ەل بيلەۋشى بولىپ

**Соңғы сөзі (4-б.):** منە «تەمىرلان» اتالۋى سودان شىققان مەكەن دەپ ەل اڭىز ەتىسەدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қай жылы жиналғаны туралы мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Акауы**. Қолжазба ескірген, мәтіндер өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 129-130.

**94**

Ш.1177 (ОҒК) П. 4; Ж. 18

21,5х20; 20х15

**ٴامىر تەمىردىڭ قوجا احمەتتىڭ باسىنا كەسەنە تۇرعىزۋى**

**(ІІ-нұсқа)**

**Аталуы**. Әмір Темірдің Қожа Ахметтің басына кесене тұрғызуы.

**Жинаушысы.** كوپەيەۆ ٴماشھۇر ٴجۇسىپ Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Әмір Темірдің Қожа Ахметтің кесенесін салғызу ойы жат діндегілерді өзіне тартып, сәулетті сағаналар мен ғимараттарды көптеп салу еді. Ол ақылшысы Керманиден «Түркістанда үш Ахмет бар» қайсысына кесене тұрғызамыз дегенде, ол Қожа Ахметті айтады. Әмір Темір көп ойланып осы Қожа Ахметтің басына сәулетті ғимарат тұрғызады екен.

**Басқы сөзі (2-б.):** ازولدە قوجا احمەتتىڭ باسىنا كەسەنە ورناتۋ ٴامىر تەمىردىڭ ويىنا كەلمەگەن جەيت

**Соңғы сөзі (4-б.):** ەرجەتكەنشە شىن شەشەسىنىڭ كىم ەكەنىن بىلمەگەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Акауы**. Қолжазба ескірген, мәтіндер өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ.1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 130-132.

95

Ш. 910/4 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## БАЙБАҚТЫ ДАТҰЛЫ СЫРЫМ ЖАЙЛЫ

**Аталуы.** Байбақты Датұлы Сырым жайлы.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырымның қарт атасы Шолан батырдан бастап, Даттың қалай дүниеге келгені, Дат дүниеге келген соң Қабылан батырдан әкесінің кегін алуы, одан Сырым дүниеге келіп, Нұралы ханмен болған арадағы қарым-қатынастары, сонымен бірге Бақай сыншымен болған арадағы әңгімесі сөз болады.

**Басқы сөзі (7-б.):** Сырымның қарт атасы – Шолан батыр.

**Соңғы сөзі (8-б.):** ...Батасын беріп жіберіпті дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 22-24.

96

Ш. 1010/7 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.14
29х20; 22х16

## БАЙБАҚТЫ СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ ӘКЕСІНІҢ АТЫН ДАТ ДЕП ҚОЮЫНЫҢ СЫРЫ?

**Аталуы.** Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюының сыры?

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

**Тапсырушысы.** Бекхожина Талиға (1919-1995) – музыкатанушы, әнші, фольклор мұраларын жинаушы. Алматы қалалық Құрманғазы атындағы консерваториясын тамамдап, ұзақ жылдар бойы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ол қазақ халық ауыз әдебиетінің ноталық жазбаларын жасау арқылы қазақ жырлары мен өлеңдері үлгілерін айтушылардың әуендеріне мәңгі өмір сыйлайды.

**Аннотациясы.** Сырым батырдың әкесі екі жолдасымен Бұқар, Хиуа, Самарқанд қалаларына базарлап барып, жолда жер ошақтан алтын тауып алады. Екі жолдасы Шоланды өлтіріп, алтынды бөлісіп алу арам ниетіне келеді. Сонда Шолан екі жолдасына «Әйелім босанса атын Дат деп қойыңдар» деп өтініш айтып кетеді. Бала дүниеге келген соң, Шоланның қалдырған аманаты бойынша аты Дат деп қойылған екен..

**Басқы сөзі (4-б.):** Дат әкесі Шолан бір көршілестері Бұқара...

**Соңғы сөзі (4-б.):** ..Балаға Дат деп ат қойыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы:** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке отыз екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 1010, 7-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 11.

**97**

Ш. 464 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.17
29х20; 22х16

**بايعانا مەن تولەگەن بي**

**Аталуы.** Байғана мен Төлеген би.

**Жинаушысы.** Ғайнединұлы Сәлімгерей.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Жәңгір хан бала күнінде Орынборға оқуға барғанда Есенберді Байғана дегенге жолығып, Жәңгірге астындағы атын беріп, оқу қаражатына септігін тигізгені туралы айтылған. Сонымен

қатар, осы Байғана мен Жәңгір арасындағы ынтымақ, Төлеген бидің тапқырлығы баяндалады.

**Басқы сөзі (6-б.):** مارحوم حان جانگگر بالا كۇنشده ورنبورعا

**Соңғы сөзі (7-б.):** سۇلتاندارنىڭ سىناۋى دۇرىس بولىپ شىعىپتى دەيدى

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Мәтін қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке он жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.464, 5-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 104-105.

**98**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## БАЙМАҒАМБЕТ СҰЛТАН МЕН СЫРЫМ БАТЫР

**Аталуы.** Баймағамбет сұлтан мен Сырым батыр.

**Тапсырушысы.** Балтабай Адамбаев. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырым батырмен құда болғысы келген Баймағамбет сұлтанның жіберген жігіттерінің ағат сөйлеп Сырым батырдың ашу-ызасын тудырып, құдалықтың артының Баймағамбет сұлтанның өзін шауып алумен аяқталғаны айтылады.

**Басқы сөзі (22-б.):** Баймағамбет сұлтан: «Өзім теңді кіммен құда болам?»...

**Соңғы сөзі (22-б.):** ...деп бармағын шайнапты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи

аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 57.

## 99

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## БАҚАЙ ҚАРТ ПЕН СЫРЫМ

**Аталуы.** Бақай қарт пен Сырым.

**Жинаушысы.** Адамбаев Б. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Нұралы ханды шапқаны үшін жер аударылып, одан аман келген Сырымды хан сайламақ болады. Сонда тоқсан бір жастағы Бақай қарттың Сырымның қолынан ұстап берген сыны айтылады.

**Басқы сөзі (33-б.):** Сырым батыр он төрт жаста....

**Соңғы сөзі (34-б.):** ...өмір жасың ұзақ болсын! – деп бата беріпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына кирилл әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 30.

## 100

Ш.1337 (ОҒК)

Б.3; П.28; Ж.51
20х17,5; 19х15

## بالا باقسی

**Аталуы.** Бала бақсы.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түллүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Бектемір молла. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кенесары мен Наурызбай қырғыздардың қолынан қаза тапқаннан кейін Ағыбай Қарқаралыға қарай көшеді. Мұны естіген Бөлтірік 500 кісімен Ағыбайдың соңынан қуады. Жолда Ағыбай көшінің алдынан бір итарқа қос көрінеді. Қостан еңгезердей біреу шығып өзінің Балабақсы екенін айтады. Балабақсы Ағыбайдың өтінішімен қобызын сарнатып, артынан қуғыншы ергенін, бастап келе жатқан Бөлтірік екенін айтады. Ағыбай сарттар арқылы Бөлтірікке хат жібереді. Ағыбай хатта Бөлтірікті күтетінін, кең дала төсінде құмарынан шыға айқасатынын жеткізеді. Бөлтірік Ағыбайдың Кенесарыдай ханынан, Наурызбайдай жас батырынан айырылған күйініште халін, көзіне қан толған ашуызасын сезіп, мені де мерт қылар деп кері қайтады. Сөйтіп Балабақсы тағы да қобызын сарната отырып, Бөлтіріктің қайтып кеткенін білдіреді. Ағыбай Балабақсыға екі құлынды бие, бір сауулы інген беріп, еліне аман-есен жеткізеді.

Сол жылы жұттан Балабақсы қайтыс болып, оның денесін мамыр айына дейін қой қораға аманаттап қояды.

**Басқы сөзі:** كنەسارى وام ناۋرىزباي قىرعىز عا قولىنا متۋسىپ قالعان سوڭ اعىباي ساربارقاعا قارقارالى ۋمزىنە قاراي كوشتى

**Соңғы сөзі:** قويۋ عا شبىر مۋمكىنشىلىگى بولماعاننىقتان، سورطەپ قوي قوراعا ماي ايىنا دەيىن قويدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1337, 9-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 247-249.

**101**

Ш.1059 (ОҒК) П. 2; Ж. 50
29,6х18,2; 24,6х15,5

## БАЛА БИ ДОСБОЛ СӨЗДЕРІНЕН

**Аталуы.** Бала би Досбол сөздерінен.

**Жинаушысы.** Шәріпов Сабыр (1880-1942) – Вятск губерниясы, Варзай ауылында туған. Халық поэзиясын жинап, ол туралы кезінде

пікірін айтқан жазушы, қоғам қайраткері. С.Шәріпов Сейдахмет ақынның көп өлеңдерін жазып алған.

**Аннотациясы.** Досбол би жеті жасында әкесі қайтыс болып жетім қалады. Әкесі кедей отбасыдан шыққан болатын. Мініп жүрген жалғыз аты қалады. Аты болса да оған мінетін ешкім болмайды. Ат екі жыл жылқыда жүреді. Досбол тоғыз жасқа келегенде ауыл ақсақалдары Досболға мына әкеңнен қалған атың жүйрік еді, сол атыңды осы бастан қонанның тақырына арқандап жарата берсең күзгі көбік қарда түлкі қууға қолайлы келеді деп баланы үгіттеп өздерінің айтқандарың істетеді. Тамыз айында атты жаратып, қазан айында қалың қар жауады. Содан ел көтеріле түлкі аулауға шығады. Досбол өз атымен түлкіге шығады. Ақсақалдар да қалмай бірге шығады. Содан түлкі тауып түлкіні сойып болған кезде ақсақалдар келіп бізге бер түлкіні дейді. Досбол бермейді. Түлкіні бермеген соң ақсақалдар Хиуа ханына барады. Хан істің мән жайын сұрап біледі. Хиуа ханы жасың қаншада, тоғызда ма? – деп сұрайды. Ендеше сенің атың «Бала би» болады дейді. Содан ол Бала би атанып кетеді.

**Басқы сөзі (4-б.):** Досбол би жеті жасында әкесі қайтыс болып жетім қалады.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Содан бастап Бала би Досбол аталып кетіпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, қызыл түсті қағазбен тысталған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1059, 12-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 46-48.

**102**

Ш. 920 (ӘӨИ)

П. 4; Ж. 133
20x12,2; 14,3x9,5

## БАЛА БИ ДОСБОЛ

**Аталуы.** Бала би Досбол.

**Жинаушысы.** Мәтінді кімнен жазып алғанын көрсетпеген.

**Аннотациясы.** Досбол Кіші жүз Ахмет ханға бас би болып тұрған

кезінде Бағаналы еліне Бөрібас деген бай болады. Байдың үш мыңға жуық қара қасқа жылқысы болады. Сол жылқылардың жартысы жорға екен. Соның ішінде түлкі, қасқыр соғатын бір жақсы жорға болады. Бөрібас бай сол жорғасын жақсы күтеді. Қарақасқа жорғаға қызыққан қалмақ пен өзбектің ханы осы жылқының орнына көп байлық бермек болып, жорғаны беруін өтінеді. Бөрібас бай оларға жорғасын бермейді. Ахмет хан да жорғаны сұрай алмай жүреді екен. Ақырында бала би Досболды жіберіп сұратады. Қарақасқаны Досболға беріп жібереді. Досбол би сол торқасқа атын Түркістанда көп жылдар мініп жүреді. Бала би қайда барса аты сонда барып тұрады екен, тіпті шайханаларға барып отрса да, аты торқасқасы сол шайхананың есігіне барып тұратын болған.

**Басқы сөзі (136-б.)**: Досбол Кіші жүз Ахмет ханға бас би болып тұрған кезінде Бағаналы еліне Бөрібас деген бай болады.

**Соңғы сөзі (139-б.)**: Енді берейін, – деп, беріп жібереді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін бір жолды қалың дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** Қ. 920/108 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 48-49.

**103**

Ш. 1177 (ОҒК) П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

بالاغاز باتر

**Аталуы**. Балағаз батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Шоңның заманында «Ащы» деген өзеннің бойында отырғанда Жанқозы жылқысын Балағаз батыр барымталап алады. Алғанда, «Ертең жолда тосам, дәтің жетсе қайырып алыңдар» дейді. Тұрысынбай мен Шоң би үш жүзге ұран болған Олжабай батырдың тұңғышы Есенаманды жылқыны айырып алып келуге жұмсайды.

Есенаман барымташыларға өз атын ұрандап шабады. Оны Балағаз батыр қалпақтай ұшырып: «Сенің аузыңа бұл сөзді салған шайтан ғой, өз атыңды ұрандатқан, Олжабайлап шапсаң бір тайыңа тиіспей беріп кетер едім», – деп, өзінің бала кезіндегі Олжабай батырдан бата алғанын баяндайды. Артынан билер Балағаз ауылына барады. Балағаздың тілін алғандарға тұяққа тұяқ қайтарып, алмаған Қосқұлак Андрай молда мен Торайғырды қинап, құр қайтарады. Шонтыларға разы болып малдың үстіне екі қыз береді. Бұл қыздардан кейін мықты адамдар туылады.

**Басқы сөзі (112-б.):** ەلامان بالاسى تۇرسىنباي، مىنگە بالاسى شوكىنىڭ زامانىندا

**Соңғы сөзі (115-б.):** ...قوجان تەنتەككە بەرگەن جونىباي قۇلنىڭ قىزى مەكەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ.1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т.9.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 214-217.

**104**

Ш.1122/1 (ӘӨИ) Б.2. ; Ж.34
26x17; 18x15

## БАЛАНЫҢ БИЛІГІ

**Аталуы.** Баланың билігі.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Кіші жүздің Жарабай деген бай манабы қыпшақтан адам өлтіріп, еліне тыныштық бермейді. Осы дауда жас бала Төле би ешкімге дес бермей, билік айтқан екен. Төле бидің алғашқы билігі осы дейді аңызда.

**Басқы сөзі (1-б.):** Кіші жүздің Жарабай деген жуан тұқымы қыпшақтың бір адамын өлтіріп, теңдік бермейді...

**Соңғы сөзі (2-б.):** .... Кейін Төле би атаныпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1122, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Жезқазған таңы газеті. – 1975 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 11.

**105**

Ш. 1122 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.14
29x20; 22x16

## БАТЫРЛЫҚҚА СЫН

**Аталуы.** Батырлыққа сын.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Кенесары хан Ұлы жүз Үйсіннен қол жинамақшы болады. Сөйтіп, Қаратау, Шу, Талас өңіріндегі ат жалын тартқан азаматтар шетінен атқа қонады. Олардың ішінде Бөлтірік батыр да болады. Әрі қарай жасы біразға келсе де Кенесарыға еріп жүрген Бөлтіріктің түнде моладан барып отын жинап келген ерлігіне берген бағасы сөз болады.

**Басқы сөзі (15-б.):** Кенесары хан Ұлы жүз Үйсіннен қол жинамақшы болады...

**Соңғы сөзі (16-б.):** ...бұл шынында да батыр екен, – деген екен хан Кене.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы:** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке он төрт жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1122, 26-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 220-221.

**106**

Ш. 1122 (ӘӨИ)

Б.5; П.3; Ж.86
20,5х16,5; 18х14,5

## БЕКБАУЫЛ БИДІҢ АЙТҚАНЫ

**Аталуы**. Бекбауыл бидің айтқаны.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Бекбауыл бидің ауыл адамдарына Жанқожа батыр туралы айтқан оқиғасы баяндалады. Айтылып отырған оқиғадан бұрын Батпа деген қыздың мұрны мен бұрымы кесілген сұмдық оқиғаның болғаны әңгіме барысында білінеді. Кенесары жағы істің ортасында болса керек. Жазықсыз жапа шеккен қыздың ақысын сұрауға Жанқожа би аттанады. Ержүрек батыр Кенесарыдан еш қаймықпай, төсеген кілеміне де қарамай, аулына түскенде сәлем де бермейді. Бірақ кейін бітімге келіп, екеуі құшақтасып амандасады. Кенесары Жанқожаға өте үлкен құрмет көрсетеді. Батыр ханнан қыздың ақысын алуға клісіп қайтады.

**Басқы сөзі (7-б.):** Батбаның дауымен Кене ханға барып келгенін және одан не бітіріп қайтқанын Жанқожа батыр ешкімге тіс жарып айтқан жоқ.

**Соңғы сөзі (11-б.):** «Бұдан былай батырмен таласқанымызды қояйық» деп пәтуаға келдік, – деп Бекбауыл би ауыл адамдарына батырдың мықтылығын мақтанышпен айтыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы**. Дәптер сыртқы қабынан ажырап қалған.

**Папкасы**. Қ.1122, 37-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы**. Ленин туы газеті, 7.10.1989 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 280-282.

107

Ш. 142 (ӘӨИ)

Б.4; П.4; Ж.88
29х20,3; 24,5х16,4;

## БЕКБОЛАТ ПЕН АБЫЛАЙ

**Аталуы.** Бекболат пен Абылай.

**Тапсырушысы.** Мұқатаев Ғ. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда Абылай хан заманында өткен ел ішіндегі билік-төрелікке қатысты оқиға баяндалады. Қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпағы Бекболат бидің ең кіші баласы Абылай ханның айғыр үйірлі жылқысын ұрлап кетеді. Абылай ұрлық істеген баланы дарға асу үшін баланы қолыма берсін деп елші жіберсе, Бекболат би баласын бермей, орнына төлеуін алсын деп жауап қайтарады. Бекболатқа бұрыннан күндес бір елші бидің жауабын ханға бұрмалап жеткізеді. Ашуланған Абылай елу кісімен аттанып, бидің ауылын қоршап, баласын ұстап алып, қыл шылбырмен сүйреп әкетеді. Бекболат артынан қуып жетсе Абылай шатыр құрып, сусындап отыр екен. Бекболат тілінің жүйріктігімен Абылайдан кешу өтініп, баласын алып кетеді. Сондағы айтқаны. «Орал таудың ор түлкісі, айнала қуса ит жетпес, Орал таудың ақиығы, ақ иық келсе, тек кетпес, сонда дағы мерт етпес». Оның мағынасы.«Хан қаһарлы болса да, халық тағдыры қолында, мал үшін бас кесіп, астамшылық істемей, кешірер» деп түсіндіреді Абылай жанындағыларға. Содан артына ерген нөкерлерімен бірге бидің көңілін көтеріп қайтайық деп, ауылына қонақ болып барады. Бекболат би ханды ақ үйіне түсіріп, қонақ қылады.

Астан кейін би қонақтардың келген бұйымтайын сұрайды. Хан Бекболаттың жасы ұлғайғанын айтып, «көзің тірісінде артыңда қалған он ұлдың біреуін орныңа би сайлайық деп келдік, қайсысына бата бересің», – дейді. Бекболат би бәйбішеден туған он ұлы мен тоқалдан туған Тіленшінің қайсысын айтарын білмей,толғанып қалады. Сонда тоқалдан туған Тіленшінің қарындасы: «Ата-ау, үлкендеріңнен кішіңнің есі бар, Тоқалдан туды демесең, Тіленші жанның ел билемейтін несі бар?!» – деп наз айтады. Бекболат бәйбішесінен именіп қараса, ол да Тіленшіден үмітті екенін сездіреді. Жұрт Тіленшіні іздесе, өзен бойында қойшылармен ойнап жүр екен. Хан алдына алып келіп, атақты бидің ақылды баласы бола тұра қойшы балаларымен неге ойнап жүргенін сұрайды. Сонда Тіленші: «Ертең атамның не өлі, не тірісінде осы билік менің қолыма

бір тимей ме? Атама жүгінгенде қорқып, мұң шаға алмайтын сонау қойшы, кедей-кепшіктер, кешегі бірге ойнайтын Тіленшіміз емес пе деп үрейленбей шын сөзін айтпай ма? Олар шындықты айтқанда мен әділдігімді айтпаймын ба?» – деп жауап береді. Баланың сөзіне хан да, әкесі де разы болып, халық алдында би сайлайды.

**Басқы сөзі (9-б.):** Қарқаралы тауын айнала қоныстанған он екі ру арғын-қаракесек ішінде қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат би болыпты.

**Соңғы сөзі (11-б.):** «Жасы кіші деме, ақылы жақса ата қой» деген мәтел сонан бері тараған екен деседі қарттар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін машинкада терілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрларымен беттелген.

**Ақауы.** Парақтары сарғайған.

**Папкасы.** Қ.142, 8-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 236-239.

**108**

Ш. 1122 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 18
21,5х20; 20х15

## БЕРДЕН БАТЫР

**Аталуы**. Берден батыр.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Берден батыр бір күні қалың қамыс арасында ұйықтап жатқан жолбарыстың үстінен түсіп қалады. Қашып құтыла алмасын білген ол жолбарысты тарпа бас салып, алқымынан ала түседі. Сөйтіп, сығымдап өлтіреді. Жолбарысты үркіту үшін қамысқа от қойып жүргендер мұны көріп таң-тамаша қалады.

**Басқы сөзі (4-б.):** Жолбарыс, шошқа және басқа жыртқыш аңдар жаңа қонған ауылдың мал-жанына шаба беріпті...

**Соңғы сөзі (7-б.):** Сол оқиға болған жер қазір «Берден батыр шабындығы» деп аталады.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Бір жолды оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы**. Қолжазба ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Тысталып, тігілген.

**Папкасы.** Қ. 1122, 7-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 226-227.

## 109

Ш. 1645 (ОҒК) П.4; Ж.18
21,5х20; 20х15

## بەردىقوجا

## (І-нұсқа)

**Аталуы**. Бердіқожа.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Шанышқылы Бердіқожа батырды дұшпаны өлтірейін деп жатқанда өзінің рудан жалғыздығы мен елінің аздығы туралы өкініш білдіреді және дұшпанына өз баласының кегін алатынын ескертеді. Айтқанындай Бердіқожа өлген соң, ұлы ержетіп, Бердіқожаны өлтірген екі адамды да өлтіріп кегін алады.

**Басқы сөзі (59-б.):** شانىشقىلى بەردىقوجا باتىردى ءبىر دۇشپانى ولتىرەيىن دەپ جاتقاندا، ايتتى دەيدى

**Соңғы сөзі (59-б.):** جەڭگەن ملشىن جەرسەڭ، ءتىرى ءجۇرىپ-اق كۇندە ولار

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы**. Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1645 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре.

8-том. 2008.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 254-255.

## 110

Ш. 324 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 18
220x18; 19x15

# بەردىقوجا

**(II-нұсқа)**

**Аталуы.** Бердіқожа.

**Жинаушысы.** Қанағатов Телмұхамед – Халық мұрасын жинаушы. Әдебиет жәнен өнер институты ұйымдастырған Семей экспедициясының мүшесі ретінде Шығыс Қазақстан жерінен көп ауыз әдебиеті мұраларын жинап, тапсырған.

**Аннотациясы.** Абылай хан заманында Шанышқылы Бердіқожа батырды жерге таласқан дұшпандары өлтіреді. Сонда өлер алдында жауына былай деген екен: «Мені өлтіргендеріңмен менің Екіден балам кегімді қайтарар» депті. Айтса айтқанындай Екіден ержеткен соң өлтірген ағайынды екеуін артынан қуып жүріп өлтіреді. Бердіқожаның үш баласы болған екен. сол үшеуін сынағанда Екіден кенже баласы сынақтан жалтармай өткен екен де, сол баласының болашақта батыр болып, өзінің орнын басатынан көзі жеткен соң айтқан екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** ابىلاي حان زامانىندا شانىشقىلى بەردىقوجا باتىردى جەرگە تالاسىپ

**Соңғы сөзі (8-б.):** كطىپتى شانىشقىلىدان بەردىقوجا! – دەگەن باتىر – وسى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1967 ж. қайдан жиналғаны туралы мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған.

**Папкасы.** Қ. 324, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 255-256.

**111**

Ш. 324 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 22
21x17; 18x16

## БЕРДІҚОЖА БАТЫР

**Аталуы**. Бердіқожа батыр.

**Жинаушысы.** Қанағатов Телмұхамет. Ол туралы мәлімет 110-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қазақ-қалмақтың жер таласы кезінде бір бала Түркістаннан қашып Шанышқылы руына келіп сіңген екен. Сол баланың аты Арықмерген аталыпты. Өсе келе аңшы болып, бұғы-марал атып әкеліп жүріпті. Ол бір жолы аңға шыққанда Ғайыпереннің қызына үйленіп, таң алдында ұйықтап қалып, онан айырылып қалады. Осы жағдай үш рет қайталанады. Үшінші жолы ғана қыз бен баланы алып қалады. Қыз жөнін айтады. Сол қыздан туған баланың аты Бердіқожа болып, есейе келе атақты батыр, сыбызғышы болады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бұрынғы өткен заманда, қазақ-қалмақ жау болып жер таласы болып, жаушылық қатты болғанда...

**Соңғы сөзі (8-б.):** «Біздің естуіміз солай» деп айтады бұрынғы ұлы кісілер.

**Қағазы, сиясы, әрпі**. Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 324, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.**Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 256-259.

**112**

Ш. 1094 (ӘӨИ) П.176 ; Ж.13
17,5x12,5; 31,4x22

## БӨГЕНБАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Бөгенбай батыр.

**Жинаушысы.** Рүстемов Мұхамеджан. Ол туралы мәлімет 53-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Рүстемов Мұхамеджан.

**Аннотациясы.** Бөгенбай батыр жүзден асқан шағында еліне жау шабады. Қарттың батыр балалары сол түні үйде болмапты. Ызаға булыққан қария жау соңына өзі түседі. Барған бетте тұқыл найзамен екеу-үшеуін құлатып, көздері от шашып қалғандарына ұмтылғанда бір жас батыр көлденеңдеп тұра қалып, шіреніп садақ тартты дейді. Сұр жебе сауытсыз батырдың қос өкпесінен тиіп, аттан құлап түсіпті. Кейінгі жұрт жеткенде ол тірі екен: «Енді менде арман жоқ», – деп күлімсірепті.

**Басқы сөзі (147-б.):** Ертеде жауынгерлік заманда талай рет елін жаудан қорғаған Бөгенбай батыр бертінде жүзден асып, карттық жеңіп отырады.

**Соңғы сөзі (147-б.):** Жұртым, енді менде арман жоқ, – деп күлімсіреп иек қағыпты дейді сонда батыр.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1985 жылы Шымкент қаласында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1094, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 283-284.

**113**

Ш. 1124 (ӘӨИ) П.12 ; Ж.29
21x18; 20x16

## ҚАНЖЫҒАЛЫ ҚАРТ БӨГЕНБАЙ ХАҚЫНДА

**Аталуы.** Қанжығалы қарт Бөгенбай хақында

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Бөгенбай сексеннен асқан шағында иен далада атының ауыздығын алып, шылбырдан ұзын ғып ұстап, бір тасқа қисайып, шақшасын алып, насыбайы атыпты. Қасына айғыр мінген бір жас жігіт

жетіп келіп, сәлем жоқ, сауқат жоқ: «Әй, шал, ана шақшанды әкелші», – депті. Қанжығалы қарт Бөгенбай шынтақтап жатып, ат үстіндегі жас жігітке шақшаны ұсынады. Анау шақшадан насыбайды атады да, шақшаны етіктің қонышына сүңгітіп жіберіп, тұра шабады. Қарт Бөгенбай орнынан атып тұрып, баланы қуады. Баланы қуып жетіп, аттың үстінен жұлып алып, алдына өңгеріп алады да, баланың аузына бір уыс насыбайды тастап жіберіп: «Бар, әкеңе Бөгенбай әкемнің насыбайына тойғаным-ай» деп айта бар» деп, аттан сілкіп тастайды.

Әлгі жігіт сол ауылдағы бір байдың баласы екен. Бала көрген-баққанын әкесіне айтып келеді. Әкесі кісінің қанжығалы қарт Бөгенбай екенін біліп, соңынан кісі жіберіп ат-шапан міндіріп, кешірім сұраған екен.

**Басқы сөзі (14-б.):** Қанжығалы қарт Бөгенбай сексеннен асқан шағында шаруа жайымен жапан далада жалғыз келе жатып...

**Соңғы сөзі (15-б.):** Әкесі кісінің қанжығалы қарт Бөгенбай екенін біліп, соңынан кісі жіберіп қайтырып алады да, есер бала үшін ат-шапан айып төлеген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне кирилл әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Қолжазба беттелмеген.

**Папкасы.** Қ.1124, 86-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Көкшетау газеті. – 15.07.1989 (жариялаған: С.Шегетаев); Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 284-285.

**114**

Ш.1014 (ӘӨИ) Б.3; Ж.95
29х20;16х23

## БӨДЕНЕ МЕН ЖАРЫЛҒАП

**Аталуы.** Бөдене мен Жарылғап.

**Жинаушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қорға 1963 жылы Б.Адамбаев тапсырған. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қаз дауысты Қазыбектің қалмақ ханы Қоңтажыға

барып, теңдік алып кайтқаннан кейін атақ-абыройы Бертіс ханнан асып кетеді де, Бертіс онымен өштесе бастайды. Сөйтіп айналасындағы адамдарды Қазыбекке қарсы ұйымдастырады. Бертісті жақтаушылардың басында Бертістің інісі Тілеукенің баласы Жарлығап батыр бар екен. Жарлығап бастаған топ алдын ала өлтіруге сөз байласып, Қазыбекті қонаққа шақырады. Қазыбектің ақылды қызы Маңқан мен інісі Бөдененің қызы Нәуетек Қазыбекке ішінен қалың сауыт игізіп жібереді. Шақырған үйге келген соң Қазыбек елді әдетінше аузына қаратып, үйіріп әкетеді. Арада көп уақыт өтенде Жарылғап бастаған бір топ қамсыз отырған Қазыбекті бас салып пышақтай бастайды, бірақ сауыт киген Қазыбектің денесіне пышақ дари қоймайды.

Бұл кезде мал қарап кеткен Бөдене батыр үйіне келіп, Қазыбектің қонаққа кеткенін біліп, Жарылғаптың үйіне қарай тұра шабады. Бөдене батыр аттан түспестен жұрт жиналған жерге жетіп келсе, Жарлығап бастаған бір топ адам Қазыбекке жабылып жатыр екен. Бөденені көргенде жан-жаққа қаша жөнеледі. Жарлығап батыр да сыртта дайын тұрған Ақбоз атына міне қашады. Бөдене садақты тартып қалғанда, Жарлығаптың астындағы Ақбоз аты қалпақтай ұшады, өзі жаяу қашып құтылады. Сөйтіп, Жарлығап елден қашып кетеді. Жарлығап өзі секілді Кіші жүзден қашып жүрген бір батырмен жолдас болып, Қаратауды паналайды. Елден мал ұрлап, тамақ асырайды. Осылай жүріп Қазыбектің қызы Маңқанын ақылдылығы арқасында Жарылғап пен Бөдене батыр татуласады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қалмақ ханы Қоңтажыға барып, теңдік алып қайтқаннан кейін Қазыбектің абыройы хан Бертістен артып кетеді.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Өйткені, Бөденемен араздасқалы бері Жарылғап үйіне жасырын келіп тұрғанмен, төсектеп қалған екен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған. Мәтіннің соңында «Бұл аңыз Қазыбектің өмірінен аз да болса, мағлұматты кеңейтерлік мәні болар деген үмітпен жазып алынды» деген ескертпе бар.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздың парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 96-103.

**115**

Ш. 241 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.20
29х20; 22х16

## БӨКЕН БИДІҢ СЫРЫМНАН ЖЕҢІЛУІ

**Аталуы.** Бөкен бидің Сырымнан жеңілуі.

**Жинаушысы.** Ғатауов Фарид (1908-?) – халық әдебиет үлгілерін жинаушы. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының Тұрлығұл ауылында туып-өскен. Ол Орал қаласындағы педагогикалық техникумды, соңынан пединституттың биология факультетін бітірген. 1926 жылдан бастап бұрынғы Гурьев қаласындағы орта мектепте оқытушы болып жұмыс істеген.

**Аннотациясы.** Өгізіне мініп келе жатқан Бөкен бидің ойнап жүрген бір топ баланы кездестіріп, олардың амандаспағанына қынжылып, сын таға бастайды. Және астындағы өгізі қашып кеткенде, балалардың ұстап бермегеніне реніжіп отырғанда, Сырымның табан астында тапқан ұтымды сөзінен жеңіліп қалғаны айтылады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Кіші жүздің елі он екі атадан тұрады...

**Соңғы сөзі (2-б.):** ...Ол ауыл Даттың ауылы екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Оқушы дәптеріне кирилл әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.241, 12-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 64-65.

## 116

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

### БӨКЕН ҚАРТТЫҢ СЫРЫМҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

**Аталуы.** Бөкен қарттың Сырымға берген батасы.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Есентемір Бөкен қарттың Сырымға берген батасы, астарлы ақыл-кеңесі, Сырымды бір көргеннен болатын бала екенін танып, оған ұзақ өмір тілеуі, өзінің басынан өткен түрлі қиыншылықтардың Сырымның басына келмеуін айтады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Сырым жас кезінде Есентемір Бөкен биге...

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...әкесін дұрыс баға білмейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 2-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 63-64.

## 117

Ш. 990 (ӘӨИ) П.2; Б.2; Ж.28
29х20; 22х16

### БҰЛ МЕЗГІЛБАЙДЫҢ АУЫЛЫ

**Аталуы.** Бұл Мезгілбайдың ауылы.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Бөкей ханның жасырған жұмбақтарына жауап таба алмай дал болған билерге далада қозы жағып жүрген

бала Сырымның кездесуі мен оларға жұмбақтап айтқан астарлы сөзі, сонымен бірге билердің баланың тапқыштығына таңдай қағып, одан өздеріне берілген тапсырма жайында көмек сұрағаны, бала Сырымның ол жұмбақтарды хан алдында шешіп беріп, ханның алғысын алғандығы жайында сөз болады.

**Басқы сөзі (10-б.):** Бөкей хан билеріне пышақ беріп...

**Соңғы сөзі (11-б.):** ...дауысын қалай естиді, – Сырым.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке отыз екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 18-19.

**118**

Ш.990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## БҰРЫН ТУҒАННАН АҚЫЛ СҰРА

**Аталуы.** Бұрын туғаннан ақыл сұра.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырым батырдың он төрт жасында моңғолдан ат барымталап келе жатқан жолында саятта жүрген Нұралы ханмен кездесіп қалып, Нұралының астарлы сұрағына тосылмай жауап беріп, өзін сөзден тұқыртқан шешендігі сөз болады.

**Басқы сөзі (52-б.):** Сырым батыр бала күнінде он төрт жасында-ақ жорыққа аттанатын болыпты.

**Соңғы сөзі (52-б.):** ...жарыстырған Тоғым төренің тұқымы едің, – депті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына машинкамен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.990, 3-тіз. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 31.

Ш. 829 (ОҒК) Б.2; П.1; Ж.51
30,5x21,7; 28,5x20,5

**بۇرىنعى زامانىنىڭ ادامدارىنىڭ قانداي ەكەنىن تانىتۋعا سويلەگەن ءسوز**

**Аталуы.** Бұрынғы заманның адамдарының қандай екенін танытуға сөйлеген сөз.

**Аннотациясы.** Аңызда Абылай хан заманында болған оқиға баяндалады. Күліктен – Тілеуімбет, одан туған – Жанайдар деген сөзге тапқыр бала болады. Бұқарай шәріп ханы Арқадағы Абылай ханға «май-қатығын тауып берсін» деп елші жібереді. Сонда Абылай хан бір ауыз сөзімен жауап табатын жан іздетіп, Күлік биге жібереді. Жаңабатыр би он төрт жасар бала Жанайдарды жібереді. Жанайдар хан алдына «Алдияр!» деп кіріп барғанда, «май-қатығы не болады?» – деп сұрайды. Жанайдар: «Халық айныса, хан түзейді, май айныса, тұз түзейді» деген мақалмен жауап береді. Абылай хан осы сөзден Бұқар ханының тұз сұратқанын біліп, қазақтан түйе жидырып, қырық биіне Жанайдарды ақылшы қылып, көп тұз тиеп жібереді.

Аңыз одан әрі Бұқар ханы мен қырық уәзір арасында болған сұрақ жауапқа жалғасады. Бұқар ханының «мен артық па, Абылай артық па?» деген сұрағына ең ұтымды жауапты Жанайдар береді. Хан алдында қаймықпай сөйлеп, ханның өз басымен де, жерінің асылдығымен де Абылайдың артық екенін айтады. «Маңғыт, аузыңа саңғыт» деген балалардың ойын сөзін ортаға салып, Бұқар ханын тұқыртады. Ақырында хан баланың тапқыр сөздеріне риза болып, сый-сияпат береді.

**Басқы сөзі (2-б.):** كۇلىك يالاسى – تىلەۋىمبەت، مۇنان تۇعان – جانايدار

**Соңғы сөзі (3-б.):** جاقسى جانايدار اتالعان جەرى – ۋسى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде хатқа түскен.

**Беттелуі.** Европа цифрларымен беттелген.

**Ақауы.** Парағының шеттері жыртылған.

**Папкасы.** Қ.829, 1-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 243-244.

Ш. 613 (ӘӨИ)

П.1; Ж. 29
30x21; 25,5x16

## ДАУ-ЖАНЖАЛ ЖАЙЫНДА

**Аталуы**. Дау-жанжал жайында.

**Жинаушысы**. Иманбаев Омар. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ел арасында барымта-сырымта, жер дауы, жесір дауы, ердің құны сияқтыларды Қаракесектен Тіленші және Төртуылдан Шоң билер бітістіреді екен. Бір жолы бір жиылыс аспақшы болып Қаракесекке бет алып жүргенде, жолда Өтеп сақауды Мәнтен байдың кимін кигізіп, өздерімен ала кетеді. Сонда Өтеп Сақау отырған жиылыста ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейді. Бәрін алдынан буа сөйлейді. Сонда Тіленші: «Мына жағасы кір-кір немең кім еді?» депті. Сонда Өтеп: «Көйлек кірі жуса кетеді, көңіл кірі айтса кетеді, сүйек кірі қайтсе кетеді?» деп Тіленшіге қарсы сұрақ қойып, Тіленшінің түбі Қаракесектің күңнен туғанын бетіне салық қылып, жеңіп кетеді.

**Басқы сөзі (30-б.)**: Екі елдің дау-жанжал, барымта-сырымта, ердің құны, нардың пұлы сияқтыларды Қаракесек, Төртуылдың билері бас қосып, сөйлесіп, бітім, тыным, жасап, ел арасын тыныштандырып, жайластырады екен.

**Соңғы сөзі (30-б.)**: Өтеп сақаудың сөзі болмаса, кімнен туғанын кім біледі.

**Қолтаңбасы**. Машинкаға басылған.

**Қағазы, сиясы, әрпі**. Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған, кеңсе қағазына ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Ескерту**. Мәтіннің М.Көпеев жинаған аңызбен ұқсастығы бар. Жинаушы ел аузынан емес М.Ж.Көпеевтің қолжазбасынан алған болу керек.

**Ақауы**. Түптелген қағаздар тігістен ажырап кеткен. Сондай-ақ қағаздардың ернеулері мүжілген, қайырылған.

**Қосымша белгілері**. Тақырыптың үстіне карандашпен «Өтеп сақау мен Тіленші» деп өзгертіп жазып қойған.

**Папкасы.** Қ.613/1 (ӘӨИ).

## 121

Ш. 829 (ОҒК) П.2; Ж.28
29,5х20; 26,5х18,5

## ДӘУЛЕТБАЙ БАТЫР

**Аталуы**. Дәулетбай батыр.

**Аннотациясы.** Қалмақтың Доланқара бастаған батырлары қазақ елінің Меркіт руының көп жылқысын барымталап алып кетеді. Артынан Қабанбай батыр мен Дәулетбай батыр қуып, жекпе-жекке Доланқараның өзі шығады. Қабанбай лезде қалмақ батырын жер жастандырады. Сол сәтте Доланқараның кегін алам деп қалмақтың Түркеш батыры ұмтылды. Жағдайды болжап тұрған Дәулетбай алға шығып Түркешті найзаға шаншиды. Жылқыны елге аман алып қайтады. Дәулетбай Жұңғарлармен болған талай соғыста жол ашып, көп ерлік көрсетеді.

**Басқы сөзі (14-б.):** Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Дәулетбай батыр қапсағай денелі, ақ сұр жүзді, тік иық, өткір жанарлы адам болған.

**Соңғы сөзі (16-б.):** Жау ортасын қақ жарып, арттағы әскерге жол ашып отырды.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қайдан жиналғаны туралы мәлімет жоқ. Алайда қолжазбаның сыртында «Абылай туралы жинақ. 1929-1950 жылдары жинаған материалдар» деген ескертпе жазылған.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 829, 10-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 149.

## 122

Ш. 1094 (ӘӨИ) Б.2;П.2; Ж.42
30х22; 24,5х16,5

## ДОМАЛАҚ АНА

**Аталуы.** Домалақ ана.

**Жинаушысы.** Рүстемов Мұхамеджан. Ол туралы мәлімет 53-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Ертеде Сыр бойында Бәйдібек деген байдың екі әйелі болыпты. Тоқалының бойы аласа, өзі толық болғандықтан жұрт оны «Домалақ» деп атап кеткен, шын аты Бүбіжар екен. Бүбіжарды бертін келе ақыл-парасатына қарай ел құрметтеп «Домалақ ене» атандырған.

Бәйбіше тұрғанда кіші әйелге күн жоқ, Үлкен әйел күндестігін жасайды. Бәйбіше түнде Домалақтың үйіне түйе болып келіп сүйкенеді. Сонда бәйбіше екенін біліп, Домалақ ене жатқан жерінен тұрмай:

– Атшу-атшу, жануар, түйемісің, мыңға жеткін, қастық еткен адам болсаң, жаман ниетің өзіңді атсын! – дейді екен.

Бір күні ауыл көшкенде Сары бәйбіше Домалақты үйімен жұртқа тастайды. Біраз уақыт өткенде ауылды шабуға келе жатқан жаудың қарасы көрінеді. Әлгілер домалақтан жөн сұрайды. Шапқыншылар көштің ізіне түсіп, ауылды шауып, барлық жылқыларын айдап әкетеді.

Қайтарда ескі жұрттың қасынан өтіп, көңілі тасыған жаудың басшысы олжа жылқыдан қалағаныңды ал дегенде Домалақ ене:

– Ендеше, ана жал-құйрығы ұйысқан кәрі арық, сары биені желіге байлап кетіңдер, басқасының керегі жоқ, – дейді. Сол күні түс ауа Бәйдібек ұлдарымен жаудың артынан қуып келіп Домалақтан жөн сұрайды. Сары бие тұрғанда жылқы ешқайда кетпейтінін, босқа мерт болатынын айтқанда тыңдамай, жаудың соңынан қуып барып, ұрыста бірқатары қаза табады. Ал жылқылар жаудың айдауына көнбей, тым-тырақай қашып, сол күні кешке сары биеге келіп шұрқырай жиналады. Домалақ тапқыр да ақылды істері арқасында халық арасында аңызға айналып, үлкен беделге, сый-құрметке ие болған.

**Басқы сөзі (124-б.):** «Алып та, дана да анадан туады» деп халық бекер айтпаған ғой.

**Соңғы сөзі (125-б.):** Міне, осындай көптеген тапқыр да ақылды істері арқасында Домалақ халық арасында аңызға айналып, үлкен беделге, сый-құрметке ие болыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ел аузынан Шымкент қаласының тұрғыны Рүстемов Мұхамеджан жинаған. Қолжазба машинкаға басылып, қорға 1985 жылы түскен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1094, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 40-41.

Ш. 1177 (ОҒК) П.1; Б.2 Ж.25
35х24; 32х18

## دوس بولساڭ، تاما تاناشپەن دوس بول

**Аталуы.** Дос болсаң, тама Танашпен дос бол.

**Жинаушысы.** Көпеев М.Ж. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Ең алғаш қазақ орысқа қарап жатқан заманда Қоңырқұлжа мен Кенесары қарсыласып соғысады. Сол соғыста Қоңырқұлжаның мылтығымен бір орыс мергені бекініске жақындап келіп қалған қыпшақ Басықара батырды атып, қалпақтай ұшырады. Кенесары қолы шегініп, бірталай жерге келіп тоқтайды. Тама Танаш пен Басықара құшақтасқан дос екен. «Өлсем сүйегім Басықараның қасында жатсын, тірі болсам, алып шығам» деп жауып тұрған оққа қарамай, Басықараның сүйегін аман алып шығады. Танаш батырдың бұл ерлігіне, адалдығына сүйсінген Кенесары: «Жігіттер, дос болсаң, Тама Танашпен дос болыңдар!» дейді. Сөйтіп, бұл сөз кейін ел ішіне мәтел болып таралып кетеді.

**Басқы сөзі (6-б.):** ... ئۆزى دۋان قاراپ، ورىسقا قازا العاش ڭ
**Соңғы сөзі (7-б.):** ...ەكى اراسى بەس ەجوز شاقىرىم دەسەدى .

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Араб әрпімен көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қатты қағазбан тысталған. Түптері жыртыла бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 216-217

## 124

Ш. 1059 (ОҒК) П.2; Ж.36
29,5x18,5;23,1x16,4

## ДОСБОЛ

**Аталуы.** Досбол.

**Жинаушысы.** Құлжанов А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Орта жүзден шыққан руы қыпшақ Досбол жігіт әйел аламын деп қыз іздеп жүріп, жолда бір шалға кездесіп, сонымен жолдас болады. Досбол жолда шалға екі-үш рет жұмбақтатып сауал тастайды. Шал мұны түсінбейді. Үйіне келіп, мән-жайды түсіндіріп, оған тамақ беруін айтады Қызы қуырдақ қуырып, қонағының алдына қойып, сөзге тартады. Сөйтіп, оның ақмақ емес, ақылды кісі екенін әкесіне айтып, жолдағы жұмбақтарының жауабын шешіп береді. Содан шал: «Шырағым мен сенің сөзіне түсінбеген екенмін» деп кешірім сұрап қонақасын береді. Сөйтіп, Досбол сол қызды әйелдікке алады.

**Басқы сөзі (3-б.)**: Орта жүзден шыққан руы қыпшақ.

**Соңғы сөзі (4-б.)**: Досбол датқа атанған болатын.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әріпінде көк сиямен жазылған

**Қашан, қайда жазылған.** Мәтін ХХ ғасырдың отызыншы жылдары жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1059, 2-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 45-46.

## 121

Ш. 1154 (ӘӨИ) Б.1;П.1; Ж.26
29,5x21; 23x16

## ДУАНБАСЫ ЫБЫРАЙ МЕН АҒЫБАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр.

**Жинаушысы.** Адамбаев Б. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Б.

**Аннотациясы.** Ақмолада дуанбасы Ыбырайдың үйінде Сүйіндік елінің жақсылары түсетіп отырған кезінде, бір бала жүгіріп келіп, үсті-басы қып-қызыл жүн, мойынында салпылдаған темірлері бар бір үлкен кісінің түсіп жатқанын хабарлайды. Үйдегілер мұны диуана болар деп жорамалдап отырғанда, әлгі кісі үйге кіріп келеді. Сөйтсе, Ағыбай батыр екен. Бәрі орындарынан тұрып, қол беріп амандасып, төрден орын береді. Сонда Ыбырай танымағансып: «Бұл тондың кім» дегенде, Ағыбай қаһарына мініп, Ыбырайды өлтірем деп ұмтылғанда, ол сасқанынан жылап жібереді. Үйдегілер әзер дегенде араша болады. Сонымен Ыбырай қыңыр сөзі үшін Ағыбайға ат-шапан айыбын тартады.

**Басқы сөзі (61-б.):** Ақмоланың дуанбасы Ыбырай төренің үйінде Сүйіндік елінің басты адамдары түстеніп отырады.

**Соңғы сөзі (61-б.):** Ыбырай айыбы үшін осы жолы Ағыбайға тұлпар ат беріп, үстіне қамқа тон жауып, зорға құтылады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1154 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 227-228.

**126**

Ш. 1338 (ОҒК) П. 1; Ж. 18
20x20, 16x17

دۋلاتتىڭ كەنەنى تاستاپ كەتۋى

**Аталуы.** Дулаттың Кенені тастап кетуі.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Кенесары Арқадан дулатқа келіп, қырғызды шаппақ болып, қол жинайды. Қырғызды шауып Дулатқа олжа салып, өзі алмайды. Екінші жорықтан кейін Дулаттың Ботай руының батыры Сыпатай келіп сәлем бергенде, Кене сәлем алмайды. Сонан Сыпатай төрт Дулатқа жар

салып: «Мұның пейілі тар екен, жақсылық таппайсыңдар» деп елін соңынан ертіп, Кенені тастап кеткен екен.

**Басқы сөзі (22-б.):** ارقدان دۋلاتقا كەنە كەلىپ، قىرعىزدى شاپاق بولىپ، ۇ جىنايدى

**Соңғы сөзі (22-б.):** بۇعان مەرمەگىمەر. ابروي المايسگدار!» – دەيتى. ۇ كەنەنى تاستاپ كەتىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Мәтін жазылған дәптер ескіре бастаған, жазулары күңгірттене бастаған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 339, 1-тіз. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 171.

**127**

Ш. 910 (ӘӨИ) Б.2; П.300; Ж.38.
32х23; 25х15

## ЕДІГЕ БАТЫР ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Едіге батыр туралы.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Баяғыда бір екі шаруа алты айшылық жерден бір қыранның балапанын әкеліп, баулып, қанаттанған соң, аңға салады. Бұл құс қыран болып, атағы ханға жетеді. Хан қалауын айтады. Бірақ шаруа оны бермейді. Хан ашуланып, оған жазықсыз жала жауып, Сібірге айтатады. Сонда әлгі шаруа өзінің досына баласы Едігені аманат етеді. Ханның балгері биылғы туған баладан сенің ажалың болады деп айтқан соң, барлық баланы жинатады. Досының баласын аманатқа алған досы оның орнына өз баласын беріп, Едігені аман алып сақтап, өсіреді. Осылай неше реткі қауіп-қатерден аман қалған Едіге кейіннен билікке жетеді.

**Басқы сөзі (279-б.):** Екі шаруа жігіт Нарын құмын мекен еткен.

**Соңғы сөзі (281-б.):** Жас құстың әлегінен елінен, жерінен айрылған жігіт (Едігенің әкесі) сол жерге «Жасқұс» деген ат қояды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Орал қаласы. Қай жылы жазылғаны белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папка.** Қ.910, 3-тіз. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 254-255.

**128**

Ш. 910 (ӘӨИ)

Б.2; П.297; Ж.17.
29х20; 25х15

## ЕДІГЕНІҢ ТӨРЕЛІГІ

**Аталуы.** Едігенің төрелігі.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Төлеу ақсақал. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Көшіп жүрген қалашылардың ішінде екі қалашы бір дөнен атанға таласыпты. Әрқайсысы өз інгенін көрсетіп, содан туды дейді. Едіге тапқан түйелерді көріп, екеуін де мұрындығынан байлап тастайды да, таласқан атанға шылбырдан тақымбұрау салып, қинап шыңғыртады. Сонда ботаны тапқан інген мұрындығын үзіп кетіп, атанның үстіне құлайды. Інген дөненді бота кезіндегі даусынан таниды. Сөйтіп, Едіге атанның үстіне құлаған інгеннің иесіне атанды да, інгенді де қайтарыпты.

**Басқы сөзі (248-б.):** Көшіп жүрген қалашылардың ішінде екі қалашы бір дөнен атанға таласыпты.

**Соңғы сөзі (249-б.):** Сөйтіп, Едіге атанның үстіне құлаған інгеннің иесіне атанды да, інгенді де қайтарыпты.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Бұл аңызды Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Алтай совхозының тұрғыны Төлеу ақсақалдан Ләззат Басирова жазып алған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа санымен нөмірленген.

**Папка.** Қ.910, 5-тіз. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 283-284.

**129**

Ш. 744 (ОҒК)

Б.81; П.81; Ж.1719
20х17,5; 19х15

## ەدىل مەن جايىق باتىر

**Аталуы.** Еділ мен Жайық батыр.

**Тапсырушысы.** Тұрсынбаев Бәдел (1905-1967) – жазушы, ауыз әдебиетін жинаушы. Шығыс Қазақстан, Күршім ауданында туып-өскен.

**Аннотациясы.** Жырда Еділ мен Жайықтың бейбіт елді жауламақ болған Қара дәуге қарсы күресі, қалмақтармен ұрыстағы ерліктері, ел-жұртын қалмақтардан босатып алғаны, батырлардың майданда қаза болуы, батырларын шын сүйген елдің көз жасынан өзен құралғаны, ол өзендердің аттары екі батырдың есімімен аталғаны баяндалады.

**Басқы сөзі (3-б.):** ەدىل اتقا مىنەدى، قولا جوزدە قولاندا جولسىزبەن ەجورىپ كەلەدى

**Соңғы сөзі (9-б.):** ەدىل، جايىق قيسساسى وسىلاي تامام بولادى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылан.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.744, 3-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.89: Аңыздық жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 276-326.

**130**

Ш. 1090 (ӘӨИ)

П.4; Б.7; Ж. 37
27,5х20,5; 26,5х19

## ЕЖЕН ХАН

**Аталуы.** Ежен хан.

**Жинаушысы.** Жалғасов Ізжан. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Жалғасов Ізжан үлкен дәптерге өз қолымен жазып, 1962 жылы институт қорына тапсырған.

**Аннотациясы.** Асан қайғы атанған Қасен ханды қалмақ ханы Еженхан шақыртқан соң, қыста желмаяға жеңіл шана жегіп, қосшы бала ертіп жолға шығыпты. Хасенханның айғырларының кісінеген даусын есіткен Еженханның байталдары іш тастайды деп шақыртыпты. Еженхан аулына жақындағанда алдынан абалап үріп шыққан иттерді қосшы бала саржамен жайратып салады. Еженханға бұл хабар жетіп, Хасенханды шақыртып, иттерді неге қырғанын сұрапты. Асан қайғы. «Осы ауылдың иттерінің үрген даусын естіп, біздің ауылдың қаншықтары күшіктемей қалды» депті. Еженхан өзі айтқан сөзіне ұялып, Хасенханды ел құрметке тартыпты. Қалмақтар қаумалап ортаға алып: «Еліңде батыр, мырза, би кім?» деп сұраса, «Абат батыр» деп жауап беріпті.

Көктем айында Абат батырды көреміз деген қалмақтың сыншылары мен зор батырлары аттанып келеді. Абаттың түр-тұлғасынан мін таппағна олар оның мырзалығын, батырлығын да сынап көріп, Асанқайының айтқан сөзінің растығына көз жеткізеді. Кейіннен Абатты өз елдеріне шақырып, қонақ етеді. Соңынан тауға келіп, оның мергендігін сынайды. Абат бұл сынақтан да мүдірмей өтеді. Сөйтіп, Абаттан қорғалаған Ежен хан қоныс аударып, қашыкка көшіп кетеді. Құстың сырттанын атып түсірген Абатты көп ұзамай Жақсықылыштың етегінде атын суғарып тұрған кезінде жайын жұтыпты деседі.

**Басқы сөзі (5-б.):** Асан қайғы атанған Қасенханды қалмақ ханы Еженхан шақыртыпты-мыс.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Жайынның ішінде ат-патымен тулаған Абат зор пәтпен жайын жиекке шығып қалыпты-мыс.

**Қағазы, әріп, сиясы.** Ақ қағазды 96 беттік қалың дәптерге қаламсаппен көк сиямен кирилл әрпінде тығыз жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1960-жылдары жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Қосымша белгілері.** Аңыз соңында «Жақсықылыш тауының үстінде сары мрамордан салынған бейіттің ені сырт көлемінен 4 метр, ұзыны 7 метр болатыны, бейіттің үсті түгелдей құлағаны,астыңғы бір қатары түгелімен бүтін сақталғаны, 1961 жылы жаз айында екі мәрте барып көргені, қара жорғаны қантарып, шылбырдың ұшын шұбалтып келіп басында біраз отырғаны,ол бейіттің кімдікі екенін білмегені, үлкен кісілерден Абаттың бейіті екенін естігені туралы мәлімет берілген.

**Папкасы.** Қ.1090, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 175-179.

**131**

Ш. 1177 (ОҒК)

П.18; Б.2; Ж.41
21x18; 19 x 10

## ЕР ЕДІГЕ

**Аталуы.** Ер Едіге.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қаратауда «Мыңжылқы» деген тауының бауырында бір диуана күнде таң намазын оқиды екен. Бір күні жалаңаш үш қыз суда ойнап жүр екен. Соның біреуіне диуананың назары түсіп, диуана да есі ауып талып қалыпты, қыз да құлай түсіпті. Сөйтсе олар пері қыздары екен. Жанындағы екі сау қыз талып қалған қызды көтеріп, өздерінің жұртына барыпты. Қыз есін жия алмапты. Ол Перінің патшасының қызы екен. Патша балгер, бақсыларын жидырып, бал аштырыпты. Сонда бақсылары айтыпты: «Адамзаттан шыққан бір әулиенің назарына ұшыраған екен. Сол әулиенің өзі үшкіріп жазбаса, басқадан жазылмайды» депті. Сонан соң пері патшасы күшті ұшқыр ұшқыштарын жіберіп, Бабай Түкті Шашты Әзизді алдырыпты. Патша Бабай Түкті Шашты Әзизге қызының сауықтырып беруін жалынып сұрапты. Диуана намазының қаза болғанын айтып, оның орнын немен толтырасың дегенде, сол қызды басы бүтін диуанаға береді. Пері қызы диуанадан екіқабат болады. Осы кездерде диуана пері қызының жалаңаш денесін көрем деп, қыздан айырылып қалады.

Сонан соң диуана қаңғып кетеді. Сол баланы қыз босанған соң су басына тастап кеткен екен. Біреу тауып алып, алтыннан шүмегі, күмістен түбегі болған соң, Түркістандағы Тоқтамыс ханға апарып беріп, Тоқтамыс асырап, бала қылып өсіреді. Сондағы қазақтан шыққан ер Едіге осы екен.

**Басқы сөзі (2-б.):** Бұл Бабай Түкті Шашты Әзиз заманында бұрқыраған диуана болған екен.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Ер Едігенің ертегісін сөйлеймін деушіге бір қап жан керек болса керек.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

**Ақауы.** Тозған, кейбір жерлері жыртылған, әр түрлі белгілер жазылған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

**Папкасы.** Қ.1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы шығармалары. – Т.8. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 102-106 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 261-263.

**132**

Ш. 991 (ӘӨИ) П.1; Ж.22
21x17; 18x16

## ЕР ЖӘНІБЕК ПЕН ТІЛЕНШІ БИ

**Аталуы**. Ер Жәнібек пен Тіленші би.

**Жинаушысы.** Адамбаев Б. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қарқаралыда болған бір жиында Ер Жәнібек шешендерді сөзден жеңе береді. Сонда Арғындар мұны намыс көріп, Керейдің бір шалынан жеңіліп қалдыңдар деп, Тіленшіні шақыртады. Тіленші келген соң, Жәнібектің тегін айтып тиісе сөйлейді. Алайда Жәнібек Тіленші де сөзден тұқыртады. Кейінгі бір уақыттарда Жәнібек Керей еліне қоныс қарап жүріп, Тіленші үйіне түсіп, аттанарда, Тіленші бүйімтайын сұрайды. Жәнібектің құда болып, сүйек жаңғыртпақ ойын білген соң, Тіленші өзінің көптігін айтып, Жәнібектің орнын ұстар мықты ұл жоқ екенін көлденең тартып, баяғы есесін қайтарады. Жәнібек өзінің кісіден жеңілгенін, ажалының жеткеніне жорып, еліне барып, қайтыс болады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Қарқаралыда болған бір жиында керей Ер Жәнібек шешендерді сөзден жеңе беріпті.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Сонан көп кешікпей қайтыс болыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Ақауы**. Қолжазба ескірген, тысталмаған..

**Папкасы.** Қ. 991, 3-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 87-88.

**133**

Ш. 426 (ОҒК) Б.1; П.12; Ж.32
24х20; 17,5х15

## ER TARĞIN TURALI AÑIZ

**Аталуы.** Ер Тарғын туралы аңыз.

**Жинаушысы.** Бекарыстанов Зердебай. Ол туралы мәлімет 52-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ер Тарғынның әкесі жарлы, қара кедей Қарсы деген кісі екен. Қарсының тек тауығы болған екен. Бір күні елдің бәрі ханға сыйлық апарыпты. Ер Тарғынның әкесі де тауығының жұмыртқасын жинап, ханға сыйға тартпақ болып, ханға барады. Хан: «өзінің тапқаны ғой» деп қарсы алады. Және оған алтын береді. Сонымен қайтады. Ол уақытта өзі қартайған уақыты екен. Баласы жоқ екен. Содан бала тілеп, біреуге Құран аштырса, ол: «Сен пәлен жердегі әулиеге түне. Сол жер бала береді», – дейді. Барып түнейді. Түнде түс көреді. Түсінде қолына бір қара бүркіт қонады. Ауылға келіп, түсін жорытыпты: «Саған Құдай бір бала береді екен. Ол батыр болады. Бірақ ол үш рет жауласып жеңеді де, артынан ел-жұртыңа қарсы болып, қолыңнан кетеді екен», – депті. Сонымен балгердің айтқаны тура келіп Қарсы ұлды болып, атын Ер Тарғын қойыпты.

**Басқы сөзі (2-б.):** Er Tarğınnıñ äkesi jarlı, qara kedey qarsı degen kisi eken.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Sodan ol üş jermen jaulasıp jeñip, sodan ketedi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне латын әрпінде қара сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Зердебай Бекарыстанов 1940 жылы ел аузынан жинап, хатқа түсірген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** ОҒК-ның Сирек кітаптар және қолжазбалар қорында (426-

бума, 6-дәп.) сақтаулы. Жырдың машинкаға басылған нұсқасы ОҒК-ның қорында (373-бума, 2-дәп.) сақталған.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 284.

**134**

Ш. 1123 (ӘӨИ) Б.15; П.8; Ж.314
20,5х16,7; 20х8

## ЕСЕКҚЫРҒАН

**Аталуы.** Есекқырған.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жыр екі оқиғаның желісінен құрылған. Алғашқы оқиғада бір жауыз патша иттерді «көп үрді» деп, есектерді «көп жүрді» деп қыра бергеннен соң, алдыңғысы қауып, кейінгісі теуіп ордасын ойрандайды. Сол түн аспаннан төніп тұрған бір жұлдызды жұрт «Есекқырған» атап кетеді.

«Есекқырған» жырының екінші оқиғасы осы аттас миф мазмұнының негізінде жырланғанмен, кей эпизодтар өзгеріске түскені байқалады. Атап айтқанда, «Есекқырған» мифінде керуеншілер түнде шығыстан көрінген жарық жұлдызды «Шолпан туып қалыпты» деген оймен қараңғыда жолға шығып, адасып, есектер суықтан қырылып қалады. Сол себепті әлгі жұлдызды «Есекқырған» атап кетеді. Ал жырда адасқан есектерге жүк артқан керуен қараңғы түнекте биік жардан құлап, терең суға батып кетеді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бір жұлдыз атаныпты Есекқырған, Іңірден шақырайып ерте туған.

**Соңғы сөзі (15-б.):** Аңыз бенен шындықты біле жатыр, Көз тастап өткен күнге мойын бұрған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған, жыртыла бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1123, 73-74 дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Орталық Қазақстан газеті. – 11 сәуір, 1989; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.89: Аңыздық жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 266-275.

**135**

Ш.1064 (ОҒК) Б.1; П.1; Ж.20
20,5х16,5; 15х12

ەسەنگەلدى

**Аталуы.** Есенгелді.

**Жинаушысы.** Күнтуғанов Теміpғали (1879-1954) – Астрахань облысынан. Мұғалім болып істеген. 1946-1950 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының тапсырмасы бойынша Қазақстанның алыс түкпірлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, қолжазбалар қорына үлкен үлес қосқан жинаушылардың бірі.

**Тапсырушысы.** Күнтуғанов Теміpғали.

**Айтушысы.** Терлікбайұлы (қолжазбада айтушының есімі жазылмаған).

**Аннотациясы.** Тана руында Есенгелді деген он екі мың жылқысы бар бай болыпты. Ел ішінде атасына бейітті аттың қылынан тұрғызған деген аңыз да тараған. Сол Есенгелді Есентемір Бөкен бидің қызы туралы естіп, қасына бір жігіт ертіп бидің үйіне келеді. Келсе атақты Сырым батырдың замандас-досы Бөкен би үйінде жоқ, қызы қонақтарды жақсылап күтеді. Түнде төсек салып беріп, көрпені жауып жатып қыз: «Ата жолын қуып келген қонақ болсаң, қозғалмай жата беріңдер, өзім оятып алармын, ит қуып жүрген тентек болсаң, атамыздың тоны ескі, жыртып кетпеңдер», – дейді. қыздың жұмбақтап айтқан сөзін түсінген қонақтар қозғалмай жатады. Таңертең қыз аттандырып жатып: «Жұмбағыма түсінгенің үшін сыйлығым», – деп атасының билікке барғанда киіп баратын алтын телпегін кигізіп жіберіпті. Көп кешікпей Есенгелді Кіші жүздің басын қосып, жиын жасап Бөкенді шақырады. Бөкен қызынан телпегін сұрайды. «Басыма үлкен пәле келіп, сол телпек беріп құтылып едім» депті қыз. Бөкен Есенгелдінің баласы сол телпегін киіп алып, атпен ет тартып жүргенін көреді де, «Е, баламның басыма пәле келіп, құтылдым дегені Есенгелдінің баласы сөз айтып жүр екен

ғой» деп ойлап ауылына келген соң, арнайы кісі жіберіп шақыртып, Есенгелдімен құда болып, қызын беріпті.

**Басқы сөзі (15-б.):** تاتا مسەنگەلدى دەگەن وته باي بولعان ادام دەسەدى

**Соңғы сөзі (15-б.):** مسەتەمىر بوكەن بي بنيقتى سىرىم بيەمن زاماتداس جاته بىرگە اسق وينايپ وسكەن قلدرنى قوربسى بولىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде төр көзді дәптерге қара түсті сиямен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1946-1947 жылдары жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз ескірген, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1064, 4-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 260-261.

## 136

Ш. 464 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22

29x20; 18x15

### دسكي اڭگىمە

**Аталуы.** Ескі әңгіме.

**Жинаушысы.** Ғайнидинұлы С.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда күндердің күнінде Есет батыр Даттың үйіне жолушылай түсіп, түстеніп отырып бесіктегі балаға назары ауып, болатын бала екенін танып құдағиына баланы жақсы өсіруін сұрайды. Кейін он бес жасқа келген Сырым бір биені сойып, Есет батырға амандаса барады. Ел билейтін жігіт екенін білген қарт Сырымға батасын беріп, ақыл-кеңесін айтады.

**Басқы сөзі (3-б.):** تامٴ مسەت باتر ەبىر كۇندەردە ...

**Соңғы сөзі (3-б.):** ...اللاھۋ اكبار جولىڭ بولسىن! – دەگەن مكەن.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздары сарғая бастаған. Кей беттерге сия шашыраған.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 464 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 67-68.

**137**

Ш. 338 (ОҒК)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ЕСТАЙ

**Аталуы.** Естай.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Естай картайған шағында Маралды жаққа жолы түседі. Естайдың келді деген хабарын білген жұрт жиналып, бір үйде алқалай отырып, ән салдырады. Естай бірнеше әнін орындайды. Соңында қасында отырған бір ақсақалдың қалауымен «Қорлан» әнін орындайды. Осы кезде бір кемпір үйден шығып кетеді екен. Сөйтсе, ол Қорлан екен. Оны байқамай қалғанына қатты қымсынып әнші сол қалпында үнсіз отырып қалады. Осылай картайғанда қатты бір ұялғанын айтып жүреді екен.

**Басқы сөзі (2-б.):** Естай әнші картайған шағында жолы түсіп Маралды жағына барады.

**Соңғы сөзі (3-б.):** «Қартайғанда бір ұялғаным-ай» деп өкініп айтып жүреді.

**Қағазы, сиясы-әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Папкасы.** Қ. 388 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 323-324.

## 138

Ш. 1770 (ОҒК) П.4; Ж.18
21,5х20; 20х15

## جاقسى جانايدار

**Аталуы.** Жақсы Жанайдар.

**Жинаушысы.** Көпеев М.Ж. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұхар ханы Абылайға қолқа салады. Абылай қызы мен қырық биін қосып жібереді. Сонда Бұхар ханы Абылай мен өзінің тегінің қайсысының асылдығын сұрайды. Оған атшы болып барған бала Абылайдың тегінің нұрдан пайда болғанын, ал Бұхар ханының тегі Қоқандық қара сарт екенін бетіне басып, орынды жауап береді. Бұхар ханы балаға көп сыйлық береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** بۇحار حانى ابلايحانغا ايتادى

**Соңғы сөзі (1-б.):** بۇحارنىڭ حانى قىرىق بيگە سيلاپ بەرگەنى جانعز بالاعا بەرگەننەن تەڭ بولدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 464, 4-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 52-53.

## 139

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ЖАҚЫНДЫ ЖАРАЛАМА, АЛЫСТЫ ҚАРАЛАМА

**Аталуы.** Жақынды жаралама, алысты қаралама.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Кіші жүздің Байбақты руына басшы болып жүрген Бұлан деген қарт жасы жетіп қартайған соң, ел тізгінін басқа біреуге ұстатпақ болды. Сонда бұл міндет өзіне сеніп, ел ішінен суырылып шыққан Сырымға бұйырады. Байбақтыға би болған Сырым батыр Қараман тана Малайсары қарттың батасын алуға келіп, қарттың батасын, айтқан ақыл-кеңесін тыңдап қайтады .

**Басқы сөзі (5-б.):** Кіші жүздегі он екі ата Байұлының ...

**Соңғы сөзі (6-б.):** ...жақынды жаралама, алысты қаралама.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-тіз. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 66-67.

**140**

Ш. 142 (ӘӨИ) П.1; Б.2 Ж.25
29х20; 18х15

## ЖАЛБЫР БАТЫР

**(І нұсқа)**

**Аталуы.** Жалбыр батыр (І нұсқа).

**Жинаушысы.** Құрманбаев Бекмұхамбет. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қарымсақов Итен. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мәтінді 1959 жылы Қызылорда қаласының тұрғыны Ақайдар қарт айтып берген.

**Аннотациясы.** Бөрібай батырдың кенже баласы Жалбыр деген болады. Жалбыр туғанда өте кішкентай болып туылыпты. Әкесі баласының шағын болып туылғанына көңілі толмайды. Бірақ бір жолғы соғыста ерлігіне риза болып, артында жаужүрек ұрпақтың қалғанын көріп қуанып қалады. Сонымен бірге сол соғыста баласына үлгі болсын деп аса ауыр жарақатын өз қолымен бір жақты етеді.

**Басқы сөзі (15-б.):** Жалбыр – Бөрібай батырдың кенже баласы...

**Соңғы сөзі (16-б.)**: ... біртіндеп суырып тастағанда, Жалбыр қабағын шытпапты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 142, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 145-146.

**141**

Ш. 142 (ӘӨИ) П.1; Б.2 Ж.25

29х20; 18х15

## ЖАЛБЫР БАТЫР

### (II нұсқа)

**Аталуы.** Жалбыр батыр (II нұсқа).

**Жинаушысы.** Құрманбаев Бекмұхамбет. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қарымсақов Итен. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мәтінді Қызылорда қаласының тұрғыны Бақберген ақсақал айтып берген.

**Аннотациясы.** Жалбыр батырдың шын аты Байсал екен де, жастай жалпылдап жауға шауып, топтан қалмаған соң «Жалбыр» атанып кетіпті. Аңызда осы Жалбыр батырдың Таманың жігіттермен жеке шыққандағы ерлігі, Таманың жігіттерінің Жалбырдың асқан батырлығына, қайсарлығына таңданыстары сөз болады.

**Басқы сөзі (16-б.)**: Жалбырдың шын аты – Байсал.

**Соңғы сөзі (19-б.)**: ... биік мұнара жасап, белгі орнатып тарқайды.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.142 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 146-148.

## 142

Ш. 142 (ӘӨИ)

П.1; Б.2 Ж.25
29x20; 18x15

## ЖАЛБЫР БАТЫР
## (III нұсқа)

**Аталуы.** Жалбыр батыр (III нұсқа).

**Жинаушысы.** Құрманбаев Бекмұхамбет. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қарымсақов Итен. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мәтінді 1959 жылы Қара деген қарт айтып берген.

**Аннотациясы.** Жаугершілік заманда қатар жатқан елдер бірін-бірі барымталап, малдарын айдап кетіп отырады екен. Осындай азарға шыдамаған Жаппас елі қотарыла көшкенде, Қоқандықтар көшкен елді қойдай иіріп, зекеттеп мал алады. Осы кезде Жалбыр бастаған бір топ Жаппас жігіттері Зекетші қоқандықтарды қырып салады. Кейіннен орыс елмен достасып, келісімге келіп, Қоқан хандығын жояды.

**Басқы сөзі (22-б.):** Ол бір жаугершілік заман еді.

**Соңғы сөзі (24-б.):** Қоқан хандығын жойғанын еске алды.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 142, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 148-149.

## 143

Ш. 1064 (ОҒК)

П.1; Б.2; Ж.14
29x20; 22x16

## جان شاق كەلمەگەن ٴدىلمار قىزدىڭ اڭگىمەسى

**Аталуы.** Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі.

**Жинаушысы.** Күнтұғанов Темірғали. Ол туралы мәлімет 135-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жәңгір заманындаерігіп әңгімелесіп отырған билердің арасында біреуі жылқышылардың ішінде сөзден жеңілмейтін қыз бар екенін айтады. Хан Жәңгір Шомбалды қасына төрт жігіт қосып, қызды қалай да сөзден жеңіп қайтуға жібереді. Шомбал қалай жұмбақтаса да қызды жеңе алмай қайтқан екен.

**Басқы сөзі (12-б.):** . جانگگرنىڭ زامانىندا بيلەر مبارى بىرىگىپ

**Соңғы сөзі (13-б.):** . ۋندەمەگەن مەنىڭ دە سىباعامدى بەردى، – دەپتى

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге араб әрпімен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Дәптер ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке он төрт жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 1064, 4-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 101-102.

**144**

Ш. 1123 (ӘӨИ) — Б.3; П.2; Ж.34 
20,5x17,; 19x16

## ЖАНҚОЖАНЫҢ ЖАУАБЫ

**Аталуы.** Жанқожаның жауабы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Мәтін Жанқожа батырдың ағайындарына өкпелеп Бұқара тауына көшкенінен басталады. Онда Ерлер тауына шығады, Бұқар әмірінің қабылдауында, Хорезмнің орталығы Үргеніште, Хиуада болады. Қоныстанған жерлері көңілінен шықпай, қайта кері қайтады. Қайтып бара жатқан сапарында жолдан бір үйге соғады. Үйден жас қыз шығып дәм татуға шақырады. Шәй құйып отырған қыз батырдың сақалына күліп жібереді. Неге күлгенін сұраған батырға қыз:

– Ата, біздің ауылда ас, той болады. Ондай сіздің елде де болатын шығар. Сол ас пен тойға ауылдың адамдары ат жаратады. Жараткан аттардың құйрық-жалын өріп, үкілейді, қызыл, сары және көк шүберек тағып ажарлайды. Сосын жүйрігін бәйгеге қосады. Сол сияқты сізде сақалыңызды өріп шүберек тағып қойыпсыз. Соған күліп едім, ата, – дейді. Сонда Жәкең қызға қарап:

– Әй, шырағым, біз де уақытысында алдына жан салмаған жүйрік едік. Қазірде мұқалып тұрған жеріміз жоқ. Алға деп аттың басын жіберсек, иншалла, бірінші болып келсек керек, – дейді.

Осылайша қыздың күлкісіне тиген сақалын өзінің ұтымды жауабымен арашалап алады. Бөтен елдің баласына күлкі болған батыр, өз еліне қайтуға бел байлайды.

**Басқы сөзі (4-б.):** «Жау жақынымнан шықты. Енді бұлардың көзіне түспей-ақ қояйын», – деп Жанқожа ағайын-тумаларына өкпелеп Бұқара тауына көшеді.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Сонда әкесі қызына: «Қап, әттеген-ай! Ол Кіші жүздің батыры Жанқожа болды ғой. Есімі әйгілі адам еді. Қондырып, сыйлап жіберген жөн еді. Қате болған екен», – деп өкініпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1123, 47-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Сарыарқа газеті. – 07.1992; Ақжолтай Ағыбай батыр. – 2002.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 273-274.

**145**

Ш. 1122 (ӘӨИ) Б.5; П.3; Ж.107
20х17,; 19х15

## ЖАНҚОЖАНЫҢ КЕМЕҢГЕРЛІГІ

**Аталуы.** Жанқожаның кемеңгерлігі.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Е. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Мәтін нысана көздеуден жеңіліп, ұтылып қалған төлеңгіттер қайтсек те кек қайтарамыз деген есеппен Жанқожа батырға екінші рет келіп, енді жырау айттырайық деген өтініш айтуынан басталады. Жыраулықтан да ақсап, кектері ішінде қалған төлеңгіттер еліне қайтады. Екі ел тарқасқан күні Жанқожа батырдың кемеңгерлігі көрініс тапқан.

**Басқы сөзі (1-б.):** Нысана көздеуден жеңіліп, ұтылып қалған төлеңгіттер қайтсек те кек қайтарамыз деген есеппен батырға екінші рет келіп: «Енді жырау айтып тамашалайық», -- деп өтініш айтады.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Ал хан қайымын тауып қақтығысудың ретін таппай, ренжіп келеді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Шығарма бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпіне жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1122, 36-37-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Сарыарқа газеті. – 07.1992.; Ақжолтай Ағыбай батыр. – 2002.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 274-276.

**146**

Ш. 1122 (ӘӨИ) Б.9; П.5; Ж.181
20,5x16,5; 18x15,5

## ЖАНҚОЖАНЫҢ СОЗАҚ ҚАМАЛЫН АЛУЫ

**Аталуы.** Жанқожаның Созақ қамалын алуы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда Кенесары заманында қазақ даласының оңтүстүгінде қоқандықтар мен қазақ арасында болған тартысты оқиғалар сөз болады. Қоқан әміршісіне арқа сүйеген Созақ ханы халыққа тізесін батырып, ойына келгенін істейді. Шыдамаған халық Кенесары мен Жанқожа батырдан көмек сұрайды. Кене хан да, Жанқожа да әскерімен аттанады. Кенесары Жанқожаның бес жүз адамын азсынады. Кенесары соғыс ретін ойластырып, үш жүздің әскері үш күн кезектесіп соғыс

салсын деп бұйырады. Ала алмаса, барлығы қосылып шабуылдауға келіседі. Жанқожа үш күн қарап жатпай, Қоқан жақтан келетін жауды торуылдап жатады. Тоған батыр бастаған Қоқан әскері келеді. Жанқожа мен Тоқан жекпе-жекке шығады. Жанқожа Дәрменқұлдан бата алып ұрысқа кіргенде, қара бұлт үйіріліп, айнала тұман басады. Тұман сейілгенде Тоғанның қолын байлап, алдына салып айдап келе жатады. Екі жақ шайқасып, Жанқожа батырдың бес жүз адамы жеңіске жетеді. Келсе Созақ алынбаған екен, Кенесары наразыланып жөн сұраспай жатып алады. Жанқожа ерекше тәсіл тауып, бес жүз адамымен «Арымыз үшін жанымызды қидық» деп ұрандатып, қаланы алады. Соғыс біткен соң ортақ шешіммен тұтқындар босатылып, қалғаны еліне жіберіледі. Тоған батыр көзі тірісінде қазаққа Қоқаннан жау келмейтініне ант ішіп, еліне аттанады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қоқан әміршісіне арқа сүйеген Созақ ханы халыққа тізесін батырып, ойына келгенін істеді.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Жанқожа батырдың Созақты алу жөніндегі оқиғасы осындай.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Дәптердің беті жыртылған.

**Папкасы.** Қ.1122, 37-дәп. (ӨӨИ).

**Библиографиясы.** Ленин туы газеті, 24.10.1989 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 277-280.

**147**

Ш. 1178 (ОҒК) П. 2; Ж. 23
35х24; 32.5х20

جاڭاباتىردىڭ جالامەن شابىلۋى

**Аталуы.** Жаңа батырдың жаламен шабылуы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жаңабатыр Бұқар барып, жолаушы жүрген күнінде, жолда төбелесіп жатқан адамдарды қасындағылардың сөзіне

еріп, ажыратпағаны үшін, өлген адамға сексен серке айып тартады. Бұл Жаңабатырдың бірінші шабылуы еді. Ал екіншісінде бір қу Жаңабатырдың мініп жүрген шымқай ақбоз атын байлаулы тұрған жерінде тілін ашып көріп жіберіп, көмейіндегі қара қалды біліп алады да, жұрт жиылған жерде: «Ат менікі еді» деп жата кеп жабысады. Жүгініске барғанда әлгі қудың сөзі дәлелді болып, Жаңа батыр тағы үш бесті айып тартады екен.

**Басқы сөзі (199-б.):** ئۋقار بارىپ، جولاۋشى جۇرگەن كۇنىندە ەكى جاق بولىپ توبەلەسىپ جانقالدارعا كەر بولىپ

**Соңғы сөзі (205-б.):** سوندا دا بولماي، جاڭاباتىر بەستى بەرگەن ەكەن، انىكى جالا ەكەنىنە جۇرتتىڭ كوزى جەتىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, жазулары өшіңкіреген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы; Ел-шежіре, 2009. – Т. 9. – 199-205 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 54-56.

## 148

Ш. 1178 (ОҒК) П. 3; Ж. 22
35х24; 32.5х20

## جاڭاباتىردىڭ تاعى ءبىر جالاعا ىلىگۋى

**Аталуы.** Жаңа батырдың тағы бір жалаға ілігуі.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жаңабатыр картайған шағында, ел қыстауда отырған мезгілде түйелерін қайырып жүрсе, бірін-бірі қуған бес атты адамды көреді. Жаңабатыр ойлайды: «Бірін-бірі қуып, жарысып жүрген балалар шығар» деп. Қарап тұрса, біреуі аттан құлап, төртеуі қаша жөнеледі. Жаңабатыр аяңдап қасына келсе, әлгіні өлімші етіп сабап тастапты. Бұл

кезде елде жиналады. «Сені ұрған кім?» десе, «Жаңабатыр» деп жан үзеді. Сонымен Жаңабатыр жалалы болып шыға келеді. Ең соңында Едіге келіп, екі жақты бітістіріп, татулық орнатады.

**Басқы сөзі (199-б.):** قۇداي راحمەت قىلسىن!جاڭابتىر بي قارتايعان كۋنندە، مل قستاۋ،قستاۋندا وتىرعان مەزگىلندە

**Соңғы сөзі (205-б.):** ءبىر جاتقان باسقاسىن قاعاز بەتكە بىلعاپ جارا بەرگەنىمىز نە تۇسەدى؟ ات شىعارىپ، ارزاق شاشقاندى سويلەۋ كەرەك

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, жазулары өшіңкіреген. Ернеулері мүжілген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, парақтары желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т. 9. – 199-205 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 56-58.

**149**

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 2; Ж. 21
35x24; 32.5x20

## جاڭاباتىر اڭگىمەسى

**Аталуы.** Жаңабатыр әңгімесі.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Тілеуімбет Наурыздың Наурызынының тарауынан ел ұстарлық кісілер шыққан екен. Абылай хан үш жүздің баласы қазаққа дәуірі жүріп тұрған шағында, тамам талас сөздің үстінен қаратып, билік айтқызып, бітім қылдыратын биі Шобалай баласы Жаңабатыр болған екен деседі. Жаңабатыр қазақта ас берілсе, түйе бастатқан тоғызды алдымен Жаңа батырға әкеп тартатын болған. Өзінің бәйбішесі қайтыс болып, ас берілгенде «Тоғыз тартпасаң ат шабылатын төбенің басына бармаймын» деп балаларына өкпелеп,

«Жаңабатыр» атанған екен. Жаңабатыр қазақта түрлі дауларға төрелік айтып, кесім еткен екен.

**Басқы сөзі:** (199-б.) اقاي، شوباي، شوبالاي: تاراۋى تاۋرىزىنىڭ تىلۋىسىمت

**Соңғы сөзі:** (205-б.) بۇل جاڭابىتىر: «ارقاعا ەۋش شابىلسىم، جالامىن ەۋش شابىلسىم» دەگەن مەكەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, жазулары өшіңкіреген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Қосымша белгілері.** Жоқ.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т.9. – 199-205 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 53-54.

**150**

Ш. 1094 (ӘӨИ)

П.2; Ж.14
29,5х20; 11,5х17

## ЖАСЫБАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Жасыбай батыр.

**Жинаушысы.** Рүстемов Мұхаметжан. Ол туралы мәлімет 53-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жасыбай бала күнінен еш нәрседен қорықпайтын, батыр, ержүрек болыпты. Бір күні ауыл адамдары оны сынау мақсатында молаға алдын ала адам жасырып, бір ту биені сойып, тайқазанға салады да, Жасыбайды шақыртады. Жасыбайға: «Бәлен байдың моласынның үстінде қу ағаштар жататын, мына су ағаштарды кесуге қимай отырмыз, мүмкін болса соны алып келсең» деп жұмсайды. Жасыбай түнде келіп моланың ағашын алып жатса, астынан ақ киімді біреу атып шығып, Жасыбайды қорқытады. Жасыбай: «Тірі кезіңде дүниеқоңыз бай едің, енді өлгенде де ағашыңды елге қимайын дегенің бе, сенің әмірің тіріге жүрмейді, тыныш жат» деп отынды алып кетеді. Сөйтіп, Жасыбайдың аты жұртқа мәлім бола бастайды.

**Басқы сөзі (57-б.):** Жасыбай батыр жас кезінен батыл, ешнәрседен тайсалмайтын ержүрек болыпты.

**Соңғы сөзі (58-б.):** Сөйтіп, сыннан сүрінбей өткен Жасыбайдың батырлық даңқы арта түсіпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, бір бұрышынан ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 1094 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 148-149.

## 151

Ш. 1170 (ОҒК) Б.7; П.4; Ж.91
23,5х18,3; 16,8х11

### جانبيەك باتردىڭ ءتۇسىن ابىلايدىڭ جورۋى

**Аталуы.** Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бір жорықта қалмақтың Қарақалмақ Қаттысыбан ханы ұрысар алдында келісім ұсынады. Ол бойынша екі жақтан екі сырттан батыр шығып айқасуы тиіс. Қай жақ жеңсе олжаны сол жақ алып, екі жақ қан төгіссіз тарқасады. Абылай хан келісіп, жекпе-жекке Шақшақ баласы Жәнібекті шығаруды ойлайды. Жәнібек тегі асыл, атасы Шақшақ Есім ханның бас батыры, әкесі Қошқар батыр, анасы Ташкентте өлтірілген Тұрсын ханның қызы екен. Анасы Жәнібекті Абылайдың жорығына өзі қосқан екен.

Абылай хан Жәнібекті шақыртып, шайқасқа шығасың десе, Жәнібек сол түні жайсыз түс көріп, елге қайтуға ыңғайланып жатқанын айтады. Абылай батырдың түсін естімес бұрын дереу өзінің жирен атын алдыртып, сойдырып садақаға таратып жібереді.

Қол жайып құдайға дұға тілеп болған соң, түсін тыңдайды. Жәнібек түсінде қалмақтың хас батырымен шығады. Шартпа-шұрт болғанда қалмақ Жәнібекті найзамен түйреп түсіреді. Қалмақ батыры кеудесіне атша мініп, тамағынан бауыздайын дегенде, қараса екі емшегін екі айдаһар жылан еміп жатады. Содан шошып оянады. Абылай хан бұл түсті жақсылыққа жориды. Жәнібек батыр жоруды естіп, ұран салып жекпе-жекке аттанады. Қалмақтың батыры өз-өзінен құты қашып, айқасқанда Жәнібек шаншып түсіп, үстіне аттай мінеді. Тамағына қылышын тигізе бергенде батыр жанталаса тоқтатып, түнде дәл осыны түсінде көргенін айтады. «Менің түс жорушым ретін тауып айта алмағаннан алып кеттің-ау!» – деген соң, Жәнібек кесуге қимай Абылайға алып келеді. Он бір ауылды өскен-өнген жан екен. Қазақ қолы сол он бір ауылдың халқын қырмай, мал-мүлкін олжалап алып қайтады.

**Басқы сөзі (3-б.):** ابلاي حان قاراقالماق قتسباتعا قول جيب، شەرۋ تارتىپ بارعاندا، قالماقتڭ حانى ابلايعا كسى سالدى

**Соңғы сөзі (5-б.):** جان بولسا، وسنداي بولسن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Абылай хан. /Құрастырған Дәуітов С. – Алматы, 1993. – Т.1. – 310-313 б.; Егеменді Қазақстан газеті. – 11.01.1992. – №9-10.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтакова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 213-216.

**152**

Ш. 1124 (ӘӨИ) — П. 2; Ж. 22; 21x17; 18x16

## ЖӘНІБЕКТІҢ ТІЛЕНШІГЕ БАТАСЫ

**Аталуы.** Жәнібектің Тіленшіге батасы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Керей руының ата қонысы қазіргі Арқалық, Едірей тауларының өңірі болған екен. Ақтабан шұбырынды жылдарында бұл жерге Арғынның Қаракесек руы келіп тұрақтайды. Жәнібек батыр «Мен тірі тұрғанда бұлар аз ру Керейге ештеңке істей қоймас, бірақ ажалым жетіп өліп кетсем, бұл жер Керейге қоныс бола қоймас» деп ойлап, жер шалып, қоныс аударады. Жаңа қонысқа қонғаннан кейін Жәнібек жанына Керейдің басты-басты адамдарын ертіп, Қаракесек ауылына келеді. Қаракесектер Жәнібектің алдынан көлденең шықпайды, асты-үстіне түсіп күтеді. Бірақ Жәнібек ешкіммен сөйлеспейді, үндемей үйде жата береді. Осы кезде Қазыбек бидің немересі Тіленші келіп, шешендік сөзімен Жәнібекті өзіне қаратады. Қисайып жатқан Жәнібек басын жұлып алып, Тіленшіге бата беріп, қасына отырғызады. Сол күннен бастап Тіленшінің атағы елге жайыла бастайды.

**Басқы сөзі (12-б.):** Қазіргі Арқалық, Едірей тауларының өңірі Керей руының ата қонысы болған деседі.

**Соңғы сөзі (13-б.):** Сол күннен бастап ол ел арасында құрметке бөлене беріпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Бір жолды оқушы дәптеріне қара сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Дәптерге жазылған, тысталмаған.

**Папкасы.** Қ. 1124, 103-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 86-87.

**153**

Ш. 1178 (ОҒК) П. 1; Ж. 22
35x24; 32.5x20

جانىبەكتىڭ ۋاق بارماقتى سىناۋى

**Аталуы.** Жәнібектің Уақ Бармақты сынауы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Тосын деген біркездері қалмақ жайлаған жер екен. Қалмақтың Садырбала деген батыры Қарсақбасының басына күнде

шығып, қазақтарды жекпе-жекке шақыра беріпті. Ел қамын ойлаған Жәнібек батыр, Уақ Бармақ батырды алдырып, әлгі қалмақпен сайысуға шығарыпты. Бармақ батыр Садырбаланы екінші қашуында алдынан орап, маңдайынан шаншып түсіріпті. Сол жер бүгінде «Садырбала сайы» аталады дейді.

**Басқы сөзі (189-б.):** تۇسىن دەگەن قوماىت جەر بار. وسى جەردى بىركەزدەرى قالماق جۇرتى مەكەندەگەن ەكەن

**Соңғы сөзі (190-б.):** دەپ قالتى قالماق جەر اۋعان ەكەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ақ қағазға араб әрпімен жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Қосымша белгілері.** Жоқ.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т.9. – Б. 165-166; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 93-94.

## 154

Ш. 1081 (ОҒК) П.2; Ж.38
31х20; 29х18,5

## ХАН ӘЗ ЖӘНІБЕК ПЕН ҚЫЗ

**Аталуы**. Хан Әз Жәнібек пен қыз

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Әз Жәнібек хан тоғайда аң аулап жүріп, жолдастарынан оқшауланып кетеді де, бір күркеге тап болып, аттан түсіп кіріп барады. Кірсе, ішінде бір қыз шашын тарап отыр екен. Әз Жәнібек одан әкесі мен шешесін сұрайды. Қыз әкесінің алты аяқтымен аңға кеткенін, шешесінің сегіз аяқтымен дәмге кеткенін айтады. Хан ордасына келіп, сөздің мәнісін шешуге барлық уәзірлерін шақырады. Бірақ ешкім мұны шеше алмайды. Сол кезде Жиреншенің жас кезі екен. Ханға келіп: «алты аяқтысы әкесі бір құс, бір тазы ертіп, аңға кеткен екен де, сегіз аяқтысы – шешесі буаз інген мініп, тұзға кеткен екен» дейді. Хан қыздың ақылдылығына қызығып алмақшы

болады. Бірақ қыз қалың малының құнын өзім айтам: «Менің қалың малыма он бес лақ теке, жиырма бес қошқар, отыз бес бұқа, қырық бес айғыр, елу бес бура, алпыс ақ бас атан берсін! – дейді. Хан осыларды жинатып жатқанда Жиренше келіп: «Қыздың сөздері мағыналы сөздер. Оның мағынасы он бес – лақ текедей едің, жиырма бес – қойды ірген қошқардай едің, отыз бес – өкіретін бұқадай едің, кырық бес – азынайтын айғырдай едің, елу бес –күркіреген бурадай едің, алпыс – атан болдың дегені, – депті. Хан түсінген соң, Жиреншеге бір тұлып алтын беріпті.

**Басқы сөзі (36-б.):** Әз Жәнібек хан тоғай ішінде аң аулап жүргенде жолдастарынан бөлініп оқшаулау жүріп бір күркеге кез болады.

**Соңғы сөзі (39-б.):** Хан бұған түсініп, Жиреншеге бір тұлып алтын апарып беріпті деседі кәрі құлақ карттар.

**Қолтаңбасы.** Машинкаға басылған

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазы, кирилл әрпімен.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысы қапталған, парақтары түптелген.

**Папкасы.** Қ.1081, 2-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 192-193.

**155**

Ш. 1154 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ЖӘҢГІР ТОЙЫНДА

**Аталуы.** Жәңгір тойында.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жәңгір хан бір заманда сүндет той жасамақшы болып, сол тойды басқаруға Бірінші – Бекенбет би, екіншісі – Балқы би, үшіншісі – Шомбал би қатарлыларды сайлайды. Сонымен сол тойға келген қонақтардың арасындағы дау-дамай, мықтылардың өзара сөз тартыстары сияқты оқиғалар орын алады. Бұл той Жәңгірідің есінен ешқашан шықпайтын той болып қалады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Жәңгір хан бір заман сүндет той жасайтын...

**Соңғы сөзі (3-б.):** ...сөйтіп, жыртыққа жамау болыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға машинкамен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 1154, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 95-96.

**156**

Ш. 464 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.26
29х20; 23х17

## جاڭگىر حاننىڭ پاتشاعا بارىپ قايتۋى

**Аталуы.** Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұл аңызда Жәңгір ханның патшаға хандық лауазымын алғалы барғандағы оқиға баяндала келе, бірге барған жолдастарының арасындағы Шркеш деген кісінің тапқырылығы, сөз тапқыштығы айтылады. Сонымен бірге хан өз лауазымын алып, билерге шен береrде Шеркешке оң жақ иықта жүретін ең үлкен шенді береді. Ең соңында патшадан қайтар жолда Нұралы ханның басына зиярат етуі жайлы айтылады.

**Басқы сөзі (251-б.):** ... وتكەن بوكەي حان مەرقۇم بولعان سوڭ

**Соңғы сөзі (252-б.):** ...سونان قاشىپ بارىپ ۋفانى تاپقان ەكەن .

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің кейбір беттері шимайланған.

**Беттелуі:** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма алты жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 464, 5-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 94-95.

## 157

Ш. 464 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.26
29х20; 23х17

## جاڭگىر حاننىڭ پاتشادان جارمەڭكە سوْراۋى

**Аталуы.** Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бөкей хан бастап алып келген елге хан болған Жәңгір халықтың күнделікті тұрмысын қамдап тұруға сауда-саттықпен айналысатын жәрмеңке сұрамақшы болады. Осы ойын сол ауылдағы Дәулет деген ақсақалмен ақылдасып, үлкен кісінің ақылы бойынша екі уақыттық жәрмеңке алғаны туралы баяндалады.

**Басқы сөзі (122-б.):** ... نارىنعا بوكەي حان باستاپ ەرتىپتى

**Соңғы сөзі (122-б.):** ... ەكى ۋاقىت جارمەڭكە العان ەكەن دەيدى.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Дәптердің кейбір беттері шимайланған.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма алты жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 464, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 93.

## 158

Ш. 354 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ЖӘҢГІР ХАННЫҢ ТОЙЫ

**Аталуы.** Жәңгір ханның тойы.

**Аннотациясы.** Бөкей хан өмірден өткен соң, орнына Жәңгір хан болып сайланады. Соған байланысты үлкен той жасамақшы болып,

тойға ішкі орданың кіл мықтылары мен Жайықтың шығыс бетіндегі Байұлы мен Әлімұлынан да беделді адамдар жиналады. Сонымен тойға жиналған мықтылар өзара сөз тартыстырып, тапқырлықтарын тантқысы келеді. Сонымен қатар өз ауылдарының қара күш иелерін балуанға салып сынасады. Аттарын шаптырып жарыстырады. Ең соңында бәйгеден бірінші келген Сарыала аттың бәйгесіне тоғыз қысырақ, жүз қой берледі. Аттың желіне еріп Байбақтының баласы аяғын қайдан басқанын білмей, еліне қайтып кеткен екен.

**Басқы сөзі (19-б.):** Бөкей хан дүниеден өткен соң...

**Соңғы сөзі (21-б. ):** ...елеуреп тойдан тарқап еліне қайтты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкамен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 354 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: **Фолиант, 2012. – Б. 97-99.**

## 159

Қ. 1 (ОҒК) — П. 4; Ж. 18<br>21,5х20; 20х15

## جيدەبای بتىر

**(І-нұсқа)**

**Аталуы.** Жидебай батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жидебай батыр қартайған шағында Тобықты Қараменде досын сағынып, барып қайтуға шамасы болмай, бір жігітке бес-алты ауыз сөз үйретіп, Қарамендеге сәлем айтады. Жігіт ұзақ жол жүріп, Қараменденің ауылына барып, неше күн қонақ болып қайтарда Жидебай батырдың сәлемін айтады. Қараменде жұмбақ сөздердің жауабын шешіп, Жидебай батырдың сондағы халінен хабардар болады.

**Басқы сөзі (73-б.):** قارتايعان كەزىندە جاستىق شاعىنداعى جولداسى قارامەندە سىنە ەتۋسىپ

**Соңғы сөзі (75-б.):** اق ەولىم قالسان جەتەدى دەپ كۇتۋدەمىن» دەگەنى مەكەن عوي، — دەيدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Папкасы.** Қ.1 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т. 9. – Б. 155-156; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 142-143.

## 160

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

### جيدەباي باتىر

### (II-нұсқа)

**Аталуы**. Жидебай батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жидебай батыр әулие де, ақын да, жұлдызшы да болған деседі. Соғысқа аттанар алдында қойдың тіс тимеген жауырына қарап, алдағы соғыстың қалай боларын болжайды екен және оның әділеттілігі жайында, бір кездері Жидебай бір үйге шай ішуге түскенде әлгі үйдің бұзауын қасқыр жейді. Сонда ойланып отырып, «Үй иесі маған алаңдап малын қасқыр жеді» деп өз үйінен бір бұзау алғызып берген кеңпейілділігі баяндалады.

**Басқы сөзі (330-б.):** جيدەباي اۋليه دە، اقىن دا، جۇلدىزشى دا بولعان

**Соңғы сөзі (331-б.):** ... شكى جاۋدان دا، سىرتقى جاۋدان دا ساق بولۋدى ۇيرەتكەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т.9. – Б. 155-156; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 143-144.

**161**

Ш. 1122 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 22
21x17; 18,5x15,5

## ЖИДЕБАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Жидебай батыр.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жидебай батыр әрі шешен адам болыпты. Абылай хан бір күні жол жүріп келе жатып, төбеде ұйықтап жатқан адамды көреді. Кім екенін сұрағанда жұмбақтатып жауап береді. Кейін сұрастырса бұл Жидебай батыр екен. Жидебайды өзінің әскербасыларының бірі етіп алады. Бұ жолғы соғыста қазақ қолы жеңіске жетіп, Абылай хан асқақтап сөйлегенде, Жидебай ханды екі ауыз сөзбен үнсіз қалдырады.

**Басқы сөзі (5-б.):** Жидебай халқын жаудан қорғаған батыр, әрі өткір тілді шешен адам болған.

**Соңғы сөзі (6-б.):** Жидебай батырдың тауып айтқан тапқыр сөзінен тосылған хан үнсіз калыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Бір жолды оқушы дәптеріне қара сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ. 1122, 7-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 144-145.

**162**

Ш. 1004 (ӘӨИ)

П. 5; Ж. 28
30x21; 24,5x15

## ЖИДЕБАЙ БАТЫР

**Аталуы**. Жидебай батыр.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Арғынның Қаракесек руынан тарайтын Дос батыр жалғыз баласы Қожаназармен жау қолына түсіп кетеді. Қалмақтар: «Әкелі-балалы екен, тұқымын құртпайық, біреуін жіберейік» деп айтқанда, Дос батыр өзі қалмақта қалып, жалғыз баласын еліне жібереді. Қожаназар еліне аман келген соң үйленіп, онан Жидебай өмірге келеді. Бірақ Жидебай құрттай күнінде шешесі өліп жетім қалады. Әкесі тағы бір Апар деген әйелге үйленіп, онан алты бала сүйеді. Бірақ Жидебайды өгей шешесі құлындай жұмсап өсіреді. Жидебай жеті-сегіз жасқа келгенде бір күні атасы Дос батыр түсіне енеді. «Қаракерей Қабанбай батыр осы ауылда Алмұрт байдікіне қонып жатыр, содан бата ал» деп аян етеді. Таңертең жалаңбас, жалаң аяқ, үсті алба-жұлба бала аттанып бара жатқан Қабанбайдың артынан қуып жетіп, сәлем беріп бата сұрайды. Қабанбай: «Бата-сата не керек, төрт алмажайым бар еді, біреуін саған бердім» деп аттанып кетеді. Ол алмажайы – Қызыл түлкі екен. Жидебай батыр ержетіп, батыр боп, Абылай ханның мықты қолбасшыларының бірі болады. Жидебай жеті қараңғы түнде, не жауынды, боранды күндерде болсын біреудің бір нәрсесі жоғалып қалса, атпен шауып келіп найза тіреп тұрып қалады екен де: «Мына жерден қара» дейді екен. Жидебай жүз бес жасқа келіп дүниеден өткен екен.

**Басқы сөзі (29-б.):** Орта жүз Арғын, бес Мейрамның біреуі Қаракесек болады.

**Соңғы сөзі (33-б.):** Осы Мәшрүп өзі күң, көп ұлтқа мазар басы болып аты аталып қалған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін машинкаға басылған.

**Ақауы.** Машинкамен жазылған мәтіннің үстінен қолмен жазып, түзеткен жерлері көп.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1004, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 145-148.

**163**

Ш. 1565 (ОҒК) Б.3; П.21; Ж.65
20x16,5; 18x15

**جيرد نشه**

**Аталуы.** Жиренше.

**Тапсырушысы.** Жүсіпұлы Жолмұрат. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Жиренше бір күні иен далада жалғыз келе жатып бұрын көрмеген мұрны біздей, көзі тұздай, беті қырдай суық адамды жолықтырады. Онымен сөз қағыстырып, Жиренше оған ешнарсе дей алмай ұялып қалады. Сөйтіп түсі қашып, өңі бұзылып, үйіне келеді. Әйелі Жиренше шешеннің түрін көріп: «Түсіңіз неге қашып келдіңіз?» деп сұрайды. Шешен көргенін, естігенін, өзінің не дегенін, оның не дегенін бәрін түгел айтады. Әйелі: «Ол орыс жұртының сұмпайысы екен. Жансызы екен. Өзі әйел екен. «Тұзсыз астың дәмі бола ма?» дегені – әйелсіз еркектің күні бола ма дегені. «Бізбен істің бәрін тігіп бітіреді» дегені – ұрғашы істің бәрін орнына келтіреді дегені. «Қырға шықса кімнің көңілі көтерілмейді» дегені – әйелдің үстіне шыққан кісінің қыр басына шыққан есепті көңілі көтеріледі дегені. Аузын осыртқаны – еркектің қайраны қолында, әйел деген аузында болады деген, бар қылған қайраны сол болған» – деп, оның сөздерінің мағынасын түсіндіріп айтып береді.

**Басқы сөзі (3-бет):** جيرنشه ءبير كۇنى ءيير جاقّان دالادان جالعز كەله جاتسا، بۇرىن كورمەگەن ياسقا پورىمدى ادام كەز بولىپ جولىعادى

**Соңғы сөзі (6-бет):** مرنىڭ اتىن قاتىن شىعارادى. قاتىندىڭ اتىن وتىن شىعارادى» دەگەن دەپ وسىنداي ايەلدەردى ايتادى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1947 жылы жазылып алынған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қолжазба тозған.

**Папкасы.** Қ.1565 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар

/Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 224-226.

**164**

Ш. 1010 (ӘӨИ) | П. 1; Ж. 13
30x19; 11,5x16

## ЖИРЕНШЕ МЕН ӘЗ ЖӘНІБЕК

**Аталуы.** Жиренше мен әз Жәнібек.

**Жинаушысы.** Бекхожина Талиға. Ол туралы мәлімет 96-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы** Әз Жәнібек хан 6 жасар Жиреншені осы бала өскенде түбі шешен болады деп айтады екен. Ханның қасындағылар ханның бұл сөзін ауырлап: «Қайдағыны айтады?» деп жүреді. Бір күні хан қасында адамдарымен келе жатып, Тұттай жалаңаш ойнап жүрген Жиреншеге, бас киімін алып көрсетеді. Жиренше болса, аузын ашып, тілін шығарады. Сонда мен не дедім, сен не дедің?» дегенде, Жиренше: «Сіз басқа пәле қалан? – дедіңіз, мен Басқа пәле тілден дедім» деп айтады. Бұл сөзі сіздер Жиреншені бұдан былай күндемеңдер деген ишараты екен.

**Басқы сөзі (5-б.):** Әз Жәнібек хан айтады екен: «Осы Жиренше бала түбінде би, шешен болады деп» деп.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Рас-ақ, осылай дегеніміз, – депті. – Бұл Жиреншені күндемеңіз, – депті.

**Қолтаңбасы.** Машинкамен басылған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Аңызды 1965 жылы қараша, желтоқсан айларында Астрахан және Орынбор қалаларына барған іс-сапар кезінде Хайырлы Төрешұлының айтуынан Талиға Бекхожина жазып алған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтін жазылған парақтары түптелген және желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1010, 6-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 208-209.

Ш. 28 (ОҒК) П.2; Ж. 25
30х19; 11,5х16

# ЖИРЕНШЕ

**Аталуы.** Жиренше.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңызда Жәнібек хан Жиренше уәзірмен ойласып, халықты ренжітпей қаражат жинауға салықты қандай жолдармен, кімдерге салса орынды болатын жағын қарастырып, кеңескендігі туралы айтылады. Ханның қол астындағы адамдардан шақырып, олардан не себепті жаратылыста осындай өзгешеліктері болған себебін сұрап, сауал беріп, олардың жауабы заңды болмаса айып ретінде бас-басына салық салып өндіруге, егер де тұрарлық дәлел тауып құтылып кетсе, қазынадан сыйлық ретінде ат мінгізіп, шапан кигізіп қайтарған.

**Басқы сөзі (1-б.):** Күндерде бір күні әз Жәнібек хан Жиренше уәзірмен ойласып, халықты ренжітпей қаражат жинауға салықты қандай жолдармен, кімдерге салса орынды болатын жағын қарастырып кеңесіпті.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Көсе олардың берілген сауалдарына дәлелді жауаптар тауып қайтарып, сөзден кідіртіп ұтқандықтан, олардың ертегі сөздері мысал ретінде халық аузында бірден бірге үлгі болып қалған бір көне әңгімелердің жұрнағы болып көрінеді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.28Д (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 238-241

## 166

Ш.1565 (ОҒК) П.2; Б.4; Ж.20
20х16,5; 18х15

### جيرەنشە تۋرالى اڭگىمە

**Аталуы.** Жиренше туралы әңгіме.

**Жинаушысы.** Жолмұрат Жүсіпұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Жолмұрات Жүсіпұлы.

**Аннотациясы.** Аңызда Жәнібек хан Жиреншеге әйелінің қайтыс болғанын естіртетіні туралы айтылады.

**Басқы сөзі (4-бет):** جيرەنشە ٴوزى ٴبىر جاقسا جولاۋشى كەتكەندە وسى قاتىنى ٴولىپتى

**Соңғы сөзі (4-бет):** قايدان بىلمەيىن قاسىندا جوقپىن، مۇمكىن ەستىگەن قۇلاعىمنىڭ جازىعى جوق دەمەيىن

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1947 жылы жазылып алынған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1565 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 234-235.

## 167

Ш.1565 (ОҒК) П.2; Б.4; Ж.20
20х16,5; 18х15

### جيرە نشە تورالى

**Аталуы.** Жиренше туралы.

**Жинаушысы.** Жолмұрат Жүсіпұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Әз Жәнібек үй салып жатқан ұстаны көріп, оның

күніне қанша ақы алатынын сұрайды. Ұста өзінің бір ділда алатынын айтқанда, хан оның сондай ақшамен осы күнге дейін қалайша байымай жүргенін сұрапты. Сонда ұста тапқан табысын төртке бөліп, біреуін борышына, біреуін қарызға, біреуін суға тастайтынын, біреуін өзі ішіп, жейтінін айтыпты. Мұны түсінбеген хан мен уәзірлері сөздің мәнісін Жиреншеден сұрапты. Сонда шешен борышын әке-шешесіне, қарызды ұлына беретінін, суға тастағаны бойжеткен қызына жасаған жасауға төлейтінін айтыпты.

**Басқы сөзі (1-б.):** أز جتنبه ك حان قاسندا بيرنه شه ۋازيرنه رى جولداستارى بار

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...قاي غاسردا بولغان حان ، كه نين تاريحتان قاراكىز

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны**. Мәтін 1947 жылы жазылып алынған.

**Ақауы**. Қағаздары ескірген.

**Беттелуі**. Араб цифрымен беттелген.

**Папкасы**. Қ.1565 (ОҒК).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 210-212.

**168**

Ш.910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.29
20x30; 14x19,5

## ЖИРЕНШЕ ТУРАЛЫ

**Аталуы**. Жиренше туралы.

**Жинаушысы**. Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы**. Жиренше тезек теріп жүрген үш қызды көреді. Кенеттен жаңбыр жауғанда үш қыздың екеуі тезекті тастап қашады да, үшіншісі екі қапты қатар қойып, үшіншісін үстіне қойып, өзі астына тығылады. Қыздың ақылына сүйсінген Жиренше оны айттырып алыпты.

**Басқы сөзі (25-б.):** Жиренше келе жатып, тезек теріп жүрген үш қызды көреді..

**Соңғы сөзі (25-б.):** Содан кейін Жиренше Қарашашқа үйленген екен дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны**. Мәтін 1986 жылы Орал облысында жазылған.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба кітап болып түптелген.

**Папкасы**. Қ.910, 2-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 220-221.

## 169

Ш.1202/1 (ӘӨИ)

П.5; Б.10; Ж.18
30х20; 28х18

## جیرە نشە شە شە ن

**Аталуы**. Жиренше шешен.

**Жинаушысы**. Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы**. Аңызда бірнеше оқиға жайында айтылады. Жиренше шешен бала кезінде Әз Жәнібек ханға кездесіп қалып, елсіз жерде неғып жүргенін сұраған ханға, түйесінің жоғалып, соны іздеп жүргенін айтады. Түйесін неге тұсамағанын сұрағанында, тұсауының өліп қалғанын, яғни әкесінің жоқтығын тұспалдап айтады. Хан қай үйге қонуға болатынын сұрағанда, екі қой жейтін болса өзінің үйіне қонуға болатынын айтады. Буаз саулықты әкеліп, бағана айтқан сөзінің мәнісін түсіндіргенде, хан баланың тапқырлығына қайран қалған екен. Тағы бірде хан қырық уәзірін шақырып алып, өтірік пен шынның айырмасын табуға бұйырады. Бұл сөзді біреу болмаса біреу білер деген үмітпен Жиренше бала ел кезіп, бір шаһарға келеді. Сол шаһардың патшасының қызын некелеп алып, уақыты келгенде еліне қайтады. Жәнібек ханның жұмбағының жауабын жары табады.

**Басқы сөзі (31-б.)**: جیرە نشە شە شە ن اُکە سی ە رتە رە ك ۋلنب

**Соңғы сөзі (41-б.)**: ...جنکتکە جالنان کە ش تە نس قل. ۋلسەکە ۋلە رسلکە ۋلمە سە کە
کنسی بولارسلکە دە ب بورنغلارنلکە ایتقانی بار.

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін ақ қағазға араб әрпімен жазылған.
**Беттелуі**. Араб цифрымен беттелген.
**Папкасы**. Қ.1202, 1-дәптер (ӘӨИ).
**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 212-213.

**170**

Ш.1058 (ОҒК) Б.1; Ж.22
20х16; 18х14

## JÏRENŞE ŞEŞEN

**Аталуы**. Жиренше шешен.
**Жинаушысы**. Исмаилов Теміргали. Ол туралы мәлімет кездеспеді.
**Аннотациясы**. Жиренше шешен бірде бір өзенге келеді. Қай жерден өтетінін білмей тұрғанда су алғалы келген бір қызды көреді. Жиренше қыздан судың өткелін сұрайды. Қыз екі өткел барын, бірі алыс, бірақ алыс та болса жақын, екіншісі жақын, жақын да болса алыс екендігін айтады. Жиренше жақынымен жүрейін деп аты суға батып жүре алмай, ақыры алыс жақтағы өткелмен оп-оңай өтеді. Қыздың үйіне келіп ас сұрайды. Қыз бір тамақтың ащы, бірақ тәтті екендігін, екінші тамақтың тұщы болса да ащы екендігін айтады. Жиренше тәтті тамағын сұрайды. Сонда қыз бір уыс тұз әкеледі. Жиренше құр тұзды қалай жеймін дегенінде, қыз тұзы жоқ қара көже әкеп береді. Жиренше қыздың тұспалып түсініп, риза болыпты.
**Басқы сөзі (14-б.)**: Bir kyn Jirense sesen jolaysь kele jatьp...
**Соңғы сөзі (14-б.)**: Aqьrьnda ozine aittьrьp aldь deidь.
**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін латын әрпінде машинкамен басылған.
**Ақауы**. Қағаздары сарғайып, ескірген.
**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.
**Папкасы**. Қ.1058 (ОҒК).
**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 217-218.

Ш.920/55 (ӘӨИ) П.2; Б.2; Ж.18
20х16,5; 18х15

# ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

**Аталуы**. Жиренше шешен.

**Жинаушысы**. 2002 жылы Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған.

**Тапсырушысы**. Саттаров Қыдырәлі – фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған. Ауыз әдебиет үлгілерін, халық мұраларын жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына тапсырған.

**Айтушысы**. Қожахан Иматұлы – Ташкент облысы, Бостандық ауданы, Қызыл Ту колхозының тұрғыны.

**Аннотациясы**. Жиренше шешен бір адаммен жолға шығыпты. Біраз жүрген соң жол қысқартайық, ат ауыстырайық деген Жиреншені шал жақтырмай, тіл қатпапты. Одан түс кезінде бір адамның өлігін шығарып бара жатқанын көріпті. Жиренше шалдан ана кісінің өлі, тірісін сұрапты. Шал оған жекіріп ашуланыпты. Жол-жөнекей тағы да сұрақ сұрап, шал оны тентек санайды. Үйіне келгенде мән-жайды естіген қыз әкесіне бәрін түсіндіріп береді. «Жол қысқартайық дегені, әңгімемен жол қысқарсын дегені. Ат ауыстырайық дегені, атымызды қайта ерттеп мінейік дегені. Өлген адамды өлі ме, тірі ме дегені артында перзенттері бар ма, жоқ па дегені» деп қызы түсіндіргенде шал Жиреншеден кешірім сұрап, қызын беріпті.

**Басқы сөзі (31-б.):** Ертеде Жиренше деген шешен өткен екен...

**Соңғы сөзі (32-б.):** Мұны білген шал Жиреншеден кешірім сұрап, қызын әйелдікке беріпті дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін қалың дәптерге кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазбаның сырты қатты қағазбен түптелген.

**Папкасы.** Қ.920, 55-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 218-219.

Ш. 28Д (ОҒК)

Б.7; П.21; Ж.135
20x16,5; 18x15

## ЖИРЕНШЕНІҢ БАЛАСЫ

### (І-нұсқа)

**Аталуы.** Жиреншенің баласы.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Әз Жәнібек хан Жиреншеге: «Осы сенің балаң бір қой аузынан шөп алмайтын момын ғой. Шешесі – Қарашаш, әкесі сенсің. Осындай екі сұңқардан әлжуаз жағалтай болып туғанына таңым бар», деп сұрапты. Жиренше: «Хан ием, дұрыс айтасыз, кейбір баланың туғанда сырты қола, іші алтын болады. Бері келе жиырмаға жеткенше оның сырткы коласы тозып түлеп түседі де, ішіндегі алтыны жарқырап сыртына шығады. Сол кезде осы баламды көріңіз» депті.

Көп жыл өтіп Жиренше де, Қарашаш та о дүниеге аттаныпты. Бір күні хан қалмақпен соғысып жүріп анталаған жаудың ортасында жаяу қалыпты. Сол мезетте көк қасқа дөнен мінген бір бала шауып келіп, қарғып түсіп, әз Жәнібектің алдына атын тартып тұрып:

– Мына атқа мініңіз де, қашып құтылыңыз! Қазақ елінің бір әйелі мендей бір баланы таба жатар, ал сіз – жалқы туған Жәнібексіз, күнде туа бере алмассыз, – депті. Бұл бала Жиренше мен Қарашаштың ұлы екен. Бұны білген Жәнібек қателескеніне қатты өкініпті.

**Басқы сөзі (5-б.):** Әз Жәнібек хан бір күні Жиреншеге қарап: – Осы сенің балаң қалай жаман туды екен.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Әз Жәнібек қателескеніне, Жиренше мен Қарашаштың жүрегіне қаяу салғанына өкініп, опық жесе керек.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.28 Д (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 232-233.

**173**

Ш. 28Д (ОҒК) Б.7; П.21; Ж.135
20x16,5; 18x15

## ЖИРЕНШЕНІҢ БАЛАСЫ

**(ІІ-нұсқа)**

**Аталуы.** Жиреншенің баласы.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңыз мазмұны бірінші нұсқамен ұқсас. Әз Жәнібектің Жиреншеге «балаң момын, сорлы ғой» деп кекете сөйлегені, кейін айтқан сөзіне өкініп қалғандығы, т.б. оқиғалары түгел сақталған. Тек екінші нұсқада Жәнібек Жиреншенің баласын өзіне бас уәзір қылып сайлап алуымен аяқталады.

**Басқы сөзі (4-б.):** Жиреншенің баласы өте жуас екен.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Тартпай коймас негізге, – деген сол.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.28Д (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 233-234.

**174**

Ш.28 (ОҒК) П.2; Б.2; Ж.20
20x30; 18x15

## ЖИРЕНШЕНІҢ ҚАРАШАШҚА ҚҰДА ТҮСУІ

**Аталуы.** Жиреншенің Қарашашқа құда түсуі.

**Аннотациясы.** Жиреншенің әйелі өліп, бір шалдың өзі сұлу, өзі ақылды қызы бар дегенді естіп келіпті. Шалдың ауылына жақындай бергенде табытқа салып апара жатқан адамды көріп, бір ақсақалдан адамның өлі, тірісін сұрайды. Шал оған ұрсып тастайды. Жиренше пісіп тұрған бидайдың жанына өткенде бұны адамның жейтінін, жемейтінін

сұрапты. Шал бұрынғыдан да қатты ашуланыпты. Шалдың үйіне келгенде қыз Жиреншенің жұмбақтап сөйлегенін әкесіне түсіндіріп беріпті. Сол қыз шешеннің әздеп шыққан қызы Қарашаш сұлу болыпты.

**Басқы сөзі (18-б.):** Бір жылдары Жиреншенің әйелі өледі...

**Соңғы сөзі (19-б.):** Қыздың аты Қарашаш сұлу еді, баяғы өзінің іздеп шыққан қызы да сол екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға машинкамен басылған.

**Ақауы.** Қағаздары сарғайған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.28 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 219-220.

**175**

Ш.28 (ОҒК) П.2; Б.2; Ж.20
20х30; 18х15

## ЖИРЕНШЕНІҢ ҚАРТАЙҒАН ШАҒЫ

**Аталуы.** Жиреншенің қартайған шағы.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Жиреншенің қартайған шағында Әз Жәнібек хан сағынып, жай-күйін білуге қасында жолдасын ертіп Жиреншенің үйіне келеді. Үй сыртына келіп: «Шешенім қайда? Мал-жан аман ба?» дегенде, әйелі шығып: «Шешенді қадірлеп іздеп келіп тұрған кім өзі? Шешенді іздесең, далада тезек теріп жүр», – депті. Сонан соң хан Жиреншеге далада іздеп жолығып, «шешенім, көрісейік» деп аттан түсіп, амандасады. Хан: «Бұл тезек тергенің қалай?» – деп сұрайды. Жиреншенің айтқаны: «Сыйлайтұғын өзің жоқ, бұрынғы бұлды сөзім жоқ» – депті. Сонда хан көп ойланып Жиреншені қайтадан өз қасына уәзір етіп алыпты.

**Басқы сөзі (1-б.):** Жиренше шешен қартайып, Қарашаш сұлу өліп, тоқал алып, бала тауып, балалары ер жетіп, шайпаң болып, тоқалы тентек болып сыйламай қадірі кетіп, оның үстіне хан қасынан да қалған соң бұзау бағып, тезек теріп, күнелтіп жүреді.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Сонан соң хан Жиреншені қайтадан өз қасына алып, уәзір еткен екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.28Д (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 245-246.

**176**

Ш. 137 (ӘӨИ) Б.3; П.30; Ж.14
21x17,5; 15x17

## ЖИРЕНШЕНІҢ ҚЫЗ ТАҢДАУЫ

**Аталуы.** Жиреншенің қыз таңдауы.

**Жинаушысы.** Салихов Хаба. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Салихов Хаба. Қорға 1957 жылы түскен.

**Аннотациясы.** Жиреншенің әйелі қайтыс болғаннан кейін, екінші рет үйленбекші боп бір шалдың үйіне барады. Барса үйдің алдында аузы үлкендеу бір қыз шығып тұр екен. Қыздың үстінде көйлегі қызыл, көйлектің үшкілі ақ мата екен. Жиренше қызды сынамақшы болып, бірнеше сұрақтар қояды. Қыздың берген жауабына сүйсініп, қызды өзіне жар етіп алады.

**Басқы сөзі (3-бет):** Жиренше: «сол қыздың үйіне барып, әкесімен сөйлесіп кел» деп бір кісі жіберіпті.

**Соңғы сөзі (3-бет):** Жиренше: «отынға кеткен ғой», – деді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне кирилл әрпінде қара қарандашпен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ел арасынан естіп, XX ғасырдың отызыншы жылдары хатқа түсірткен – Салихов Хаба.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, қағазы сарғайған.

**Папкасы.** Қ.137, 9-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 235-236.

177

Ш.1081 (ОҒК) П.1; Б.1; Ж.10
20х17; 19х15

## ЖИРЕНШЕНІҢ ҰШҚЫРЛЫҒЫ

**Аталуы**. Жиреншенің ұшқырлығы.

**Аннотациясы**. Бір күні Әз Жәнібек хан бір қазды атып алып, Жиреншеге оны пісіріп, өзіне, әйеліне, екі баласына бөліп беруін сұрайды. Жиренше қазды пісіріп әкеп, басын «басшымызсыз» деп ханға, «еркек бас, әйел мойын» деп мойнын әйеліне, екі қанатын екі баласына, қалған етін өзіне алған екен.

**Басқы сөзі (1-б.)**: Жиренше ойшыл, сөз тапқыш адам болады...

**Соңғы сөзі (1-б.)**: ...деп барлық етін өзіне алады.

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін машинкаға басылған.

**Ақауы**. Қағаздары сарғайып, ескірген.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы**. Қ.1081, 2-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 212.

178

Ш.28 (ОҒК) П.2; Б.2; Ж.20
20х30; 18х15

## ЖИРЕНШЕНІҢ ХАН СЫНАҒЫНА ТҮСКЕНІ

**Аталуы**. Жиреншенің хан сынағына түскені.

**Тапсырушысы**. Белгісіз.

**Аннотациясы**. Аңыз екі әңгімеден тұрады. Біріншісінде хан Жиреншеге қырық сиыр беріп, ішек-қарнын тірілей тазалап әкеліп, сойғанда іштерінен қылтаң шықпауына бұйрық береді. Жиреншенің әйелі Қарашаш сиырларды ащы құдықтың басына апарып суарып, сол жерде айналдырып қууға кеңес береді. Жиренше Қарашаштың айтқандарын орындап, сиырларды сойғанда ешбіреуінен қылтаң табылмай, хан аң-таң

болыпты. Екінші әңгімеде хан Жиреншеге келуін бұйырыпты, келгенде жолмен де жүрмесін, жолсыз да жүрмесін депті. Сонда Жиренше бір ит пен бір ешкі қосақтап, ханға барыпты. Жиреншенің тапқырлығына хан таңданыпты.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бір күні Жиреншені хан шақыртып...

**Соңғы сөзі (3-б.):** ...Хан таң қалған екен дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы**. Мәтін ақ қағазға машинкамен басылған.

**Ақауы**. Қағаздары сарғайған.

**Беттелуі**. Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы**. Мәтін жолдары әр бетке толық орналасқан.

**Папкасы**. Қ.28 Д (ОҒК).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 209-210.

**179**

Ш. 137 (ӘӨИ) Б.3; П.30; Ж.130
21х17,5; 15х17

## ЖИРЕНШЕНІҢ ХАННЫҢ УӘЗІРІ БОЛҒАНЫ

**Аталуы.** Жиреншенің ханның уәзірі болғаны.

**Жинаушысы.** Салихов Хаба. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Салихов Хаба.

**Аннотациясы.** Жиренше бір ханға уәзір болыпты. Хан Жиреншенің әйеліне қызығып, сөз салыпты. Аңызда Жиренше мен әйелі ақылдаса келіп ханды қалай алдау керектігі туралы айтылады.

**Басқы сөзі (8-б.):** Жиренше бір ханға уәзір болыпты.

**Соңғы сөзі (9-б.):** Осы үйде от болса, әйелдің астын шикілеп жей ме? – дегенде, хан есікке қарай атылыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне кирилл әрпінде қарандашпен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ел арасынан естіп, ХХ ғасырдың отызыншы жылдары хатқа түсірткен – Салихов Хаба. Қорға 1957 жылы тапсырылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қолжазбаның сырты жыртылған, қағазы сарғайған.

**Папкасы.** Қ.137, 9-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 236-237.

**180**

Ш.1019 (ӘӨИ)

Б.1; П.1 Ж.12
30х21,5; 8,5х21,5;

## ЖОЛАМАН БАТЫР

**Аталуы.** Жоламан батыр.

**Жинаушысы.** Сәттібаев Алпысбай. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Нұртазин Ахметжан. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кенесары қырғызды шауып келе жатқанда, абайсызда жолдан Жоламан батырдың бес биесі қосылып кетеді. Өзі келмесе биелердің қайтпасын сезген тоқсан жастағы Жоламан батыр Кенесарының үйіне кеп түседі. «Бұл не қылған шал» деп хан жөн сұрамайды. Сонда Жоламан: – Кенжежан, сен менің жөнімді де сұрауға еріндің-ау, мен сенің бабаң Абылайдың тұсында асық атқан бала едім, әкең Қасымның тұсында қол бастаған дана болдым. Шырағым, сенің тұсыңда бес биеден айырылған Жоламан деген шал едім, – деп қапаланып, бозойнақты ерттетіп беруін сұрайды. Сонда Кенесары орнынан атып тұрып, әкесінің аманаттап кеткен алтын шақшасын табыстайды. Бес биеге жүз жылқы қосып, айдатып апарып салады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Кенесары қырғызды шауып келе жатқанда Жоламан батырдың жолдан бес биесі қосылып бірге келеді.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Бес биеге 100 жылқы қосып айдатып апарып салған Кенесары.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға терілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** СҚО, Сергеевка ауд., Октябрь орман шаруашылығы қызметкерінен түскен материал 1967 жылы 25 наурызда Алматы қаласында машинкаға терілген. 16.05.1984 жылы қорға түскен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаздары аздап сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1019, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 260.

**181**

Ш. 346 (ОҒК)

П. 2; Ж. 26
28x19,5; 23,5x17,5

## ЖОЛАМАН БАТЫР ТУРАЛЫ

**Аталуы**. Жоламан батыр туралы.

**Жинаушысы.** Бекарыстанов Зердебай. Ол туралы мәлімет 52-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Өз заманында бірнеше соғысқа қатысып, батыр атанған Шалабай деген кісінің немерелері – Жоламан, Бердәулет деген адамдар да өз уағында батыр болған екен. Сол тұста Әлеке деген хан халықты қинап, алым-салық жинайды, орысқа бағынады. Жоламан мен Бердәулет осы Әлеке ханды базарға он екі биімен салық жинауға келгенде атып өлтіреді. Билер кімнің атқанын біле алмайды. Сөйтіп, әр руға бір тиісіп, ақыры ештене өндіре алмайды.

**Басқы сөзі (1-б.):** Шалабай өз заманында батыр ер болған, өзі кедей болған.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Жоламанның батыр болуы – осы.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, парақтары сарғайып кеткен.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Қосымша белгілері.** 1941 ж. №5 тізімнен алынды. Жинаған Бек Зердебай (Адай) деген жазу жазылған. 2-беттің соңында КССР ОҒК мөрі басылған.

**Папкасы.** Қ.346, 2-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 277-278.

**182**

Ш. 613 (ӘӨИ) П. 6; Ж. 28
31х21; 23,5х16

## ЖОШЫ ХИКАЯСЫ

**Аталуы.** Жошы хикаясы.

**Жинаушысы.** Иманбаев Омар. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Алаша хан Кетбұға күйші тартқан домбыраның күйінен баласынан айрылғанын біліп, өмірден түңіліп жатып алғанда, баланың да Құдайдың аманаты екенін, оған өкпелегеннің жөнсіз екенін түсінетіні баяндалады.

**Басқы сөзі (8-б.):** Жалғыз баласы Жошы бала күнінде аңға шығып, аты құланмен елігіп, желігіп, бала атына ие бола алмай...

**Соңғы сөзі (13-б.):** Қысырауын ханның ханымы «Хан Бибі» деп жазылған екен» деп.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.613, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 104-104.

**183**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ЖЫЛҚЫНЫҢ ТОРЫСЫ КӨП ПЕ, ТӨБЕЛІ КӨП ПЕ?

**Аталуы.** Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе?

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Нұралы ханның қалың халықпен ақылдаспай Ресей патшалығының қарауына кірмекші болғандығы Сырым батырдың ашу-ызасын тудырады. Сол тұста Сырым батыр Беріш Алдар бидің

ақылымен Нұралы ханды шауып алған, сонымен қатар сол тұста халықтан орынсыз салық жинап, елдің еңіретіп жүрген Сырым батырды өлтіріп, мал-мүлкін шауып алғаны айтылады.

**Басқы сөзі (66-б.):** Кіші жүздің атынан Россия патшасына...

**Соңғы сөзі (66-б.):** ...Мал-мүлкін шауып алыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Мәтін машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 58-59.

**184**

Ш.1062 (ӘӨИ) Б.1,5; П.2 Ж.34
28,7х20,3; 26х15;

## ИБН СИНАНЫҢ АЖАЛҒА АРАША ТҮСУІ

**Аталуы.** Ибн Синаның ажалға араша түсуі.

**Жинаушысы.** Жақанова А. – 1990 жылы Қызылорда педагогикалық институтының студенті болған.

**Айтушысы.** Шәймерденова Тұрсынай. Қолжазбада «1941 жылы туылған» деп көрсетілген.

**Аннотациясы.** Атақты Ибн Сина кез келген ауруды жазатын ерекше қасиетті адам болған екен. Бір күні данышпан жақын шәкіртін шақырып алып, кішкентай шақшаны береді де, өзі өлген соң денесін өртеп, күлін қалыпқа салып, үстіне шақшадағы сұйықтықты тамызуды өсиет етеді. Көп ұзамай Ибн Сина қайтыс болады да, шәкірті өлікті өртеп, сұйықтықты аздап қана тамызады. Сол уақытта «рис – құй» деген жазу шығады. Адамды тірілтетін сұйықтықтың бәрін тамызса, оның қайта тіріліп әлемге аты мәшһүр болатынын ойлап, ішін қызғаныш кернеген шәкірт қалған сұйықтықты тамызбай қояды.

**Басқы сөзі (35-б.):** Ибн Сина өз кезінде данышпан балгер адам болған екен.

**Соңғы сөзі (37-б.):** Сөйтіп дүниеде Ибн Сина ғана ажалға араша тұрыпты деген аңыз бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды журнал қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы фольклорлық практика кезінде Қызылорда педагогикалық институтының студенті А.Жақанова хатқа түсірген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаздарының шеті мүжіліп, сарғая бастаған. Дегенмен оқуға кедергі келтірмейді.

**Папкасы.** Қ.1062, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 52.

**185**

Ш.1010 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

## ИМАН МЕН ҚОШҚАР БАТЫР

**Аталуы**. Иман мен Қошқар батыр.

**Жинаушысы.** Бекхожина Талиға. Ол туралы мәлімет 96-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Аманкелді әкесі Иман мен Үдербайдың әкесі Қошқар батыр жолда келе жатып тоңады. Үдербай Қошқарға бейіттің ағашын жағуды ұсынып, Қошқар батырды қорқытпақ болады. Өзі Қошқарға көрінбей бір молаға кіріп жатады, содан айғайлап, дауыс шығарады. Сонда Қошқар батыр аруаққа тыныш жатуды бұйырыпты.

**Басқы сөзі (2-б.):** Аманкелдің әкесі Иман мен Үдербайдың әкесі Қошқар...

**Соңғы сөзі (3-б.):** Тыныш жат! Өлген сен үшін тірі біз өле алмаймыз! – депті.

**Қолтаңбасы.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Аңыз мәтіні 1965 жылғы Қостанай, Орынбор экспедициясы кезінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1010, 5-дәп (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 297-298.

**186**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## [ИСАТАЙ-МАХАМБЕТ]

**Аталуы.** [Исатай-Махамбет].

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда жеңіліске ұшыраған Исатай, Махамбет қолының аз ғана бір тобы Жайықтан өтіп Тайсойғандағы Сәмбет дегеннің ауылына бір күн қонақ болып, одан әрі әлім Құдайберді, Барлыбай деген байлардың ауылдарына қонып, қиын-қыстау жерлерден аман-есен өтіп, ағайын арасындағы татулықты нығайта түскені жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (258-б.):** Жеңіліске ұшыраған Исатай...

**Соңғы сөзі (259-б.):** ... азаматтардың адамгершілігінің куәсі болса керек.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 910 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 107-108.

**187**

Ш. 916 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.27
29x20; 18x15

## ИСАТАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Исатай батыр.

**Жинаушысы.** Нығыметов Ермахан. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңызда Тайманның ұлы Исатайдың хан Жәңгірдің ең сенімді адамдарының бірі екендігі, ханның үйіне еркін кіріп-шыға беретіндігі, бірде осы әрекетін көре алмаған билермен сөз таластырып, көңілі қалып, теріс айналып кетіп, екінші қайтып оралмағаны, содан бастап Исатайдың халықты жинап ханға қарсы шыға бастағаны жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (155-б.):** Ел аузында айтылып жүрген сөздерге қарағанда...

**Соңғы сөзі (159-б.):** Сөйтіп, Исатайдың қара бұқараға басшылық етіп, Жәңгір ханға қарсы көтеріліс жасауы осыдан басталған екен дейді қариялар.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.916, 1-тізім (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 107-109.

**188**

Ш. 378 (ОҒК) П.1; Б.2; Ж.18
29x20; 22x16

## يساتاى باتىرى ناۋشا تۋرالى

**Аталуы.** Исатай батыры Науша туралы.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Жәңгір ханның найзагер батыры Сыйлыбайдың

үйінде Науша бойына тоғытпай, кемсітіп сөйлегені, бір жолғы барымтада Наушаның Сыйлыбайды иегінің астынан қағып өлтіргені, соңында Наушаға жара шығып өлгені сөз болады.

**Басқы сөзі (5-б.):** جەڭگىر حان ۋازىرلەرىمەن وزىنىڭ نىزاگەر ەبىر بىترى

**Соңғы сөзі (6-б.):** ماحابەت مكەۋى كەيىن اۋىلدارىنا قايتىپ كەتەدى

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке он сегіз жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.378 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 137.

**189**

Ш. 406 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.22
20x16; 18x14

## [ИСАТАЙ МЕН ЖӘҢГІР ХАН]

**Аталуы.** [Исатай мен Жәңгір хан].

**Жинаушысы.** Сәрсенғалиев Талап. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мырзалиев Тұраш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңызда Жәңгір ханның аңға бірге ере шыққан төрт биінің Исатайды ханға жамандауы, соны білген Истайдың табан астынан сөз тауып, төрт биді сан соқтырып, өзі өкпелеп, теріс айналып кетіп қалғаны жайлы қысқаша айтылады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Ханым Жәңгірге: «Он екі биді ұстап неғыласың, жалғыз Исатайды ұста!...

**Соңғы сөзі (4-б.):** ....деп сарт ұрып кейін бұрылып жөніне кетіпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 406, 5-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 119.

**190**

Ш. 464 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.26
29x20; 23x17

**يساتايدىڭ جاڭگىرحانغا قارسىلىق سەبەبى**

**Аталуы.** Исатайдың Жәңгірханға қарсылық себебі.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Байұлы беріш руынан шыққан Исатай Тайманұлы Ағатай батыр нәсілінен Жәңгір ханға қарсылық себебінің көбі қайын атасы Қарауылқожаның елге көрсеткен жәбірінен туғаны, ақыр аяғы бітпес дау мен соғысқа ұласқаны, бұл соғыста Исатай жағынан көп кісі өліп, халықтың тарап кеткені, сөйтіп, қарулы патшаның әскеріне төтеп бере алмай жеңілгені жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (34-б.):** ... بايۇلى بەرىش رۋنان شىققان يساتاي تايمانۇلى

**Соңғы сөзі (42-б.):** ...سويتىپ، جاراقتى پاتشانىڭ اسكەرنە تولەپ بەرە الماي جەڭىلدى.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Ақауы.** Дәптердің кейбір беттері шимайланған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма алты жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.464 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 120-125.

## 191

Ш. 406 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.22
20х16; 18х14

### ИСАТАЙДЫҢ ӨЛУІ МЕН ҚАЙДА ҚАЛҒАНЫ

**Аталуы.** Исатайдың өлуі мен қайда қалғаны.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Ізболатов Ө. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Исатай ханды шаппақ болып елден қол жинап, жеті мың нөкермен Жасқұс құмында жатады. Сол мезгілде ханмен табыстырмақ болып араға Шыман төре мен тағы басқалар түседі. Бірақ шын мәнісінде бұл уақыттан ұту әрекеті болып шығады. Сол арада Оралдан бес жүз солдат келіп қалады. Қарулы солдаттар зеңбірек пен мылтықтың оғын жаудырады. Исатайдың Дүйін-Баян деген баласынан туған Өтепқалидың 1916 жылғы қозғалысқа қатысқаны, Астрахан түрмесінде жатқаны айтылады.

**Басқы сөзі (5-б.):** Исатай ханды шаппақ болып елден қол жинап...

**Соңғы сөзі (6-б.):** ....Астраханның түрмесінде жатқан адамның бірі.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Дәптер түбі ақ жіппен тігілген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** 406, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 131-133.

**192**

Ш. 406 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.22
20х16; 18х14

## [ИСАТАЙ МЕН ШЫҒАЙ]

**Аталуы.**[Исатай мен Шығай].

**Жинаушысы.** Сәрсенғалиев Т. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мырзалиев Т. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Мұнда Бөкей ханның Жасқұс қаласынан орда салдырғаны, Бөкейдің інісі Шығай сол ордаға құтты болсын айта барғанда Астраханнан оқудан келген Жәңгірді көріп қалып, келбетіне қарап болашағын болжап отырғанда, сыртынан қарап тұрған жас Исатай Шығайды сөзден жығып кеткен тапқырлығы жайлы айтылады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Исатайдың жас кезі екен...

**Соңғы сөзі (2-б.):** ....тесіп шығып бара жатыр екен дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 406 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 129.

**193**

Ш. 916 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.27
29х20; 18х15

## ИСАТАЙ СӨЗДЕРІНЕН

**Аталуы.** Исатай сөздерінен.

**Жинаушысы.** Нығыметов Ермахан. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңызда Исатайдың білімділігі, ұтқыр ойлы жан екендігі, сонымен бірге хан Жәңгірдің орыс патшаларына еліктеп жердің шұрайлысын бай-манаптарға бөліп беріп, кедей шаруаларды құмдауытқа

ығыстырып қысым көрсетіп жүргені, ханның осы әрекеттерін көріп тұрып шыдай алмаған Исатайдың тапқыр оймен ханға қарсы тұрып, сөзбен жыққаны, сондай-ақ ханнан әбден көңілі қалған Исатайдың артына қайырылмай ханнан ат кекілін үзіп, арты шаруалар көтерілісіне ұласқаны жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (150-б.):** Исатай Тайманұлы XIX ғасырдың отызыншы жылдары...

**Соңғы сөзі (154-б.):** ... түбі шаруалар көтерілісіне ұштасыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелу.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.916 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 110-111.

**194**

Ш.406 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.22
20x16; 18x14

## ИСАТАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҚ СӨЗДЕРІ

**Аталуы.** Исатайдың тапқырлық сөздері.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Ізболатов Ө. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Исатайдың әкесі Тайман, Жабал екі ағайынды. Жабал Бөкей ханның заманында беріш руына старшина болған. Бөкей хан өлгесін, орнына Сығай жас бала Исатайды ұнатып Жабалдан өз рұқсаты бойынша он бес жастағы Исатайға старшиналықты алып берген екен. Астрахань губернаторының қолында аманатта жүрген Жәңгір әскери білім алып, орыс елінің әкімшілік салтына түсініп, жас жігіт әкесінің орнына отырып хан болмақ болып елге келген. Бірақ бес-алты жыл хан болып мансапқорланып алған Сығай Жәңгірге хандықты бермеу ниетіне кіріскен. Бір күні Жәңгір хан ордасындағы би, мырзаларын жинап алып,

әр рудағы қызықты әңгімелерді айтуға ұсыныс жасапты. Ханнан рұқсат алып, беріш руының ақындары той бастаған екен.

**Басқы сөзі (3-б.):** Исатайдың жас кезі екен...

**Соңғы сөзі (5-б.):** ....тесіп шығып бара жатыр екен дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.406, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 129-131.

**195**

Ш. 1154 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ИСАТАЙДЫҢ ТҮСІ ЖАЙЛЫ

**Аталуы.** Исатайдың түсі жайлы.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Исатайдың арғы атасы Бұқайдың өмір тарихы, қалай өлгені жайлы айта келе, одан бері Исатайдың өмірге келіп, өсу жолы, көрген қызықтары мен қиындықтары жайлы сөз болады.

**Басқы сөзі (6-б.):** Беріштің ұраны – «Ағатай!»...

**Соңғы сөзі (7-б.):** ... некеден бұрын болды деп жабылған жұрттың жаласы, – дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1154, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 127-129.

## 196

Ш.1154 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

### ИСАТАЙ-ЖӘҢГІРДІҢ ЖЕР ТАЛАСЫ ЖАЙЛЫ БІРАЗ СӨЗ

**Аталуы.** Исатай-Жәңгірдің жер таласы біраз сөз.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Исатай мен Жәңгірдің арасындағы жерге талас Қарауылқожа арқылы өрбиді. Жәңгір хан Исатайға жерді босатуын талап етіп, Қарауылқожаны қайта-қайта жібере берген соң, бір жолы Қарауылқожаны жігіттеріне сабатып шығарып салады. Ақыр аяғы патша комиссиясының тексеруіне ілігіп, екеуін екіге ажыратып жіберіп, ханның ойлағаны орындалмай қалғаны жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Күзде хан жәрмеңкесі ашылады, он-он бес күндік...

**Соңғы сөзі (6-б.):** ... Жәңгір мен Шыманның әм ұйғарысқан билердің мақсаты орындалмайды.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1154, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 115-118.

## 197

Ш. 1122 (ӘӨИ) П. 2; Ж. 20
21,5х20; 20х19

### ИТЕКЕ БАТЫР

**Аталуы.** Итеке батыр.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңыз Итеке батырдың бір ерлігін суреттейді. Балқашты қыстаған жылы Итеке батырдың бір жақсы көретін айғырын жолбарыс жарып кетеді. Итеке қолына қамшыдан басқа қару алмай қырбық қарда жолбарыстың ізіне түсіп, үстінен түсіп, бір-бірінен көздерін алмай атысып тұрып қалады. Бір уақытта жолбарыстың көзі сола береді, сол кезде Итеке батыр қамшымен бастан салып қалғанда жолбарыс өліп қалады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Итеке батыр бала кезінің өзінде-ақ ат құлағына ойнап, құралайды көзге атқан мерген болыпты.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Бұл Итекең батырдың көп ерлігінің бірі екен.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Бір жолды оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1122, 7-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 225-256.

**198**

Ш. 1014 (ӘӨИ) Б.5 ; Ж.132
29х20;16х23

## КЕЛДІБЕКҰЛЫ ҚАЗБЕКТІҢ ҚАЗ ДАУЫСТЫ АТАНУЫ

**Аталуы.** Келдібекұлы Қазбектің Қаз дауысты атануы.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Торсықбайұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңыз мазмұны №229, №230 сипаттамалармен бірдей. Тек мұнда Абылай ханның өмірбаяны кеңінен берілген.

**Басқы сөзі (1-б.):** Абылай XVIII ғасырдағы атағы жер жарған хан болыпты.

**Соңғы сөзі (3-б.):** ... қалмақтың қаһарлы ханы Қоңтажыны қорғасындай балқытқан екен.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 52-57.

**199**

Ш. 1331 ОҒК

Б.2; Ж.25
20х30; 14х 19,5

## КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ ХАҚЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР

**Аталуы.** Кенесары – Наурызбай хақындағы әңгімелер.

**Аннотациясы.** Бұл шығармада Кенесарының ерліктері туралы бірнеше аңыз қамтылған. Алғаш қазақ халқы орысқа қарап тұрғанда, Баянауылда Шоң би аға сұлтан дуанбасы болған. Шоң би қайтыс болып, Шорман би аға сұлтан болып сайланысымен үйіне барып ол да қайтыс болады. Шорманның сүйегі Ерейментаудың сыртында жерленген жер «Шорман тамы» атанып кеткен. Сонан кейін Поштай деген адам аға сұлтан болған. Кенесары Қараөткелге өрт салмақшы болғанда, Қоңырқұлжа қарсы тұрған. Осы ұрыс кезінде батырлардың ішінен қыпшақ Басықара батырға оқ тиіп, қаза болады. Тама Танаш батыр Басықарамен дос екен, ол шайқас болып жатқан жерге қайта шауып барып, Басықараның сүйегін алдына өңгеріп алып келеді. Кенесары тама Танаштың достыққа адалдығын елге өнеге қып айтқан екен.

Енді бір аңызда Жанайдар, Толабай батырлардың ерліктері, Толабайға «Жеке батыр» деген ат берілгені айтылса, келесі бір аңызда қырғыз Кенесарыға қарсыласып жатқан кез суреттеледі. Патша өкіметі Аягөзден Кенесарымен соғысуға Нухалов деген жасауылды шығарғаны, қазақ батырларының оларға қарсы қарсылығы, жасаған ерліктері баяндалады. Келесі аңызда 1846 жылы Бішпектің төңірегінде болған соғыста Кенесары әскерінің шайқасы, жасаған ерліктері, олардың қырғыздардың қолына түсуі суреттеледі.

**Басқы сөзі (2):** Ең алғаш қазақ халқы орысқа қарап, дуан аузы ашылғанда, Шоң би аға сұлтан дуанбасы болған.

**Соңғы сөзі (3):** Ас-сусыз үш күн соғысып аты да, адамы да болдырып, титығы құрып қолға түскен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Ақ қағазға машинкамен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбалар қалың қағазбен түптелген.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 197-201.

**200**

Ш. 1331 (ОҒК) П. 2; Ж. 27
29x20; 24,5x18,5

## [КЕНЕ ӘСКЕРІНІҢ АҚМОЛАҒА ОЙЫСУЫ]

**Аталуы.** [Кене әскерінің Акмолаға ойысуы].

**Аннотациясы.** Кенесары бастаған батырлар Қызылжардың жерін өлшеуге келгендерді айдап шығады. Патша көп солдат жібереді. Мұнымен Кене әскері көп ұрысады. Кейіннен Ағыбайдың ақылымен Кене қолы Көкшетеу Бұрабайға келіп қоныстанып, күш жинайды. Көп батырлар өз әскерімен келіп, Кенеге қосылады. Керей Тұрлыбек патшаға Кенесарыны жамандап жансыз жібереді. Патша алғашында он мың солдат жібергенімен, Кене қолы оның жеті мың үш жүзін қырып, қалғаны бытырай қашып кетеді. Сонымен патша тағы он бес мың зеңбірекпен қаруланған әскер аттандырады. Кене қолы солдаттарды қанша қырса да, тағы келіп жатады.

**Басқы сөзі (347-б.):** Қызылжардың жерін біржола өлшеп алуға келген инженер және Аргерей генаралдың келгенін көрген Кене хан...

**Соңғы сөзі (350-б.):** Беті қайтқан Кене әскері Ақмолаға қарай ойысты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба сұр түсті қатты қағазбен тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 178-181.

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 8; Ж.35
33,5x20,5; 32,5x19

# كەنەسارى – ناۋرىزباي

**Аталуы**. Кенесары – Наурызбай.

**Жинаушысы.** Есіркепов Күміспек. Ол туралы мәлімет 11-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Әбілпейіз хан Бұқарада хандық құрып тұрғанда, оның Мәрайым атты уәзірі қапысын тауып өлтіріп, дүние-мүлкін «ханталапай» қылған. Әбілпейіздің әйелі бес жасар Абылайды алып қашып, Ораз деген шалға аманаттайды. Ораз баланы алып қашып, Түркістанға, кейіннен Сарыарқаға барып, Аталық деген байға жалшы болып сіңеді. Абылайдың мүсініне, ісіне разы болған Аталық оны өкіл бала қылып алады. Қазақ-Жоңғар соғысында Абылай Жәнібек ханның қолына келіп қосылып, жекпе-жекте қалмақтың атақты батыры Шырышты өлтіреді. Кейіннен оны хан көтереді. Абылайдың қалмақ әйелінен Қасым хан және бір әйелінен Уәли туылады. Абылай өлген соң ұлдары арасында егес болып, Қасымды шеттетеді. Қасымнан Кенесары туылады. Бұл егес Қасым мен Уәли балаларының арасында да жалғасады. Кенесары-Наурызбай қырғызбен соғыста қаза табады. Оның баласы Сыздық та патша әскерімен соғысып өтеді. Ақыры Үргеніш, Қашқар асып кетеді, кейін елге келіп қартайып дүниеден өтеді.

**Басқы сөзі (1-б.):** ابلپەيز دەگەن بۇحارادا حاندىق قۇرىپ تۇرعان

**Соңғы сөзі (8-б.):** ءبىراق كوپ ادام قارۋمەن قاشا ۋرىس قىلىپ سىزدىق قالعان

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Шақпақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1941 жылы, қайдан жиналғаны туралы мәлімет кездеспеді.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба күлгін түсті қатты қағазбен тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 160-164.

202

Ш. 828 (ӘӨИ)

П. 5; Ж. 22 .
23x21,5; 21.5x20

## КЕНЕСАРЫ

**Аталуы**. Кенесары.

**Жинаушысы**. Мәжікеев Мұқаш. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Абылай дүние салған соң, оның ұрпақтары хандық құруға әрекеттенеді. Қасым төренің ұлы Кенесарының қимылы ширақ болып, «Абылай» ұранын көтереді. Орта жүзді күшпен өзіне қаратып, Ұлы жүз Үйсіндерді де дегеніне көндіреді. Бұған місе тұтпай қырғыз елін де өзіне қаратпақшы болып, Бөгенбай қартты елшілікке жұмсайды. Қырғыз-қазақ екі жағы ақсарбас сойып, баталасады. Қуанышты хабарды Бөгенбай Кенесарыға алып келгенде, «Хан ордасы Алатау қойнауында болсын» дегеніне наразы болған Кенесары Бөгенбайға ауыр сөз айтады. Бөгенбай етегін сілкіп, орнынан тұрып Сарыарқаға бет алғанда, артынан қалың батырлар бірге кетеді де, Кенесары қолға түсіп, ақыры жазаланады.

Кеңес кезеңінде жазып алынған аңызда Кенесарының бейнесі халық жауы ретінде баяндалады.

**Басқы сөзі (55-б.):** Абылайдан кейін оның балалары Уәли, Есім мен Қасым хандық құруға әрекеттенеді.

**Соңғы сөзі (63-б.):** Халық жауына сол лайық!» – десті осы оқиғаны баяндаған қарттар.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған.

**Папкасы.** Қ.828, 3-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант. – 2012. – Б. 155-157.

**203**

Ш. 339 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 19
21.5x20; 19.5x18

## КЕНЕСАРЫ ТУРАЛЫ

**Аталуы**. Кенесары туралы

**Жинаушысы**. Бұйрабеков Шүйен – халық мұрасын жинаушы, Қарағанды облысы, Нұра ауданында 1950-жылдары тұрған.

**Аннотациясы**. Кенесары Орал губерниясының күншығыс шетіне келген кезде, Жайық өзенінің оң жағындағы бір уезде писарь Жұмырқожа дейтін қожа кісі Кенесарыны ұстау туралы губернатордың жарлығын таратып жүргенде, Кене шолғыншылары оны ұстап, ханға алып барады. Кенесары жігіттеріне ат мінгізіп, шапан кигізіп ұстаған жеріне апарып қоя беруге бұйырады.

**Басқы сөзі (1-б.)**: Кенесары сол кездегі Орал губернасының күншығыс шетіне келген сияқты (қазіргі Қаратөбе ауданының шеті).

**Соңғы сөзі (1-б.)**: Омар деген (Сырымның немересі) күшті адамның қасында қалып, Жайық өзенінің сол жақ бетінде қоныс теуіпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі**. Шығарма оқушы дәптерінің сыртқы тысына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған**. 1951 жылы Қарағанды облысында жазылған.

**Мәтіннің орналасуы**. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі**. Қолжазба тысталған.

**Папкасы**. Қ.339, 2-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы**. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант. – 2012. – Б. 158.

**204**

Ш. 1338 (ОҒК) П. 2; Ж. 23
30x21,5; 28,5x18

## КЕНЕСАРЫ ТУРАЛЫ

**Аталуы**. Кенесары туралы.

**Аннотациясы**. Кенесарыға сүйіндік елі «еремін» деп, ермегенсін, мұның себебін біреу айтқан екен. Елінің Кенесарыға ергенін Поштай

қаламайды деп. Кенесары Поштайға адам салып себебін сұрапты. Сонда Поштай «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» жылдарында бұл жердің аш-арыққа құтты мекен болғанын айтады. Сондай-ақ осы кезде Қаржас Азынабек баласы Тайжан, Сейтендерде он бес мың жылқы біткен екен. Кенесарыға ерем деп, Ілеге келгенде жылқысы жерсінбей, қаша берген соң, қайта көшіп Нұраға барғанда орыстың қуғыншы бес жүз солдаты ұстап алып, Тайжанды қара ағашқа байлап атып өлтіріп, Сейтенді он сегіз жылға жер аударған екен.

**Басқы сөзі (316-б.):** Кенесарыға сүйіндік елі «еремін» деп, ермегенсін, Кенесарыға біреу айтыпты.

**Соңғы сөзі (317-б.):** Сейтенді он сегіз жыл катарге айдауға өкім еткен «Кенесарыға ерді» деп.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1935 жылы жазылған, қайдан жиналғаны туралы мәлімет кездеспеді.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 159.

## 205

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 1; Ж. 18
20х20, 16х17

[كەنەسارى]

**Аталуы.** [Кенесары].

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Дулаттың Ботпай руынан шыққан Андастың бейіті Мерке мен Алатаудың арасында. Арысты арқа тұтып, Дулат болып кеткен төрт Шөмекей, бес Жаппастың бір үй жақыны бар екен. Кезінде осы рудан шыққан Алтыбайды Кенесары өзіне бағынбағаны үшін тірідей өртеп жіберген екен. Наурызбай жүз жігітпен зекетшілеп барғанда оның немере інісі Жанқабыл батыр Наурызбайдың адамдарын қырып, тірісін Қоқанға ұстап берген. Наурызбай тоғыз жігітімен қашып құтылған екен.

Басқы сөзі (6-б.): الداس – دۋلات بوتباي رزشان

Соңғы сөзі (6-б.): الاتاۋدىك اتشۋلى مىر ورزمى «قرنلسومسا» دمپ اتالادى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 157.

**206**

Ш. 1331 ОҒК

П 1,5; Б1,5; Ж.31
20х30; 14х 19,5

## KENESARI – NAURIZBAY SOĞISI TURALI

**Аталуы.** Кенесары – Наурызбай соғысы туралы.

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушы.** Құлбаев (қолжазбада тапсырушының есімі жазылмаған). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей (1850-1946) – халық ақыны, шешен, әнші, композитор. Жасынан жетім қалып, байларда жалшылықта жүрген. 16 жасынан ақындығымен танылады. Ақындық, әншілік өнерді жас кезінде Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Біржан салдардан үйренеді. Орынбаймен, Кемпірбаймен кездеседі. Үкілі Ыбырай мен Ақан серімен айтысады. Қараганды кеншілерінің өмірі мен еңбегін, соғыс жылдары Отан қорғау жолындағы әрбір жеңісті, Досмағамбетов, Жұмалиевтің ерлігін жырлады. Халық арасында кең тараған батырлық жырларды, лиро-эпостық дастандарды, шешендік сөздерді өте көп білген. Шығыс елдерінен ауысқан ертегі-аңыздарды жаттап алып, домбыраға қосып, ел ішінде айтып жүрген. Көптеген халық ауыз әдебиеті үлгілерін біздің заманымызға жеткізген.

**Аннотациясы.** Абылайдың отыз баласы болған. Солардың ішінде ерлігімен асып туған Қасым болады. Қасымнан Кенесары, Есенгелді, Саржан, Наурызбай атты батыр ұлдар туады. Кенесары ақылға, қайратқа бірдей асқан кемеңгер адам болып ержетеді. Бабасы

Абылайдың жолын қуып, қазақ елін түгел билеп, бауырына тартады. Қазақ елінің қамын ойлаған батырлар Кенекеңнің қоластына жинала бастайды.

Арғыннан шұбыртпалы Ағыбай батыр, дулаттан Шәкір, Жәуке, Төлебай батыр, шапыраштты Бұғыбай батыр, төртуылдан – Жанайдар, майлыдан – Көбек, қаракерей Тоғанас батыр, сармантай Алшағыр сияқты көптеген қару-жарақты батырлардың әрқайсысы жүз-жүзден қол құраған басшы болған. Николай патша қазақтың шұрайлы жерін, малын алмақшы болады. Николайдың бұл сөзінен күллі қазақ қатты шошиды. Қыпшақ Ыбырайды дуанбасы сайлап оған жеті дуанды қаратқан. Керейден советник Тұрлыбек, Ертістен бәсентиін Мөшеке, сүйіндіктен Шорманның Мұсасы, найманда Ерден, Дүзен, қаракесектен Қаздауысты Қазбектің тұқымынан Шалғынбай, Қарқаралыдан төре Жамантай, тобықтыдан Құнанбайлар шығып, Николайдан сыйлық, шен ала бастайды. Николай бұларды Омбыға шақыртады, жаңа ереже жасамақ болады. Қазақты орыс дініне кіргізбек болады, бұған халық көнгісі келмейді. Керей Тұрлыбек елді көндіруге тырысады. Бұған ашық қарсы шыққан Жүкенді атпақ болады. Керейден Николайға аттанған бес жүз кісіні Жүкен тоқтатпақ болады. Уезнай Жүкенді абақтыға жабады. Халықтың дүрліккенін көрген Кенесары елдің рухын көтеріп басу айтады.

**Басқы сөзі (338-б.):** Kenesarı – Naurızbay soğısı turalı.

**Соңғы сөзі (341-б.):** Sol atamnıñ aytqanı däl keldi.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін алғашында ақ қағазға латын әрпінде машинкаға басылып, кейін кирилл әрпіне түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1940 жылдары Қарағанды облысында Доскей Әлімбаевтың айтуынан жазылып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбалар қалың қағазбен түптелген.

**Папкасы.** Қ. 1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 201-203.

207

Ш.1331 (ОҒК) П 1. Б 1; Ж. 30
20х30; 14х 19,5

## [КЕНЕСАРЫ МЕН НАУРЫЗБАЙДЫҢ ҚЫРҒЫЗ ҚОЛЫНА ТҮСУІ]

**Аталуы.** [Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолына түсуі].

**Жинаушысы.** Маханов П. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қалжыраған, аттары шаршаған Кенесары әскері Алатаудың асуында бөгеліп, тынығу үшін қос тігіп аялдайды. Ағыбай мен Наурызбай соғысты тоқтатып, еліне қайтуды өтінеді. Кене бұған рұқсат береді. Ағыбай түнде көшуді ұйғарады. Кене күндіз көшуді жөн санайды. Түнде көшеміз деп әскерге жариялап қойған Ағыбай мен Наурызбай әскерлердің бөлек жерде тігілген шатырларына келе жатып, шөлдеп бір шұқанақтан су көріп, местерге су құйып алып жүргенде, айтылған уақыттан асып кетіп, Кененің әскері дүркірей көше жөнеледі. Бұлар көше жөнелгенде, қырғыздың аңдып тұрған әскерлері бас салады. Аттары әбден шаршаған Кенесары әскері әлсірейді. Ағыбай мен Наурызбай жаяу қалып, артынан бір жігіт жетектеп қос ат әкеледі. Олар атқа міне сала соғыстың ортасына қарай шабады. Наурызбай мен Ағыбай өздерін білдірмеуге келісіп алғанымен, Наурызбай соғысқа таянғанда өзін әйгілеп қояды. Соғыста Кененің батырларының көбі қырылады, Ағыбай, Танаш, Тоқанас, Жолдыаяқ, Көбек батырлар көп ерлік көрсетеді. Кененің әскерлері Ақсудан салған қырғыздардың қорғанын бұзып шыққанымен, оларды қоршап алып, «Абылай аспас асудан» өткізбей қояды. Наурызбай мен Кене қолға түседі. Қырғыздар Кене мен Наурызбайды қылышпен шауып өлтіреді.

**Басқы сөзі (3):** Кененің әскері Алатаудың асуында бөгеліп қалжырайды.

**Соңғы сөзі (4):** Тайтақ, Өскебай Қызыл-жирен Торғасқа атымен Мұрат Жиенәлінің інісі Жортық батыр, Жолдыаяқ батырлар бастаған көп әскерлер қырғыз даласында, жонда өліп, далада қалады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа санымен нөмірленген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбалар қалың қағазбен түптелген.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 195-196.

**208**

Ш. 339 (ӘӨИ) П. 1; Ж. 19
21,5x20; 19,5x18

## [КЕНЕСАРЫ МЕН ОМАР]

**Аталуы.** [Кенесары мен Омар].

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Кенесарыны қуған топтың ішінде болған Байбақты руынан Омар деген қайтып келе жатқанда, түс көріп, түсін Сырым батырдың баласы Қазы биге жорытыпты. Қазының айтқаны келіп, балалы болып, атын Кенесары қояды.

**Басқы сөзі (3-б.):** Байбақты руынан Омар дейтін кісі Кенесарыны қуған топтың ішіне болады.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Сол Кенесарыдан Жұрмағамбет, одан Сәрсен т.б. туыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түскен.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ.339, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 167.

209

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 8; Ж. 18
22x15,5; 19,5x14,5

## كەنەسارى مەن وتىنشى

**Аталуы.** Кенесары мен Отыншы.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қ. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Майлы Көбек батырдың тұқымы Әлші (Жинаушының шешесінің інісі, нағашысы, 1919 жылы дүние салған).

**Аннотациясы.** Бір өзбек саудамен жүріп, қырғыз жерінде панасыз бір баланы өзіне көмекші етіп алады. Бұл баланың ісі жаққан соң, оны оқытып, тәрбиелейді. Ол өсе келе өзбектің басты адамының біріне айналады. Кенесары қолы Қокан өзбекпен жауласқан кезінде, қанша рет шабуыл жасаса да, Отыншыны ала алмайды. Кенесары батырларына Отыншыны тірі қолға түсіруді тапсырады. Күшпен ала алмаған соң, Кенесары айла қолданып, Отыншыны қолға түсіреді. Оны түбі қырғыз Жеке батырға тапсырғанымен ол алғысы келмейді, сөйтіп оны Тама Танаш батырдың қарауына береді. Отыншының әйелі артынан іздеп келгенде, мұның сұлулығына қызыққан кейбір батырлар Отыншыны өлтіріп әйелін жар етпекші ойы болады. Сөйтіп, Кенесарыға Отыншыны қайта-қайта жамандап, ақыры Отыншыны өлтіргізіп тынады. Отыншының өлер алдындағы сөзін Кенесарының баскесері айтып келген соң Кенесары қатты өкінеді. Ал әйелін ешкімге тигізбей, еліне жеткізіп салады.

**Басқы сөзі (1-б.):** بزدنك جاقتا «دوس بولساڭ، تاما تاناشپەن دوس بول» دەگەن ماقال بولدى

**Соңғы сөзі (24-б.):** كەنەسارى امان-ساۋ ملنه اپارتىپ سالادى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолжазба ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде хатқа түскен.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 171-177.

Ш.339 (ӘӨИ)

П.3; Б.4,5; Ж.20.
17х20; 15х19.

## КЕНЕСАРЫ, НАУРЫЗБАЙ ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Кенесары, Наурызбай туралы.

**Жинаушысы.** Сейітгаппарова Зүбайра – Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің ғылыми қызметкері болып істеген.

**Айтушысы.** Әміров Аққошқар. Онтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданы, Ворошилов колхозында тұрған.

**Аннотациясы.** Атбасар Қараөткел деген жерді мекендеген Арғын ішіндегі қуандық, сүйіндік деген рулар Арқада хан болып тұрған кезде Кенесарыдан көп зорлық көреді. Бұл жерлерді бағындырған Кенесары сол кезде Ресеймен соғысып жеңіледі. Қазақ халқының орысқа бодан болмауын көздеп Әулиеата (қазіргі Жамбыл облысы) маңына келіп, өзін хан деп тануын талап етеді. Сол кезде сол маңды билеп тұрған Байұзақ датқа Кенесарыға іштей қас болғанымен, білдірмей бағынып жүреді. Байзақ елін билеп алған Кенесары орысқа қарсы шығу үшін қырғыз еліне елші жіберіп, әскер сұрайды. Бірақ қырғыз елі әскер беруге қарсы болады. Бұған ашуланған Кенесары қырғыз елінің біраз жерін шауып алады. Кенесарының шабуылынан қорыққан қырғыздың кейбір рубасылары елші жіберіп, бағынатынын білдіреді. Бірақ келген қырғыз елшісін Кенесарының бұйрығы бойынша, інісі Наурызбай айуандықпен өлтіреді. Қырғызға шабуылын күшейте түскен Кенесары «Абылай аспас сары бел» деген асудан асып қырғыз елінің біраз жерін шауып алады. Кенесарыға наразы Байұзақ датқа қырғыз датқаларымен астыртын келісіп, өзіне қарасты әскерді Кенесарыдан бөліп әкетеді. Азғана әскермен қалған Кенесары қырғыздың қолына түсіп қалады. Артынша Кенесарыны құтқаруға барған Наурызбай да қолға түседі.

**Басқы сөзі (2-б.):** Кенесары Арқада хан болып тұрған Көкшетау деген жерде қалың Арғын руының қуандық, сүйіндік деген руларының ішінде бұл рулар Атбасар Қараөткел деген жерін мекендеген.

**Соңғы сөзі (6-б.):** Қырғыздар қолға түскен Кенесары мен Наурызбайды Кенесарының «наркескен» деген қылышымен шауып өлтірген екен дейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін тор көзді дәптерге қарындашпен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1953 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысында жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа санымен нөмірленген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбалар қалың қағазбен түптелген.

**Папкасы.** Қ.339 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 194-195.

**211**

Ш. 1338 (ОҒК) П. 5; Ж. 19

22x15,5; 19,5x14,5

كەنەسارىنى ولىمنەن ايىرىپ قالعان ەكەن

**Аталуы.** Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Қалқаман Әжібай. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кенесарының бір әйелі орыс патшасының қолына түсіп кеткенде, Кенесары Атбасар қаласын шауып, екі жүз орысты тұтқындап алып шығады. қасқарая көшіп, шолпан туа қонып, екі-үш күн жүрген соң, орыстарды босатқызады. Орыстар қайдан келіп, қайда тұрғанын білмеген соң, Кенесарының отын-суын тасып жұмыс істейді. Арада біраз күн өткеннен кейін, бір орысты шақырып алып, орыс патшасына хат жаздырып, бір батырына әлгі орысты хатымен қалаға жеткізіп салуын тапсырады. Хатта әйелін аман қайтармаса, тұтқындағы орыстың бәрін қырып тастайтынын жазған. Сонымен патша Кененің әйелін көп дүние-мүлікпен, күймеге отырғызып еліне қайтарады. Әйелі келген соң ел-жұрт жиналады. Әркімге патша берген сыйлықтарды береді. Соңында бір алтындатылған кішкене сандықшаны алып шығып, кілтін Кенеге береді, патша сандықшаны тек ханның өзі ашсын деп тапсырған екен. Ахметжан деген туысы орыстың қастығынан қауіптенетінін айтқан соң Кене сандықшаны есік алдындағы бір

төбешікке койып, садақпен тартып қалғанда, тұрған орны үй орнындай ойылып калады.

**Басқы сөзі (16-б.):** كەنەسارىنىڭ ءبىر ايەلى ورىس پاتشاسىنىڭ قولىنا ءتۇسىپ كەتىپتى

**Соңғы сөзі (24-б.):** ءوزى قايدا كەتكەنى بەلگىسىز جوق بولىپ كەتىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қайдан жиналғаны туралы мәлімет кездеспеді.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жасыл түсті қатты қағазбен тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 177-178.

## 212

Ш. 1331 (ОҒК)

П. 2; Ж. 27
29x20; 24,5x18,5

## КЕНЕСАРЫНЫҢ ДУЛАТҚА КЕЛУІ

**Аталуы.** Кенесарының дулатқа келуі.

**Аннотациясы.** Кенесары, Наурызбай заманында қазақтың орысқа бағынуына карсы болып Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алады. Алайда, жер-дүниені қаптаған патша әскері, қайда барса да, зеңбірегін сүйретіп, Кенесары-Наурызбайдың қыр соңынан калмайды. Ниеттес болып жүрген төрелер мен байлардың барлығы орыс жағына шығып кетеді. Ақыры Кене ұлы мақсатпен Іледен өтіп, Шуға, Тойшыбек батырдың аулына келіп түседі. Сонда Ұлы жүздің игі-жақсылары ханның алдына жиылып келеді. Хан Сұраншы, Байсейіт сияқты үйіне ат ағызып, төте кірген батырларға оң тізесінен орын беріп ашылып сөйлеседі. Ұлы жүздің барлык батырлары бас қосып, қол құрады.

**Басқы сөзі (2-б.):** Кенесары, Наурызбай заманында жаннан асқан ер болды.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Алатауды сілкінткендей бір қалың қайратты қол құралды.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба сұр түсті қатты қағазбен тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.1645 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 167.

**213**

Ш. 1338 (ОҒК) — П. 2; Ж. 15; 21х20; 20х15

## كەنەسارىنىڭ جەڭلۋ سەبەبى

**Аталуы.** Кенесарының жеңілу себебі.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бөгенбай қарт қырғыз бен қазақтың арасында келісім жүргізу үшін қырғызға барады. Қырғыздар Бөгенбайға ақ қошқарын сойып, баталасады. Келген соң бұл істі Кенесарыға баян етеді, бірақ Кене бұл оның қалауы емес екенін айтқан соң, Бөгенбай етегін үш қағып, хан Кенеге ренжіп, артынан ерген арғын-қыпшақты алып кетеді.

**Басқы сөзі (5-б.):** قىرعىز بەن قازاقتىڭ اراسىندا كەلىسىۋ جۇرگىزىپ...

**Соңғы сөзі (5-б.):** ۋسىدان كەيىن كەنەنىڭ سىنىڭ ۋكىباۋىنا، جەڭلۋىنە سەبەپ بولعان ۋسى دەيدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолжазба ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 187-188.

Ш. 1338 (ОҒК)

П. 1; Ж. 18
20x20; 16x17

## КЕНЕСАРЫНЫҢ ҚАЛМАҚТАН ЖАРАЛҒАНЫ

**Аталуы.** Кенесарының қалмақтан жаралғаны.

**Жинаушысы.** Бекмаханов Ермахан (1915-1966) – ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қаз ССР ҒА-ның корреспондент-мүшесі. 1944 жылы «Қазақ ССР тарихындағы» Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы тараудың авторы ретінде әділетсіз сынға ұшырады. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабында Кенесары Қасымұлының көтерілісін (1837-1847) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. 1952 жылы 25 жылға бас бостандығынан айырылып, 1954 жылы ақталып шығады. Қазақстанның XVIII-XIX ғасырлардағы саяси, әлеуметтік экономика тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

**Аннотациясы.** Абылай хан қалмақтың ханы Уса-Зереңді шапқанда ханның екі қызын алып кетеді. Сонда қыздың шешесі Абылай қолының артынан қуып жетіп, біреуін Абылайдың өзі алуға, біреуін өзі теңдес адамға беруін өтінеді. Себебі, бірінен батыр, бірінен әулие туатынын ескертеді. Сол екі қыздың Абылай алғанынан Қасым туылса, Керей Құрман батырға берген екінші қыздан Кенесарының қозғалысына қатысқан Марал туылады. Тағы бірде Наурызбай Жаппастың елін шауып, сонда жатқанда Жанқабыл батыр түнде келіп, бәрін қарусыздандырып, Наурызбайдың тоқсан адамын өлтіреді. Байтабын батырды қарусыз сорға қамап өлтіреді. Ал қашып құтылған Наурызбай алдын орай қуған жеті адамды найзаға іліп өлтіреді. Соның бірі Көкір деген батыр екен.

**Басқы сөзі (4-б.):** Абылай қалмақтың ханы Уса-Зереңдегенді шабады

**Соңғы сөзі (4-б.):** Соның біреуі Көкір деген батыр, Әлмембет бидің баласы (әкесі бес Жаппасты билеген).

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Шығарма кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1946 жылы.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 159-160.

Ш. 1337 (ОҒК)

П. 3; Ж. 21
21 х16,5; 19,5х15,5

## كەنەسارىنىڭ قىرعىزعا اقىرعى اتتانعانى

**Аталуы.** Кенесарының қырғызға ақырғы аттанғаны.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түлпүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Шыңбай Мыңбайұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кенесары Адыр қаласы салынып жатқанда, шауып, қаланы өртеп, қару-жарақтанады. Кенесары зеңбіректі болған соң, батырларын жинап, қырғызға аттанады. Қырғыздың Қанай, Есқожаның сырлы күмбезін бұздырады. Ағыбайдың араша түсуімен күмбезді бұзуын тоқтатады. Сонда Ағыбай Кенеге жолының болмайтынын айтады. Бірақ Кене хан Досбол бидің сөзін тыңдап, ақыр-аяғында жеңіліске ұшырап, қырғыздың қолына түседі. Ағыбай өзіне қарасты адамдарын алып, Сарыарқаға қайтады. Кенесары шабыншылықта жүргенде өз бетімен жаудан қашпайды екен, тек оны батырлары атын жетектеп, жан-жағынан қоршап алып қашады екен. Кенесарыдан Ағыбай айырылғанда қырық төрт жасында болып, 83 жасында дүниеден өтеді. 1892 жылы Қайрақты деген жерде асын береді.

**Басқы сөзі (18-б.):** ماعان ايتۋشىلار شكّباي مكّبايۇلى ءام بەكتەمىر موللا انىق بىلمەيدى

**Соңғы сөзі (22-б.):** كەنەساردان اعباي ايرىلعاندا قىرىق ءتورت جاسىندا، سەكسەن ءۇش جاسىندا ءولدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Қосымша белгілері.** Қолжазбаның мазмұнында «Абылай, Кенесары дастаны. 1940 жылы тапсырған Шәкіржанұлы Сабыржан» деп жаңсақ жазылған. Кенесары, Ағыбай т.б. туралы аңыз-әңгімелер жинақталған.

**Папкасы.** Қ.1337 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 181-184.

**216**

Ш. 1331 (ОҒК) П. 2; Ж. 23
29х20; 24,5х18,5

**[КЕНЕСАРЫНЫҢ ҚЫРҒЫЗҒА ЕЛШІ ЖІБЕРУІ]**

**Аталуы.** [Кенесарының қырғызға елші жіберуі].

**Аннотациясы.** Хан Кененің қолы Қордайдан асып, Шуға келіп қонады. Осындағы Дулаттың жақсыларына Жантай, Ормандармен ұрысатын ойы болмағанын, жауға қосылып, елшісін байлап, ұрлық істеп отырғанын, елін шабатынын айтып, олжа алуға шақырады. Сөйтіп Піспек маңында қырғыз қолымен соғысып, батырларын өлтіріп, қалған қолы бытырай қашады. Түскен олжаны елге бөліп береді. Қыстың күні Кене хан қырғыз хандарына тағы елші жібереді, олар тағы да жөнді жауап бермейді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ел жайлаудан түсіп, Шудың бойында торыған кез екен.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Жатқызып жөнді жауап бермей аттандырыпты дейді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтакова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 186-187.

**217**

Ш. 1331 (ОҒК) П. 3; Ж. 26
29х20; 24,5х18,5

**[КЕНЕСАРЫНЫҢ ҚЫРҒЫЗДАРМЕН СОҒЫСУЫ]**

**Аталуы.** [Кенесарының қырғыздармен соғысуы].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Хан Кене патша әскеріне қарсы соғысып жатқанда, ел ішіндегі байлардан зорлық көргендер Кене қолына келіп қосылады. Кененің қолы көбейіп, Ақмолаға қарай ойысқанын естіп, қазақ ішіндегі байлармен Қоңырқұлжа бастаған төрелер Қараөткелде қорған соғып, орыс солдаттарымен бірігіп, қарсы шығады. Кене қолы Қараөткелде соғысып, Ақмоланы азат етеді. Бірақ көп батырларынан, сайыпқырандарынан айырылады. Кенесары орыс жандаралы, болыс, билермен келісімге келу үшін Құланөтпесте жеті дуан бас қосқан келісімге жиналады. Алайда келісімнен еш нәтиже шықпайды. Күннен-күнге қаптап келіп жатқан патша әскері мен ел ішіндегі қарсы топтар Кенесарының қыр соңынан қалмайды. Кенесары Алатауға қарай бет алады, қырғызбен келісімге келмекші болады. Бірақ қырғыздар Кененің ұсынысын қабыл алмай, жіберген елшісін қинап өлтіреді. Кенесарының қырғызбен соғысы осылай басталады.

**Басқы сөзі (2-б.):** Ел ішіндегі байлардан, зұлымдардан патшаның адамдарынан қорлық көрген адамдар жан-жақтан тағы да ағылып Кене ханның қолына келіп жатты.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Кенесары бұл қорлыққа шыдамай қырғызбен соғыс салды.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба сұр түсті қатты қағазбен тысталып, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 184-186.

**218**

Ш. 1338 (ОҒК) П. 2; Ж. 15
26,5x17; 21x15

كەنەسارىنىڭ راقىمسىزدىعى مەن كەڭشىلدىگى

**Аталуы.** Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі.

**Жинаушысы.** بەككوجا بابەنوۋ Бәбенов Бекқожа. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кенесарының рақымсыздығы да, кеңшілдігі де өлшеусіз болған екен. Рақымсыздығы: қытай-орыстың шекарасында жатқанда бір күні бес-алты адамымен сейілге шығады. Жол-жөнекей бір жасөспірім бала жігітке кездеседі. Ол бұларды жау екен деп «тоқта» дегендеріне қарамай қаша жөнеледі. Кенесары жігіттеріне қуғызып, жеткен сәтте басын шапқызып тастайды. Кеңшілігі: Кенесары жолаушы кеткенде әйелінен бір жігітті ұстап алып, жігіттері байлап қояды. Кенесары келген соң, ол жігітті төрге шығарып, тойғанша қымыз береді. Жігіт енді іше алмай тойғанын айтады. Сонда Кенесары жігітті бір-екі сөз айтып қоя береді.

**Басқы сөзі (5-б.):** كەنەسارىنىڭ راقىمسىزدىعى دا عولشەۋسىز، كەڭشىلدىگى دە ولشەۋسىز دەيدى

**Соңғы сөзі (5-б.):** دەپ باسقا ھش نارسە دەمەي قويا بەرىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1935 жылы, Баянауылда жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба қоңыр түсті қатты қағазбен тысталған, парақтары тігілген.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 177.

**219**

Ш. 935 (ӘӨИ) Б.1;П.1; Ж.31
27х19,5;26х17,5

## КЕНЖЕНІҢ АҒЫБАЙ АСЫНА БАРУЫ

**Аталуы.** Кенженің Ағыбай асына баруы.

**Айтушысы.** Омаров Тәттібек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Балқаш жақта «Ағыбайдың Тас аралы» деген жерде болған Ағыбайдың асына үш жүзден беделді кісілер шақырылған екен. Бұл асқа Ақберген би де шақырылып, оның інісі Кенже шақырылмай қалыпты. Кенже асқа шақырылмаса да, немересі Топайды ертіп асқа келген екен. Ас болып жатқан жерге бірден бармай, Кенже немересімен

ауыл жанындағы төбенің басында отырыпты. Сол кезде Ағыбайдың бәйбішесі төбе басында отырған Кенжені көріп, шақырып келуге адам жібереді. Аста ат жарысып, палуан күресі болады. Әдетте мұндай жарыстар төбелессіз тарамайды екен. Кенже аста болған ат жарысының, палуан күресінің бәйгелерін иелеріне тең бөліп, үлестіріп беріпті. Қайтатын кезде Ағыбайдың бәйбішесі Кенжеден қалауын сұрайды, Кенже бұл астан бір нәрсе алайын деп келмегенін айтады.

**Басқы сөзі (2-б.):** Кенже бірде немересі Топайды ертіп Балқаш жақта болған Ағыбайдың асына барған екен.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Кенже Ағыбай батырдың тақиясын ырым ғып немересі Топайға берген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды қағаздарға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Аңызды Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тұрғыны Тәттібек Омаровтың айтуы бойынша жазып алған. Сол кезде Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті болған М.Төлегенова.

**Папкасы.** Қ.935 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 227.

**220**

Ш.1337(ОҒК)

Б.3; П.28; Ж.51
20х17,5; 19х15

## КӨТЕН БАЛУАН

**Аталуы.** Көтен балуан.

**Аннотациясы.** Тобықты Құнанбайдың әкесі Өскенбайға ас берілетінін Қарқаралы, Семей уезіне хабарлайды. Сол жиынға Кенесарының бас батырларының бірі Ағыбай да келеді. Ат жарыс, балуан күресі басталады. Сол аймақта Көтен балуан деген бар екен. Күш-қайратының мықтылығы сонша екі білектей жуан қайыңды екі басынан ұстап қысады екен. Сол балуанды Өскенбайдың асында Ағыбаймен күрестірмек болады. Жаяу күресіп көрмеген Ағыбай ат үстінде тартысады. Ат үстінде күресіп көрмеген Көтен балуан бәйгені Ағыбайға береді.

Ағыбайдың шешесі де қайратты кісі болған екен. Бір күрең ат пен жалғыз түйеден басқа малы жоқ 12-13 жасар Ағыбай мен анасы күйеуі Олжабай өлгеннен кейін «берсе қолынан, бермесе жолынан» елден алып күн көреді. Қасым төре шақырып, қызметші болуды ұсынғанымен, бәйбіше келіспейді. Ашуланған Қасым күрең атты ұстатып, есігінің алдына арқандатып қояды. Жалғыз атын сұрап келген әйелге Қасымның бәйбішесі атты қайтарткызып береді. Арқандаулы тұрған аттың мойнына басындағы күндігін салып, ырғып мініп, желе жортып кетеді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Тобықты Құнанбайдың әкесі Өскембайға ас береміз деп Қарқаралы әм Семей дуандарына қараған елдерге сауын айтты.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Әйел басымен елді жылатады, өз беті болмаса көнбейді.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1337, 9-дәп.(ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 249-251.

**221**

Ш.1337 (ОҒК)

Б.3; П.28; Ж.51
20x17,5; 19x15

## كۇزەۋلى كەر

**Аталуы.** Күзеулі кер.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түллүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мыңбайұлы Ш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Ағыбай қыпшақтардан жылқы алып түнделетіп келе жатса, үйірлі жылқылардың алдын үнемі бір жылқы бастайды да жүреді. Үш мезгіл қараса да сол күзеулі кер құнан. Топаландап шаба алмайтын, ауыздығын тістеп, құйрығымен өзін-өзі қамшылап, ешбір жылқыға жеткізбейтін әйгілі кер құнанды Шаңбайға ұстаттырып, жетекке алып жүреді. Сонан бастап «Күзеулі кер» атанады.

**Басқы сөзі (25-б.):** قىپشاقتان كوپ جىلقى الىپ، اي قاراڭعى، بۇلتتى جاڭبىر جاۋىپ تۇر عاندا

**Соңғы сөзі (25-б.):** اعبايدىڭ جىرىندا دا بار

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1337, 9-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 249.

**222**

Ш. 910 (ӘӨИ) Б.4 ; Ж.98.
29х20;16х23

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

**Аталуы.** Қаз дауысты Қазыбек би.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңыз мазмұны 229, 230 сипаттамалармен бірдей. Мұндағы айырмашылық: Қазыбектің қалмаққа елшілікке аттануға әкесінен рұқсат сұрауы, сыннан өтуі, қалмақ ханына билердің сөзі жүрмегенде, рұқсат алып өзі баруы және еріп барғандардың көре алмаушылықтан оны күндеуі басқа нұсқаларда кездеспейді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қоңтажы деген қалмақтың ханы қазақтардың малын тонап кетеді.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Ақыры шындық жатпайды, «Қаз дауысты Қазыбек» атанады.

**Қолтаңбасы.** Қолжазба кирилл әрпімен жазылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген.

**Папкасы.** Қ.910, 2-тіз. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 57-60.

Ш. 717 (ӘӨИ) Б.2; Ж.87
29х20; 16х21

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Қаз дауысты Қазыбек туралы.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Қорға 1969 жылы тапсырған.

**Айтушысы.** Мұқатов Ғалымжан (1900-1976) – Ақмола облысы, Ерейментау ауданынан. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Облыстық, аудандық газет редакциясында отыз жылдай әдеби қызметкер болған. 1928-1970 жылдар аралығында жинаған ауыз әдебиеті үлгілерін институтқа тапсырған.

**Аннотациясы.** Атақты Мөңке бидің қартайған кезінде жанында екі атқосшысы бар, қырғи тілді қара бала үйге рұқсатпен кіріпті. Жөн сұраса келе Мөңке би қонақтың қаз дауысты Қазыбек екенін біледі.

Би жас баланы сынамақ болып бірнеше сұрақ қояды. Қазыбек мүдірмей жауап береді. Қымыз үстінде Қазыбек Мөңке биге тұспалдап сұрақ қояды. Көргені көп би де баланың сұрағына жұмбақтап жауап береді. Атақты бидің үйінен түстік жеп, бата алып аттанады. Жолда Қазыбектің жолдастары Мөңке биге қойған сұрақтарының мәнісін сұрайды. Жолдастары жас Қазыбектің ой терендігіне таң қалады.

**Басқы сөзі(1-б.):** Атақты Мөңке бидің қартайған кезі екен.

**Соңғы сөзі(2-б.):** ... Мен өзім жас болсам да, атам Шаншар абыз көп жасады ғой, – деген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.717, 9-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 79-81.

Ш. 1125 (ӘӨИ)

Б.5.; Ж.142
26x17; 18x15

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК ШЕШЕН ЖАЙЫНДА

**Аталуы.** Қаз дауысты Қазыбек шешен жайында.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Ерменбаев Т. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қартайып қалған Әнет баба жора-жолдасын ертіп үйіне келіп түскен Қазыбек биді мал сойып, қазан көтеріп күтеді. Қазыбек Әнет бабаға бір ауыз өсиет айтып беруін өтінеді. Әнет баба «әкім» деген сөзді жадыңа сақта депті. Қазыбек Әнет бабаға ризашылығын білдіріп, жора-жолдасымен еліне қайтыпты. Қаз дауысты Қазыбек Әнет бабаның айтқан өсиетін әділ бол, күншіл болма, көпшіл бол, ілтипатты бол, менмен болма, мейірман бол дегені деп шешіпті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ертеде Қазыбек би нөкерлерін ертіп Әнет бабаның үйіне келіп түседі.

**Соңғы сөзі (3-б.):** ... Әнет бабаның сол өсиеті ел арасына кең тарап, ұрпаққа үлгі болып қалған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1125, 131-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Молшылық үшін газеті, 1990 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 77-79.

225

Ш. 1122 (ӘӨИ) Б.З. ; Ж.68
26x17; 18x15

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕКТІҢ ТОҒЫЗ ЖАСТАҒЫ БИЛІГІ

**Аталуы.** Қаз дауысты Қазыбектің тоғыз жастағы билігі

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Қаз дауысты Қазыбектің әкесі Келдібек би ауыл ақсақалдарымен төбе басында отырады. Осы кезде төрелік іздеген бес-алты жолаушы келеді. Найманнан шыққан Қадырбай құлын кезінде жоғалған малын бесті болғанда Уақ Өгізбай деген кісінің асында танығанын айтады. Келдібек би ұзақ ойланады. Осы кезде тас атып ойнап жүрген тоғыз жасар Қазыбек дауды шешуге әкесінен рұқсат сұрайды. Әкесі Қазыбекті баласынып, рұқсат бермейді. Бала Қазыбек әкесінен тағы рұқсат сұрайды. Келдібектің билік айтпайтынына көздері жеткен екі жақ та баланың билігіне ризалығын береді. Қазыбек өзінің ақылы мен тапқырлығының арқасында дауды әділ шешіп береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қоңыз күздің жаймашуақ күндерінің бірінде ауыл ақсақалдары Келдібек биді ортаға алып, төбе басында отырады.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...Жиналған халық Қазыбектің қазылығына риза болып тарасады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1122, 17-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Семей таңы газеті, 1985 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 73-75.

226

Ш.1014 (ӘӨИ) Б.1; Ж.55
29х20;16х23

## [ҚАЗЫБЕКТІҢ БАЛА ДАУЫН ШЕШУІ]

**Аталуы.** [Қазыбектің бала дауын шешуі].

**Жинаушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Қорға 1988 жылы тапсырған. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Ел арасына кең тараған аңыздардың бірі. Қазыбек биге бір балаға таласқан екі әйел келеді. Әйелдердің бірі баланы сәби кезінде жоғалтқанын, екіншісі өз баласы екенін айтып бой бермепті. Қазыбек екі әйелдің сөздерін тыңдап болып, біраз ойланып, отырып қалады да, екеуіне қақ жарып бөліп беруген ризалығын сұрайды. Баланың қазіргі анасы бұл билікке келісе кетеді. Ал баланы таныған әйел баланың амандығын тілейді. Би баланы шын анасына қайтарады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қазыбек бері ел биі болған кезде бір балаға дауласып екі әйел Қазыбекке жүгінеді.

**Соңғы сөзі (1-б.):** Көпшілік мұндай данышпандық билікке өте разы болады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздың парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 89-90.

Ш. 717 (ӘӨИ)

Б.2; Ж.63
29х19; 18х23

## [ҚАЗЫБЕКТІҢ БІР ЕР ТУРАЛЫ АЙТҚАН БИЛІГІ]

### (І нұсқа)

**Аталуы.** [Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі].

**Айтушысы.** Мұқатов Ғалымжан. Ол туралы мәлімет 223-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Төле бидің басқаруымен өткен үлкен астағы дау туралы айтылады. Екі ай бұрын сауын айтылған осы асқа Арқадағы арғындардың игі жақсылары артынып-тартынып, зор салтанатпен барған екен. Думан тойдан аты шауып, балуаны жығып, жамбысы атылып, асы ішіліп, енді тартқар кезде тойдың соңы дау-жанжалға ұласады. Үйсіннің сиқым, жаныс дейтін екі руының беделді бір мырзасы асқа келген арғын жігітінің жаппай аққүміс ер-тұрманына қызығып, көптің көзінше аттан аударып, тартып алады.

Ерге таласқан екі елдің даугерлері Төле биге жүгініске келеді. Төле би екі жақтың сөзін тыңдап болған соң, даугер мырзаның пайдасына шешіпті. Төленің әділетсіз билігіне наразы болған көптің ішінен жасөспірім Қазыбек сурылып шығып, билігін айтады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Со бір заманда ұлы жүзде дүйім ел бас қосқан бір байдың асы болыпты.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ... Төле бидің сасқаны сонша, маңдайынан ащы тер білініп, ерді арғын жігітке қайтартыпты.

**Қолтаңбасы.** Қолжазбада туынды «Қаз дауысты Қазыбек туралы жарияланбаған деректер» деген атпен берілген.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген.

**Папкасы.** Қ.717, 9-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 82-83.

Ш. 1014 (ӘӨИ) Б.5; Ж.132. 29х20;16х23

## [ҚАЗЫБЕКТІҢ БІР ЕР ТУРАЛЫ АЙТҚАН БИЛІГІ]

### (ІІ нұсқа)

**Аталуы.** [Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі].

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Қорға 1988 жылы тапсырған.

**Айтушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңыздың мазмұны алдыңғы нұсқаға ұқсас болғанмен, бірқатар айырмашылықтар кездеседі. Үйсіннің бір адамы Төле биге келіп, сатылмайтын, не сұрағанға берілмейтін бағасы жоқ бір керемет ер-тұрманды мақтайды. Төле би де ерге қызығып, әлгі адамға ретін тауып, жүгініске әкелуді тапсырады. Аңыз желісі ары қарай алдыңғы нұсқа бойынша өрбиді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ұлы жүз үйсіннің бір адамы Төле биге келіп....

**Соңғы сөзі (3-б.):** ...Орта жүз бен Кіші жүз жабылып кетсе, бізден не қалады, ерді орнына апарып тастаңдар, – депті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.**-Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 83-85.

229

Ш. 910 (ӘӨИ)

Б.4; Ж.92
27х 21; 18х21

# [ҚАЗЫБЕКТІҢ ҚАЗ ДАУЫСТЫ АТАНУЫ]

## (I нұсқа)

**Аталуы.** [Қазыбектің қаз дауысты атануы].

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Айтушы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Аңызда қалмақтың Кентазы деген ханы қазақ жеріне екі рет шабуыл жасайды, мал-жанға тыныштық бермейді. Абылай елшілікке жүз адам жібермек болады. Келдібек бай баласы Қазыбекті Телқоңыр атты тайына мінгізіп, елшілерге қосады. Абылай хан Қазыбекті сынайды. Сыннан мүдірмей өткен балаға бас-көз болуды тапсырады. Жастығына қарамай тапқырлығымен, шешендігімен көзге түскен Қазыбекке Кентазы қонтайшы «Қаз дауысты Қазыбек» деген ат береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Кентазы деген қалмақ ханы болыпты.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...Хан астындағы атын, үстіндегі тонын, қолындағы семсерін беріпті.

**Қолтаңбасы.** Қолжазба кирилл әрпімен жазылған.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға терілген және түптелген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген.

**Папкасы.** Қ.910, 4-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 45-48.

Ш. 879 (ӘӨИ) Б.4; Ж.94
27x21; 18x20

# QAZIBEKTIÑ QAZ DAUISTI ATANUI

## (II нұсқа)

**Аталуы.** Қазыбектің қаз дауысты атануы.

**Жинаушысы.** Кәрібаев Шайхы – белгілі халық әдебиеті үлгілерін жинаушы. Өзге мәліметтер кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңыз мазмұны I нұсқамен ұқсас. Тек ерекшелігі мәтінде кездесетін Абылай ханның бірнеше батырларды ертіп Сырдария жақтағы халқын аралап кеткенде, Шынбай деген дұшпан астыртын келіп, Абылайдың елін шабуға қолайлы екенін, қалмақтың белгілі көсемі, шешен Қонташы ханға келіп айтуы, сонан кейін қалмақ ханы екі жүз жортуылшы жіберіп, Абылайдың елін шабуы, Абылай хан еліне қайтып келіп, қол астындағы халқын жинап, кеңес қылуы алдыңғы нұсқада кездеспейді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Burıngı qazaq pen qalmaq jawınger kezde, Abılay xan birneşe batırlardı ertip Sırdarïa jaqtağı xalqın aralap ketkende.

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...osı sapardan qaz dawıstı Qazıbek atanıp qaytqan eken.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба көк сиямен латын әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптелген.

**Папкасы.** Қ.879/9, 185-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 48-51.

231

Ш. 1014 (ӘӨИ) Б.2; Ж.112
29х20;16х23

## [ҚАЗЫБЕКТІҢ ҚАЛМАҚ ЕЛІНЕ ЕКІНШІ САПАРЫ]

**Аталуы.** [Қазыбектің қалмақ еліне екінші сапары].

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қалмақ пен қазақтың ел шабысқан дауларын бітістіруде Қазыбек айтты деген үш биліктің бірінің тарихы айтылады.

Қазыбек би өзіне қараған елін қалмақтың шабуылынан аулағырақ қонысқа ірге тептіру үшін Сарыарқаның жерін шолып қайтуға кетеді. Бұл хабарды естіген қалмақтың ханы дереу қол аттандырып Қазыбектің елін шаптырып алады. Қалмақ қолы малмен қоса жүзге тарта ер балаларды да байлап әкетеді. Оның ішінде Қазыбектің өз баласы Қазымбет те кетеді. Сарыарқаны қоныстыққа ұнатып, елге қайтқан Қазыбек өзі басшы болып қалмаққа екінші рет жол тартыпты.

Атағы жер жарған Қазыбектен жасқанған Қонтәжі хан бітім жасауға көнеді. Бірақ ер балалардың ішінен Қазымбетті қайтармау үшін, балаға құн төлеу ниетін білдіреді. Бірақ қалмақ ханының қулығын сезген Қазыбек би шешендігінің арқасында бұл жолы да шапқыншылыққа түскен балалармен қоса малын, жоғалған малының төлеуін алып қайтады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Тарихта «құба қалмақ заманы» деп атанған шақта қалмақ пен қазақтың ел шабысқан дауларын бітістіруде Қазыбек үш рет билік айтқан екен.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ... Ал, Қазымбеттің ұрпағы атасының шабыншылыққа түсіп кетіп, қайта келгенін өздері де растайды.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Машинкаға басылған қолжазбаға көк түсті қаламмен көп өзгерістер енгізген.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 85-86.

Ш. 1014 (ӘӨИ)

Б.3; Ж.74.
29х20;16х23

## [ҚАЗЫБЕКТІҢ ҚАЛМАҚ ЕЛІНЕ ҮШІНШІ САПАРЫ]

**Аталуы.** [Қазыбектің қалмақ еліне үшінші сапары].

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Қорға 1988 жылы тапсырған.

**Айтушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Аңызда Қазыбек бидің қалмақ ханына үшінші сапары туралы айтылады. Қазымбетті құтқарып келген соң, Қазыбек би елін алып, Сарыарқаға қоныс аударады. Бірақ әлі де ол қонысқа көшіп болмаған елдің соңғы бөлегін қалмақ ханы тағы шаптырып алады. Сонымен Қазыбек тағы да қалмаққа тартады. Би бұл жолы Қоңтәжінің алдына шабыншылықты біржола бітістіруге бекініп аттанады. Бұл елшілікте Қазыбек би өзінің елге ие болатын ұлы Бекболатқа қалмақ ханының қызын алып береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Осы бітімнен қайтып келе сала Қазыбек елін Сарыарқаға көшіріп бұл жерді атамекендік қоныс етеді.

**Соңғы сөзі (2-б.):** ... Қазыбек осы сапарында хан ордасына бара жатқан жолыққан жас қызды ала келіп: «осыны тәрбиеле» деп оны да Бекболаттың қолына тапсырыпты.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптеліп, қалпына келітірлген.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 86-88.

Ш.1014 (ӘӨИ)

Б.7 ; Ж.256.
29х20;16х23

## ҚАЗЫБЕКТІҢ ҮШ АТАСЫ БҰЛБҰЛ

**Аталуы.** Қазыбектің үш атасы Бұлбұл.

**Жинаушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұлбұлдың бәйбішесі Қаракемпірден бес бала. Екінші әйелі Құбакемпірден бес бала, үлкені – Күшік, Алдияр, Шаншар, Үсен, Құдайберлі, екеуінің балалары күндес болыпты. Қаракемпірдің балалары марқа туып, Құбакемпірдің балаларына күн көрсетпепті. Сонда Қаракемпір бәйбіше балаларына Құбакемпірдің балаларына тимеуін айтып, олардың нәсіпті, әрі қасиетті болатынын, әсіресе Шаншардың абаз атанатынын болжапты.

Шаншар Қыздамбике, Айбике, Нұрбике деген үш әйел алыпты. Айбике бәйбішенің төрт бегі атанған, ең үлкені Келдібек отыз жасқа келгенше үйленбепті. Үшінші атасы Бұлбұл Келдібектің түсінде аян беріпті, алатын әйелі ұзын бойлы сары қыз, оң жақ аяғының азырақ ақсағы, оң жақ бетінің құлақ түбінде танадай меңі, екі емшектің арасында алақандай қалы, көзіне түскенде белгі болатынын айтыпты.

Бір күні Шаншардың көшіне бір шағын көш келіп қосылып кетіпті. Сол кезде Келдібек көштің алдына шығып, алдын басқарып, көштің артына қарай келе жатып, жеті-сегіз түйенің жанындағы бір қызға көзі түседі. Келдібек сол қызға үйленіп, қаз дауысты Қазыбек би дүниеге келіпті.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бұлбұлдың екі қатыны болыпты.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Тарлықта қалғандай талай ерлік істепті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздың парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1014 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 90-96.

234

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## ҚАЙҒЫСЫЗ ХАН СЕМІЗ

**Аталуы.** Қайғысыз хан семіз.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Нұралы ханның «мына тыртиған арық бала кім?» деген сұрағына аса тапқырлықпен ұтымды жауап берген бала Сырымның өжеттігі, алғырлығы сөз болады.

**Басқы сөзі (56-б.):** Сырым жаңа атқа мінген жастау кезінде Нұралы ханды көргелі ханның ордасына барады.

**Соңғы сөзі (56-б.):** Мен арық болмай кім арық болады? – депті Сырым батыр.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 82-83.

235

Ш.692 (ӘӨИ) П.6; Ж.29, Б.2
29x20; 25,5x16,5

## ҚАЛДАН ШЕРІН МЕН ХАНАБАД ТУРАЛЫ АҢЫЗ

**Аталуы.** Қалдан шерін мен Ханабад туралы аңыз.

**Жинаушысы.** Бұғыбаев Жолдасбек – аңызды жинаған кезде Ташкент қаласының тұрғыны, зейнеткер болған.

**Аннотациясы.** Баяғы заманда Тәшкент деген қалада Ханабад деген хан болыпты. Қалдан Шерін қалың қолымен келіп алты жыл шауып

ала алмапты. Сонда ханның әйеліне астыртын елші жіберіп, қандай арманы болса да орындайтынын, тек осы қаланы қалай алуға болатыны туралы сауал жібереді. Ханым қалаға келетін су құбыры бар екенін, оның басы қай жерден бастау алатынын, сол құбырды бекітіп тастаса, қала шөлден сыртқа шыққанда алуға болатынын айтады. Қалдан солай істейді. Қаланы шауып алады. Ханбад ханды байлап алады. Өз күйеуіне жақсылық жасамаған опасыз ханымды зынданға салады. Жалғыз ұлы тұлпар атқа мініп қазақ жеріне қашып кетеді. Осы тұста Қалдан ханның елін қытайлар шауып, орнына Зал деген қолбасшысын хан сайлап, өзі кері қайтады. Зал әлгі ханыммен үйленеді. Екеуі арық қаздырып су шығарады. Залдың арығынан су сарқырап ағады да, елдің қарғысы тиген ханымның арығынан су шықпайды.

**Басқы сөзі (13-б.):** Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда...

**Соңғы сөзі (18-б.):** Адал жұбайына опасыздық істеген ханым ақырында халық қаһарына ұшырап, жынданып өліпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қашан, қайдан жинағаны туралы мәлімет кездеспеді. Алайда жинаушы мәтін соңында: «Мен бұл аңызды Нұрқан Сапаровтан екі рет естідім» деген ескертпе жазған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.692, 7-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 331-335.

**236**

Ш. 1338 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27
30х22; 27х20

## قالقامان اجىباى باتىردىڭ ايتقان سوزىنەن

**Аталуы.** Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Күндердің бір күнінде Кенесары жігіттерін

күрестіреді. Сол жерде Өжібай қарсылас шақ келтірмей алдына келгенін жыға береді. Сонда жасы кіші Наурызбай қоярда қоймай Өжібаймен күресіп жығылып қалады. Кейін Кенесарының Акмолаға шабуылында Әжібай Наурызбайға тәнті болған екен.

**Басқы сөзі (5-б.):** ... ءبىر كۇنى كەنەسارى مرىگىپ وتىرىپ، كەشكە جاقىن

**Соңғы сөзі (5-б.):**... الاكسىز بەل شەشىپ ۇيىقتايتىن بولدىم» ، – دەگەن ەكەن

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Дәптер қатты қағазбан тысталып, ақ жіппен түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1338 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 215-216.

**237**

Ш. 856 (ӘӨИ) — П. 4; Ж. 31
30х21; 25х16

## ҚАНЖЫҒАЛЫ АЙТБАЙ БАТЫР МЕН ҚАРАКЕРЕЙ ӘЛДЕБЕК БАТЫР

**Аталуы.** Қанжығалы Айтбай батыр мен Қаракерей Әлдебек батыр.

**Жинаушысы.** Батталов Ғаббас. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мырзажанов Бари. (Қолжазбада «Свердлов облысының тұрғыны» деген жазу бар).

**Аннотациясы.** Абылай хан Қасым деген баласын орнына хан сайламақ болып, Орта жүздің беделді адамдарын ордаға шақыртады. Сонда Қанжығалы Айтбай батыр мен Қаракерей Алдабек батыр үш күн кешігіп келіп, Қасым төреге сәлем бере кіреді. Қасым шалқасынан жатып, екі батырды соқыр деп кекетеді. Бұған ашуланған батырлар өзін таныстырып, Қасымды хан сайлаудан бас тартып ордада ат ойнатады. Абылай батырларды әзер басып, орнына Уәлиді хан көтереді. Қасым тәкаппарлығының арқасында хан болмай қалады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Абылай хан Қасым (Абылайдың қалмақ қызы әйелінен туған) деген баласын орнына хан сайлаймын деп...

**Соңғы сөзі (6-б.):** Тәкапар Қасым қалып, Абылайдың орнына Шоқанның бабасы Уәлиді хан сайлаған екен.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1979 жылы институтқа тапсырған. Қайдан жиналғаны туралы мәлімет кездеспеді.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, қара жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.856, 4-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 234-237.

**238**

Ш. 137 (ӘӨИ) | П.77 ; Ж.122<br>22х15; 18,5х13

## ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ

**Аталуы.** Қаракерей Қабанбай.

**Жинаушысы.** Бөрібаев Хамид. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Бөрібаев Ә. Қорға 1956 жылы түскен.

**Аннотациясы.** Бір күні Қабанбай батыр нөкерлерімен малын қарап тұрып: «Не деген көп мал, бітер емес қой», – депті. Сонда қасындағылардың біреуі: «Батыр, байлығыңызға өзіңіз таңданып тұрсыз, жасыңыз тоқсанға таяп қалды, отыз ұлыңыз анау, осы сізде де арман бар ма?» – деп сұрапты.

Қабанбай: «Армансыз адам бар ма? Жас кезімде қалмақпен бір қырғын соғыста бірнеше жігітпен қолға түстім. Қалмақтың ханы бәрімізден жауап алды, көбісін өлтірді, кейбіреуін құл етті. Мені қол-аяғымды байлап, басымды ғана шығарып, денемді өгіз терісіне тігіп, далаға тастады. Қимылдауға шамам жоқ, қатқан тері денемді бүрістіріп айдалада жатқанымда ханның қызы келіп, аузыма қымызын тосыты. Әкесі қорлап отырғанда, оның мені асырауының сырын сұрағанымда

ол: «Сіздің атағыңызға бұрыннан қанық едім, «қолға түсті» дегенде, шынымды айтайын қуанып қалдым. Әкеме: «мынаны қорлап өлтіру керек» дегенді сылтауратып, өлімнен арашалап қалған да – мен. Егер мені бірге ала кетсеңіз, мына корлықтан босатар едім», – деді. Мен бірден келістім. Келесі түні кетуге уәделестік. Қыз қолындағы қанжармен тұлыпты жарып жіберіп, мені босатып алды. Киініп алып, атқа мініп, тартып отырдық. Таң атқанша біраз жер жүрдік. Таңға жуық бір қамысты көлге жеттік. Аттарды суытып, суға шомылып, киім ауыстырдық. Ол әдеп сақтап біраз жерге ұзап кетті. Бірде оның «өлдім, батыр, құтқар!» деген жан даусын естідім. Қанжарымды ала тұра жүгіріп келсем, қыз сол жерде жан тапсырыпты. Жас сұлуды таза арулап қойдым да, бір атқа мініп, біреуін жетелеп елге келдім. Мені өлімнен құтқарған арудың есімін де білмей қалдым. Менің бар арманым сол» депті.

Бұл нұсқа Мұхамеджан Рүстемов тапсырған «Қабанбай батыр» (№240 сипаттамамен ұқсас) аңызымен мазмұн жағынан ұқсас болып келеді. Аталған нұсқалардың екеуінде де «Қабанбай батыр» аңызының сюжеттік желісі түгел сақталған. Екі мәтін қаншалықты ұқсас болғанымен, көлемі жағынан айырмашылықтары бар.

**Басқы сөзі (69-б.):** Қабанбай кәртейген тұсында ел азаматы келіп көңілін сұрап.

**Соңғы сөзі (75-б.):** Менің арманым – осы, – деді Қабанбай.

**Экспедициясы**. 1956 жылғы Горно-Алтай экспедициясы.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Ел арасынан естіп, XX ғасырдың отызыншы жылдары хатқа түсірткен – Салихов Хаба.

**Беттелуі.** Қара қарандашпен Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қолжазбаның бірінші беті жыртылған, қағазы сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.137, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 270-273.

## 239

Ш. 1456 (ОҒК) П.97; Ж.59
17,5х12,5; 31,4х22

# قاراكەرەي قابانباي باتىر

**Аталуы.** Қаракерей Қабанбай батыр. قاراكەرەي قابانباي باتىر

**Жинаушысы.** Байғұтұлы Күсембек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қабанбай ауылын ежелден өштесіп жүрген қырғыздың Аманәлі деген батыры шапты деген соң, қазақ батырлары түгел жиналып, қырғызға қарсы шықпақ болады. Шайқаста жауына жалғыз шапқан Аманәлі батыр Қабанбай қолының алдын кес-кестеп, қазақ батырларын иіріп тастайды. Ызаға булығып Қабанбайдың інісі Дәулетбай батыр шығады. Жекпе-жек айқаста Аманәлі Дәулетбайды найза үстіне іліп алып көкке көтереді. Қабанбай бұдан әрі шыдай алмай, қасына жетіп келіп Аманәліні найзамен іліп алып, басынан тоғыз қабат айналдырып жерге ұрады. Сол кезде қолында жетелеген түйесі бар көштен бір қыз зарлап шығады. Қыз Қабанбайдан сауға сұрайды. Сауғаға әкесінің сүйегін, өзінің бас бостандығын сұрайды. Әкесінен айрылған мұңлы, анадан ада, аға, інісі жоқ жалғыздығын айтып, өмір қызығын көрмеген жастығын айтып еңірейді. Сонда Қабанбай қызды азат етіп, әкелген түйесін алады. Түйе хайуаннан асқан өзгеше бір жануар болады. Дәулетбай түйеге қатты қызығып, түйені ағасынан сұрайды. Қабанбай батыр түйені бермейді. Екеуі сол жерде ренжісіп, інісі басқа жаққа көшіп кетеді. Арада бірнеше жылдар өтеді. Күндерде бір күн Қабанбай қатты науқасқа ұшырап, өлім халіне жеткен соң ел-жұртына хабар айтады. Қабанбайдың мұндай хабарын естіп, халықтың сәуегей қарты Бұқар жырау келеді. Ерінің өлетініне көзі жеткен Бұқар халыққа асқар тауының құлайтынын, жайлау, қыстауды өрт аларын, халық қорғаны Қабанбайдың дүниеден қайтатынын күңірене жырлайды. Мұны естіген Дәулетбай ағасына хал сұрауға келеді. «Інің келді» дегенде, Қабанбайға тіл бітіп, шырай кіріп, қайратын жиып басын көтереді. Өлім халінде отырған ағасын көрген Дәулетбай іші күйіп еңіреп, бас салады. Бірін-бірі құшақтап көріседі. Осы орайда Аманәлінің інісі қазақтарға қайта шабуыл жасап, кегін алмақшы болады. Бұл қорлыққа төзе алмаған Қабанбай батыр карттығына қарамай, Құбас атқа ер салып, қырғызға карсы аттанып кетеді. Қазақ жерінен қуып шығып, өзі де мерт болады.

**Басқы сөзі (1-б.):** قابانباي ملىنىن اۋلاق ساپاردا جۇرگەندە مجەلدەن رشتەسىپ، كەك ساقتاپ، قاپىسىن تاۋىپ، اكدىپ جۇرگەن قىرعىزدىڭ امانالى دەگەن باتىرى قابانبايدىڭ ملىن شاۋىپ، مگەر قىلادى

**Соңғы сөзі (4-б.):** قابانباي باتىر قارۋ الىپ، ساۋىت كيگەن كۇيىندە مل قورعاۋ جولىندا، ات ۇستىندە اجالدى كۇنى جەتىپ، دۇنيەدەن وتەدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1456 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 273-283.

**240**

Ш. 1094 (ӘӨИ)

П.97 ; Ж.59
7,5x12,5; 31,4x22

## ҚАБАНБАЙ БАТЫР

**Аталуы.** Қабанбай батыр.

**Жинаушысы.** Рүстемов Мұхамеджан.

**Тапсырушысы.** Рүстемов Мұхамеджан. Ол туралы мәлімет 53-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бір күні Қабанбай батыр нөкерлерімен малын қарап тұрып: «Не деген көп мал, бітер емес қой», – депті. Сонда қасындағылардың біреуі: «Батыр, байлығыңызға өзіңіз таңданып тұрсыз, жасыңыз тоқсанға таяп қалды, отыз ұлыңыз анау, осы сізде де арман бар ма?» – деп сұрапты.

Қабанбай: «Армансыз адам бар ма? Жас кезімде қалмақпен бір қырғын соғыста бірнеше жігітпен қолға түстім. Қалмақтың ханы бәрімізден жауап алды, көбісін өлтірді, кейбіреуін құл етті. Мені қол-аяғымды байлап, басымды ғана шығарып, денемді өгіз терісіне тігіп, далаға тастады. Қимылдауға шамам жоқ, қатқан тері денемді бүрістіріп айдалада жатқанымда ханның қызы келіп, аузыма қымызын тосыты. Әкесі қорлап отырғанда, оның мені асырауының сырын сұрағанымда ол: «Сіздің атағыңызға бұрыннан қанық едім, «қолға түсті» дегенде, шынымды айтайын қуанып қалдым. Әкеме: «мынаны қорлап өлтіру керек» дегенді сылтауратып, өлімнен арашалап қалған да – мен. Егер

мені бірге ала кетсеңіз, мына қорлықтан босатар едім», – деді. Мен бірден келістім. Келесі түні кетуге уәделестік. Қыз қолындағы қанжармен тұлыпты жарып жіберіп, мені босатып алды. Киініп алып, атқа мініп, тартып отырдық. Таң атқанша біраз жер жүрдік. Таңға жуық бір қамысты көлге жеттік. Аттарды суытып, суға шомылып, киім ауыстырдық. Ол әдеп сақтап біраз жерге ұзап кетті. Бірде оның «өлдім, батыр, құтқар!» деген жан даусын естідім. Қанжарымды ала тұра жүгіріп келсем, қыз сол жерде жан тапсырыпты. Жас сұлуды таза арулап қойдым да, бір атқа мініп, біреуін жетелеп елге келдім. Мені өлімнен құтқарған арудың есімін де білмей қалдым. Менің бар арманым сол» депті.

**Басқы сөзі (86-б.):** Ертеде Жетісу елінде Қабанбай деген батыр өтіпті. Қабанбайдың отыз ұлы, отыз ауылы болыпты.

**Соңғы сөзі (88-б.):** Соны бүгінге дейін арман етемін, – деп батыр әңгімесін аяқтапты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1985 жылы Шымкент қаласында ел аузынан жазып алынған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздары сарғайған. Қолжазба түптеуді қажет етеді.

**Папкасы.** Қ.1094, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 260-262.

**241**

Ш.500 (ӘӨИ) — П.4; Ж 18
20,5x17; 18x13

## ҚАРҚАБАТ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

**Аталуы.** Қарқабат туралы аңыз.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Баймағамбетов Жәкеш.

**Аннотациясы.** Аңыз Жәкеш Баймағамбетовтың бір сапармен Жосалыға бара қалғандағы, машинадан түсіп, әңгімелесіп тұрған үш

әйелге жолығуынан басталады. Соның ішіндегі бір жастау әйел сөзден іліп, жыққысы келеді. Алайда өзі жығылып қалып, үйіне қонаққа шақырып, қонақтарды күтеді. Сонда өзінің Қуандықтың қызы екенін, Қаракесек сияқты күннен тумадық деп тағы да шалып сөйлегенде, айтушының Қаракесек, Қарқабаттың шығу тегін, мәнісін түсіндіруімен аңыз аяқталады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бір сапар қасымда інім Қарпыш бар. 1956 жылы Жосалыға бара қалдық.

**Соңғы сөзі (8-б.):** Содан былай Қаракесекке Қарқабат ұран болыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.500, 7-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 58-60.

**242**

Ш. 333 (ОҒК) — П.8; Б.15; Ж. 10
20х15; 16х9

قاسه‌نحاننىڭ اسانقايعى اتانۋى

**Аталуы.** Қасенханның Асанқайғы атануы.

**Жинаушысы.** Мадияр Ермағанбетұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Қыпшақбайұлы Сқақбек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қасеннің сұрауы бойынша Ғұзайнұр Қасенге бал ашып,су пері патшасының қызымен қосылатынын болжапты. Қыз Еділ, Жайық, Ертіс өзеніне қармақ салса, кезігеді деген соң Қасен осы үш өзенге бірнеше жыл қармақ салады.

Ақыры Ертіс өзенінің аяқ кезінен қармағына бір сандық ілініпті. Қасен сандықтың аузын ашса, асқан бір сұлу қыз шығады. Қасен қыздың сұлулығына қызығып алады. Қыздың ерді сыйлап күтуі әйел затынан артық болады, бірақ сөйлемейді. Ақыры мұны базарға апарады. Екеуі базар аралайды, әйел бір жерге келгенде басын шайқап ренжіп тұрғанын байқайды. Қасен себебін сұраса, үндемейді. Осы жағдай үш рет қайталанады. Қасен әйелді жапан түзге ертіп шығып, сұраса да

үндемейді. Қасен ашуланып әйелді таяқпен ұрады. Әйел бала тапқанша сөйлемейтін пері заңы бойынша тіл қатпағанын, қорқып сөйлесе, тиген адаммен бірге болуға рұқсат жоқ екенін, ішінде алты айлық баласы бар екенін, баласын баяғы өзін алған жерден алуды тапсырады. Қасен базарда үш мәрте ренжіген себебін сұрайды. Бір жігіттің өрік жеп, сүйегін тісіне салып шағып тісін мұқалтқанына, той қылмақ болып, мал сойып, қанша қымбат жеміс алып, бағасына келіспей, тұз алмай кеткен жігіттің ақымақтығына, сатушыдан етік үш жылға бара ма деп сұраған жігіттің бір жыл өмірі қалғанын білмегеніне ренжігенін айтып, қыз «қош бол!» деп ұшып кетеді.

Қасенхан осы қыз кез бола ма деп Сарыарқаны түгел кезіп, қайғыра берген соң «Асан қайғы» атанады.

**Басқы сөзі (14-б.):** قاسەنحان ءبىر كۇنى عۇزاينۇر دەگەن كىسىگە

**Соңғы сөзі (15-б.):** جىلان قايتىپ كۇن كورەر، – دەپ ءار ءسوزدى ايتىپ قايعىرا بەرگەن سوڭ، قاسەنحان اتى جويىلىپ «اسان قايعى» اتانىپتى

**Қағазы, әріп, сиясы.** Мәтін қара сиямен араб әрпінде хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1934 жылы жазылған.

**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке қатардан орналастырылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ. 333, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 153-155.

**243**

1337 (ОҒК) Б.3; П.28; Ж.51<br>20х17,5; 19х15

## ҚАСЫМ АБЫЛАЙҰЛЫ

**Аталуы.** Қасым Абылайұлы.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түллүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мыңбайұлы Ш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қасымның ағалары Есенгелді, Саржан, Ержан үшеуі сарттарды қайта-қайта шауып, мазалай берген соң, сарттар Қасымға кісі салып: «Бізге балаларын жіберсін, сөйлесіп екі араны жауластырмайық»

деген ұсыныс білдіреді. Есенгелді мен Саржан жиырма кісімен жолға жиналады. Оларға өз еркімен Ағыбай да қосылады. Сарттар күтіп алып, құрмет көрсетіп жатқанда, Ағыбай даяшы боп жүрген қазақ жігітін байқап, онымен тілдеседі. Жігіт сарттардың Ағыбайды өлтіретінін астыртын ескертеді. Сарттар төрелерді шетінен бауыздап, кезек Ағыбайға келгенде алдын ала жоспарлағаны бойынша қазақ жігіт батырды кашырып үлгереді. Сөйтіп Ағыбай түнделетіп Қасымға келеді. Мән-жайды айтқызбай ұққан Қасым таңертең елді жинап Шуға көшеді. Қасым арқа сүйер азаматтардың мерт болғанын, сенетін әскерінің жоқтығын сондықтан сарттарға өз еркімен қосылатынын айтып, дәмелендіреді. Көңіліне желік кірген сарттардың басшысын Беклербегіне сүйінші сұрауға аттандырып, қалған сарттардың аяқ-қолын байлап, бауыздап өлтіреді де, бір түннен қалмай қайта көшіп кетеді. Сөйтіп сарттардан кегін алған Қасымды туғанда кан шеңгелдеп туған деседі жұрт.

**Басқы сөзі (3-б.):** Сарттарды бірнеше рет Есенгелді, Саржан әм Ержан шауып, кемшілік келтіре берген соң, сарттар алдап Қасымға кісі жібереді.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Сарттардан осы түрлі кегін алды. Қасым туғанда екі қолымен қан уыстап туған деседі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1337, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 244-246.

**244**

Ш. 500 (ӘӨИ)

П.16; Ж. 26
20,5х16.8; 19,5х16

## ҚАСЫМ ХАННЫҢ ЕЛГЕ ОРНАТҚАН ТӘРТІБІ

**Аталуы**. Қасым ханның елге орнатқан тәртібі

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Баймағанбетов Жәкен. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Қасым хан ақбоз атын мініп, ақ киімін, айыр қалпағын киіп алып жолдастарымен бірге бір байдың ауылына сауын айттырады. Бір мезетте Қаракерей Қабанбай аулына келмекші болады. Ол ауылда ерте күнде ұзатқан Қазбектің қызы Маңқан, Қазбектің інісі Бөдене батырдың қызы Нәуетек де болады екен. Сол кезде Қазбектің екінші баласы Қазымбеттің Құлтеке деген батыр баласы сол ауылда апа-қарындасына амандасып жатады. Сонда бұның апа-қарындастары Құлтекеге арыз қылады. Құлтеке атына мініп Қасым ханның алдынан шығып, сауға сұрайды. Үш рет үндемеген соң Бекболатпен араздығын ұмытпай жүрген Қасымханды қақ бастан тартып жібереді. Қасым хан жерге ұшып түскен айыр қалпағын аттан түсіп алуға жарамай, ауылға жібермейтініне көзі жеткен соң, қайтып кетеді...

**Басқы сөзі (1-б.):** Ақбоз атқа мінеді екен, айыр қалпақ киеді,

**Соңғы сөзі (2-б.):** Осыны ғана тілеп біз тыныш отырайық!

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қолжазбаны 1963 жылы Қарағанды экспедициясы кезінде жазып алған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ.500, 2-3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 12-25.

**245**

Ш. 280 (ӘӨИ) П.2; Ж.31

20х17; 19,5х15,5

## قوشقارۇلى جانىبەك

**Аталуы.** Қошқарұлы Жәнібек.

**Жинаушысы.** Алтынбаев Қалихан (1927 ж.т.) – айтыс ақыны, Республикалық айтыстардың жеңімпазы болған. Бұрынғы Семей облысының тұрғыны. Оның «Дала-бесік» (1973), «Қиял қанатында» (1985), «Қалбатау» (1997) жыр жинақтары жарық көрген, «Қойбағар»,

«Тепек», «Мамай батыр», «Ақырғы айқас» т.б. дастандары бар. Оның ұлттық мәдениет тарихы, Абай мен Мұхтар, белгілі ақын-жыраулар туралы, қазақтың атбегілік, балуанды өнері туралы ғылыми-көпшілік, этнографиялық мақалалары, ру-тайпалар туралы шежірелері баспасөз бетінде жарияланған.

**Аннотациясы.** Жәнібек батыр Керейдің Абақ руын бастап, Зайсан бекінісінің солдаттармен атысып, Моңғолияға өтіп кетеді. Моңғолияға көшіп бара жатқанда Жәнібек қолы Қалба тауына бір жұмадай аялдайды. Осы жердегі Матай руы Керейлерді біржола қоныстанып қалады деп қорқып, керейлердің бір ауылын шабады. Сонда Керейден бір жігіт айқаста өледі. Бұған ашуланған Жәнібек қолын жинап, Матай ауылын шаппақ болады. Матайлар қатты сасып, Керей ішіне жансыз жіберіп Жәнібек батырдың мінезін байқатады. Жәнібек асқан мерген, қарсы келгенін ұртынан түйреп түсіретін найзагер адам екен. Жалғыз осалдығы насыбайға құмарлығы екен. Матайлар бір шеберге мүйізден күмістетіп жақсы шақша жасатады да, ішіне жалбыз суы қосылған насыбай салып, Жәнібек деген шешен жігітті батырға елшілікке жібереді. Қатуланып отырған батыр шақшаны алып, насыбайдан бір атып, қыз беріп бітісуге шешім қабылдайды. Осылай екі ел татуласады.

**Басқы сөзі (6-б.):** قازاقتا اتاقتى جانىبەك ۋشىۋ: نوعايلى جۇرتىنىڭ حانى – ءاز جانىبەك، ابىلايدىڭ قولباسشىلارىنىڭ بىرەۋى – شاقشاق جانىبەك جانە مر جانىبەك

**Соңғы сөзі (8-б.):** ال ۋرىستا ولگەن جىگىتتىڭ قۇنىن ءبىرجولا سالاۋات ەتىپ، كەشىرىپتى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1969 жылы қорға өз қолымен тапсырған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған.

**Папкасы.** Қ.280, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 115-116.

**246**

Ш. 1206 (ӘӨИ) П.19; Ж. 14
28,5x20; 8x16

## ҚОЖА АХМЕТ ӨЛЕР АЛДЫНДА

**Аталуы**. Қожа Ахмет өлер алдында.

**Жинаушысы**. Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қожа Ахмет өлер алдында туыстарына өзі өлген соң бір қара бура мінген кісі келіп, денесін алып, мәңгі жататын орнына ақ жауып қоятынын, қайда апарасың деп сұрамауын өсиет етіп айтады. Қайтыс болған соң айтқаны келеді.

**Басқы сөзі (21-б.):** Қожа Ахмет өлер алдында отбасына, туыстарына: «Мен пәлен уақытта дүние саламын».

**Соңғы сөзі (21-б.):** Содан бастап ол кісіні Қарабура әзі деп атаған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет келтірілмеген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі**. Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 70-71.

**247**

Ш. 1206 (ӘӨИ) Б.4; Ж.18
21,5x20; 20x15

## [ҚОЖА АХМЕТ ПЕН АРЫСТАН БАП]

### (І-нұсқа)

**Аталуы**. [Қожа Ахмет пен Арыстан бап].

**Жинаушысы**. Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Мұхаммед [с.ә.с.] пайғамбар дүниеден өтерде жақындарын, жора-жолдастарын жинап, кейінгі ұрпақтарының біреуіне беретін аманаты барын, соны жеткізуді кім мойнына алатынын сұрайды. Сонда Арыстан Баб аманатты арқалайды. Ол Пайғамбардан ол адамды қалай танитынын сұрағанда, өзі сұрап алатынын айтқан екен. Талай жыл өткенде алдынан бір бала шығып, аманатын сұрайды. Арыстан Баб ұртында сақтаған құрманы балаға береді.

**Басқы сөзі (15-б.):** Дүние салар алдында Мұхаммед [с.ә.с.] пайғамбар жан бауыр-жақындарын, қимас дос, сырлас, сыйлас жора-жолдастарын жинапты.

**Соңғы сөзі (16-б.):** Жарайды, сізге келіп түнесін, менен тілек тілесін! – деп жүріп кетеді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 63-64.

**248**

Ш. 1206 (ӘӨИ) Б.4; Ж.18
21,5х20; 20х15

## ҚОЖА АХМЕТ ПЕН АРЫСТАН БАП

### (ІІ-нұсқа)

**Аталуы.** Қожа Ахмет пен Арыстан бап.

**Жинаушысы.** Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Мұхамед пайғамбар бір құрма алып Арыслан Бабқа Имам Мұхаммед Ханафия ұрпақтарынан Сайрам қаласында Қожа Ахмет атты балаға беруді тапсырады. Арыслан қырық жыл Уахар Тарке уалаятында тақуалықпен ғұмыр кешіп, соңында Қожа Ахметті тауып аманатты табыстайды.

**Басқы сөзі (17-б.):** Қазіреті Расул Алла қазіреті Арслан бапқа бір құрма беріп айтқан.

**Соңғы сөзі (17-б.):** Арслан бап бұл дүниеден ол дүниеге сапар қылды.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада беттелген.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет келтірілмеген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін қарандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 64-66.

**249**

Ш. 1206 (ӘӨИ) П.1; Ж.11
28,5х20; 5,5х16,5

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ

**Аталуы.** Қожа Ахмет Ясауи.

**Жинаушысы.** Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ибраһим шейхтен туған екі баланың бірінің аты Ахмет екен. Ахмет бір күні сыртқа шықса, әкесі жер шұқып отырғанын көреді. Сонда әкесінен мұның жайын сұрайды. Бала Ахмет әкесіне бір ауыз сөз айтады. Әкесі риза болып, баласына батасын берген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ысқақ Бабтың ұрпақтарынан тарайтын Ибраһим шайхтан екі бала болады.

**Соңғы сөзі (1-б.):** – Жарылқаушы иең қайда жол көрсетсе сонда бар! – деп батасын берген екен.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет кездеспеді.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Мәтіндерді жинақтап, шағын кітап етіп құрастырған.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 67-69.

**250**

Ш. 1206 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 18
28,5х20; 6х16,5

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ

**Аталуы.** Қожа Ахмет Ясауи.

**Жинаушысы.** Тұрғынбаев А. Ол туралы мәлімет 48-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Қожа Ахмет әкесінен рұқсат алып, Ясы қаласына қоныс аударады. Кейіннен әке-шешесіне сәлем беріп барғанда, әкесі қоныс аударған жері мен елі қандай екенін сұрайды. Ахмет қарапайым халыққа жақсы-жаманды үйретуді өзіне міндет еткен екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бірде Қожа Ахметтің әкесі былай депті:

**Соңғы сөзі (1-б.):** Жаманды да жолға салып көрейін, – деген екен.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкада терілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.1206 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 63.

**251**

Ш. 339 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.16
29х20; 22х16

## ҚОЙЛЫБАЙ ҚЫРҒЫНЫ

**Аталуы.** Қойлыбай қырғыны.

**Жинаушысы.** Әлмұратов Мәлік – Батыс Қазақстан облысы, Ырғыз ауданында тұрған.

**Тапсырушысы.** Әлмұратов Мәлік.

**Аннотациясы.** Аңызда Абылайдың немересі Қасым төренің балалары Кенесары мен Наурызбайдың қазақтардан алым-салық жинап, күш көрсетіп отырған Берда станциясындағы орыстарға қарсы шабуылдап, қазақтарға есе-теңдік алып беру жолындағы бірнеше жорығы сөз болады.

**Басқы сөзі (27-б.):** Ырғыз ауданының солтүстік батысына таман...

**Соңғы сөзі (30-б.):** ...қырғыздармен соғысып, сонда қаза табады дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді оқушы дәптеріне кирилл әрпімен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке он алты жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.339, 4-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 217-220.

**252**

Ш. 142 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 18
21,5x20; 20x15

## ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ КЕЗІ ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Қоқан хандығы кезі туралы.

**Жинаушысы.** Құрманбаев Бекмұхамбет. Ол туарлы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Есмағанбет Көлдейұлы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Жаппас деген елдің көпшілігі жаз жайлауы Сарыарқа, қыстауы Сыр өзенінің бойы еді. Көше алмаған кедейлер Сыр өзенін жағалай отырып, балық аулап, егін егіп күн көрген. Сондықтан болса да Жаппастан батыр көп шықты. Жаппас Қоқан хандығының адам айтқысыз қысымынан орыс халқының күшті, өнерлі көмегі арқасында құтылды.

**Басқы сөзі (16-б.):** Жаппас деген елдің көпшілігі көшпелі, жаз жайлауы Сарыарқа, қыстауы Сыр өзенінің бойы еді.

**Соңғы сөзі (18-б.):** Адал жұбайына опасыздық істеген ханым ақырында халық қаһарына ұшырап, жынданып өліпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін бір жолды журналға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Папкасы.** Қ. 692, 7-дәп. (ӨӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 298-299.

**253**

Ш. 803 (ОҒК) | Б.24; П.12; Ж.69
27х17,5; 23х13

قورقيت

**Аталуы.** Қорқыт.

**Тапсырушысы.** Елеуов Көшен. (1892-1971) – халық ақыны, 1939 жылдан КССР Жазушылар Одағының мүшесі. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туып-өскен. Әкесі аңшы, мерген, домбырашы, сауыққой болған. Көшен 1902-1911 жылдары ескіше оқып білім алған. Кеңес дәуірінде өз бетінше оқып хат таныған. Қазақстан Жазушылар Одағының 1938 жылы Алматыда халық ақындарына арналып ашылған қысқа мерзімді курсында оқыған.

**Аннотациясы.** Аңыздардың көпшілігінде өлімнен қашып Сырдария бойлап жүзіп бара жатқан Қорқытты ең соңында жылан кейпіндегі «ажал» шағып өлтірсе, бұл жырда ол өлімді жеңеді.

Қырық жыл соңына түскен ажал Қорқыттың қолындағы қобызынан, одан шыққан сырлы күйден қорқып жанына қол сұға алмайды. Ең соңында астындағы Желмаясын өлтіріп, Сырдария бетінде жүзіп бара жатқан абыздың қамыс салын быт-шыт етіп, өзіне қол сұққанда өлімді қобызы көкке көтеріп әкетіп, жерге жібермей қояды. Сөйтіп, Қорқыттың екінші өмірі басталады.

**Басқы сөзі (1-б.):** ... ارقانىڭ ارقار بەلىن، قات-قات تاۋىن
**Соңғы сөзі (21-б.):** ... سىزدەر مەن قوناقتا وتىر قورقىت مىرزا ...

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ак қағазға араб әрпінде хатқа түсірілген.

**Беттелуі.** 1-12-ге дейін Еуропа цифрымен беттелген, ары қарай беттелмеген.

**Ақауы.** Парақтары сарғайып, ескірген.

**Папкасы.** Қ. 803, 3-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.89: Аңыздық жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 112-132.

**254**

Ш. 1154 (ОҒК) Б.1; П.1; Ж.20
10,5х16,5; 19х15

## ҚОРҚЫТ АТА ТУРАЛЫ ТАРИХИ АҢЫЗДАР

**Аталуы.** Қорқыт ата туралы тарихи аңыз

**Аннотациясы.** Бұл аңызда Қорқыттың өлімі жайлы баяндалады. Осыған ұқсас бірнеше аңыздың бар екені белгілі. Бұл нұсқада өзіндік айырымдар бар. Аңызда Қорқыт өлімнен қашып құтыла алмайтынын түсінеді. Сырдарияның үстіне кілем жайып отырғанда, қасына қарындасы да отырады. Қобызын тартқанда, маңайының барлығы ұйып тыңдайды. Басқа нұсқаларында «ел-жұрт, аң-құс» деп жалпы айтылып өтсе, бұл нұсқада қобыздың сарынын алыс жерден естіп, жетемін деп жүгіргенде өкпесі өшкен отыз тоғыз қыз жайлы айтылады. Арасында тек біреуі ғана ақсақ болған соң жүгіре алмай, аяңдап ақыры жетеді. Кейін ол да Қорқыттың маңайына жерленген екен. Жұрт оны «Ақсақ қыздың мұнарасы» дейді. Бұл нұсқада ажалдың жылан кейпінде келетіні айтылмайды. Қорқыт ажалды алдау үшін өзін көбейтіп, қырық қорқыт етіп көрсетеді. Ажалға жаратқаннан әмір келіп, «қайсысы бұрын кірпік қаққанын ал» дейді. Ажал ақыры алып тынады. Аңыз соңында Қорқыт дайын көріне қойылады.

**Басқы сөзі (4-б.):** Қорқыт өлімге бойұсынбай, ажалдан құтылмақшы болып, қашып дүние жүзін кезеді.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Осылай деп білетін жұрттың көпшілігі осы кезге шейін Қорқыт атаның сол орнын қадірлеп, құрмет тұтады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 1154, 2-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана. Фолиант, 2012. – Б. 48.

**255**

Ш.917 (ӘӨИ) Б.2;П.2; Ж.37
30х21; 9х17,5

## ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

**Аталуы.** Қорқыт туралы аңыз.

**Жинаушысы.** Қайнарбаев Әлқуат. Ол туралы мәлімет 81-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Қайнарбаев Әлқуат.

**Аннотациясы.** Қорқыт ақылды, алдағыны болжағыш адам екен. Ол бір жерде отырмай үнемі дүние кезіп, тіршіліктегі жақсы-жаманды көріп, салмақтап, сынап байыбына жетіп, біліп жүреді. Біреу кәрі, біреу жас, біреу бақытты, біреу бақытсыз, біреу қыршын жас күйінде, біреу қартайып өледі. Жас туып дүниеге келеді, қария өліп дүниемен қош айтысады. Мұның сыры неде? Жасы ұлғайған сайын Қорқыт өлім жайын көп ойлап, өлім түсіне кіре береді. Бір күні түсінде өзіне қазылып жатқан көрді көреді. Осыдан сескенеді де, Қорқыт келер күні дүниенің екінші бір шетіне сапар шегеді. Бетпақтың шөлін де, Сарыарқаны да түгел кезеді. Қайда жүрсе де, қайда барса да ұйықтаса-ақ болғаны, түсінде өзіне қазылып жатқан көрді көреді. Жер ортасы Сырдарияның жағасы екен. «Жерұйық» осы деп, «елімнің қайғысына мың да бір дауа осы болар» деген ол Сырдың суына кілемін төсеп, қобызын тартып отырады. Ол қазіргі Қорқыт моласы тұрған Сырдарияның жағасына келіп тұрақтаған екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қорқыт жұрттан асқан ақылды, алдағыны болжағыш адам екен.

**Соңғы сөзі (1-б.):** «Елімнің қайғысына мың да бір дауа осы болар» деп, Сырдың суына кілемін төсеп, қобызын тартып тұрады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін жинаушының өз қолымен араб әрпінде, қарындашпен хатқа түскен.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Аңызды ауыз әдебиеті үлгілерін

жинаушы Әлқуат Қайнарбаев ел арасынан жинап, 1969 жылы Институт қорына тапсырған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.917/13, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 45-46.

**256**

Ш.917 (ӘӨИ) Б.2; П.2; Ж.37
30х21; 29х17,5

[ قورقىت تۋرالى اڭىز ]

**Аталуы.** [Қорқыт туралы аңыз].

**Жинаушысы.** Қайнарбаев Әлқуат. Ол туралы мәлімет 81-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қорқыттың ауылы Сырдарияның жағасында болыпты. Асқан күйші, қобызшы Қорқыт үйінде отырмай, ылғи ел кезіп, қобызымен күй тартады екен. Күйді құмарланып тартқан сайын Қорқыттың өлім жайлы қайғысы жеңілденіп жоғала беріпті. Түсінде Тәңірі «Сен өлімді аузыңа алмасаң, саған ешуақытта өлім жоқ» деп аян беріп, қобызын тартып, ел аралап жүре беріпті. Күндердің бір күні бір ауылда отырса, байлаулы тұрған өгізі далаға қашып барады екен. Өгізін қуып жүріп: «Мұны өлсем де ұстамай коймаспын» деп ашу үстінде айтып қап шошиды. «Бұл жерден кету керек» деп шешкен ол астына желмая мініп, желдіртіп дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Күнбатысқа да, күншығысқа да, Сарыарқаға да, құбылаға да барса өзіне қазылып жатқан көрді кездестіреді. Дүние кезіп өлімнен құтылмасын білген Қорқыт өзінің туған жері Сырдарияға қайтып, желмаясын сойып, оның терісімен қобызының сыртын қаптайды. Құрғақ жерге ажал жетіп келер деген қауіппен қырмызы масаты кілемді Сырдарияның суына төсеп, сонда қобыз тартыпты. Қорқыт дүние кезгендегі арманын да, өлімнен қашқан қайғысын да, өзі көрген жақсылық-жамандық жайларын да қобызында ойнаған ғажап сұлу күйлерімен жеткізіп баяндайды. Сарыарқаның аңдары да Сырдарияның жағасына шұбырып келіп, Қорқыт күйін тыңдайды. Сырдария ағысын тоқтатыпты, үстіне

төселген Қорқыттың кілемі суға не ағып, не батып кетпей, көп заман су ортасындағы кемедей қалқып тұрып алып, Қорқытқа өлім келтірмейтін арал болыпты.

Қорқыттың күңіренген күйлерін балқып тыңдаған ажал да бұған жақын келе алмапты. Көп замандар бойы үздіксіз қобыз тартқан Қорқыт қалжырап, қалғып кетеді. Қорқытты ізіне түсіп андыған ажал жылан күйінде келіп шаққанынан өледі. Қорқыттың моласы Сырдарияның жағасында Қармақшыдан он сегіз шақырым жердегі белесте тұр. Сол молаға бірге қойылған Қорқыттың қобызы өзінен өзі мұңды күй тартып, Қорқыттың өзін тыңдағандай сарнап тұратын болыпты. Қорқытты тыңдағандардың барлығы қобызды ойнауды үйреніп, алғашқы қобызды да жасаған екен.

**Басқы сөзі (1-б.).** قورقتتڭ اۋلى سرداريانڭ جاعاسندا بولپتى

**Соңғы сөзі (3-б.).** قورقتتى تڭداعان بارلق مل، بارلق ءانشى، كۇيشى، ءان مەن كۇيدى، قوبزدى ويناۋدى قورقتتان ۇيرەنىپ، العاشقى قوبزدى قورقت جاساپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Араб әрпінде қарындашпен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.917/13, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 46-47.

**257**

Ш. 346 (ОҒК) П. 10; Ж. 19
22,5x14,5; 20x13,5

قورلىباي مەن ەردەس

**Аталуы.** Қорлыбай мен Ердес.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бапай деген кісінің үш баласы болады. Ең үлкені – Ердес. Ердес он жеті жасқа келгенде Қорлыбай батырмен бірге жауға аттанып, қамал бұзады. Сонда Қорлыбай баланың ерлігіне риза болып, жол сенікі болсын дегенде, Ердес «Атақ сіздікі болсын, маған батаңызды берсеңіз болды» дейді. Қорлыбай өзінің Мөр атты қарындасын берем деп уәде етеді. Сонан көп уақыттан кейін қалмақ қолы жасанып, қазақ ауылдарына қайта тиеді. Сол шайқаста Ердестің аяғын қылыш кесіп,

ақсақ болып қалады. Кейіннен соғыс басылған соң Ердес балдақпен жүретін болып қалады. Сонда да аң атып үй-ішін, інілерін асырайды. Бір інісі Ақтенді кірекештерге қосады. Кіре тартып бара жатқан Ақтенге жолда Қорлыбай батыр жолығып, үйіне шақырып, көп мал-мүлік беріп, Ақтеннің қасына сегіз батыр ілестіріп, Мөрді Ердеске ұзатады. Сол Мөрден төрт ұл туады.

**Басқы сөзі (30-б.):** باپاي دمگەن كسى وتىز بەس جاسىندا جاۋدان ولەدى

**Соңғы сөзі (48-б.):** ۋلدىك اتتارى: مدىگە، مسكەنە، تويشاق، قۋلىنشاق

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1945 жылы ел арасынан жазылып алынған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, тігісі мәтінді басып қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ак жіппен тігілген.

**Қосымша белгілері.** Соңында ССР ЦНБ таңбасы басылған.

**Папкасы.** Қ. 346, 7-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 324-330.

**258**

Ш. 1331 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27

29х19; 258х17

## [QURMANQULDIŇ NAURIZBAYDIŇ ERLIGINE RÏZA BOLUI]

**Аталуы.** [Құрманқұлдың Наурызбайдың ерлігіне риза болуы].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Ахмет правительдің Кенесары мен Наурызбайдан қорқып, әскер топтап, қорғанысты күшейтіп жүреді. Сол әскерінің бастығы Құрманқұл деген батыр екен. Бір жолғы қорғаныста Құрманқұлдың Наурызбайдың екпіндеген жүрісі мен қайтпас қайсарлығына риза болып бас иіп, құрмет көрсеткені баяндалады.

**Басқы сөзі (334-б.):** Axmet pravïtel Kenesarı, Naurızbaydan qorğanu üşin...

**Соңғы сөзі (335-б.):** «Naurızbaydıñ erligine rïza boldım», – depti.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Сырты катты қағазбен тысталған. Ақ жіппен тігілген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтакова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 212-213

**259**

Ш.1154 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## ҚЫЗЫҒҰРТ ЖАНТӨРЕ БИ МЕН ШОМБАЛ БИ

**Аталуы.** Қызығұрт Жантөре би мен Шомбал би.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жәңгір ханның Шомбал деген биі болады, Әбілқайыр ханның заманында қазақтан солдат алынбайтын кездерде, Хиуа-Бұқардан қашып, Ойыл-Қиыл, Жем, Сағызды өтіп, қазақ ішіне келіп, Әбілқайыр ханды паналап, күн көріп өсіп-өнеді екен. Аңызда Осы Шомбал би Қызылғұрт Жантөре бидің арасындағы сөз тапқырлығы жайлы сөз болып, Қырылғұрт Жантөренің Шомбалға риза болғаны айтылады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Жәңгір ханнын Шомбал деген биі болады, Әбілқайыр хан заманында қазақтан салдат алынбайтын кездерде Хиуа-Бұқарадан қашып, Ойыл-Қиыл Жем, Сағызды өтіп, қазақ ішіне келіп, Әбілқайыр ханға паналап, күн көріп өсіп-өнеді.

**Соңғы сөзі (2-б.):** – Жәке, сөз осы арада қалсын, ендігәрі айта көрмеңіз, – деп орнынан тұрып көк мауыт шекпенін жауып жіберіпті дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1154 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 99-100.

**260**

Ш. 657 (ОҒК)

П. 4; Ж. 24
30х21; 28х20

## MALAYSARI BATIR

**Аталуы.** Малайсары батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңыздың мазмұны «Малайсары және Олжабай» (ОҒК-ның Қолжазба қорында (1177, 226-236 б.) нұсқасымен ұқсас. Тілеуқабылды қалмаққа «ақ үйліге» бермек боп, ақ мылтықтың аузын жаласып бір-біріне жем болмасқа анттасқандығы, Абылай хан жорыққа аттанып Малайсарыға келгендігі, сол жорықта Малайсарының қалай өлгені туралы айтылған

**Басқы сөзі (11-б.):** Toqtawıl batır bolğan kisi .

**Соңғы сөзі (19-б.):** Sol jolı Malaysarı ölipti. Süyegin elge alıp kep qoyıptı.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Буманың мұқабасында «Көпеев Мәшһүр Жүсіп жинағандарынан. III-том. 214 бет» деген жазу бар. Мәтін латын әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба түптеліп, сырты ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ.657, 13-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 332-334.

## 261

Ш. 829 (ОҒК) П.2; Ж.38
30х28; 20х17.5

## МАЛАЙСАРЫ БАТЫР

**Аталуы.** Малайсары батыр.

**Жинаушысы.** Белгісіз.

**Аннотациясы.** Малайсарының бала күнінде Тоқтауыл батырдың оны жолбарыстан аман алып қалғаны баяндалады. Сол Малайсары өскенде батыр болады. Қалмаққа бірнеше қабат қолға түсіп, олармен екінші соғыспасқа, ақ мылтықтың аузын жалап ант ішкен екен дейді. Бірде Абылай қол бастап қалмаққа аттанып бара жатқанда, Малайсарыны қояр да қоймай өздерімен алып кетеді. Осы соғыста Малайсарының белінен үш оқ тиіп, көп өтпей дүние салады екен.

**Басқы сөзі (9-б.):** Тоқтауыл батыр болған кісі. Ауылы бір қопаға қонғанда...

**Соңғы сөзі (11-б.):** ...Белін үш қабат орап алып жауға шауыпты» деген сөз бар еді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 829, 10-дәп. (ОҒК).

## 262

Ш. 406 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.22
20х16; 18х14

## МАХАМБЕТ БАТЫРДЫҢ ӘКЕСІ ӨТЕМІСТІҢ ХАН ЖӘҢГІРДЕН ЖЕР СҰРАУЫ

**Аталуы.** Махамбет батырдың әкесі Өтемістің хан Жәңгірден жер сұрауы.

**Жинаушысы.** Омаров Ә.

**Айтушысы.** Абдрахманов Ғаббас.

**Аннотациясы.** Аңызда Жәңгір ханнан жер сұрай барған Өтемістің

айтар ойын бір шумақ өлеңмен жеткізіп, өзінің қалаған Шолан тауын алғаны жайлы сөз болады.

**Басқы сөзі (2-б.):** Өтеміс ханның ордасына барып отырғаннан кейін, хан Өтеміске әңгімелеріңді айта отыр депті, сонда Өтеміс ханға былай деп айтқан көрінеді

**Соңғы сөзі (2-б.):** – Жер сұрай келіп пе едің, қай жерді алғың келеді? – депті. Өтеміс өзінің сұрауы бойынша Шолан тауын алыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 406 (ӨӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 106.

**263**

Ш. 1064 (ОҒК) П.1; Б.2; Ж.14
29х20; 22х16

[ ماحامبەت پەن بايماعامبەت ]

**Аталуы.** [Махамбет пен Баймағамбет].

**Жинаушысы.** Құлсариев Ертай. Ол туралы мәлімет 43-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Махамбеттің Исатайдан айырылып жалғыз қалып жүрген күндерінің бірінде Баймағамбет жігіттерін жіберіп шақыртып алып, оған өзінше ақыл-кеңесін айтуы, ал Махамбет сұлтанның сөзін қабылдамай, керісінше өзіне қарсы келіп, Баймағамбеттің екіжүзді арамдығын бетіне басып, басын алатынын көзінше айтқаны сөз болады.

**Басқы сөзі (4-б.):** ماحامبەت وتەمىسۇلى يساتايدان ايىرىلىپ

**Соңғы сөзі (5-б.):** سونان كەيىن مۇنار-مۇنات كۇن دە باستاپ كەتەدى ...

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке он төрт жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1064, 13-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 125-126.

**264**

Ш. 1154 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## [МАХАМБЕТ ПЕН ЖӘҢГІР ХАН]

**Аталуы.** [Махамбет пен Жәңгір хан].

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда алғашқы Исатай-Махамбет төремен тату кездерінде Махамбет пен Баймағамбетті сөзден жыға алмай жүруі, ханның қай билері болмасын бұлардың алдында қайбыртып сөйлей алмайтын болып қалуы, сондай күндердің бірінде Жәңгір ханның қайынатасы Қарауылқожаның Жәңгірді Исатай-Махамбетке қайрап салуы, содан арада соз дауы туып, бәрібірде сөзден жеңіліп жер шұқып қалғандары жайлы сөз болады.

**Басқы сөзі (5-б.):** Жәңгірдің алғашқы Исатай-Махамбет төремен тату кездерінде Махамбет пенен Бекмағамбетті сөзден жыға алмай жүреді, ханның қай билері болмасын бұлардың алдында қайбыртып сөйлей алмайтын болады.

**Соңғы сөзі (6-б.):** Жәңгір, Қарауылқожа, Шомбал би бәрі жер шұқып отырып қалады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 1154 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 126-127.

Ш. 406 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.22
20x16; 18x14

# [МАХАМБЕТ ПЕН ЖӘҢГІР ХАН]

**Аталуы.** [Махамбет пен Жәңгір хан].

**Жинаушысы.** Сәрсенғалиев Т. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мырзалиев Тұраш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Жәңгір хан баласының туған күніне орайластырып той жасапты. Сол тойда атпен табақ тартып жүрген Махамбеттің ру намысына садақа сұраушы арқылы тимекші болған Жәңгір ханның бұл қылығына ұтымды жауап қайтарып, ханның өзін жеңіп кетіп, садақа сұраушыны тамаққа бір тойғызған екен.

**Басқы сөзі (4-б.):** Жәңгір хан баласының туған күндерінің біріне арнап той жасапты.

**Соңғы сөзі (5-б.):** – Сақпардан келген ноғайдың баласы да хан болып отыр, күннен туғандарға би болып отыр, бізде осындай болармыз, – депті де, садақа сұраушыны төрге ханның оң тізесін ала отырғызып, табақты хан екеуіне бірге тартыпты, хан табаққа қолын сала алмапты, садақа сұраушы тойып шығыпты дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге көк сиямен кирилл әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 406 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 106-107.

### 266

Ш. 406 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 23х15

## МАХАМБЕТТІҢ ӘКЕСІ ӨТЕМІС БИ

**Аталуы.** Махамбеттің әкесі Өтеміс би.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Жәңгір ханның Шомбал деген биі болады. Осы Шомбал би Әбілқайыр ханның заманында, қазақтан солдат алынбайтын кездерде Хиуа-Бұқардан қашып, Ойыл-Қиыл, Жем, Сағыздан өтіп, қазақ ішіне келіп, Әбілқайыр ханды паналап, күн көріп өсіп-өнеді екен. Аңызда Осы Шомбал би мен Қызылғұрт Жантөре бидің арасындағы сөз тапқырлығы, Қызылғұрт Жантөренің Шомбалға риза болғаны айтылады.

**Басқы сөзі (286-б.):** Махамбет батырдың әкесі Өтеміс сөзге шебер би болған, жақсы орта дәулетті, өзі инабатты адам болған екен.

**Соңғы сөзі (286-б.):** Төре болсаң жөніңе төресің,
Бірақ кезегің келгенде өтесің, – деген екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде қарындашпен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Мәтін әр бетке жиырма сегіз жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 406 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б.105-106.

### 267

Ш.990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## МЕНІҢ ГУБЕРНАТОРДА ЖҰМЫСЫМ ЖОҚ

**Аталуы.** Менің губернаторда жұмысым жоқ.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда қазақ шекарасына қала салмақ болған патша үкіметінің ісіне Сырым батыр қарсы болып, салған үйлерін шетінен өртеп жібереді. Батырдың қарсылығын басу үшін патша үкітемі Ғұбайдулла, Фатихулин және Әбілпейіз деген молдалар арқылы неше түрлі сыйлықтар жіберіп көңілін ауламақшы болады. Алайда батыр бұған да иіле коймайды.

**Басқы сөзі (70-б.):** Сырым батыр Руссия мен қазақ шекарасына, қазақ жеріне қала салуына қарсы болады, қалың қол жинап: «Елек суының жағасына Елек қаласын салдырмаймын», – деп салынған үйлерді өртеп жібереді. Сондықтан Елек қаласын қазақтар «Күйік қала» деп атап кеткен.

**Соңғы сөзі (70-б.):** «Адамның баласы болса, болар» дегені, «Құдайдың баласы болмаса, оны бірдеме етерміз, түбіне жетерміз» дегені екен патшаның.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 70-71.

**268**

Ш. 1062 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 28
29х20; 26х18

## МӨҢКЕ МЕН АЯЗ ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

**Аталуы.** Мөңке мен Аяз қарттың әңгімесі.

**Жинаушысы.** Жақанова А. Ол туралы мәлімет 184-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Балабаев Ыдырыс. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Мөңке жас кезінде Аяз картты іздеп барады. Аяздың жұмбақтап сұраған жауабына іркілместен жауап беріп, өзі де жұмбақтап сауал тастайды. Соңында Аяз биден бата алып еліне қайтады.

**Басқы сөзі (8-б.):** Мөңкенің бала жігіт кезінде әкесі Бекарыс Жиделібайсын жеріндегі...

**Соңғы сөзі (11-б.)**: «Сол жасты аманат қылып жібердім» деген сөзі еді, – депті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1990 жылы Қызылордада жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, қызыл сары жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 1062, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 96-98.

**269**

Ш. 1338 (ОҒК) П. 4; Ж. 23
30х21; 28,3х18,6

مۇسانىڭ ون سەگىز جىل كاترگە بۇيىرىلعان جازاسىنان قۇتىلۋى

**Аталуы.** Мұсаның он сегіз жыл катрге бұйырылған жазасынан құтылуы.

**Жинаушысы.** Айнабеков Қайып. Ол туралы мәлімет 57-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** «Сейтенді он сегіз жыл катрге айдатты, өзіне он сегіз жыл катрге айдалуға кесім болды» дегенді естіп, Мұса қашып кетеді. Жарты жыл қарауыл Тоқтамыстың қолында жасырынып жүреді. Поштайдың Омбыға келгенін естіп, Поштай князға қадірлі екенін біледі. Мұса Тоқтамыс екеуі ақылдасып, орысқа көрінбекші болады. Содан Мұса Тоқтамыс Омбыға келіп, хат жазып қалдырады. «Мен Шорманұлы он сегіз жыл катрге айдалуға өкім етілген кісі едім, қашып жүруді жолсыз көріп, кесімді жазамды атқаруға келдім» дейді. «Мені Поштай Тұрсынбай үйінен табасыздар» деп адресін қалдырып кетеді. Бұл сөзін Поштайға айтпайды. Поштайдың пәтеріне түсіп, амандық саулық сұрап білісіп, бір күн өткеннен кейін үш солдат келеді. Мұсаның хабарландыруымен Поштайдың пәтеріне келіп, үшеуінің қайсысы екенін айыра алмай: «Мұса Шорманұлы қайыссыңыз?» – деп сұрайды. «Мұса менмін!» – деп үшеуі түргеліпті. Мұсаның он сегіз жыл катрге

бұйырылған қағазын көрсетіп, Мұсаны алып кетпек болады. Сонда Поштай тұрып солдаттардан ертең тапсыруға кепілге сұрап алып қалады. Поштай ертеңінде ерте тұрып, Мұсаның шаруасына кірісіп кетеді. Ол көмек бере алатын лайықты адамдармен жолығып, үш күнде Мұсаның жұмысын шешіп бермек болады. Поштайдың айтуынша кешірім беріп, Мұсаның жұмысын қарастырып, жазасына кешірім беріп, жеріне қайтуға көмектесіп рұқсат қағазын алып береді. Мұса үш күн ішінде «О, менің жұмысым қалай болатын болды?» – деп сұрайды. Сенің жұмысыңды қарастырып жатырмын, – деп Поштай айтпаған. Байлаулы күнінде Мұса Омбыға барып, патша баласына телеграмма беріп: «Келме, әкем тілегіңді орындайтын болды», – деп жауап қайырыпты. Омбыда Мұсаның патшаға барып, қазақ атына карольдық алады дегенді естіп орыстың министрі: «Мұса қандай кісі?» – деп көруге оның пәтеріне келеді. Мұсамен жолығып екі сағаттай онымен сөйлесіп кеткен соң министр Мұсамен сөйлесіп қайтқан соң, патшаға телеграмм жазыпты. Мұса Шорманұлы қазақ атына карольдық алады дегенді естіп, көрейін деп екі сағат пәтеріне барып сөйлесіп едім, ол мені білдіртпей екі жерден алдады дейді. Егер де қазақ халқына каролдық беріп, Мұса король болатын болса, өзінің көңілдесі болмаса, ол өзіңізге оқ атып, қылыш суыруға білімі жарайтын кісі екен, ендігісін өзіңіз білесіз дейді. Патша мына телеграмды көрісімен, қазаққа карольдық бермейтін болып, баласына ұрсады. Патша баласы Мұсаға телеграмма беріп әкем уәдесінен бұзылып карольдық бермейтін болды, министрдің телерғаммы арқылы «білімі бар» деп біреуі жазатайым басыңызға қастық жасаса, обалыңызға қаламын аманыңызда үйіңізге қайтыңыз дейді. Содан Мұса Мәскеуге бара алмай, Омбыдан қайтады.

**Басқы сөзі (3-б.):** مۋسا تايجاندى انتى، سەيتەندى ون سەگىز جىل كاترگە ايداتتى، وزىنە ون سەگىز جىل كاترگە ايدالۋعا كەسىم بولدى دەگەندى ەستىپ، مۋسا قاشىپ جاسىرىنىپ، جىل جارىم قاراۋىل توقتامىستىڭ قولىندا بولىپتى

**Соңғы сөзі (5-б.):** مۋسا ماسكەۋگە بارا الماي، ومبىدان قايتقان

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ.1338, 22-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 296-297.

270

Ш. 1010 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.26
29х20; 23х17

## МҰХТАР МЕН ҚАЙЫРЛЫ БИ

**Аталуы.** Мұхтар мен Қайырлы би.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым батырдың ұрпағы Мұхтар Орта жүзде ме, әлде кіші жүздің бір шетінде әкім болып тұрады. Осы Мұхтарды тәкаппар, елге сүйкімсіз дегенді естіп, Қайырлы би арнайы іздеп барады. Қайырлы биді дұрыс қарсы алмаған Мұхтарға ата-бабасының жайын түсіндіріп бергенде қателігіне мойынсал болып, Қайырлы биді қонақ қылып шығарып салған екен.

**Басқы сөзі (14-б.):** Сырым батырдың ұрпағы Мұхтар Орта жүзде ме, әлде Кіші жүздің бір шетінде әкім болып тұрады.

**Соңғы сөзі (15-б.):** Қайырлы бірнеше күн жатып Мұхтарға ақыл айтып, содан кейін Мұхтар түзеліп, дұрыс ел билеген әкім болыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Папкасы.** Қ.1010, 7-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 92.

271

Ш.1331 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27
29х19; 258х17

## NAUAN MEN QOISHYBAI

**Аталуы.** [Науан мен Қойшыбай].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қалмақ руы, қыпшақ тайпасы Байсеке батырдың баласы Қойшыбайдың бір байдың малын бағып жүргенде он екі жасар Наурызбайдың ерлігін көріп таңқалғаны, сонымен бірге Наурызбайдың сол кезде өзімен құрдас екенін біліп ерлігіне тәнті болады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Qalmaq rui, qıpşaq taypası bayseke batırdıñ...

**Соңғы сөзі (5-б.):** ... Äñgimesin bitiredi eken qoyşıbay batır.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты қатты қағазбан тысталған. Ақ жіппен тігілген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 214.

**272**

Ш. 1331 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27
29x19; 25x17

## NAURIZBAY BATIR

**Аталуы.** Наурызбай батыр.

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қырғызда Жаңғараш, Жантай, Жанғабыл, Тілеуқабыл, Жаманқара деген манаптар болады. Осы манаптардың ішіндегі Жаңғабыл мен Жаманқараны Наурызбай батыр бірін соғыста, бірін елшілікке келген кезінде өлтірген екен. Жаманқараның бодауына Кенесары ханды Жаңғараш алған екен. Ал Наурызбайды Жаңғабылдың бодауына ағасы Тілеуқабыл алған екен. Сонда Орман хан: «Бұларға біз

соқтыққан жоқпыз, өздері бәрін бастаған» деп жібермей ұстап отырады. Осылайша қырғыз-қазақ арасында келеңсіздік орын ала бастайды. Інісінің бодауына Наурызбай батырды ұстап отырған Тілеуғабыл манап Наурызбай батырды өлімге қимай тоқсан күн ұстап тұрады. Ақырында Тілеуғабыл манаптың бір жаққа кеткен орайдан пайдаланып, қырғыздар Наурызбайды өлтіріп тастаған екен.

**Басқы сөзі (321-б.):** Qırğızda «manap» deytin boladı eken ...

**Соңғы сөзі (321-б.):** ... Naurızbaydı öltirgen dänemege uşırağan joq desedi.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Сырты қатты қағазбан тысталған. Ақ жіппен тігілген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж.Т. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 209-211.

**273**

Ш. 1331 (ОҒК)

П.1; Б.1 Ж.27
29x19; 258x17

**[NAURIZBAY]**

**Аталуы.** [Наурызбай].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 273-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Наурызбай жігіттерін найзагерлікке үйреткенде тостаған төңкеріп, түбіне жұмыртқа отырғызып, шауып өтіп бара жатып найзамен түйрейді екен. Ал Наурызбай өзі кеткенде жұмыртқаны орнынан түсірмей үш түйреп кетеді екен дейді.

**Басқы сөзі (336-б.):** Naurızbay jigitterin nayzagerlikke üyretkende...

**Соңғы сөзі (336-б.):** ... Jumırtqanı ornınan tüsirmey üş tüyrep ketedi eken deydi.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Сырты катты қағазбен тысталған. Ақ жіппен тігілген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 213.

**274**

Ш. 1331 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27
29x19; 258x17

## NAURIZBAY MEN BUQARBAY

**Аталуы.** Наурызбай мен Бұқарбай.

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Наурызбай Бұқарбаймен күресіп, кезектесіп сілтесуге кезегін Бұқарбайға береді. Бұқарбай қыл шылбырды беліне қос қабаттап салып тартқанда, Наурызбайдың табанын қозғалта алмайды екен. Ал кезек Наурызбайға келіп, Бұқарбай қол шылбырымен қосып тартып кеткенде, Бұқарбай Наурызбайдың күшіне мойынсал болған екен.

**Басқы сөзі (3-б.):** Naurızbay Buqarbaymen küresip, kezektesip siltesuge...

**Соңғы сөзі (4-б.):** ...«Seniñ küşiññiñ basım ekendigi ayqın boldı», – depti.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты қатты қағазбан тысталған. Ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 214.

**275**

Ш. 1331 (ОҒК) — П.1; Б.1 Ж.27<br>29x19; 258x17

## NAURIZBAY TURALI

**Аталуы.** Наурызбай туралы.

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Наурызбай қалың қолмен келе жатқанда сондарынан бір қабан еріп алады. Ызаға булыққан Наурызбай: «Қабанға қарсы келетін жігіт бар ма?» – дейді. Сонда Оларды тоқтатпақшы болған Кенесарының сөзін тыңдамаған Наурызбай өзі бес қаруын бір жолда түгел қолданып, Қабанның көзін құртқан екен.

**Басқы сөзі (322-б.):** Naurızbay köp qolmen keşke jaqın qalıñ ormanda...

**Соңғы сөзі (323-б.):** ... Bes qarudıñ beseuin de jumsap ketken eken deydi.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты қатты қағазбан тысталған. Ақ жіппен тігілген. Ақауы жоқ.

**Папкасы.** Қ. 1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 211.

Ш. 836 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 21
20x19; 18x17

## НАУРЫЗБАЙ ТУРАЛЫ

**Аталуы**. Наурызбай туралы.

**Жинаушысы.** Тналиев Б. – бұрынғы Орал облысының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері. Өзге мәліметтер кездеспеді.

**Аннотациясы.** Наурызбай батыр қол бастап келе жатқанда, бір жолдасы сұрайды екен: «Осы ер қаруы бес қаруды түгел жұмсайсың ба?» деп. Сонда Наурызбай: «Біреуі артық болып жұмсай алмасам, жүк қылып артып жүрудің қажеті не?» деп, көз ілеспес жылдамдықпен бір бозторғайды садақпен атып, түсіп келе жатқанда найзамен шаншып, қылышпен шауып, қамшымен бір тартып өте шығады. Сондай-ақ Наурызбайдың бала күніндегіептілігін суреттейді. Және де Орыстар Құсмұрын бекінісін салғанда, Наурызбай талай рет шабуыл жасап, ақыры оны алып, орысты қашырған екен. Сол жер бүгінде «Шодыр сайы» деп аталған.

**Басқы сөзі (9-б.):** Наурызбай бір қол бастап келе жатқанда, өзінің батыр жолдастары сұрайды.

**Соңғы сөзі (10-б.):** Қазір сол жерде Киров колхозы бар.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1940 жылы шілде айында бұрынғы Орал облысы, Қаратөбе ауылында жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Қосымша белгілері.** Жоқ.

**Папкасы.** Қ. 836, 1-дәп. (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 154-155.

Ш. 1331 ОҒК

П. 5; Б 5; Ж. 30
20x30; 16x 22.

## [НАУРЫЗБАЙДЫҢ АҒЫБАЙҒА РИЗА БОЛУЫ]

**Аталуы.** [Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушы.** Құлбаев (Қолжазбада тапсырушының есімі жазылмаған). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Николай патшаның заманында қазақ халқы көп зорлық көреді. Ел ішіндегі бектер, аға сұлтандар Николайдың айтқанын екі етпей орындап отырады. Малы талауда, ер-азаматтары қырғынға ұшыраған қалың ел Кенесарыға келіп мұңын шағады. Ел қамын жеген Кене хан патшаға қарсы тұрып, қалың қазақ халқын соңынан ертеді. Кене ханның қоластына қазақтың атақты батырлары жиналады. Бұлар өздерінің ордасын Алтай-Қарпықтың ортасы Құланөтпеске тігеді.

Кенесары Ырғыз бойындағы назар-сүрен руынан Әліге елші жіберіп: «Қазаққа Николай патша қорлық көрсетті. Сен де бізге қосыл», – дейді. Әлі Кененің бұл тілегіне көнбейді, көмек бермейді. Кене Әліге қарсы шабул жасап, алған олжаларын халыққа таратып береді. Әскелерін алға жіберіп, аз ғана қолмен қалған Кенені Әлінің әскері қамап алады. Бірақ Әлінің әскері Кенені қамап тұрса да, бетпе-бет ұрысуға бата алмайды. Сол кезде қоста бөлек жатқан Ағыбай мен Жанайдар келіп, екеуі қалың әскерді айдап шығады. Еңгезердей бір кісі келіп Жанайдарға найза салады. Найзаның ұңғысы кеңірдекте қалады. Бір мықты кісі кеңірдек пен өңештің арасына кірген найзаның ұңғысын тартып алады. Ағыбай мен Наурызбай екеуі ер іздеп жүріп бір батырға кез болады. Ағыбай сол батырдың соңынан еріп кетеді. Жолда екеуі танысып, Ағыбай өзін таныстады. Ағыбай батырдың қойған талаптарын орындап, екі батыр дос болып шаттанады. Ағыбай Наурызбайға келеді. Наурызбай Ағыбайдан неге кешіккенін сұрайды. Ағыбай: «Ой, не қыласыз? Ердің ерін таптым, ер керек болған заманда бізге үлкен Алатаудай бел болатын ер екен, сонымен дос болып қайттым», – дейді. Наурызбай Ағыбайдың ісіне әбден риза болады.

**Басқы сөзі (6-б.):** Николай патшаның байтақ далада жай жатқан, мал баққан момын елге істеген зорлық қысымы күн сайын күшейе береді.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Наурызбай Ағыбайдың ісіне риза болып шаттанады.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қолжазба ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Мәтін 1940 жылдары Қарағанды облысында жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазбалар қалың қағазбен түптелген.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 203-209

**278**

Ш. 1331 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27
29x19; 258x17

## [NAURIZBAYDIÑ JORLBARISTI ÖLTIRUI]

**Аталуы.** [Наурызбайдың жорлбарысты өлтіруі].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Баласын жолбарыс жарып кеткен бір шалдың Наурызбайға «жолбарыстан кегімді алып бер» деген өтінішін жерде қалдырмай сегіз жігітітпен шалдың көрсеткен жеріне барып, сегіз жігіттің шамасы келмеген жолбарысты Наурызбайдың жалғыз өзі екіге бөліп жібергені баяндалады.

**Басқы сөзі (333-б.):** Bir küni bir şalı balasımen qamıs qïp jürgende...

**Соңғы сөзі (333-б.):** ... Jolbarıstı belden bölip ketken deydi.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты қатты қағазбан тысталған. Ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 212.

**279**

Ш. 1331 (ОҒК) П.1; Б.1 Ж.27
29х19; 258х17

**[NAURIZBAYDIÑ KELBETI]**

**Аталуы.** [Наурызбайдың келбеті].

**Жинаушысы.** Маханов Пазыл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Құлбаев (есімі көрсетілмеген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Әлімбаев Доскей. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Наурызбай адамның сырттаны екен. Түрегеліп тұрғанда екі қолы тізесінен төмен түсіп тұрады екен және білегі жәй адамдардың білегіндей екі айыр сүйек емес, тұтас сом сүйек екен дейді.

**Басқы сөзі (3-б.):** Naurızbay adamnıñ sırttanı eken...

**Соңғы сөзі (4-б.):** ... Tutas som süyek eken deydi.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Латын әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты қатты қағазбан тысталған. Ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.1331 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 214.

**280**

Ш. 1337 (ОҒК) П.1; Б.2 Ж.20
20х17; 18х14

**ناۋرىزبايدىڭ قارىنداسى**

**Аталуы.** Наурызбайдың қарындасы.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түлік. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Мыңбайұлы Шыңбай. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Наурызбайдың қарындасы Қарашаш далада жатқан жылқының бір құмалағын атпен шауып келе жатып найзамен шаншып іліп алады екен. Серке терісінен тұмар бояуға боялған сары шалбар киеді екен.

**Басқы сөзі (25-б.):** ناۋرىزبايدىڭ قارىنداسى قاراشاش دالادا...

**Соңғы сөзі (25-б.):** ... تۇمار بوياۋعا بوياعان سارى شالبار كيەدى ەكەن.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Араб әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптер ақ жіппен түптелген, ақ қағазбан тысталған.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөзбен әр бетке жиырма жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 1337 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 212.

**281**

Ш. 142 (ӘӨИ) П.1; Б.2 Ж.25
29х20; 18х15

## [НАУША БАТЫР МЕН СЫЙЛЫБАЙ]

**Аталуы.** [Науша батыр мен Сыйлыбай].

**Жинаушысы.** Мырзағалиев Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Әлімнің шекті руында аты шыққан Сыйлыбай деген бір батыр болады. Сырттай Наушаның атағын естіп, оның бақытын күндеп өлтіргісі келеді. Бұл сырды Науша да есіте жүреді. Сыйлыбай мен Наушаның араларына шағыстыру сөздер де көбейеді. Ақырында екеуі араздасып, соғысуға дейін барады. Жекпе-жекте Науша Сылыбайды өлтіріп сөзіне жетеді.

**Басқы сөзі (58-б.):** Әлімнің шекті руында аты шыққан Сыйлыбай деген...

**Соңғы сөзі (60-б.):** ... Наушаға елі «сөзіне жетті» деп риза болыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 142 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 141-142.

**282**

Ш.142 (ӘӨИ)

П.1; Б.2 Ж.25
29х20; 18х15

## НАУША БАТЫР ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Науша батыр туралы.

**Жинаушысы.** Мырзағалиев Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кіші жүз Он екі ата Байұлының Байбақты ауылында Әлтеке тайпасының Назарымбет атасынан Наушаны Кіші жүз түгелдей, Ұлы жүздің батыс бөлігі түгел біледі. Оның өмірі XVIII ғасыр ішінде өткен. Науша сәби күнінде-ақ ата-анасынан жетім қалып, ел қаңғырып тентіреп жүріп әлімнің Шекті атасындағы бір асқан байға тап болып, оның қозысын бағып он бес-он алты жасқа жетеді. Сол кезде байдың жүздеген жылқысын ұры алып кетеді. Соны қайтарып келуге Науша батырдың барып көрсеткен бір жолғы ерлігі сөз болады.

**Басқы сөзі (55-б.):** Кіші жүз он екі ата байұлының Байбакты ауылында...

**Соңғы сөзі (58-б.):** ... қару-жарағымен түгелдеп ел шетінде жата береді

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.142 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 133-135.

**283**

Ш. 142 (ӘӨИ)

П.1; Б.2 Ж.25
29х20; 18х15

## [НАУША МЕН АЙДАҺАР]

**Аталуы.** [Науша мен айдаһар].

**Жинаушысы.** Мырзағалиев Әбдірахман. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Шектінің батыс жақ Байұлымен шекарасында Шаңдықұл-Тамдықұл деген бір орында ел жайлайтын екі суат көлі болады. Бір жылы екі көлдің оңтүстік беті, бір биіктеу орынға бір буаз айдаһар түсіп жатып алады. Суатқа келген мал мен адамға айбат шегіп, жаман дауыспен ысқырған соң, үркіп маңынан көшеді. Сол айдаһардың Науша батыр басын шауып алып, елге тыныштық орнатады.

**Басқы сөзі (56-б.):** Шектінің батыс жақ Байұлымен шекарасында Шаңдықұл-Тамдықұл деген бір орында ел жайлайтын екі суат көлі болады.

**Соңғы сөзі (57-б.):** Басы анадай жерде жатыр, бірақ кеудесі, құйрығы тірі, басы сап-сары алтындай бауырында бірнеше аяғы бар деседі.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 142 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 135-136.

## 284

Ш. 464 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

### نۇرالى حان مەن سىرىم باتىر

**Аталуы.** Нұралы хан мен Сырым батыр.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Нұралы хан мен Сырымның бір-бірімен құда болуы, арадағы бір келеңсіздіктің кесірінен құдалық бұзылуға айналғанда Алтеке Үкі бидің Нұралы хан мен Сырым батырды қайта табыстырмақ болғандағы айтқан сөздері, сол Үкі бидің сөзіне жығылған екі жақ қайта татуласып, төс қағысқан құда болуы сияқты оқиғалар баяндалады.

**Басқы сөзі (35-б.):** ۇتكەن كۇندە نۇرالى حان سىرىم باتىرعا قۇدا بولام دەپ ٴبىر كىسى جىبەرگەن

**Соңғы сөзі (36-б.):** نە كەرەك ۇتكەن ٴسوز ٴوتسىن، كەتكەن ٴسوز كەتسىن، حانى مەن قارا حالقى جارقىرىپ كۇلىپ، جايلاپ سويلەي مۇراتىنا جەتسىن، – دەپ تۇرىپ كەلىپ حاننىڭ قولىن الىپ، سول رەتپەن حالىق قايتادان قولداسىپ، سوندا سىرىم دا حانمەن قولداسىپ كورىسكەن دەيدى.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қашан, қайда жазылған.** Жазып алған Сәлімгерей Ғайнидинұлы. Қашан, қайда жазылғаны белгісіз.

**Ақауы.** Қағаздың шеті қиылып қалған, кей беттерінде шимай бар.

**Папкасы.** Қ. 464, 5-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 44-50.

## 285

Ш. 1170 (ОҒК) Б.117; П.140;
23,5х18,3; 11,5х15

### ولجاباي باتىر

**(І нұсқа)**

**Аталуы.** Олжабай батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

**Тапсырушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Олжабай батыр Орта жүз, арғын Айдабол баласы. Әкесі Толыбай, Толыбайдан Байғазы, Байғазыдан Олжабай. Олжабай елінің ханы Әз Тәуке. Батыр Сыр бойын мекендеп, арқаны жайлаған. Былайғы елі Жетісу мен Алматыны жайлаған. Айдабол бәйбішесінен, Жанқозы тоқалдан туған екен. Айдабол немересіне «олжадан келген» деп атын Олжабай қояды. Олжабай алмастың асылындай боп өскен екен.

Бір күні Толыбайдың жалғыз құла шолақ биесін ұры алып кетіпті. Он жеті жасар Олжабай биені іздеуге шығады. Ұзақ жол жүріп, бір көлдің басында отырған ауылға тап болады. Құла бие байлаулы тұрған үйге кіріп барса, биені алып келген батыр үйде отыр екен. Олжабайды танып: «Алдыңа шығып, қолыңды қағар кісі жоқ. Бие сенікі болса, ал да жүре бер, балам!» – депті. Олжабай биесін алып, елсізде келе жатып, бір жерге түсіп, ұйықтап қалыпты. Көзін ашып қараса, білектей сары шұбар жылан кеудесінің үстінде, біресе қойнына кіріп, біресе мойнына оралып, біресе екі бұтының арасына барып, қойны-қонышын тегіс аралап жүргенін көріп «Бәлемді көрінсе, ұмар-жұмар қылайын» деп басын көтеріп, көзін ашып қараса, басында ақ шалмалы бір қожа отыр дейді. Сонда Олжабай шалдан: «Неге отырсың?» – деп сұрапты. Шал: «Сені дию «алып кетеміз», – деп он бес жыл аңдып еді, мен күзетші болып алдырмап едім. Бір бүгін емес, қашан да болсаң, жүргенде қасыңда, жатсаң, басыңда болатұғын қайып-піріңмін. Сені сынамақ үшін сары шұбар жылан болып, тұла бойыңды кездім. Кеудең дәнемеден шіміріқпейтін, деген байдың өзі, көк шолақтың көзі екенсің. Жайға шапқанда ешкімнің әруағын керек қылмай, өз атыңды айтып жауға шаба бер. «Олжабай!» деп аттанғанның алдынан пәле-жала, жын-шайтан қашады» депті.

**Басқы сөзі (117-б.):** ون سان ورتا جۇزگه ۋران بولعان ولجاباي اكەسى تولىبايدىڭ جالعىز قۇلا شولاق بيەسى بار ەكەن

**Соңғы сөзі (121-б.):** شكىمنىڭ ارۋاعىن كەرەك قىلما، ءوز اتىڭدى ايتىپ «ولجابايلاپ» جاۋعا شابا بەر! وزىڭ تۇگىل «ولجاباي» دەپ اتتىڭدى ايتقاننىڭ الدىنان پالە-جالا، جىن-شايتان سەرپىلەر! – دەپ باتاسىن بەرىپ، عايىپ بولدى دەيدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 309-311.

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.124; П.140; Ж.63
23,5x18,3; 11,5x15

# [ولجاباي باتىر]

**(II нұсқа)**

**Аталуы.** [Олжабай батыр].

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

**Аннотациясы.** Олжабайдың Арыстанбай деген немересі болыпты. Ол жігіт күнінде қасында екі жолдасын алып Қарсұн, Керней-қояншы, Тағай жеріне барымтаға бара жатып, елсізде бес кісі жолығыпты. Екі жақ бір-біріне «Олжабайлап» шауыпты. Аттары болдырған соң аттарынан түсіп, бір-бірінен жөн сұрасыпты. Арыстанбай: «Біз «Олжабайладық», мен сол ер Олжабайдың немересімін. Ал сендер неге «Олжабайладыңдар?» – депті. Сонда олар: «Батыр Олжабай бір жаққа жорыққа бара жатып, біздің елге кез болыпты. Бір үйде бала көтермей жүрген әйел бар екен. Сонда Олжабай батыр әйелдің кіндігінен бір сипапты да, «сен бір ұл табасың, атын «Олжабай» деп қой депті. Сол Олжабай менмін. Мен де сол Олжабайдың немересімін. Сонан бері елімізге бәйгеге ат қосса да, жауға шапса да, «Олжабай» деген ат ұран болып қалған. Біздің «Олжабайлап» шапқан мәніміз осы», – депті.

**Басқы сөзі (122-б.):** ولجابايدىڭ نەمەرەسى ارىستانباي جىگىت كۇنىندە قاسىندا ەكى جولداسى بار، جوعارعى قاراكەسەك: قارسۇن، كەرنەي-قويانشى، تاعاي تارابىنا ءبىر بارىمتاعا بارا جاتىپ، ەلسىزدە ءبىر بەس كىسى جاۋ جولىعىپتى

**Соңғы сөзі (126-б.):** تاشكەنباي سولدا ءھام ايتقان ەدى: «الپىستان اسقانشا ۇرعاشىعا جاقىنداسۋدىڭ نە ەكەنىن بىلمەۋشى ەدىم» دەيدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрімен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 311-312.

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.126; П.140; Ж.65
23,5х18,3; 11,5х15

# [ ولجاباي باتىر ]

**(ІІІ нұсқа)**

**Аталуы.** [Олжабай батыр].

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

**Аннотациясы.** «Олжабай батыр» аңызының бұл нұсқасы бірінші нұсқамен мазмұн жағынан көбірек ұқсас болып келеді. Аталған нұсқалардың екеуінде де «Олжабай батыр» аңызының сюжеттік желісі түгел сақталған. Аңыздағы кейіпкерлер бейнесі бірдей болып келеді. Үшінші нұсқада Олжабай батырдың туысы Орта жүз арғында он үш жасында «Айдабол би» аталған Айдабол-Күліктің ұрпағынан шыққандығы туралы айтылады.

**Басқы сөзі (222-б.):** بۇل – تاريح، شەجىرە.

**Соңғы сөзі (226-б.):** وزىڭ تۋگىل، «ولجاباي! ولجاباي!» دەپ اتىڭدى ايتقاننىڭ الدىنان جاۋ بەتتەپ تۇرا الماي، قاشا بەرەر، – دەپ عايىپ بولدى دەيدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағазы сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 ОҒК.

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 312-317.

## 288

Ш. 1170 (ОҒК) Б.128; П.140; Ж.72
23,5х18,3; 11,5х15

## [ولجاباي باتىر]

**(IV нұсқа)**

**Аталуы.** [Олжабай батыр].

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

**Аннотациясы.** Екінші нұсқамен ұқсас. «Олжабай батыр» аңызының екінші нұсқасы қысқартылған үлгісі деуге болады.

**Басқы сөзі (215-б.):** ون سان ورتا جۇزگه ۋران بولعان ولجاباي دەسەدى. بۇل سوزگه دالەل بولارلىق اڭگمه ايتادى

**Соңғы сөзі (219-б.):** ولجاباي! دەپ جۇرگەن، ءجۇرىپ، قىلىپ جۇرگەن قىلعى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаз сарғайған.

**Папкасы.** Қ.1170 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 317-320.

## 289

Ш. 1177 (ОҒК) Б.15; П.26; Ж.52
23,5х18,3; 11,5х15

## ОЛЖАБАЙ ЖӘНЕ ЖАСЫБАЙ

**Аталуы.** Олжабай және Жасыбай.

**Тапсырушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Шідерті деген өзеннің басынан аяғына шейін

Олжабай ұрпағы болады. Олжабай батыр өлгеннен кейін денесін Әзіретке апарамыз деп, денесін құрт-ірімшік жаятұғын сөредей сөре жасап, сөрелеп қойыпты. Ақырында Әзіретке апара алмай, Көкшетау маңайында өздерінің жайлап жүретұғын жайлауларына қойыпты. Өлген жері – «Олжабай сөресі» атанған. Ол жер осы күнде «Олжабай қаласы» атанғандығы туралы айтылады.

**Басқы сөзі (23-б.):** Біздің бұл қазақ Сыр бойынан ауып келгенде, Ұлытау, Кішітауды қыстап, Сұрқарасортыны жайлап, сол маңайға орын теуіп жүріпті.

**Соңғы сөзі (24-б.):** Жасыбайдың өліміне себеп болған өзінің жауырынына сенгендігі.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Абылай хан. (Құрастырған: Дәуітұлы С.) – Алматы, 1993. – Б. 338-343; М.Ж.Көпейұлының шығармалары – Т.9. – Павлодар, 2006. – 124-131 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 325-329.

**290**

Ш. 829 (ОҒК) П. 2; Ж. 28
29,5х20; 26,5х18,5

وراز تۋرالى

**Аталуы.** Ораз туралы.

**Аннотациясы.** Қарашық шаһарында Жүсіпәлі және Зорасыбан деген ағайынды екі адам болған. Зорасыбаннан Абылайдың шешесі, Жүсіпәліден Ораз туады. Абылай «хан сайламадың» деп өкпелеп елден кеткенде, Ораз қайтарып келмек болып артынан кетеді. Бірақ Абылай қайтпай, Ораз да бірге кетеді. Бұлар Ұлы жүзге келгенде бір үлкен аста өлең айтқан ақынға Абылай астындағы атын беріп, Ораздың биесіне

мінгесіп, Ұлы жүзге келеді дейді. Қазақ арасындағы «Абылай Ораз ауылынан көк байталға мінгесіп келген» деген сөздің мәнісі осыдан шықса керек. Сондықтан төре тұқымдары Ораз зиратын құрметтеп, зиярат ететін болған.

**Басқы сөзі (1-б.):** قاراشىق شاهارىندا ءجۇسىپالى، زوراسىبان دەگەن اعايىندى ەكى ادام

**Соңғы сөзі (2-б.):** باسقا تورە تۇقىمدارى دا «بابامىنىڭ زيراتى» دەپ جاياۋ بارادى ەكەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1950 жылы Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданы, Ақсу ауылдық советі.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ. 829, 9-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 232-233.

**291**

Ш.1177 П.33; Б.66; Ж.22
21x18; 19 x 10

## ورمانبەت حان اڭگىمەسى

**Аталуы.** Орманбет хан әңгімесі.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Орманбет ханның үйіне үш жаяу келіп қоныпты. Орманбет: «Кім боласыз?» – деп сұраса, жолаушылар: «Дін исламның қорғаны, шариғаттың шегесі, қазығы халифа жұртының кісісіміз. Халифа патшасы жіберіп еді», – депті. Сонан соң Орманбет ойға түсіп, былай депті: «Менің бұл жұртыма мұндай жаман пиғылдар араласқан екен. Әуел ақырдан бері қарай ұрлықтың, зорлықтың, өтіріктің араласқан жері оңбаушы еді. Қой, мен көптің аузын тыя алмаспын. Онан да басымды алып қашайын», – деп, бір түнде ғайып болып, жоғалып шыққан екен. Сонда кетіп бара жатып, көп қойшы балаларға кездеседі. Орманбет: «Мен намаз оқып алғанша, атымды ұстай тұрыңдар», – дейді. Ішінде бір кішкенелеу жасырақ бала намаз оқып болғанша атын ұстап тұрып,

қолтығынан алып аттандырып, батасын алып қалыпты. Сонда Орманбет хан балаға: «Менің атым – Орманбет. Мен деген жұрт осы төбенің басына тастан там салып, маған оқитұғын Құранын, қылатұғын батасын қыла берсін! Мен енді бұл ел-жұртқа жоқпын. Менен соң он сан ноғайлыға сен үлгі айтарсың. Сенен соң ноғайлы деген жұрттан төбе басына шығып, төре берер ұл тумас», – депті. Сонан соң қайтып Орманбетті «көрдім, білдім» деген жан жоқ. Сол бала Мөңке би атаныпты.

**Басқы сөзі (3-б.):** ون سان نوعاي بۇلگەندە، ورمانبەت حان ولگەندە دەپ ايتىلاتۇعىن ورمانبەت ھسىل، نۇرا بويىندا «توعاناستىڭ توقسان مكى كولىندە» جايلاپ، قستاپ جۇرگەن كۇننندە ورمانبەت حاننىڭ ۇيىنە ءۇش جاياۋ كەلىپ قونىپتى.

**Соңғы сөзі (7-б.):** سول ايتۋى بويىنشا نوعايلار بالانىڭ: وسى جەردە اماندىسىپ قالدىم دەگەن جەرىنە تام سالىپ، سونى وسى كۇندە ورمانبەت تامى دەپ ايتىسادى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде көк сиямен хатқа түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

**Ақауы.** Тозған, кейбір жерлері жыртылған, әр түрлі белгілер жазылған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

**Папкасы.** Қ.1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Т.11. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – Б. 26-29; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 246-249.

## 292

Ш. 1177 (ОҒК) П.33; Б.66; Ж.22
21х18; 19 х 10

**[ ورىستى شاپپاق بولعاندا بۇحار جىراۋدىڭ ولەڭمەن توقتاۋ سالۋى ]**

**Аталуы.** [Орысты шаппақ болғанда Бұхар жыраудың өлеңмен тоқтау салуы].

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Тапсырушы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп.

**Аннотациясы.** Бұқар жырауды заманындағы сыншылар «көмекей әулие» дейді екен. Абылай хан бір жаққа аттанарда Бұқарекенді алдырып, айдың, күннің сәтін сұрайды екен, сәуе көріп бер дейді екен. Сонда Бұқар: – Сары бура келіп, сенің туыңның түбіне тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды, – дейді екен. Сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Егер сары бура келіп туының түбіне шөгіп, мойнын салып жатып алды десе, аттанбайды екен. Ол заманда Сарыарқада орыс жоқ екен. Орыс саудагерлері Абылайға тарту-таралғы беріп, ешкім тимеске хат алып кетеді екен. «Алматы, Аягөзге саудагер жіберемін, соған жол берсін!» – деп сұратқанда, Имамқұстан шығып, Ертіс жағалап, Семейге шейін баратұғын қара жолды Абылайдың «Сонымен жүрсін!» деген бұйрығымен қара жол болған екен. Сол үшін Ертістің бергі жағындағы көлденең жолды «Абылай жолы» дейді. Жәрмеңкелік жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** قارجاس قالقامان باتىردىڭ بالاسى بۇقار جىراۋ دەگەن قاريا بولعان مكەن

**Соңғы сөзі (3-б.):** سوندا بيلەردىڭ بىردە-بىرى حانعا ءبىر اۋىز جاۋاپ قايتارا الماعاندا، توقسان ءوۇش جاستاعى بۇقارمكەڭ حانعا تولعاپ ءسوز ايتىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Қалың оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар жинағы. – Т.8. – Павлодар, 2006.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 196-198.

293

Ш. 833 (ОҒК) П.45; Б.3; Ж.65
21х18; 20х16

## وتەگەننىڭ ادامعا سىن بەرۋى

**Аталуы.** Өтегеннің адамға сын беруі.

**Жинаушысы.** Тілемісұлы Қасымхан. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Тілемісұлы Қасымхан.

**Аннотациясы.** Ұлы жүзден шыққан Бердіқожа деген батыр Малдыбай бидің қызына құда түсіп келеді. Малдыбай Бердіқожаны жолдас-жораларымен күтіп, сый-сияпатын көрсетеді. Таңертең ертелеп ағасы Өтегенге келеді. Малдыбай Бердіқожаның құда түсіп келгенін айтып, ағасынан ақыл сұрайды. Өтеген: «Менің ақылымды тыңдасаң, қызыңды Бердіқожаның баласына берме. Бердіқожа жалғыз шыққан бәйтерек, өзі құласа, жанында орнын басып қалар ешкімі жоқ. Бердіқожа өлсе қызың қайыр сұрап, қаңғып кетеді», – депті. Бердіқожа ұйқысынан тұрып Малдыбайды сұрайды. Ауыл адамдары оған: «Би Өтеген атаммен ақылдасуға кетті, қазір келеді», – дейді. Сонда Бердіқожа: «Өтеген қарт менімен құда болмайды», – деп ойлайды да, Малдыбайды күтпей кетіп қалады.

Бірнеше жыл өткен соң Малдыбайдың үйіне бір аяғына көн, бір аяғына тон киген әйел қайыр сұрап келеді. Малдыбай жөн сұраса, әлгі әйел Бердіқожа батырдың келіні боп шығады. Сонда Малдыбай би көзіне жас алып: «Қасиетіңнен айналайын, Өтеген атам-ай! Не деген әулие едің, не деген киелі едің», – деп, қайыр сұраған әйелге отыз қой, құлынды бие, түйе беріпті.

**Басқы сөзі (13-б.):** ۇلى جۇزدىڭ شانشقىلى رۋىندا بەردىقوجا دەگەن باتىر بولادى

**Соңғы сөзі (15-б.):** ال قايىر سۇراپ كەلگەن كەلىنشەككە وتىز قوي، قۇلىندى بيە، تۇيە بەرىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Дәптерге араб әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1943 жылы араб әрпімен жазып берген Жаужүрек Қаражанұлы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты ақ қағазбен қапталып, түптелген.

**Папкасы.** Қ.833, 3-дәп. (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 300-301.

Ш. 833 (ОҒК) П.45; Б.6; Ж.98
21x18; 20x16

## وتەگەننىڭ جەر قاراۋى

**Аталуы.** Өтегеннің жер қарауы.

**Жинаушысы.** Тілемісұлы Қасымхан. Онын өмірі туралы деректер кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Тілемісұлы Қасымхан.

**Аннотациясы.** Өтеген батыр қасына қырық жігітті ертіп, төрт түлік малға жайлы жер іздеп жер-дүниені кезеді. Әр жердің топырағын қоржынына теңдеп, алып жүреді екен. Ақырында жайлы Жиделібайсын деген жерді ұнатыпты. Ол аймақ тек жылқы малына ғана жайсыз екен.

Өтеген батыр еліне келген соң халқына жау аяғы жетпейтін, патшаның билігі өтпейтін жаңа қоныс тапқанын айтып:

– Егер көпшілік қарсы болмаса, сол жаққа көшейік, Алатаудың жері малға жайлы болғанымен, жүре-жүре өрісіміз тарылады, алдымыздағы жылдарда қыс қатты болып, жұтқа ұрынамыз, ел аштық, жоқшылық көреді, – дейді.

Қасқараудан шыққан ағайындары Ерсары мен Байсары Өтеген батырдың бұл ойына қарсы шығады. Оларды қырық мың жылқысы бар Жыланкөз де қоштайды. Сөйтіп, қасқараулар көшпей қалады.

Көп ұзамай Өтегеннің айтқаны келеді. Қатты қыстың арты жұтқа ұласып, халық бар малынан айырылып, жұтап қалады. Ел ашығып, басына қайғылы күн туады. Алатаудың баурында қыбырлаған құрт-құмырсқа, аң-құс та қалмайды. Жыланкөз байдың қырық мың жылқысы да жұтқа ұрынады.

Сонда Өтеген батыр: «Қап, Жиделібайсынның жері жылқыға жайлы екен деп өтірік айтпағаным-ай», – деп өкінішке қапты.

**Басқы сөзі (2-б.):** وتەگەن – حالىقتىڭ جوعىن جوقتاپ، ءتىنە قۇتتى مەكەن، جايلى قونىس ىزدەپ جەر-دۇنيەنى كەزگەن جيھانگەر

**Соңғы сөзі (8-б.):** حالقىنىڭ اۋىر حالىن كورگەن وتەگەن باتىر: اتتەگەن-اي، جيدەلىبايسىن جىلقىعا جايلى دەپ سوندا ءبىر اۋىز وتىرىك ايتپاعانىم-اي! – دەپ قاتتى وكىنىپتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1943 жылы араб әрпінде хатқа түсірген – Жаужүрек Қаражанұлы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.833, 3-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 288-289.

**295**

Ш. 833 (ОҒК) П.45; Б.4; Ж.65
21х18; 20х16

## وتەگەننىڭ قىز بەرۋى

**Аталуы.** Өтегеннің қыз беруі.

**Жинаушысы.** Тілемісұлы Қасымхан. Ол туралы мәліметтер кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Тілемісұлы Қасымхан.

**Аннотациясы.** Өтеген батыр Албанеліндегі Әжібай деген құрдасымен балаларын аттастырады. Бірнеше жыл өтіп, қыз бен ұл ержеткен мезгілде Өтеген бір жақтан келсе, аулынан үш-төрт бөтен ерттеулі аттарды көріп, далада жүрген бәйбішесінен: «Бұлар кім?» – деп сұрайды. Өтеген түзде көп жүргендіктен бәйбішесі оны «Қаңғырма» деп атаған екен. Бәйбішесі ашуланып: «Қаңғырма, бір басыңа жететін дүние бар ғой. Қайда жүріп қарыздандың, «күйеуміз» деп келіп отырған елдің аттары», – депті.

Күйеу бірнеше күн ауыл сыртында жатып, еліне қайтқанда, Іленің өзеніндегі мұздың үстімен жүрсе, мұз ойылып, күйеу бала суға кетіп өліпті. Өтегеннің әйелі: «Қу көзім, жас баланың түбіне жеттің ба?» – деп жылапты.

Күйеу өлген соң, артындағы жеті жасар інісі Жақыпқа қалыңсыз беріпті. Қызды алып барған жеті жасар Жақып ержетіп, жігіт болған соң, Жақып пен Мақпалдан екі ұл туады. Үлкенінің аты – Есіркеп, кішісінің аты – Мүсіркеп. Осы екі бала атқа мінетін болғанда, Әжібай бір күні Жақып пен Мақпалды шақырып алып: «Бір ауыз қалжыңмен Өтегеннің қарызы менің мойнымда кетіп барады. Мынау екі жиенін ертіп, Мақпал, Жақып қастарыңа он шақты адам жолдас алып, жүз жылқы, елу түйе айдап барып, көзімнің тірісінде Өтегеннің қарызынан құтқарыңдар», – дейді.

Мақпал мен Жақып Әжібайдың айтқан малдарын айдап, екі ұл мен жолдастарын ертіп, бірқанша күн жол жүріп, Өтегеннің үйіне күндіз келіп түседі. Өтеген Жақыптарды бірнеше күн қонақ қылып, Әжібайдың жіберген малдарын қайтарып жібереді.

Өтегеннің Базарбай деген ұлы Жақыптардан әкесіне айтпай бір айғырды алып қалған екен. Мұны естіген әкесі баласына қатты ренжіпті. Содан Өтегеннің балаларының арасында Базарбай ұрпағы өспей қалған деген аңыз осыдан тараса керек.

**Басқы сөзі (9-б.) :** وتەگەن دالادا ءجۇرىپ، ءبىر كۇنى كەشكە تامان البان دەگەن ەلدەگى اجباي دەگەن وزىمەن قاتارلاس ءبىر ازاماتتىڭ ۇيىنە قونۋعا كەلسە، اجباي ۇيىندە جوق ەكەن

**Соңғы сөзі (12-б.):** وتەگەن بالالارى ىشىندەگى ازى دا وسى بازارباي بالالارى دەسەدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Дәптерге араб әрпімен жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Дәптерде «1943 жылы араб әрпімен жазып берген – Жаужүрек Қаражанұлы» деген мәлімет көрсетілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Сырты ақ қағазбен қапталып, түптелген.

**Папкасы.** Қ.833, 3-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 295-298.

**296**

Ш.936 (ӘӨИ) — Б.1; П.1 Ж.25; 27x21; 20x18;

## ПАНАШ БАТЫР

**Аталуы.** Панаш батыр.

**Жинаушысы.** Исатаева Жанат – Қарағанды облысының тұрғыны. 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті болған. Өзге мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Исатаева Жанат.

**Айтушысы.** Исатай Бимендин. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Моңғолдарға қарсы соғысып, ақылдылығымен, айлакерлігімен көзге түскен Панаш батыр Абылай ханның Кенесары бастаған әскерінің мыңбасысы болған. Панаш батырдың қазіргі бейітінде

ол кісінің сүйегі жоқ. Батырдың сүйегін бір жыл аманат етіп қойып, Мекке, Мәдинеге апарып жерлеген деген сөз бар.

**Басқы сөзі (2-б.):** Өтекең деген кісінің бейіті құлап жатыр да, ол бой көрсетіп тұрған төбенің басындағы бейіт сол Панаш батырдың зираты.

**Соңғы сөзі (3-б.):** Бір жыл аманат етіп осы жерге жерлеп, Мекке, Мәдинеге апарып жерлеген деген сөз бар.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды журнал қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1991 жылы аңыз Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті казак әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Б.Рахимовтың студенттермен фольклорлық практика кезінде жинақталған.

**Беттелуі.** Европа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қағаздары сарғайып, жұқарған.

**Папкасы.** Қ.936 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 261-262.

**297**

Ш. 935 (ӘӨИ) — Б.2; П.2; Ж.50; 27x20; 23x17

## РАМАНҚҰЛ МЕН ЖАНҚОЖА БАТЫР

**Аталуы.** Раманқұл мен Жанқожа батыр

**Жинаушысы.** Әметова Ә. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы.** Тасмағанбетов Сәду. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Хиуадан келген Аллақұлы Сыр бойының қазақтарына зорлық-зомбылық жасайды. Хан жарлығын орындап жүрген Раманқұлдың інісі мен Жанқожа батырдың баласы Итжемес арасында жанжал болады. Жанжал Раманқұлдың інісінің өлімімен аяқталып, бір адамға төрт кісінің құнын төлеуді сұрайды. Раманқұл мен Жанқожа батырдың арасындағы дауды Бекарыстан батыр шешіп береді.

**Басқы сөзі (42-б.):** Хиуадан жіберілген Аллақұлыға (Бабажанға) Сыр

бойының қазақтары үй басына алым-салықтан басқа аптасына бір қыз және күн тимеген қара қозы беріп тұруға міндетті болған.

**Соңғы сөзі (43-б.):** Ақмырзаның мойнына тас байлап, Хиуа жендеттерінің суға лақтыруының бір себебі осы екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды журнал қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Аңыз мәтінін 1971 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Ә.Әметова фольклорлық практика кезінде Сәду Тасмағанбетов деген кісінің айтуынан жазып алған.

**Беттелуі.** 43-бетке дейін Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.935 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Сарыарқа газеті. 07.1992; Ақжолтай Ағыбай батыр. – Алматы, 2002; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 276.

**298**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## РУЫ АДАЙ АТАҚОЗЫНЫҢ БІР ӘҢГІМЕСІ

**Аталуы.** Руы адай Атақозының бір әңгімесі.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Баймағамбет хан мен Қази бидің Адайдың елін аралап жүрген кезде болған оқиға жөнінде баяндалады.

**Басқы сөзі (5-б.):** Баймағамбет хан қасында Сырымның баласы Қази би бар, тағы да ерткен бірнеше нөкерлері бар үгітпен патшаның үкіміне көндіремін деп жүріп, Адайдың елін аралайды.

**Соңғы сөзі (6-б.):** – Егер де мұндай сөзді айта алмаса, «адайдың Атақозысы келе жатыр» деп айтар едім, – деген екен Қазы би Баймағамбет ханға.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ. 910, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи

аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 83-84.

**299**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## РУЫ БАЙБАҚТЫ НАУША БАТЫР ДЕГЕН КІСІ ӨТКЕН

**Аталуы.** Руы байбақты Науша батыр деген кісі өткен.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Мерген Науша батыр жолдастарымен Айтқожа ханға барады. Айтқожа хан тойда отыр екен. Сәлем беріп кірген Наушаны Айтқожа хан менсінбей, жақтырмай қарсы алады. Себебі ол Наушаның атақты батыр екенін білмейтін еді.

**Басқы сөзі (210-б.):** Өзі садақты атқыш мерген болады. Науша батыр кедей, бірақ қару-жараққа бай болған.

**Соңғы сөзі (210-б.):** Бірақ Наушаның жауына бетін қаратпайтын өжет батыр екенін ол білмейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 136-137.

**300**

Ш. 1123 (ӘӨИ) П. 12; Ж. 25
20,5х17; 19,7х14,8

## САПАҚ БИДІҢ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

**Аталуы.** Сапақ бидің ұтқырлығы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін.

**Аннотациясы.** Бәйменнің шаршы топта Сапақ сияқты төбе биді көптің алдында сөккені бар. Оның мәнісі: Бәймен бір топ адамдармен жолаушылап келе жатып атылған оқтың дауысын естиді. Тездетіп жүріп келсе Сапақ ауылының бір мергені киікті атып алып отыр екен. Бәймендер келуіне мерген жігіт бұлардың қанжығасына киікті байлайды. Бәймен: Арам киігіңді Сапаққа апарып бер, сол жесін, – деп ілгері жүріп кетіп қалады. Арадағы өсекшілер Бәйменге: «Сапақ сенің қызыңды балағаттады» деп жеткізіп барады. Бәймен көптің алдында Сапақты сөгуінің себебі де осы екен. Өсекшілердің кесірінен екі би осылайша өкпелесіп тартысады. Арадан бір-екі жыл өткен соң Құлдықтан Бәймен жеңіліп, Сырға көшіп келе жатқанын Сапақ естіп, біліп отырады. Бәймен сыртынан келіп сәлем берсе, қариясы Сапақ болып шығады. Бәймен бұрылып кете алмай, Сапаққа жақындай түседі. Сонда Сапақ айтады: – Бәймен би, көштің бе сырға сиырыңмен? – дейді. «Дөнен қуып шықты ма үйіріңнен, қанша мықты болсаң да осы соққы өтіп кетті ма сүйегіңнен, – дейді. «Сапақтың ажал оғына тап болдым-ау енді менің де өмірім ұзаққа бармас» деп, Сырға қарай кете барыпты.

**Басқы сөзі (9-б.)**: Бәйменнің шаршы топта Сапақ сияқты...

**Соңғы сөзі (10-б.)**: Сырға көшімен жүре беріпті.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған.

**Папкасы.** Қ.1123, 47-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 27-28.

**301**

Ш. 1178 (ОҒК) П. 4; Ж. 22
35x24; 32.5x20

**[سارجان تورەنىڭ قۇدا تۇسۋگە بارۋى]**

**Аталуы.** [Саржан төренің құда түсуге баруы].

**Жинаушысы.** М.Ж.Көпеев. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бұрынғы заман байларының құдалығы жайында сөз болады. Арғынның Қарпық руынан Сағақ деген байы өзіне тең адам деп кіші жүздегі Байсақалдың қызын баласына айттырады. Құдалыққа Саржан төре бастаған елу адам барыпты. Байсақал: «Өзге дүние сатусыз болсын. Мынау қызымның сәукелесі еді, осының құнын берсеңдер болды» дейді. Саржан төрелер сәукеленің құнын кесіп-пішіп 500 байталдың құнына шағады. Сондай-ақ Сағақ әкесіне ас берген кезде Арғынның Алтайының Жұман байына кісі салып: «Жұман менен бай болса, асқа екі ат мініп келсін» дейді. Жұман бір жағы ақ, бір жағы көмірдей қара ат мініп келіп, Сағақтан байлығын асырған екен. Осы астағы бәйгеде Алданазар ханның екі ағайынды адамы бәйгеге таласып, бір-бірін көрмей кеткен екен де, тірі қалғаны: «Шөп кіндікті малға бола, ет кіндікті бауырымды көрмей кеттім-ау!» деп арман қылған екен.

**Басқы сөзі (199-б.):** بۇرىنعى زاماننىڭ بايلارىنىڭ قۇدالىعى كەلىن تۇسىرگەن نە اكەسىنىڭ اسىن بەرگەندىگى، دۇنيەنىڭ باسى قانداي، اياعى قانداي مەشكەمگە وپاسىنىڭ جوقتىعىن تانىتادى

**Соңғы сөзі (204-б.):** وبالىم زامانىمداعى اتقا ءمىنىپ، اۋزىعا بىلىنگەن جاقسىلار، سەندەردىڭ مويىنڭا!» – دەگەن مەكەن دەيدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Мәлімет берілмеген.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1178 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 151-154.

## 302

Ш. 280 (ӘӨИ) П. 2; Ж. 31
20x17; 19,5x15,5

## САРКӨЗ БЕН ЖӘНІБЕК

**Аталуы.** Саркөз бен Жәнібек

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Құба қалмақ заманында ұлы жүз үйсін Саркөз батыр

қалмақтардың қамалын талқандап, ерекше қайрат көрсетеді. Ерлігіне риза болған орта жүз арғын шақшақ Жәнібек үйіне шақырып, төс соғыстырып, дос болады. «Еруліге қарулы» деген бар ғой, бірақ Саркөз Жәнібекті үйіне шақырмайды, кетерінде жұмбақтатып бір өлең айтады. Мұның мәнсін білу үшін келер жылы шақшақ Жәнібек адамдарымен бірге Саркөзді іздеп, жолға шығады. Келсе, Саркөз есік алдында құрт қайнатып жүреді. Екі батыр құшақтасып амандасады және Саркөздің бұл ісіне батырлар таңданып тұрғанда, үй ішінен аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан, даусы күркіреген бәйбіше шыға келеді. Саркөз: «Былтырғы сөзімнің мәнісі осы еді, мұның дауасы бар ма?» деп сұрайды. Жәнібек: «Мұның дауасы» деп, қылышпен әйелдің басын шауып тастайды. Сөйтіп, құнына өзінің қарындасын Саркөзге қалыңсыз ұзатады.

**Басқы сөзі (4-б.)**: Ұлы жүз үйсін Саркөзге бағынады, Саркөз қатынға бағынады...

**Соңғы сөзі (6-б.)**: Жоғарыдағы мақал осы оқиғаға байланысты шыққан.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Белгісіз.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған.

**Папкасы.** Қ. 280, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 220-222.

**303**

Ш.1064 (ОҒК) Б.2; П.2; Ж.37
30x21; 29x17,5

## САРТТАРДЫҢ ҚАСЫМНЫҢ БАЛАЛАРЫН ӨЛТІРУІ

**Аталуы.** Сарттардың Қасымның балаларын өлтіруі.

**Жинаушысы.** Қаңтарбаев Карл. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қаңтарбаев Карл.

**Аннотациясы.** Қасымның балалары сарттарды шауып, мазасын ала берген соң, сарттар «Келсін, сөйлесіп екі арамызды жалғастырып

тұралық» депті. Қасым Есенкелді, Саржан, Ержанды жиырма кісімен жібергенде он тоғыз жастағы Ағыбай да еріпті. Сарттар бұларды құрметпен сыйлай бастайды. Сарттардың даяшысының бірі қазақ екен, әрдайым келгенде Ағыбайдың екі көзі сонда, сөйлескісі келеді. Төртінші күні тамақты кеш бере бастайды. Бір ретін тауып қазақ жігіт ишаратпен «бүгін өлтіреді» депті. Сонда Ағыбай: «Менім атым ана жүрген, оның қасында Қызылауыз, боз екеуін дайында», – дегенде, жігіт басын изеп «жарайды» деп жүре береді. Ағыбай төрелерге келіп, ишаратпен өлтіретінін сездіреді. Кешкі тамақ келгенде, төрелер жей алмайды, сонда Ағыбай: «Өлсем Аталуым, өлмесем жол азығым», – деп бәрін жеп қойыпты. Табақтарын жиып алған соң, сарттар төрде отырған төрелерді біртіндеп шығарып алып, бауыздай бастайды. Ағыбай қазақ жігітінің көмегімен ретін тауып қашып шығып, Қасымға хабар берген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Сарттарды бірнеше рет Есенкелді, Саржан, Ержан шауып, кемшілік келтіре берген соң сарттар әдейі кісі жібереді.

**Соңғы сөзі (2-б.):** Алтыншы ретінде, қазақ жігіті есебін тауып шығарып, Ағыбай өз атына мініп, Қызылауыз атты жетектеп қашып, сонан келіп Қасымға хабар берген.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1064, 13-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 226-227.

## 304

1338 (ОҒК)

Б.3,5; П.2; Ж.102
28х20; 24,1х16,2

## سۇلتان سىدىق تورەنىڭ تارىحى

**Аталуы.** Сұлтан Сыдық төренің тарихы.

**Жинаушысы.** Кенесарин Әзмұқан Ахметұлы. Натай Кенесарин (қолжазба мұқабасында 1-2 б. Әзмұқан Кенесарин; 3-4 б. Натай Кенесарин деп көрсетілген). Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Үш жүздің басын қосқан атақты Абылай хан қайтыс болған соң, ұлы Қасым төре Қоқандықтармен бірігіп, орыска қарсы соғысуға бел байлайды. Бірақ Саржан мен Есенгелдіні мерт кылған қоқандықтар Қасымның өзіне де у беріп өлтіреді. Кенесарыны ұстап алып, зынданға салады. Ата-баба намысын қорғап, 1847 жылы Кенесары қырғыздар қолынан қаза тапқаннан кейін Сыдық (Сыздық) төре бастаған ұлдары Сарысуда кеңес өткізеді. Қоқандықтармен бірігіп, орысқа қарсы соғысуға уағдаласады. Бірақ қоқан әскерінің алдауына түскен Қасымның ұлдары орыстармен жалғыз шайқасады. Күші басым орыс әскеріне елші жіберуге мәжбүр болған Сыздық төре кіші інісі Жәкейді бас қылып орыстарға аттандырады. Екі жақ ымыраласып, орта жүз бен кіші жүздің біразы орыстарға қарайды. Сыздық төре: «Мұсылманға Құдай абырой беріп, орысты қайтара калса, мен сендерді аман алып қалуға жарармын. Егер абыройды орыс алса, жалғыз менімен ел кемімес те, артпас та. «Дұшпанның сыртында болғанша ішінде бол» деген, сендер барыңдар», – деп, өзі Қоқан қолына қосылып, орысқа қарсы шықпақ болады. Сыдық қасына қырық жігітін ертіп, Түркістандағы Қоқанның әскеріне қосылған.

**Басқы сөзі (2-б.):** ابلاي قازاق حانى تاريحتا بەلگلى ابلاي، ءۇش جۇزدىڭ بالاسىنىڭ باسىن قوسىپ، ءوز الدىنا ەل-جۇرت بولماق پيكىرىندە قازاق ارىنامىسىن جىرتىپ، اقتابان شۇبىرىندى دا قالماقتار قولىنا ونكەن قازاقتىڭ ءورىس-قونىسىن قايتارۋ قامىنا كىرىسكەن

**Соңғы сөзі (3-б.):** سۋىتىپ سىدىق قىرىق جىگىتى مەن قاسىنا ەرتىپ، تۇركىستانداعى قوقاننىڭ اسكەرىنە قوسىلعان

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Папкасы.** Қ.1338, 18-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 252-255.

**305**

Ш. 644 (ОҒК) — Б.3,5; П.2; Ж.102; 28х20; 24,1х16,2

## СҮЙІМБАЙ ТУРАЛЫ ЕЛ АУЗЫНДА МЫНАДАЙ АҢЫЗ БАР

**Аталуы.** Сүйімбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар.

**Аннотациясы.** Сүйімбайдың әкесі Арон аз ғана қойының қозыларын қасқырлардан қорқып, үйінде ұстайды екен. Бірде Сүйімбай ұйықтап

жатып, түс көреді. Түсінде бір кісі келіп: «Балам, көген аласың ба, өлең аласың ба?» – дейді екен. Сонда бала: «өлең аламын», – дейді. Тілі күрмеліп оянып, ұшып түре келіпті. Әкесі мен шешесі шошып кетіп, бір тоқтысын алып келіп бауыздап, қанымен ұшықтап, құрмалдық етіпті. Содан барып тілі шығып, өлең айтқан екен дейді.

**Басқы сөзі (2-б.)**: Аронның он шақты ғана қойы бар болыпты.

**Соңғы сөзі (2-б.)**: Сүйімбайдың кейін өлең айтқанда құлағын ұстап айтатыны осыдан қалған әдеті дейді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Папкасы.** Қ. 644 (ОҒК)

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 323.

**306**

Ш.1339 (ОҒК) Б.3; П.28; Ж.51
30x21; 19x15

## SIZDIQ TÖRE TURALI

**Аталуы.** Сыздық төре туралы.

**Жинаушысы.** Мақанов П.

**Айтушысы.** Әлімбаев Д. Ол туралы мәлімет 206-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Кенесарының інісі Сыздық төрені хан сайлауға кіші жүз биі Әлдебек кешігіп келеді. Жұртты көп тостырған бидің бір көзі соқыр, аяғы ақсақ екен. Әлдебек келгенде Сыздық төре басын көтерместен «елді күттіріп қойған Әлдебегің осы ма» деп, бидің кемістігін бетіне басады. Сонда қарадан шыққан би: «Төренің тәкаппарлығы – ел қырсығы», – деп, Сыздық төреге тым асқақтамауды ескертеді. Және Сыздық Қасымның қалмақ әйелінен туғанын ашулана өлеңмен жеткізеді де, жерді таяғымен үш рет ұрып, кетіп қалады. Халық биді жақтап, Сыздық хан болмай қалған екен.

**Басқы сөзі (5-б.)**: Qasım xannıñ balası, Kenesarınıñ inisi Sızdıq töreni saylaytın bolğanda, kişi jüzden Äldebek bï kelmey, sonı tosqan eken.

**Соңғы сөзі (5-б.)**: Söytip şarualar Äldebekti qoldap, Sızdıq xan bola almay qalıptı.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін ақ қағазға латын әрпінде машинкаға басылған.

**Қашан, қайда жазылғаны.** Белгісіз.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Қолжазба тозған.

**Папкасы.** Қ.1339, 3-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 251-252.

**307**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.28
29х20; 22х16

## СЫРЫМ БАТЫР

**Аталуы.** Сырым батыр.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда бір топ атты әскерімен Нұралы ханның ордасына шабуылға барғанда, ашулы Сырымды Нұралының көп қатындарының бірі, Сырымның туған қарындасы Ақлиманың тоқтау айтып, кері қайтарғаны жайында сөз болады.

**Басқы сөзі (162-б.):** Сырым бастаған бір топ аттылы адамдар тікелей шауып келіп, Нұралы хан отырған киіз үйге келіп, аттарын тоқтата салып, жанындағы қылышын қынабынан суырыпты...

**Соңғы сөзі (163-б.):** Сырым Ақлиманың сөзіне тоқтап: «Әй, шырағым-ай, иттің басын сұрап не қылғаның?» – депті де, қолындағы қылышын қынабына салып, атына мініп, жүріп кетіпті деседі.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке отыз екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 910, 4-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 14-15.

**308**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.34
29х20; 22х16

## [СЫРЫМ БАТЫР]

**Аталуы.** [Сырым батыр].

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Нұралы ханның қиқар қылықтарына шыдай алмай, басын алмақшы болып бара жатқан Сырымды жол ортадан бөгемекші болған Есім атты батырын қуып жетіп барып, өлтіргені айтылады.

**Басқы сөзі (210-б.):** Сырым би болып қана қоймай, батыр да болған екен.

**Соңғы сөзі (210-б.):** Құлатөлген деген көлдің тұсына келгенде астындағы аты өліп, жетегіндегі атқа мініп бара жатқанда, Сырым Есімді қуып жетіп, өлтіріп, сол жерге көмген.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ак жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ. 910, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 14.

**309**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## СЫРЫМ БАТЫР МЕН АҚСУАТ БИ

**Аталуы.** Сырым батыр мен Ақсауыт би.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Байұлы руының бір адамы әлім елінде жүріп өлген

екен. Соның құнын алуға Сырым батыр бастаған он екі кісі жол жүріпті. Құн алатын ауыл Бұйырғын деген жайлауда отырады. Оның Ақсуат деген биі бар екен. Сол биден құн дауын сұрып барған Байұлының жігіттерінің биді жеңіп, өздері айтқан құнды алып, даудың арты келісіммен, бітіммен аяқталады.

**Басқы сөзі (30-б.):** Байұлының әлім елінде жүріп бір кісісі өлген екен.

**Соңғы сөзі (31-б.):** Байұлы осыған келісіп, бітісіп қайтыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген. Ақауы жоқ.

**Папкасы.** Қ.990, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 77-78.

**310**

Ш. 990 (ӘӨИ) — П.1; Б.1; Ж.22<br>29х20; 18х15

## СЫРЫМ БАТЫР МЕН БАЙСАЛ БИ

**Аталуы.** Сырым батыр мен Байсал би.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Шеркеш Байсал би мен Сырым батырдың арасындағы құдалық жайлы айтылады. Мұнда келісілген құдалық жастардың жараспай қалуы себебінен болмай қалады. Берген қалыңмалын қайтарып алуға келген Шеркеш Байсал биге Сырым батыр малын бермей, қуып шығады. Соңында екі жақ бұл дауды ханға барып жүгінумен шешуді ұйғарады. Екеуі жолда ақылдасып, бұл істі ханға дейін апарып ушықтырмай, адай Атақозы биге жүгінеді. Соңында Атақозы бидің әділ шешімімен Байсалдың берген қалыңмалы қайтпай, Сырым батырда қалады.

**Басқы сөзі (24-б.):** Сырым батыр шеркеш Байсал бимен құда болысады.

**Соңғы сөзі (26-б.):** Алсаң, жесіріңді аласың, алмасаң, үйіңе барасың, – дейді Атақозы.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 55-57.

**311**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.2; Б.4; Ж.22

29x20; 18x15

## СЫРЫМ БАТЫР МЕН НҰРАЛЫ ХАН

**Аталуы.** Сырым батыр мен Нұралы хан.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырымның атасы Шоланның Орынбордан сауда істеп келе жатқан кезінде ұрылардың қолынан қаза табуы, ауылда қалған жүкті әйелінен Даттың дүниеге келуі, содан анасының түсіндегі аянымен үйленуі, көп ұзамай Сырым дүниеге келіп, бала кезінен өте алғыр, өжет болып өсуі, өсе келе елдегі кейбір би, төрелердің қитұрқы әрекеттеріне шыдай алмай, оларға қарсы шыға бастауы, сөйтіп Нұралы ханмен арадағы дау ұлғайып, ханға қарсы соғысқа шығуы, Сырымның Нұралы ханның ауылын шауып алғаны айтылады.

**Басқы сөзі (5-б.):** Дат Байбақты – Шоланның баласы.

**Соңғы сөзі (12-б.):** Сүйтіп Сырым Нұралы ханның ауылын өз адамымен осындай айламен шауып алыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 32-38.

**312**

Ш. 1064 (ОҒК) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

# سىرىم باتىر مەن نۇرالى

**Аталуы.** Сырым батыр мен Нұралы.

**Тапсырушысы.** Күнтуғанов Теміргали. Ол туралы мәлімет 135-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырым батыр он төрт жасынан бастап жорықтарға аттанып жүруі, содан он сегіз жасқа толған шағында моңғолдан ат барымталап келе жатқан жолында Нұралы ханмен кездесіп қалып, сәлемдесіп, Нұралының астарлы сұрағына тосылмай жауап берген өжет Сырымның жас кезіндегі бір оқиғасы баяндалады.

**Басқы сөзі (5-б.):** سرىم باتىر بالا كۇننده ون ءتورت جاسىندا-اق جورىققا اتتانا باستاعان بولىپتى

**Соңғы сөзі (5-б.):** اقىرىندا حان بالالارىنىڭ ەكەۋىن قىسىمەن ءشىداي الماي، سىرىم وزبەكستانعا قاشىپ، سوندا ءولدى دەگەن حابار بار

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздың шеті қайырылып қалған, кей беттерінде шимай бар.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.1064, 4-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 38-44.

313

Ш. 990/2 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ НҰРАЛЫ ХАНДЫ ШАПҚАНЫ

### (І нұсқа)

**Аталуы.** Сырым батырдың Нұралы ханды шапқаны.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда бала кезінен-ақ ел ісіне араласа бастаған Сырым батырдың бір жиында қазақтарды алымсынбай, қорлаған Нұралы ханға карсы дауыс көтеріп, бір жұмбақ жасыруы, осы оқиғаның соңынан Сырым батыр Нұралы ханды шауып алуы, соның салдарынан жер аударылып, одан аман-есен келген батырдың ханға қарсы күресін тіпті де күшейте түсуі жайында баяндалады.

**Басқы сөзі (38-б.):** Сырым жас өспірім, бала күнінде-ақ қой бағуды қойыпты.

**Соңғы сөзі (38-б.):** Сырым батыр отыз төрт жас шамасында Нұралы ханды шапқан себепті үкімет тарапынан жер аударылып, онан аман-есен келген соң, ханға қарсы күресті бұрынғыдан да күшейте түсіпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Папкасы.** Қ. 990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 60.

314

Ш. 464 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ НҰРАЛЫ ХАНДЫ ШАБУЫ

### (II нұсқа)

**Аталуы.** Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы.

**Жинаушысы.** Ғайнидинұлы С.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда екі түрлі оқиға айтылады. Бірі бейкүнә қыз-келіншектерге тиісіп, қорлық көрсетіп жүрген Нұралы ханның баласының себебінен Сырым батыр ханды шаппақ болғанда, ханның Үрімге қашып кетіп, орнына Сырымның хан болуы. Енді бірі – дат балалары арасындағы бақталастық, күндестік. Осы алауыздыққа шыдай алмаған Сырым батырдың елден Үргеніш шаһарына барып тұруы, кейін сол Үргеніш шаһарында қайтыс болғандығы туралы айтылады.

**Басқы сөзі (9-б.):** Нұралы ханның бір қатынынан Сығалы Қисық деген баласы болып, бір күні бір жақтан келе жатып, бір қыз-келінге бара қонып, кемпір менен шалын үйден қуып шығып, түнде ықтиярсыз қыз-келіншекті де қастарына алып жатыпты.

**Соңғы сөзі (11-б.):** Сол Сырым би айтады екен: «Үйде, өрісте, қырда қазақты аузыма қаратсам да, Даттың алты тентегіне әлім жетпеді!» – депті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптер ақ қағазбен тысталған.

**Папкасы.** Қ. 464, 5-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 60-61.

**315**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ

**Аталуы.** Сырым батырдың қайтыс болуы.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым батыр Малайсары биге бата сұрай барады, сонда Малайсары би оған «Менің батам жеті атаңа жететін болсын, үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін. Одан соң мына үш сиыққа зиянның тимесін, бұл үш сиықта үш қасиетті адам бар, соларға жолай көрме! Олар: бірінші – тана Қоске би, екінші – әлім Көсеу би, үшінші – Есентемір Бөкен би» дегенде, батыр аңғалдық танытып, ақыр соңында Хиуа ханының қастандығымен қайтыс болады.

**Басқы сөзі (68-б.):** Сырым батыр Малайсары биге бата сұрап барыпты.

**Соңғы сөзі (69-б.):** Ақыры Сырым содан қайтыс болыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 88-89.

**316**

Ш. 920 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ ТАМА РУЫ ЕСЕТ БАТЫРҒА БАТА АЛУҒА БАРҒАНЫНАН

**Аталуы.** Сырым батырдың тама руы Есет батырға бата алуға барғанынан.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Есет батырдан бата алуға арнайы келген Сырым батырды қарсы алып, аман-саулық сұрасқан соң, Есет Сырымнан не бұйымтаймен келгенін сұрайды. Батасын алуға келгенін айтқан Сырымға кім көрінгенге бата бере бермейтінін айтып, сұрақтар қояды. Есеттің койған сұрақтарына мүдірмей жауап берген батырға риза болып, арқасынан қағып, шын ықыласымен батасын береді.

**Басқы сөзі (5-б.):** Есет батырдың қартайған кезі екен.

**Соңғы сөзі (7-б.):** Сырым атына мініп, Есетке: «Ауылыңнан дүбір кетпесін, құлағыңнан сыбыр кетпесін», – деп бір-екі ауыз сөз айтып, ризашылығын білдіріп, өз жөніне кетіпті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.920, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 68-69.

**317**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ ХАНДЫ ШАБУЫ

**Аталуы.** Сырым батырдың ханды шабуы.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда атасы Әбілқайыр өлген орнына Нұралының хан болуы, ханнан туған отыз ұлдың әрқайсысы әр түрлі болады. Солардың ішіндегі кейбір сотқар, ел бүлдіргіштерінің себебінен Сырым батыр ашуға булығып, қол жинап, Нұралы ханға қарсы аттанбақ болуы, мұны естіген ханның Уфа шаһарына қашып барып, сол жерді паналауы, содан оралмаған ханның орнына Сырымның хан болуы, ел үшін игі жұмыстар істеген батырдың кейбір істері патшаға жақпай, зынданға салынуы, кейін сол түрмеде өз қолымен у ішіп, өлуі жайында баяндалады.

**Басқы сөзі (43-б.):** Нұралы атасы Әбілқайыр хан дүниеден қайтқан соң, оның орнына Жайықтың шығыс бетіндегі Кіші жүз нәсілдері – әлімұлы, байұлы, жетіруға хан болып тұрады.

**Соңғы сөзі (44-б.):** Хиуаның ханымен дұрыс тұра алмай, әртүрлі амал-құлықтарына қарсы болып, амал көрсеткен себепті ақырында зынданға, яғни түрмеге алынып, сол түрменің ішінде өз қолымен у ішіп, дүниеден қайтқан екен, қабыры сол Хиуа шәһәрінде.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 62-63.

**318**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22

29х20; 18х15

## СЫРЫМ МЕН ИШАН

**Аталуы.** Сырым мен ишан.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бірде Сырым батыр Бұхарға келеді. Сол күні молдалар мешітте жұма намаз оқып жатыр екен. Дәл сол кезде жұма намаздың уақытына тура келіп қалыпты. Сонда сол жердегі бір молда Сахараның еркін өскен қазағына жұма намазына кіруін сұрайды. Алайда намаздың ережелерін білмеген Сырым сол жерде күлкілі жағдайға тап болып, әлгі молда ишаннан таяқ жейді.

**Басқы сөзі (58-б.):** Сырым батыр бір жолы Бұхарға барады.

**Соңғы сөзі (58-б.):** – Сахара қазағын әкеліп, намазға тұрғызған ақымақ, – деп, ишан молдаға дүре салғызыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Ақауы жоқ.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 84.

**319**

Ш. 137 (ӘӨИ)

П.1; Б.2; Ж.20
29х20; 22х16

## [СЫРЫМ МЕН МӨҢКЕ БИ]

**Аталуы.** [Сырым мен Мөңке би]

**Жинаушысы.** Омаров Әнуар.

**Айтушысы.** Бержанов Есқожа.

**Аннотациясы.** Сырым батырдың сексенге келген Мөңке биден бата сұрамаққа барып, берген батасына алғашында көңілі толмай, кейіннен барып түсінгені сөз болады.

**Басқы сөзі (7-б.):** Сырым сексен жасқа келіп, қартайып жатқан...

**Соңғы сөзі (8-б.):** ...қартайған соң қадірің болмайды екен деп түсінген.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қолжазба ақ жіппен тігіліп, түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке отыз екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 137, 6-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 65-66.

## 320

Ш. 990 ӘӨИ

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## [СЫРЫМ МЕН ПЕРОВСКИЙ]

**Аталуы.** [Сырым мен Перовский].

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырым батырдың Текенің губернаторларымен арасындағы достығы, сонымен бірге сол бір жылдардағы қысылтаяң жағдайда Сырымның артында қалған ел-жұрты, қатын, бала-шағасын оларға сеніп тапсырып кеткен оқиғасы баяндалады.

**Басқы сөзі (2-б.):** Сырым батыр заманында Текенің екі басты ұлықтарыменен қатты дос болған екен.

**Соңғы сөзі (2-б.):** «Ал Исатайлардың артында жәбір-жапа шеккен адам көп болды» деп айтып отырар еді бөкейлік қарттар.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 71.

## 321

Ш. 910 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## [СЫРЫМ МЕН САРЖАЛА БИ]

**Аталуы.** Сырым мен Саржала би.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Ханға карсы көтерілістің алдында Алдар би Сырымға Саржала биге жолығуын айтады. Бірақ Сырым мен Саржала би Даттың моласының себебінен болған араздықтан кейін аралары дұрыс емес еді.

Сонда да Саржала биге бар жағдайын айтқан соң, би екі жылдан соң құрал-сайман, әскер береді.

**Басқы сөзі (10б-б.):** Ханды шабардың алдында Алдар би Сырымға: «Саржала биге барып кет!» – депті.

**Соңғы сөзі (10б-б.):** Екі жыл өткесін келсе, құрал-сайман, кісі беріпті дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қағаздары сарғайып, қолжазба тозған.

**Папкасы.** Қ.910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 54.

**322**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## СЫРЫМҒА АНАСЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

**Аталуы.** Сырымның жерге айтқаны.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым бір күні анасынан өзінің кімнен туғанын біле алмай дал болып, нақты дерегін білмек болып, мән-жайды сұрайды, анасы ол кезде аяғы ауыр, жерік болып тұрған кезі екен. Елдің бір жылғы көштегі көрген ауыр қиыншылығы мен сол қиын-қыстау кезден елді аман алып қалған, барды аузына қаратқан, көреген, парасатты адамды, және мына ішімдегі бала осы адамнан да асып туса деген арман-тілегінен дүниеге келгенін баяндап береді.

**Басқы сөзі (1-б.):** Балам, саған жерік болып, тамақ талғап жүргенімде, ел Сауран айналып, алысқа көшті.

**Соңғы сөзі (1-б.):** «Япыр-ай, мынау неткен ақылды адам еді, осындай байы болған немесе баласы боған ананың арманы бар ма екен!» – деп іштей тілеп едім, Құдай тілегімді беріп, сен тудың», – депті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына кирилл әрпімен машинкамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 12.

**323**

Ш. 910(ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.14
29х20; 22х16

## [СЫРЫМНЫҢ АЙТҚАНЫ]

**Аталуы.** [Сырымның айтқаны].

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Ресейге қосылу үшін өзбек, түрікпен, қалмақ үшеуі орыс патшасына адам жіберіп, олардан «Әмударияны сат» деген жауап алады. Сонда Кіші жүздегі Даттың ұлының тапқырлығымен Әмударияны сатып ала алмағаны айтылады.

**Басқы сөзі (26-б.):** Өзбек, қалмақ, түрікпен үшеуі Ресейге қосылу жөнінде патша өкіметіне адам жіберсе

**Соңғы сөзі (26-б.):** Сырым: «Суды сатамыз, егер алатын болса, қалаған жерінен таразысын құрсын да, пұтын жарты тиыннан алсын» деген екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке жиырма екі жолдан орналасқан.

**Папкасы.** Қ.910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 21.

### 324

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## СЫРЫМНЫҢ АМАНАТЫ

**Аталуы.** Сырымның аманаты.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Әшім деген адам байдың баласыменен қорық жерге таласып, бай баласының басын жарады. Бай Әшімді ұстатып, Текеге айдатып жібереді. Іс губернатордың қолына түседі. Сонда Сырымның он жеті жасар Қазы деген баласы Әшімнің әкесінен бір түйе, бір тоқты алып, губернаторға жолға шығып, губернаторды сөзден жығып, Байбақты Әшімді айдауға кеткелі тұрған жерінен қамаудан босатып алады.

**Басқы сөзі (91-б.):** Байбақты Әшім деген адам Текенің байының баласыменен қорық жерге таласып, бай баласының басын жарады.

**Соңғы сөзі (93-б.):** Қазы баланың халық аузында «би» деген атақ алып кету себебі, міне осыдан былай қарай екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 84-86.

### 325

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## СЫРЫМНЫҢ ХИУА ХАНЫНА АЙТҚАН ҮШ ҚЫЗМЕТІ

**Аталуы.** Сырымның Хиуа ханына айтқан үш қызметі.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым Хиуа ханына барып айтқан «Қарақалпақ, сарт, өзбек, қазақ, түрікмен, естек – осы алтауымыз бірігіп, Руссия патшасына қарсы шығайық. Менен асса, сені қоймайды. Осы бастан бетін қайырайық. Сен маған қол, ат, азық бер. Екінші жұмысым, патшадан жеңілсем, бері көшем, қоныс бер. Жалпы қазақтың үш баласы: Ақарыс – Ұлы жүз, Бекарыс – Кіші жүз, Жанарыс – Орта жүз, осы үш жүздің баласы бұл жерден жылқы бағып, Көкшетауға шығып кеткенде, осы жерде қонысым қалды, сол қонысымды бер. Үшінші, Созақ баласы қарақалпақта еншім қалды. Бұл әуелде үлкен үй еді. Қалған еншім – үй-мүлік пен қоралы мал» деген талаптары мен соның орындалуын айтады.

**Басқы сөзі (74-б):** Сырым Хиуа ханына барып: – Сізде үш қызметім бар, – депті.

**Соңғы сөзі (74-б):** – Сол еншімді қарақалпақтан алып бер! – депті-мыс.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 82.

## 326

Ш. 190 (ӘӨИ) П.1; Б.2; Ж.17

20х17; 18х15

## سرىمنىڭ اناسىنىڭ نەگە جەرىك بولعانى جونىندە

**Аталуы.** Сырымның анасының неге жерік болғаны жөнінде.

**Жинаушысы.** Сарымсақов Мұхаметқали (1878-1957) – жасында Баязит деген молданың медресесінде алты жыл оқып, сонан соң ауылда бала оқытады. Алғашқыда өлең, жырды жазып шығарып, кейін жасы егде тартқанда тосыннан тауып, төгілте жырлауға машықтанады.

**Аннотациясы.** Сырым батырдың тумаларына ренжіп, өзінің

кімнен туғанын біле алмай дал болып, нақты дерегін білмек болып анасынан сұрайды, анасы ол кезде аяғы ауыр, жерік болып жүрген кезі екен. Елдің бір жылғы көштегі көрген ауыр қиыншылығы мен сол қиын-қыстау кезден елді аман алып қалған, барды аузына қаратқан, көреген, парасатты адамды, және мына ішімдегі бала сол адамнан да асып туса деген арман-тілегінен дүниеге келгенін баяндап береді.

**Басқы сөзі (111-б.):** سول سرىم باتىر ءبىر كۇندەردە

**Соңғы сөзі (112-б.):** سۇل تىلەك سەنى سولاي متىپ بەردى دەيتى.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Жолды дәптерге көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Дәптердің кей беттері жыртылған, шимайланған.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке он жеті жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.190, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 13-14.

**327**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМНЫҢ ӘЙЕЛГЕ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

### (І-нұсқа)

**Аталуы.** Сырымның әйелге қамқорлығы (І-нұсқа).

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда арғын жаққа барып, қайтып келе жатқан екі жолаушыдан жолда қой бағып жүрген бір әйел жолығып, Сырым жайлы сұрап, оған өзінің бір аманатының бар екенін айтып, екі жолаушыдан беріп жіберуі, аманатты көрген Сырым батыр мән-жайды бірден түсініп, әйелге өз қамқорлығын жасап, қиналып жүрген жерінен алып қайту барысы сөз болады.

**Басқы сөзі (52-б.):** Осы алшынның екі адамы сол арғын жаққа барып, ауылға қайтып келе жатқанда, жолда қой бағып жүрген бір әйелге тап болып, жөн сұрайды.

**Соңғы сөзі (53-б.):** Сырым өз қолынан қызды ұзатып, өз теңіне әлім Дербісәлі дегеннің баласына қосады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөзбен әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 74-76.

**328**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20: 18х15

## [СЫРЫМНЫҢ ӘЙЕЛГЕ ҚАМҚОРЛЫҒЫ]

### (II нұсқа)

**Аталуы.** [Сырымның әйелге қамқорлығы] (II нұсқа).

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда орта жүзге барған кіші жүздің бір қызының зәбір көріп жүргенін орта жүзге барған жігіттерден беріп жіберген қыз аманатынан білген Сырым батырдың орта жүзге барып, қарындасын қайтарып алуы сөз болады.

**Басқы сөзі (105-б.):** Кіші жүздің орта жүзге берген бір қызы бар екен.

**Соңғы сөзі (106-б.):** Сонда Мөңке би Сырымға: «Жасыңнан қара дауға әуес болған екенсің, сірә жаның ұзақ болмас екен», – депті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Ақауы жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 76.

**329**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ

**Аталуы.** Сырымның жерге айтқан сыны.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырым Нұралы ханның орнына хан болғаннан кейін еліне жайлы жер іздейді. Сонда Еділ бойынан және Нарыннан құдықтар қаздырып, екі жердегі қазылған құдықтардың нәтижесін салыстырып, Еділ мен Нарынды жайлаған елдің шаруасының қалай өркендейтініне берген сыны айтылады.

**Басқы сөзі (45-б.):** Қазақтың кіші жүз нәсілінен шыққан руы байбақты Сырым батыр Дат баласы Нұралы ханның орнына хан болған.

**Соңғы сөзі (45-б.):** «Мынау Нарынды жайлап, қоныс еткен кісінің шаруасы жылдам өркендеп, өсіп кететін жер екен, ал мынау өрде, яғни қатқылды жайлап қоныс еткен кісінің шаруасын өсіруге көп күш керек екен», – депті.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Сары кеңсе қағазына кирилл әрпімен машикамен басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 21-22.

## 330

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## [СЫРЫМНЫҢ ҚАЗА БОЛУЫ]

**Аталуы.** [Сырымның қаза болуы].

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым батыр Хиуа ханының бір бәйгесінде Ақмоншақ атты бәйгеге қосып, бәйгеден озып, бірінші келеді. Соңынан күресуді жөн санаған хан тілегін қайтармай, Сырым батыр қасындағы жолдасын күрестіріп, ханның адамын жығып кетеді. Қызғаныштан іші удай ашыған хан мыстан кемпір арқылы Сырымның атының үзеңгісіне у жаққызып өлтіреді.

**Басқы сөзі (286-б.):** Сырым ат жарысқа өзінің Ақмоншақ атты атын қосады.

**Соңғы сөзі (286-б.):** Сөйтіп өткірлігімен де тапқырлығымен ерте көзге түсіп, халықтың сүйікті ұлы болған Сырым батыр Ойыл-Қиыл деген жердің бойында қайтыс болған.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 89-90.

## 331

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## [СЫРЫМНЫҢ ҚАЗАСЫ]

**Аталуы.** [Сырымның қазасы].

**Айтушысы.** Ысмайлов Қ. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Малайсары бидің ақылын тыңдамай, Хиуа ханының шақыруына кетіп қалған Сырым батыр ол жерде бәйгеден де, күрестен де жеңіп, ханның ішін күйдіреді. Тағы сүріндірмек болған Сырымға үш сұрақ қояды. Сырым одан да мүдірмейді. Ақырында шыдамаған хан жауыз әйел арқылы тамағына у қосып, ішкізіп жібереді. У денесіне тарап, сол жерде қаза табады.

**Басқы сөзі (201-б.):** Сырым ханның ауылынан кетерінде хан айтады: «Келер жылы саратан айында үлкен тойым бар, соған кел», – деп Сырымды шақырады.

**Соңғы сөзі (201-б.):** Қолын асқа салғанда, у қолына шауып, Сырым сол арада қаза табады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.910, 4-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 90-91.

**332**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22<br>29х20; 18х15

## СЫРЫМНЫҢ ҚАЗАСЫН ЕСТІРТУ

**Аталуы.** Сырымның қазасын естірту.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым батырдың қазасын бала-шаға, туыс-туғанына қалай естіртуді білмей дағдарған жұрт ел шетінде тұратын Ұрышта деген қартты шақыртып, естіртеді. Сөз астарын түсінген баласы Қазы елді таратпай, асын беріп қайтарады.

**Басқы сөзі (70-б.):** Сырым Хиуада жүріп қайтыс болады, бала-шағасына естіртуге елдің адамы жиналып, ешбір қисынын таба алмай жүреді.

**Соңғы сөзі (70-б.):** Бұны естіп, Қазы би қонақтарын таратпай, алғашқы садақасын беріп қайырған дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 990,3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 91-92.

**333**

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## СЫРЫМНЫҢ МӨҢКЕНІ ЖЕҢУІ

**Аталуы.** Сырымның Мөңкені жеңуі.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Сырым батырдың кезінде Шектінің ұрылары барымталап әкеткен қарындасының ол жерде жағдайының нашар екенін білуі, сондай-ақ бұл дауға әділ төрелігін айтпақшы болған Мөңке биді жеңіп, қарындасын ауылына аман-есен алып қайтуы сөз болады.

**Басқы сөзі (14-б.):** Сырымға бір жолаушы шекті елінің бір малшысы сізге «бере сал» деп еді деп, екі жапырақ ескі шүберек береді.

**Соңғы сөзі (15-б.):** – Бала, қара дауға жастай үйір екенсің, ұзақ жасамассың, – деп, Мөңке жас адамнан жеңілгенін ауырлап, жантая кеткен екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Папкасы.** Қ.990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 72-73.

334

Ш. 910 (ӘӨИ) П.2; Б.2; Ж.47
29x20; 22x16

## СЫРЫМНЫҢ ТҮРКІМЕН ХАНЫНА БАРҒАНЫ

**Аталуы.** Сырымның Түркмен ханына барғаны.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бірде Түркімен ханы қазақтарды өзіне қосып алмақ мақсатпен казақтарға (Түбек еліне) бір шарт қояды. Ханның ол шартын ауыл ақсақалдары, билері бас қосып ақылдасып, шеше алмайтындықтарын біліп, мойынсал болуды ұйғарады, сол жерде отырған Сырым бұл шешіммен келіспей, хан шартын орындауға суырылып шығады. Түркімен ханының алдына барып, асқан тапқырлығымен сөзден жеңіп, ханды өз шартынан бас тартуға мәжбүр етіп, елін аман алып қалған өжеттігі мен алғырлығы туралы баяндалады.

**Басқы сөзі (294-б.):** Ертеде қазақтар Жайықтың ішкі бетін жайлаған. Олар: тана, табын т.б. рулар.

**Соңғы сөзі (295-б.):** Бұл Сырымның шешендік құрудағы алғашқы қадамы еді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ.910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 20-21.

335

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## СЫРЫМНЫҢ ҮШ ҚАСИЕТІ

**Аталуы.** Сырымның үш қасиеті.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда жолда келе жатқан бір топ жолаушыдан жұмбақтап айтып жіберген әйелдің аманатынан Шекті елінде зәбір көріп жүрген байбақтының бір қызы екенін бірден білген Сырымның сол елге барып, қарындасын алып қайту барысындағы Сырым мен әйелдің тапқырлығы сөз болады.

**Басқы сөзі (29-б.):** Бір топ жолаушы Сырымды іздеп келе жатса, алдарынан бір әйел шығады.

**Соңғы сөзі (30-б.):** Сөйтіп Сырым байбақтының қызын күңдіктен құтқарып, ауылына алып қайтқан.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 73-74.

**336**

Ш. 910 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22

29х20; 18х15

## [СЫРЫМНЫҢ ХИУА ХАНЫНА БАРУЫ]

**Аталуы.** [Сырымның Хиуа ханына баруы].

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Хиуа ханы бір жолы Сырымды шақыртып алады. Ол Сырымның хандарға, байларға қас екенін біледі. Хан реті келсе, Сырымды өлтірмек болады. Хан Сырым келместен бұрын оның алдынан бір сыншы адамды дайындап қояды. Аттан түсіп жатқан Сырымның алдынан шыққан сыншы оған қарап, басын шұлғиды. Сонда оған Сырым аузын ашып, тілін көрсетеді. Сырым аяғына малдың тезегін жағып алады. Сол кезде Хиуа ханы Сырымды мұқалтпақ болып сұрақ қойып, соңында өз масақара болып қалады.

**Басқы сөзі (48-б.):** Бірде Сырымды Хиуа ханы шақыртыпты.

**Соңғы сөзі (50-б.):** Удың әсерінен Сырым Хожелі деген жерге келгенде дүние салыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Ақауы жоқ.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен түптелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке жиырма екі жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ.910, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 80.

**337**

Ш. 910 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ТАЙМАН МЕН БӨКЕЙ

**Аталуы.** Тайман мен Бөкей.

**Жинаушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда хандық лауазымын алып, ел болу үшін патшаға барғаны, бірақ ел саны мың үйге толмаса, ел бола алмайтынын білген Бөкей құл алып, бала алып, ебін тауып, мың үйге толтырғаны, кейін Тайман мен Бөкей түйе қомдап, Жайықтан бері өткені, ақыр соңында екеуі екі жаққа көшуге тура келіп, балаларының араздасып қалмауын ескеріп, алдын-ала сөз берісіп, серттескендері жайлы сөз болады.

**Басқы сөзі (174-б.):** Мың сегіз жүз бірінші жылдары Нұралы ханның баласы Бөкей хандық лауазым алып, «Нарынға өтемін, ел аламын» деп патшаға барады.

**Соңғы сөзі (175-б.):** Кейіннен Орданы шаба барғанда, Исатайдың Махамбетке: «Алланың мөрі деп қол алысып еді, аталарыңды шаппайық», – деуі содан деседі.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ. 910, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 111-112.

**338**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.5; Б.5; Ж.28
29x20; 22x16

## ТАПҚЫР БАЛА

**Аталуы.** Тапқыр бала.

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Орал өзенінің екі жағасын мекендейтін Бегалы және Топай деген байлардың жылқыларын бір-бірінен қызғанып, мақтанып, соңынан сөзге келісе алмай қалатын сараң тірлігі. Сондай күндердің бірінде сөзден жеңілген Бегалы бай ең мықты деген екі биін Топайды сөзден жығып келуге аттандырады. Топайды қалай сүріндірерлерін білмей келе жатқанда, алдарынан қой бағып, бала Сырым жолығады. Бала болса да сөз тапқыштығымен екі биді таңқалдырады. Сонымен амалы таусылған билер Топайды сөзден сүріндіруге көмектесуге Сырымға өтініш етеді. Сырым олардың бетін қайтармай, Топайдың ауылына барып, аса тапқыр, өжеттігімен жеңіп, Топай байды сабасына түсіріп қайтады.

**Басқы сөзі (40-б.):** Өткен күндердің бірінде Орал өзенінің екі бетінде екі бай сұлтан тұрыпты.

**Соңғы сөзі (44-б.):** Осы сөзді айтқан бала Сырым екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Кирилл әрпімен машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 990 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 15-18.

Ш. 464 (ӘӨИ) Б.2; П.300; Ж.38.
31x22; 19x17

## توقتامىس حان مەن ەدىگە باتىر

**Аталуы.** Тоқтамыс хан мен Едіге батыр.

**Жинаушысы.** 1930-1933 жылдары Сәлімгерей Ғайниддинұлы жинаған. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қолжазбаны 1954 жылы институт қорына Мәтжан Тілеужанов тапсырған. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Тоқтамыс ханның Түкті аяқ деген құсы бопты. Сол сұңқарды тәрбиелеп бағып тұратын Құттықая деген адам болады. Сұңқар жұмыртқалаған уақытта Темір хан деген хан Құттықаяға кісі жіберіп, сұңқардың бір жұмыртқасын ханына білдірмей, беріп жібереді. Тоқтамыс хан: «Сұңқар нешеу туды? – десе, «Екеу туды», – дейді. Темірхан беріп жіберген жұмыртқасын тауыққа бастырып шығарады. Кейін Темір хан аңға шығып, сұңқарын құсқа салып, құс алдырып жүреді. Бір күндерде Тоқтамыс хан аңда жүрсе, бір сұңқар бір үлкен құсты қуып келіп, Тоқтамыс ханға жақындағанда алады. Артынан Темір хан қуып келіп «сұңқардікі» деп алып кетеді. Ол сұңқарды Құттықаяның Темір ханға ұрлап бергенін Тоқтамыс хан біліп қояды.

**Басқы сөзі (29-б.):** بۇرىنعى نوعاي ۇلدارىنان توقتامىس دەگەن حان بولىپتى

**Соңғы сөзі (33-б.):** سويتىپ، توقتامىس حاننىڭ تۇقىمىن قۇرتىپتى دەيدى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін оқушы дәптеріне қара сиямен, араб әрпінде, жинаушының қолымен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Бір бетке жиырма үш жолдан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба тозған, қағаздары сарғайып, жыртылған.

**Папкасы.** Қ. 464, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 255-261.

Ш.1122 (ӘӨИ) Б.6; Ж.138
26 x17; 17 x16

## ТӨЛЕ БИДІҢ СӨЗГЕ ТОҚТАУЫ

**Аталуы.** Төле бидің сөзге токтауы.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** Жәкенов Е. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Атақты Төле би арқадағы құдаларынан қайтып келе жатып, жол-жөнекей Қаз дауысты Қазыбек бидің ауылына соғады. Ауыл сыртына келгенде бидің алдынан ешкім шыға қоймайды. Азулы би өкпелеп кетеді. Дау-дамайды шешіп болған Қазыбек би жолаушының кім екенін білуге қызметшілердің бірін жұмсайды. Қызметші бидің кері қайтуын, қонақ болып кетуін қанша өтінсе де, би көнбейді. Жолаушының Төле би екенін білген Қазыбек би өзінен бір қателік кеткенін айтып: «Енді бұрылмайды-ау. Енді ол менің бұл қылығымды кез келген жерде бетіме басады-ау» деп қынжылады. Сонда Қазыбектің сегіз жасар баласы Жолжақсы деген баласы әкесінен рұқсат алып, Төле бидің артынан барады. Бала өзінің тапқырлығының арқасында биді айтқанына көндіріп, аулына ертіп келеді. «Төле биді сөзден тоқтатып, аттан түсірген тапқыр бала» атанады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Жаздың ел жайлауға шыққан күндерінің бірінде Арқадағы құдаларына барып, қонақшылап келе жатқан Төле би қайтар жолда бұрыс болса да Қазыбек бидің ауылына ат басын бұрады.

**Соңғы сөзі (3-б.):** .... Бұдан былай сенің атың «Төле биді сөзден тоқтатып, аттан түсірген тапқыр бала» болсын, – деп бата беріпті.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** Қ.1122, 34-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** «Көкшетау правдасы» газеті. 1989 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 11-15.

Ш.1122 (ӘӨИ)

Б.4; Ж.79
26х16; 18х16

## ТӨЛЕ БИДІҢ ТӨРЕЛІКТЕРІ

**Аталуы.** Төле бидің төреліктері.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Айтушысы.** К.Мәденұлы мен Х.Амандықов. Айтушылар туралы мәлемет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Төле би туралы екі аңыздың алғашқысында бір үлкен тойда бәйгеден озып келген жүйрік атқа екі рулы ел таласады. Дауды әділдікпен, көрегендікпен шешкен Төлеге қалың ел риза болады. Ал екінші аңызда Меккеге қажылыққа сапар шеккен адамның жолда небір кедергілерге ұшырап, басы дауға қалады. Түйесін қайырып бер деген адам «көзін ойып алам» десе, қайықшы «қоң етінен бір ширек ет кесіп алам» деп қорқытады. Ал біреуі қайтыс болған әкесінің құнын даулайды. Басы бәлеге қалған жолаушыны Төле би өзінің тапқырлығының арқасында даудан аман алып қалады. Қажы Төле биге бата беріп, алғысын айтып, сапарға аттанады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бір байдың үлкен тойында бәйгеден бір жүйрік озып келеді.

**Соңғы сөзі (3-б.):** .... деп батасын беріп, қажылық жолына қарай жүре берген екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Қалпына келтірілуі.** Дәптердің парақтары ескіріп, сарғая бастаған.

**Папкасы.** К.1125, 134-135 дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Оңтүстік Қазақстан газеті. – 16.01.1991 ж.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 15-25.

Ш. 920 (ӘӨИ) Б.2; Ж.104
26x16; 18x16

## ТӨЛЕ БИДІҢ ТУЫ

**Аталуы.** Төле бидің туы.

**Жинаушысы.** Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет 171-сипаттамада берілген.

**Айтушысы.** Тұрсынов Сәбит – халық аузынан аңыз-әңгімелерді жинаушы, 1942 жылы туылған. Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Қазығұрт совхозы, Қызылқанат ауылының тұрғыны.

**Экспедициясы.** 1994 жылғы «Түркістан қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы».

**Аннотациясы.** Ұлы жүздің атақты Төле биі тоқсан үш жасында қайтыс болады. Бидің өсиеті бойынша Тәшкен қаласына жерлеу керек болады. Қасиетті Қазығұрттан Тәшкенге дейін қашық жер болса да, көпшілік сүйікті ұлының соңғы өсиетін орындамақ болады. Төленің қырғыз әйелі ұлы Қожамжармен ақылдасып, сүйекшілерді жолдан күтіп алады. Ыстық күнде алыс жолдан шаршап келе жатқан көпшілік Қожамжардың анасы дайындаған қос үйге ат басын бұрады. Төленің қырғыз әйелі сүйекшілермен көрісуге шығады. Төленің көзі тірі кезінде ұстаған ілмек белгісі бар, желегін қара қыжымен көмкерген туы оң босағаға қойылған еді. Қожамжардың анасы сол туды алады да, сандыққа салып қояды. Құран оқылып, бата қайрылып, жұрт қайтуға айналғанда, Төленің балалары туды іздей бастайды. Ту қай үйде тігілсе, марқұмның асы берілгенше сол үйде сақталады. Төленің бәйбішесінен көрген балалары дау шығара бастайды. «Тудан айырылу – биліктен айырылу» деген сөз. Ишанның шешімімен «ту қайда тігілсе, сонда қалуы тиіс» болып шешіледі. Осылайша Төле бидің туы Қожамжар балаларының еншісіне тиген екен.

**Басқы сөзі (1-б.):** Бүкіл исі қазаққа кемеңгерлігімен үлгі-өнеге болған Төле би тоқсан үш жасында дүниеден өтті.

**Соңғы сөзі (3-б.):** ... Сол осы заттарды тығып қойған карттардың өзі де о дүниелік болып кетті.

**Қолтаңбасы.** Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік

университетінің филология факультетінің I курс студенті Тұрсынова Әсияның қолтаңбасы (1994 ж.).

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпімен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Папкасы.** Қ. 920, 94-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 40-44.

**343**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ТҰЛПАРДЫҢ ДЫБЫСЫ ШЫҒАДЫ

**Аталуы.** Тұлпардың дыбысы шығады.

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Көк тама Есет батыр Даттың үйіне жолаушылай түсіп, шай үстінде бесіктегі балаға назары ауады. Даттың әйеліне баланы жақсы өсіруін сұрайды. Кейін он бес жасқа келген Сырым бір түйені сойып, Есет батырға барып амандасып, батасын алып, ақыл-кеңесін тыңдап қайтады.

**Басқы сөзі (24-б.):** Көк тама Есет батыр бір күні жолаушы келе жатып Даттың үйіне қонады.

**Соңғы сөзі (24-б.):** Балам, Сырым, жеті атаңа дейін даңқың үзілмесін, құлағыңнан сыбыр, сыртыңнан дүбір кетпесін, жорытқанда жолың болсын! – деп, батасын беріп аттандырыпты.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 67

**344**

Ш. 1062 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 24
29x20; 25x15,5

## ТҮЛКІБАЙ БАТЫР ЖАЙЫНДАҒЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕ

**Аталуы.** Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме

**Жинаушысы.** Ырысқұлов Якуда – Қызылорда облысының тұрғыны. Өзге мәліметтер кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кезінде Қоқан хандығы бұл өңірде (Қызылорда обл.) орам құрады. Жергілікті қазақтардан түрлі салықтар жинап, әбден қинайды. Салық Түлкібай батырдың үйіне келгенде, салықшыларды қайтарып жіберіп, өзі таңсәрісімен бекініске барып, ондағы басшыларының бәрін қырады. Кейіннен Қызылордадағы Қоқан билеушілері Түлкібайды ұстап, басын алады. Бұған кектенген қазақ жігіттері сол аумақтағы Қоқан жендеттерін қырып-жояды.

**Басқы сөзі (20-б.)**: XVII-XVIII ғасырларда бұл төңірек Қоқан ханының қоластында болған екен.

**Соңғы сөзі (21-б.)**: Ордаға жетпей қалмақ (Қоқан) жендеттерінің күлталқанын шығарған.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1990 жылы Қызылорда облысы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталып, қызыл қоңыр жіппен тігілген.

**Папкасы.** Қ.1062, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 220-222.

## 345

Ш. 1177 (ОҒК)

П.1; Б.2 Ж.25
35х24; 32х18

# [تنالى بولس]

**Аталуы.** [Тыналы болыс].

**Жинаушысы.** Көпеев М.Ж. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Тыналы болыс Наурызбайдың баласы, ал Сүйін Жарқынның баласы Жүсіпті Кенесарының баласы дейді екен жұрт. Сол Сүйін Жарқынның жарқыны Кенесарының қырғыздан қырғын тапқан бір ұрысында тұтқынға түскенде, «Сүйін Жарқынның жарқыны» деп аман қалып, кейінгі өмірін қырғыз ішінде өткізген екен деп баяндалады.

**Басқы сөзі (9-б.):** تنالى بولستى ناۋرىزبايدىڭ بالاسى ەدى دەسەدى ەكەن ...

**Соңғы сөзі (9-б.):** ... بۇرىنعىلار وسىنداي تاتۋ بولادى ەكەن .

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Араб әрпімен көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы.** Қатты қағазбан тысталған. Түптері жыртыла бастаған.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 217.

## 346

Ш. 823 (ӘӨИ)

П. 33; Ж.38
21,5х17; 19х16,1

# ТІЛЕНШІ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

**Аталуы.** Тіленші жайында бірер сөз

**Жинаушысы.** Мәжікеев Мұқаш. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Бекболат би ұзақ жасайды, әбден қартаяды. Арғынның игі жақсылары жиналып, Бекеңе сәлем беруге келеді.

Сонымен қатар ойларын айтады, орнына қай баласын лайықтайтынын өз аузынан естігілері келетінін білдіреді. Бекеңнің бәйбішесінен екі ұл баласы, тоқалынан бір ұл, бір қызы бар еді. Кенет үйдің түрулі тұрған шымылдығының артынан бір жас қыз шыға келеді. «Бекем айтпайын демесе, шешемнен каймықпаса, Тіленшіжанды айтпайтын несі бар? Тіленшіжанның ел билемейтін несі бар?» дейді де көзден таса болып кетеді. Содан Бекең басын көтеріп, қалың қабағын ашты да: «Сол шіркіннен үмітім бар» дейді. Бұл шешімін қасындағы бәйбішесі де қолдайды.

«Бірақ байдың әруағы ақ бура, Тіленшіжанның әруағы ақ тайлақ еді» дейді. «Осы ер жетіп, дәрежесі көтерілсе, елді бір түзеп, бір бұзып, мазасын кетіреді-ау деп ойлаймын дейді қарт ана. Тоқалдан туған Тіленші пысық, аса зейінді болатын. Ата-ана балаға сыншы болатын, қарттар қателескен жоқ. Олар бір ауыздан Тіленшіні би көтеруге ұйғарады. Тіленші қарапайым болды, сол ел адамдарымен Нұра бойындағы мал суатына келді. Малшылар суаттан кейінірек төбешікте киімдерін киіп алып, ойын соғып жүр. Тіленші сол асыр салып жүргендердің ішінде. Содан ақсақалдар көріп қалып, Тіленшіні шақырады. «Әкең болса қартайды, көзі тірісінде сен би көтермекпіз» дейді. «Ал, сен болсаң, қойшы-қолаңшылармен алысып-жұлысып жүрсің, мұның ұят емес пе?» дейді. Сонда Тіленші былай деп жауап береді: «Әкемді хан деп барлығы қадірлейді. Ал кедейлер мен малшы-жалшылар биге кіре алмайды. Мен осы қарапайым халық мені танып білсе деймін. Кейін бір істері түсіп жатса «мынау біздің Тіленші ғой» деп қымсынбайтын» дейді. Жиналған жұрт түгел риза болып, Тіленші би қылып көтереді.

**Басқы сөзі (17-б.).** Орақбай ақын 1842 жылы Талас өзенінің бойында

**Соңғы сөзі (22-б.)**: Жіберді барып кел деп Шу ауданнан.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған.

**Папкасы.** Қ. 823, 3-дәп. (ӘӨИ)

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 25-27.

347

Ш.1014 (ӘӨИ)

Б.3; Ж.85.
29х20;16х23

## [ТІЛЕНШІ ТУРАЛЫ]

**Аталуы.** [Тіленші туралы].

**Жинаушысы.** Торсықбайұлы А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қорға 1988 жылы Адамбаев Б. тапсырған. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қалмақ ханының қаз дауысты Қазыбекке сыйға берген қызын өзінің ұлы Бекболатқа қосқан екен. Қалмақ келіннен бір ұл, бір қыз туады. Бәйбішеден тоғыз ұлы бар Бекболат би жаңағы ұл перзентінің атын – Тіленші деп қойғызған. Бірде Абылай хан көп нөкерімен Бекболат бидікіне келеді. Себебі, Қазыбек дүниеден өткен соң Шаншар абыз әулеті Қазыбек тұқымымен хан арасында қырғи-қабақтық күшейеді. Абылай қарашасы Ботақанды бейкүнә өлтіріп, Жанайды тұтқындатқанда намыстанып, қанына қызған Бесмейрамнан үш мың арғын қарсы көтерілген. Хан дәті шыдамай өлгеніне құн, айып-ажын төлеп, тұтқындатқанын босатып, әрең құтылыпты. Онан кейін Бекболаттың көп ұлының біреуі Абылайдың бір үйір тұлпар текті қысырағын ұрлап әкетіп, Бекболат би бұл қиян-кескі дауда ұрыны шешендікпен қорғап, ханға тоғыз айып төлеп табысқан.

Абылай ханның Бекболат биге бүгінгі келуінің түп тамыры – енді жауласпау, елдесу қамы еді. Бекболаттан туған он ұлдың бірін орнына би сайлағалы келгенін айтады. Бекболат би Тіленшіден үміт күтетінін айтуға бәйбішесінен тайсақтайды. Бірақ бәйбішесі де Тіленшіні қолдайды. Тапқырлығы мен шешендігін сынап, Тіленшіні әкесінің орнына би сайлайды.

**Басқы сөзі (1-б.):** Қаз дауысты Қазыбек Қоңтажының сыйға берген сол қызын өзінің ұлы Бекболатқа қосқан екен.

**Соңғы сөзі (3-б.):** ...Бар оқиғаны естіген соң Бекболат баласына хан алдында батасын беріп, Тіленші би сайланған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз қарасөз үлгісінде жазылған.

**Папкасы.** Қ. 1014 (ӘӨИ).

348

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.86: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 103-105.

**348**

Ш. 836 (ӘӨИ) П.1; Б.1 Ж.19
20x17; 18x14

## ҮБІ БАТЫР ТУРАЛЫ

**Аталуы.** Үбі батыр туралы.

**Жинаушысы.** Тналиев Б. Ол туралы мәлімет 276-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Халба дейтін адам алдымен Исатай, Махамбет көтерілісшілері жағында болып, кейін ханға сатылып, Махамбетті өлтірушілердің бірі болыпты. Бір жолы Үбі батыр жанындағы жолдасымен бір қонақта отырған Халбаны танып қалып, артынан қуып барып өлтіріп, қанын ішкені жайлы сөз болады.

**Басқы сөзі (6-б.):** Руы – маскар Халба дейтін адам алдымен Исатай, Махамбет көтерілісшілері жағында болады.

**Соңғы сөзі (8-б.):** Бұл Исатай, Махамбет көтерілісінен кейін Халба халықтан қашып, Үбі хан, губернатордан қашып жүрген кезі екен.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Дәптерге қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Қарасөз әр бетке он тоғыз жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 836 (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 149-150.

Ш.1337 (ОҒК)

Б.5; П.3; Ж.82
21x17; 20x16

# ۋيسىن بولتىرىك باتىر

**Аталуы.** Үйсін Бөлтірік батыр.

**Жинаушысы.** Титақұлы Түллүк. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Айтушысы**. Бектемір молла. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Аннотациясы.** Кең сахарада, Алатаудың төсінде кең жайлап жүрген үйсіннен Кенесары жылқы алып кетіп, арттарынан қуғыншылар түседі. Таң ата қуғыншылар таяу келіп, айқын дала жағын алып, Кенесарының қолын ығыстырып, бір үлкен көлге қарай бетін бұрды. Бұл көлдің шетінде ұзақ жері ми былқылдақ, өтуі қиын жер екенін Кенесарының қолы білмейді. Жылқыларды сойыл салып айдағанмен тай-құлындар мида қалқып жатыр.

Сол жолы Ағыбайдың бәйбішесі Талшыбықтан туған он бес-он алты жаста Аманжол бірге еріп шыққан. Ағыбай жан-жағына қараса, еріп келе жатқан баласы Аманжол жоқ, ізінше артқа қайтып қараса, Аманжолдың астындағы күзеулі кер милап жатыр екен. Аманжол аттан түсіп, бір томаршаның басында жылап тұрғанын көріп, қолынан ұстап, артына мінгестіріп, күзеулі керді «шу жануар!» дегенде, Ағыбайдың даусын естіп, кісінеп, барлық күшімен бірақ секіріп, мидан шықты. Аманжолды мінгестіріп құрғаққа шыққан мезгілде үйсіннің қуғыншылары көз көрім жерге кеп қалған екен. Бұлардан жеке-қара біреу ұзап шықты. «Дәуде болса, осы Бөлтірік шығар, ей, Көсе, сен бар, ұзын етек үйсінді шолтаңдатпай жайғап кел?!» – деп Кенесары әмір етті. Ағыбай ақжелек, тоғыз қазықтан қиған найзаны оң қолына, ұзын қылышты сол қолына алып, Көкбестіні ортекедей секіртіп қарсы шапты. Бөлтірік те астындағы тор жорғаға қамшы басып ұмтылды. Найзаны Бөлтірік сала бергенде, Ағыбай қағып жіберіп, өз найзасымен киімнен үш түйреп, жерге жықты. Бұл жолы Ағыбай Бөлтірікті еліне аман қайтарады. Кенесары неге өлтірмегенін сұрағанда: «Бөлтірікті өлтіріп, үйсіннің белін сындырайын ба? Киіз туылдырықты қазақтың арын төгіп, сатайын ба? Өзі де қайтты» дейді.

Бөлтірік екінші жыл үйсінге ұран салып, қол жинап, ат-тондарын сайлап тағы қарсы шығады. Ағыбай көк бестіні текіректетіп қарсы шауып,

тор жорғаның бүйірінен найзаны атып жіберіп, Бөлтірікті құлатады. Ағыбай аман-есен келіп, Кенесары неге жайғамағанын сұрағанда:

– Арпа ішінде бір бидай өлсе, үйсінде бас көтерер кісі жоқ, ол енді шолтаңдамайды. Шолтаңдаса, біткен жері, «ер кезегі үшке дейін». Мен Бөлтірікке уәде беріп келдім, осы сапар еліне тимеске, жесір-жебір, жетім кылмасқа, қайтайық, «ер жігіт екі сөйлесе – өлгені, қара жерге тірідей көмілгені» дейді.

**Басқы сөзі (14-б.):** کمڭ ساحارادا الاتاۋدىڭ توسنده کمڭ جايلاپ جۇرگەن ۋيسننن کنەسارى جلقى الىپ كەتتى

**Соңғы сөзі (18-б.):** كمنه اعالڭ ريزا بولماي قايتتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1337, 9-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 221-224.

**350**

Ш. 64 (ОҒК)

П.1; Б.2; Ж.14
29х20; 22х16

## ۋكى بي

**Аталуы.** Үкі би.

**Жинаушысы.** Құлсариев Ертай. Ол туралы мәлімет 43-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Жәңгір ханның қоластындағы байбақты Үкі бидің Сырымның немерелері Омар мен Мұхтарды іздеп жолға шыққандағы көрген қиыншылықтары мен ауылға жетіп, елге, ақсақалдарға сәлем беріп, солардың алдындағы суырып-салмалылығы, сөз тапқыштығы айтылады.

**Басқы сөзі (9-б.):** جاڭگر حاننڭ قولاستندا باياقتى ۋكى بي بولىپتى

**Соңғы сөзі (11-б.):** قوناق ەتىپ، اي جاتقىزىپ، ۋين كوشىرتىپ الىپتى

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

**Беттердің нөмірленуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Ақауы:** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген. Ақауы жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Қара сөз әр бетке он төрт жолдан орналастырылған.

**Папкасы.** Қ. 64, 13-дәптер (ОҒК).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 102-103.

**351**

Ш. 990 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ХИУА ХАНЫ МЕН СЫРЫМНЫҢ ҚАҒЫСУЫ

### (І нұсқа)

**Аталуы.** Хиуа ханы мен Сырымның қағысуы (І нұсқа).

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Сырым Нұралыны шапқанда, ханға патшадан көмекке көптеген солдат келеді. Сырымды әскерлер жеңіп, Сырымның бірнеше жолдастарын тұтқынға алады. Сөйтіп, Сырым бастаған көтеріліс басылады. Қалған жолдастарымен Сырым бұл жақтан кетіп Түрікпен, Бесқала, Хорезм қалаларына барып, көмек сұрайды. Бірақ ол жерде де төрелер болғандықтан оларда да қайыр болмайды. Бір күні Хиуа ханы Сырымды мұқалтпақ болып, сұрақ қояды. Сырым бұл сұраққа аса ұтымды жауап тауып, ханды жеңіп кетеді.

**Басқы сөзі (50-б.):** Сырым қалың қолмен Нұралыны шауып алысымен, ханға патшадан көмекке көптеген салдат келеді.

**Соңғы сөзі (51-б.):** Жоғарыдағы айтылғандар қолынан келмесе, оны «мігіт» дейді.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 78-79.

352

Ш. 990 (ӘӨИ) П.1; Б.1; Ж.22
29x20; 18x15

## ХИУА ХАНЫ МЕН СЫРЫМ

**(ІІ нұсқа)**

**Аталуы.** Хиуа ханы мен Сырым (ІІ нұсқа).

**Тапсырушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Хиуаның ханы Сырым батырдың келе жатқанын естіп, алдап қолға түсіруді ойлайды. Ең болмаса, елге күлкі ғып, абыройын түсіріп жібергісі келеді де, оған қазақта айтылатын кейбір сөздердің мағынасын түсіндіріп бер деп сұрақ қояды. Алайда Сырым бұл сұрақтардан сүрінбей, ханның өзін отырғызып кетеді. Бұған көне алмаған хан жансыз жіберіп, Сырымның үзеңгісіне у жағып өлтіртеді.

**Басқы сөзі (50-б.):** Сырым батырдың келе жатқанын естіген хан алдынан үй тіккізіп, құрмет көрсетіп, алдап қолға түсіруді ойлайды.

**Соңғы сөзі (51-б.):** Бірақ дәрі алып Таумұрат жеткенше, Сырым батыр қайтыс болады.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Қалпына келтірілуі.** Қағаздар ақ жіппен тігіліп, түптелген.

**Папкасы.** Қ. 990, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 79-80.

353

Ш. 1176 (ОҒК) П. 4; Ж. 18
21,5x20; 20x15

## حۋلاكۋ قىرۋشى

**Аталуы.** Хулаку қырушы.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Хулаку деген адам басып алуға келген жерінде келген елшіден: «Мені мұнда кім әкелді?» деп сұрайды екен. Олардың «Құдай әкелді» деген жауабына риза болмай, елшіні өлтіріп, қаланы қырғынға ұшыратып, басып алады екен. Бұқари шәріпті басып алуға келгенде, ешкім елшілікке баруға бата алмайды. Сонда Имам Қазының он екі жасар бала күні екен. Сол бала «мен барайын» деп, нарға екі кебеже теңдеп, бір текені алдына өңгеріп, елшілікке барыпты. Баланың тапқыр сөздерінен ұтылған хан разы болып, қалауын беріпті.

**Басқы сөзі (2-б.):** حۋلاكۋ قىرۋشى دەگەن ءبىر زامان بولعان

**Соңғы сөзі (3-б.):** بۋحاراي شارىپتىڭ ءامىرى ول كىسىنىڭ تۇسىنان وتكەندە، اتتان ءتۇسىپ جاياۋلاپ وتەدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қай жылы жиналғаны туралы мәлімет жоқ.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтіндер өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1176 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпейұлы. Шығармалар. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2006. – 99-102 б.; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 134-136.

**354**

Ш. 1125 (ӨӨИ) П. 1; Ж. 23
21х17; 18х16

## ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК БАТЫР

**Аталуы.** Шақшақ Жәнібек батыр.

**Жинаушысы.** Құлпейісов Еркін. Ол туралы мәлімет 40-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Шақшақ Жәнібек батырдың алғаш ел аузына іліккен батырлығы сөз болады. Шақшақ Жәнібектің өзі теңдес адамға құда болып, алар келініне алты ұлын таңдатқанда келіні көк бөрідей батыр бес ұлын таңдамай, қой артында жүрген Көшейді таңдайды. Оның мәнісін түсіндіреді. Аңызда тағы Шақшақ Жәнібектің сапар шегіп, үш жүздің дуалы қарттарынан бата алып, Қабанбай, Бөгенбай бастаған қолға алғаш

қосылғандағы ерлігі баяндалады және қалмақтармен болған бір соғыста Жәнібектің темекісінің түтігін сұраған батырдың ерлігі жайында сөз болады. Басында назар аудармаған батырдың соғыс барысында түтік сұраған баланың ерлігіне сүйсініп, қасына шақырып алып, темекісінен береді. Бұл бала Тарақты Байғозы екен, атағы осы кезден бастап елге мәлім болады.

**Басқы сөзі (7-б.):** Шақшақ Жәнібек жорыққа он алты, он жеті жас шамасында қатыса бастапты.

**Соңғы сөзі (10-б.):** Тарақты Байғозы батырлық жолын осылай бастайды және сол уақыттан оның аты жұртқа мәлім болады.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Бір жолды оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жазылған дәптердің сыртқы беті тысталмаған.

**Папкасы.** Қ. 1125, 34-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.87: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Оралбек А. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 89-93.

**355**

Ш. 914 (ӘӨИ) Б.12; П.7; Ж. 328
20x17,5; 19x15

## ШАЯБАЙ

**Аталуы.** Шаябай.

**Жинаушысы.** Жақыпов Сайлаубек (1937 ж.т) – халық мұрасын жинаушы. Бұрынғы Семей облысының Аякөз ауданына қарасты Нарын кеңшарында туып-өсіп, сонда қызмет атқарған. Тоқсаныншы жылдарға дейін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының штаттан тыс тілші, жинаушы болып қызмет істеген. Семей өңірінде өмір сүрген билерге, батырларға, ақын-жыршыларға қатысты деректерді, сондай-ақ олардың жеке туындыларын ел арасынан жинап, институт қорына тапсырып отырған.

**Тапсырушысы.** Жақыпов Сайлаубек.

**Аннотациясы.** Жырдың басты кейіпкері – қалмақтың атақты батыры

Шаябай. Ол жалғыз атты кедей болғанымен, ерлігінің арқасында есімі жалпақ қалмақ еліне танылған. Бірақ Шаябай бейбіт жатқан, жазықсыз қазақтардың елін, жерін жаулап жүрген хандары Қонтәжінің қанкұйлы әрекеттеріне іштей наразы. Көрші елмен тату болып, тыныш өмір сүруді аңсап жүрген батырдың билеушісімен түбегейлі ат құйрығын кесісуіне жекпе-жекте өзінен жеңіліс тапқан қазақ батырының көз жұмар алдындағы ащы да болса, шынайы сөздері түрткі болады. Сөйтіп, Шаябай қалмақ елінен кетіп, соңындағы серіктерімен бірге осы Үшқоңырға ат басын тірейді. Отбасын құрып, малды, жанды болады. Олардың мамыражай өмірін Тоқбай атты қазақ батыры бұзып, шаппаққа ниеттенеді. Ақыры екеуі татуласып, бірігіп Қонтәжінің ордасын тас-талқан етеді. Шаябай Тоқбайға қарындасын ұзатып, қазақ-қалмақ ынтымақ-бірлікте өмір кешеді. Қартайып, өз ажалымен дүние салған батырды құрмет тұтқан қазақтар оның сүйегін Үшқоңырдың басына қойып, қабірдің іргесіндегі қос биікті Шаябайдың есімімен атап кеткен.

**Басқы сөзі (46-б.):** Салқын төс көз шалғанда Үшқоңырды, Басында айнала ұшқан құс көрінді.

**Соңғы сөзі (57-б.):** Сыбырлап таулар маған деп тұрғандай «Бабаңның тарихынан есті хабар».

**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түсірілген.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.914, 2-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.89: Аңыздық жырлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 371-380.

**356**

Ш. 464 (ӘӨИ) П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

شەرنياز اقىن

**Аталуы.** Шернияз ақын.

**Жинаушысы.** Ғайнединұлы С.

**Аннотациясы.** Табын Шонқара деген бай адам қасындағы көрші елдердің малдарын ұрлатып алып, сойып жейді екен. Иесі келсе, еш сөйлеспей қайыратын көрінеді. «Сөйлессем, сөзден ұтылып, теңдік

берермін» деп сақтанады екен. Бір күні кете халқының бір өгізін ұрлатып, сойып алған екен. Артынан қуған кісілер келсе, басқалары «біз білмейміз» дейді де, Шоңқараға келсе, тарс үндемей, теріс қарап жатып алып сөйлеспеген, қуғыншылар еш нәрсе істей алмай қайтқан. Кете Шернийяз ақын он төрт жастағы бала екен. «Маған киім мен ат тауып беріңізші, мен барып көрейін», – дейді. Елі баланы киіндіріп, шығарып салады. Шернийяз Шоңқараның үйіне келсе, баяғы әдетіне басып жатыр екен. Сонда Шернийяздың тауып айтқан сөзіне Шоңқара басын көтеріп жауап беріп, қонақ қылып, малын өндіріп беріп, баланың аты елге жайылыпты.

**Басқы сөзі (9-б.):** بۇرىنراق تابىن شوكۋقارا دەگەن ادام زامانىندا باق قونىپ، بايىپ قاتارىنان اسقان كورىنەدى

**Соңғы сөзі (11-б.):** شەرنياز اتى سودان باستاپ شىققان دەيدى

**Қолтаңбасы.** Шернийяз аты содан бастап шыққан дейді.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолжазба сары дәптерде көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 464, 5-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 322.

## 357

Ш.1177 П.33; Б.66; Ж.22
21x18; 19 x 10

## شورا باتىر

**Аталуы.** Шора батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Аңызда Нәрікбайдың салық алуға келген Әлібиге келісім беруі, Шораның таманың қырық баласымен сөйлесуі, мың балаға айтқаны, Қызыл таздың сөздері, қырық балаға екінші рет тіл қатуы, Әлібимен жауаптасулары, Қазанға аттанардағы сөзі, Шұбар атпен серттесулері, Тасыр мергенге айтқаны, Тасырдың сөзі, Шораның жолда

кездескен шалмен жауаптасуы, Есім бимен тілдесуі, ағайындарынан жаудың дерегін сұрағаны, Садырқұлға айтқаны, Қараманмен арыздасуы сондай-ақ, Әлібидің қырық серігінің Шорадан қашқан сәті, Шораның жауды жайратқаннан кейінгі сабырлы қалпы, Қараманмен жекпе-жегі туралы баяндалған.

**Басқы сөзі (1-б.):** ھرته زاماندا قىرىق ۋىلى تاما ھەن منك ۋىلى جاسىل تۆرىكپەن قونىستاس بولىپ، منك ۋىلى جاسىل تۆرىكپەندە قاراحان دەگەن حان بار ەكەن، البي دەگەن بيى بار ەكەن

**Соңғы сөзі (19-б.):** اقىرىندا: بۇل جەردى ورىس الادى! دەپ ستامبۇل جۇرتىنا اۋىپ كەتكەن، دەپ ھستەمىز

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде көк сиямен жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Мәтіннің орналасуы.** Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

**Папкасы.** Қ.1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Т.10. – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – Б. 30-35; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 284-300.

## 358

Ш.1645 | П.10; Б.6; Ж.35
24х22; 15х13,5

## شورا باتىر

**Аталуы.** Шора батыр.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Қалмақтың ханы Қараман екі қарындасына «Елге ие болыңдар» деп, өзі Бозтұлпар деген тұлпарын мініп, қасына мың әскерін алып, өзбектің шаһарын шабуға кетеді. Оларды Қайнекей мен Тінекей көріп: «Бізден қорықпай, қарсы келе жатқан кім болды екен, «Аққала деген жерден, Тама деген елден Шора батыр деген ер туды» деп еді, бұл сол шығар» дейді. Ауызды жиғанша, шаһарды басып Қараман кіреді. Сөйтіп, арада бір ай өткеннен кейін Қараман өзбектерді жеңіп, өзбектің қыздарын әскерлерінің басшыларына алып беріп, еркектерін құл қылып, өз қаласына келсе, тамалардың әскері өз елін сондай қылыпты.

**Басқы сөзі (5-б.):** قالماقتىڭ حانى قارامان فىرىق مىڭ اسكەر الىپ، وزبەكتىڭ شاھارىن شابۋعا كەتكەن مكەن، قاينەكەي، تىنەكەي دەگەن مكى قارىنداسىن: ملگە يە بولىڭدار! دەپ. قاراماننىڭ بوزتۇلپار دەگەن تۇلپارى جىلقىدان جالعىز شىعىپ، ويناقتاپ شاھارعا كەلىپتى

**Соңғы сөзі (6-б.):** شورا قاراماندى جىقتى، القىسنان سىقتى

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін араб әрпінде жазылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ.1645 (ОҒК).

**Библиографиясы.** Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Т.10. – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – Б. 26-29; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 301-302.

**359**

Ш.884 (ӘӨИ).

Б.6; П.3 Ж.127
8х6,9; 7х6;

## ШҰБЫРТПАЛЫ АҒЫБАЙ МЕН ҚАРТ ҚОЖАҚ БАЛАСЫ ӘЛІБЕК БАТЫР

**Аталуы.** Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр

**Жинаушысы.** Қоржынов Канен. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Қоржынов Канен.

**Аннотациясы.** Кенесары шұбыртпалы Ағыбайдың қасына қырық жігіт қосып, жауласқан елінен жылқы барымталауға аттандырады. Ағыбай жолда жігіттерімен өзен жағасында түстеніп отырса, бір жақсы ат мінген жігітті көреді. Атын алғысы келген Ағыбай әлгі жігіттің жанына келіп, сойылмен салып өтсе, жігіт шыбын шаққан құрлы көрмейді. Таңқалған Ағыбай екінші рет тағы салып өтсе де түк болмайды. Ол жігіт Ағыбайды ертіп келе жатып, бір киікті ұстап, мүшелеп пісіреді. Екіге бөлгенде, Ағыбай өз бөлігін жеп тауыса алмайды, ал жігіт барлығын жейді. Сөйтсе, бұл қарт Қожақ баласы Әлібек батыр екен. Жолда бір шұқырда тігулі тұрған алты үйді, үйдің жанында қой жайып жүрген әйелді көреді. Әлібек батыр жағдайын айтып, алты үйге беттейді. Ағыбай артынан әйел шақырғанда барса, ортада бір адамның өлгелі жатқанын, әйелдің жылап тұрғанын көреді. Екі қолы, аузы қанға малынған Әлібек мән-жайды түсіндіреді. Әлібек батыр екі қара күрең атты Ағыбайға сыйлап, екеуі ақыреттік дос болады.

**Басқы сөзі (9-б.):** Кенесары, Наурызбай заманында, шабыншылық жауласу жағдайында Кенесары шұбыртпалы Ағыбайды шақырып алып, қасына 40 жігіт ертіп, жауласқан елінен жылқы әкелуді тапсырып аттандырып, жол жүріп келе жатып, бір өзен жағасына келіп түстенеді.

**Соңғы сөзі (14-б.):** Жылы жүзбен, шырайлы сөзбен дос болайық деп жолдас болған Ағыбайды сый-сияпатпен аттандырған екен.

**Қағазы, әріп-сиясы.** Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

**Қашан, қайда жазылғаны.** 1982 жылы.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.

**Ақауы.** Парақтары жұқарып, сарғыш тарта бастаған.

**Папкасы.** Қ.884/1, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 243-244.

**360**

Ш. 1154 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.22
29х20; 18х15

## ШЫМАННЫҢ КЕК АЛУЫ

**Аталуы.** Шыманның кек алуы

**Жинаушысы.** Адамбаев Балтабай. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Исатай Жәңгірді қоршап, шапқалы жатқанда, Жәңгір қорыққанынан Шыман төреге қағаз жазып, көмек сұрайды. Шыман Исатайды алдаушылықпенен тоқтатады. Максат болатын болды деп әскері тарап кетеді де Исатай, Махамбеттің үлкен күйзеліске ұшырағандары жайлы баяндалады.

**Басқы сөзі (4-б.):** Исатай екі мың адаммен Жәңгірді шабуға барып жатқанда, Жәңгір сасып қашуға таянып отырғанда, Шыман төреге қағаз жазып, шапқыншы жібереді.

**Соңғы сөзі (5-б.):** Исатай, Махамбет қалып, үлкен күйзеліске ұшырайды.

**Қағазы, әрпі, сиясы.** Ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.

**Папкасы.** Қ. 1154, 1-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.88: Тарихи аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы), Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Б.133.

## 361

Ш. 464 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 12
20х16; 12,5х15,5

## شڭعىس ءناسىلى

**Аталуы.** Шыңғыс нәсілі.

**Жинаушысы.** Ғайниддинұлы Сәлімгерей. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

**Тапсырушысы.** Тілеужанов Мәтжан. Ол туралы мәлімет 69-сипаттамада бар.

**Аннотациясы.** Түрік-Татар хан өлген соң әйелі нұрдан жүкті болып, ұл туады. Бір мағұлматтарда туғанда «Шыңғыс», «Шыңғыс» деп туды дейді. Шыңғыс туғанда екі алақаны, екі табаны қан болды дейді. Мұны балгерлерге көрсеткенде «екі аяғымен дүниені аралап, екі қолымен көп қан төгеді» деп жорыған екен. Шыңғыс ержетіп, екі ағасын бірлікке келтіріп, көп елді жаулайды және екі ағасын да өлтіреді екен.

**Басқы сөзі (167-б.):** ون مكنشى عاسردىڭ باسى شاماسندا! ايۋشا دمگەن قالماقتىڭ حاننىڭ بالاسى بولىپتى

**Соңғы сөзі (167-б.):** ونان مدىل جاعالاپ بارىپ قىرسدى العان دەيدى

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін үлкен дәптерге қара, көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1930-1933 жылдары. Мәтін соңында «Қарақалпақтың бір оқыған, сауатты қарты Ілияс дегеннен естіген» деп жазылған.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Әртүрлі дәптерлердің бетіне жазылған, парақтары тігісінен ажырап кеткен.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 464, 4-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 78-79.

Ш. 280 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 31
20х17; 19,5х15,5

## ШЫҢҒЫС ХАН ТУРАЛЫ

**Аталуы**. Шыңғыс хан туралы.

**Жинаушысы.** Алтынбаев Қалихан. Ол туралы мәлімет 245-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ерте заманда Найман тайпасын билеген Қайып деген ханның Күнсұлу атты қызы болады. Қызын елден аулақ, ағаш үйдің ішінде ұстаған. Бірақ қызы себепсіз жүкті болғандықтан әкесі оны ағаш үйімен кемеге салып, ағызып жібереді. Мұны Асукей, Жебе деген мергендер ұстап, Күнсұлуды Асукей алады. Айы-күні жетіп босанған соң, баланы Асукейге көрсетпей бағады. Бала ес білген соң Бұлғыр тауға қашырып жібереді екен. Асукейден егіз-егізден төрт ұл табады. Кейін Майқы би Бұлғыр тауға іздеп барып, Шыңғысты хан көтеріп, елге алып келеді. Елге тыныштық бермеген төрт бауырын өлтіріп, өзі көршілес руларды жаулап алуға жорыққа аттанады.

**Басқы сөзі (1-б.):** Ертеде найман тайпасын Қайып деген хан билепті.

**Соңғы сөзі (4-б.):** Сонан соң көршілес руларды жаулап алуға аттанады.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1969 жылы, бұрынғы Семей облысы.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін қарындашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 280, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 79-81.

Ш. 242 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 25
20x16,5; 18x14

## ШЫҢҒЫС ХАН ТУРАЛЫ АҢЫЗ

**Аталуы.** Шыңғыс хан туралы аңыз.

**Жинаушысы.** Наурызбаев Әбілқасым. Ол туралы мәлімет 67-сипаттамада берілген.

**Аннотациясы.** Ертеде бір ханның қызы буаз болып қалады. Хан өлтірмекші болғанда, анасы өлтіртпей, сандыққа салып, суға ағызып жібереді. Анасының бұлай істеуі алдын-ала жоспарланған іс еді. Сол тұста Домбауыл деген мерген болыпты. Анасы соған қызды құтқарып, адам көрінбейтін жерге кетуді, кейін жағдай ұмытыла бастаған соң, қайтып алып келуді тапсырады. Домбауыл сандықтағы қызды құтқарып, биік тауға шығып кетеді. Қыз күні жетіп босанады. Атын «Шың-құз» деп қояды. Кейіннен хан өлген соң ханым хан болады. Сол кезде баяғы қызын, Домбауыл мергенді еліне оралтып, Шыңғысты хан сайламақшы болады. Сонда Домбауылдан туған екі бала хандыққа таласады. Сонда ханым бұларға кім садағын сағымға ілсе, сол хан болсын дейді. Сөйтіп Шыңғыстың атқан оғы сағымға ілініп, елге хан болады.

**Басқы сөзі (3-б.):** Ертеде бір ханның жалғыз қызы бар екен.

**Соңғы сөзі(5-б.):** Бөденетай мен Тарбағатай тұқымдарын «жаман, шала төре» деп атайтын болыпты.

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін жол дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** 1963 жылы Наурызбайұлы Әбілқасымның ҚазССР Ғылым Академиясына ауыз әдебиеті жөнінде жіберген қолжазбасынан.

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба тігістері сөгіліп, парақтары ажырап кеткен.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, алайда тігісі сөгіліп кеткен.

**Папкасы.** Қ. 242, 3-дәптер (ӘӨИ).

**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 81-84.

Ш. 1177 (ОҒК) П. 4; Ж. 18
21,5х20; 20х15

# شڭعس حان

**Аталуы.** Шыңғыс хан.

**Жинаушысы.** Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ол туралы мәлімет 2-сипаттамада бар.

**Аннотациясы. Баяғыда Алтынбел деген хан болыпты. Сол ханның әйелі бір қыз тауып, көркінен талып қалыпты. Бұл іс патшаға жеткен соң, патша бақсы-балгерлерді жинап алып, қыздың тағдырын болжатады. Олар: «Қызыңызды адам көрсетпейтін жерге және күннен, желден таса жерде бағып, өсіріңіз. Күн мен жел тисе, буаз болуы мүмкін» деген соң, бір кемпірге жылына жүз ділдә беріп, қызды қараңғы темір үйде бақтырады. Күндердің күнінде қыз кемпірден өтініп, күн көзіне шығады. Сонан қыз буаз болып, мұны әкесі біліп, алтын әбдірege салып, суға ағызып жібереді. Суда ағып келе жатқан сандықты Домбауыл мерген мен Шаба соқыр деген мерген көріп құтқарып алады. Қызды Домбауыл алады. Қыздан бір ұл туып, оның атын «Шын қыздан туды» деп атын «Шынқыз» деп қояды. Бұл бала ержетіп, елге патша болып «Шыңғыс хан» атанады.**

**Басқы сөзі (2-б.):** ءبىر التىنبەل دەگەن حان بولعان. حاننىڭ جالعىز ۇلى بار مەدى

**Соңғы сөзі (2-б.):** ءبىر-اق ۇيدەن تابىلادى دەگەن ءسوز عاقلعا سىيمايدى! – دەگەن

**Қағазы, сиясы, әрпі.** Мәтін көк сиямен араб әрпінде жазылған.

**Қашан, қайда жазылған.** Қай жылы жиналғаны туралы мәлімет жоқ, алайда аңызды В.Радловтан алғаны жөнінде мәлімет береді: «Жетпіске жетіп, жер таянып отырған біздердің тумай тұрып, қалған күнімізде неміс жұртынан шыққан В.Радлов қазақ әдебиетін жинап бастырған екен. Біз жазайық деп отырған сөзіміз сонан алынған. «Қазақтың түбі» деп В.В.Радлов баспаға бастырған».

**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

**Ақауы.** Қолжазба ескірген, мәтін карандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған.

**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

**Папкасы.** Қ. 1177 (ОҒК).

**Библиографиясы.** М.Ж.Көпеевтің екі томдық жинағы. Таңдамалы. Т.2. / Құраст. С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. – Б. 91-96; М.Ж.Көпейұлы. Шығармалары. – Т.8. / Құраст. Е.Жүсіпов. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – Б. 16-24; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т.85: Тарихи аңыздар /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2012. – Б. 84-93.

## ҚОЛЖАЗБА ҮЛГІЛЕРІ



**1-үлгі. «Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр». Қолжазбаның 1-беті Ш.884/1, 3-дәптер (ӘӨИ)**

64.

## Абылай мен Әмірсананың достығы жайындағы аңыз

Қалмақ ханы Галдан Церен қайтыс болды. Ежелгі дәстүр бойынша хан тағына оның жұрағаттарының бірі не болуға тиіс. Галданның Әмірсанадан басқа баласы жоқ, әрине мұрагер сол ғана. Бірақ, ел бұл дәстүрді қолданбады, хандыққа басқа біреуді сайлады. «Қалмақ ханы қалмақ нәсілінен болуға тиіс; Әмірсана қазақ нәсілі, оны сайлай алмаймыз» деп жұртшылық Әмірсананы мұрагер деуден үзілді-кесілді бас тартты.

**2-үлгі. «Абылай мен Әмір Сананың достығы жайындағы аңыз». Қолжазбаның 1-беті Ш.828, 3-дәптер (ӘӨИ)**

/ 31

Qostanai okrygj Naurьzьm audanь /qazjr Batpaqqara audanь 18 aul/. 2-aul azamatь Instituttьn II-əzjrljk "s" klasьnda oquca Mөxametçan ɵlь Kəkyrsekten Institut çanьndaqь qazaq ədebiet" beljmjnə siльq.

Əŋgjme.

## ÇIRENCE CECEN

Əəjlqaiьr qannьn zamanьnda Çirence cecen degen cecen solьpt bjr kynj otьrьp qanqa osь qazaq balasьnda menen cecen barma eken dep maqtanьptь. Sonda qan tɵrьp aitьptь pəlen çerde eljbai degen el bar, ol el oetjnen cecen boladь, senj tjlden sol eldjn adamь çenedj deptj. Onьn estjp Çirence cecen çasьrьqtap jzdep cьqьptь. Çyrjp keljp eljbai eljnjn oetjne çetjp bjr celtegj yige keljp tura qalьp: Au... yide adam barma dep aiqai salьptь; e...nemene dep bjr çasaq qьz yiden cьqa keledj. Cьraqьm osь qьrdьn astьnda bjr atьm əljp baurьzdap tastap kettjm, adal malьm qoi dep bazьn ascьp çieijn dep edjm soqan bjr qazan berjnder deptj. Qьz tɵrьp cecemnjn bjr qazanь bar ekennen artьlmaidь, çengemnjn bjr qazanь bar aqannan artьlmaidь, ezjmnjn bjr qazanьm bar atan basь tygjl, əkemnjn basьn assanda berjlmeidj deidj. Çirence cecen çenjljp çyre beredj. Bjr sьr saьь otьrqan aielge keljp amandasьp tɵrьp, qara capannьn qoltьqьnan aq koilegj kerjnjp tur eken bjr aq qoltьq qara qɵnaçьn kerdjnjzbe deidj. Çirence ezj qьzьl kiej eken, qatь tɵrьp kerdjm bjr qьzьl sɵqa artьn eskep tɵrqan deptj. Çirence cecen mɵnanda çenjljp endj bьdan zorьna barsam qazaq qьlar dep keijn qaitadь. Qaitьp kele çatьp sol eldjn oetjne cьqa berjp bjr saidьn yijne qonadь. Keljp otьrsa mamьq ystjnde bjr baisjce otьr. Kijmj qaqsь, moinьnda ulj at dorsa basьn temen qarai alьp tysjp otьr. Çirence cecen tandanьp otьradь. Baimen ərj berj əŋgjmelesjp boiь yirengensjn mɵnьn çaiьn sɵraidь. Mьnau baisjcenjn moinьndaqь dorbanь qorlьqqa qoidьma desem otьrqan ornь, kirjmj mьnau, qɵrmetke qoidь desem moinьn temen alьp ketjp macaqat kersetjp otьr bɵl, qalai dedj. Bai tɵrьp bjr asьru çerden

**3-үлгі. «Жиренше шешен».**
**Қолжазбаның 1-беті Ш.879/9, 185-дәптер (ӘӨИ)**

№ 879/9 137

Qostanai okrigi Saqan audanь №12 aul azamatь, Inistitut mektebinin II-basqьştь B klasьnьn oquçьsь. Faizraxman Axmet ulьnan.

Institut çanьndaqь Qazaq ədebiet bɵlimine

S i l ь q.

QAZBEKTIN QAZDAUЬSTЬ ATANUЬ.

Bіrьnqь qazaq pen qalmaq çauьnger kezde, Abьlai qan birnece batьrlar ertip Sьr-daria çaqtaqь qalqьn aralap ketkende, Sьnbai degen dɵpan astьrtьn kelip, Abьlaidьn elinin capuqa qolailь ekenin, qalmaqtьn belgili kesemi, ceçen qontacь qanqa kelip aitqan. Sonan kein Qontacь qan 200 çortuçь çiberip Abьlaidьn elin capqan. Abьlaiqa capqьncь barьp, Abьlai qan eline qaitьp kelip, qol astьndaqь qalqьn çinap kenes qьladь. Keneste Abьlai kepke qarap qalmaqtьn atoulь keseni cecen qontacь qannen, arbasuqa, qaindasu, qarsьlasuqa kimde kim men dep kep içinde batьrcьlьq etip qol ketermese sol barsьn dedi. Birazta bul sezge eçkim belsene çьqa qoimaidь, men baramьn dep eçkim çьqpaqan son qan Abьlai aşulanьp qalmaq qazaqtьn bacьn kesemie nege yndemeisizder deidi. Sol uaqьtta Aidabol eidin balasь Taikeltir men Malai sarь batьr bir baramьz deidi. Qan abьlai aldarьnnan ai arttarьnnan kyn tuьp çoldarьn bolsьn deidi.

At tirman qaru çaraqtarьn daiarlap, çaqsь-çaqsь batьrlarьn 150 kisi qosьp çeneltkeli çatqanьn 75 degi qara kesek Keldibek bi estip 16 çastaqь asьq oinap çyrgen balasь ças Qazbekti caqьrtьp alьp, balam kim bilsьn deidi. Qazbek çilьp alqandai, atьm Qazbek, əkem Keldibek uruьm qara kesek deidi. Keldibek bi balasьna syienip olai bolsa balam ataq alqьn kelemе, Qazbek ata çaqsьnьn atьn erttep çatqa çaqьn bolaiьn dep edim deidi. Keldibek bi balasьna kenili tolьp, azьq-tylik, at tirmanьn daiarlatьp 50 aq boz atqa mingizip 50 çortuçьmen balasьna çolьn bolsьn balam, Abьlaidьn aldьna atьmьn basьn birmastan bar deidi. Qazbek atьnьn basьn birmastan Abьlaiqa bardь. Qan Abьlai tanьna

**4-үлгі. «Қазыбектің қаз дауысты атануы».**
**Қолжазбаның 1-беті Ш.879/9, 185-дәптер (ӘӨИ)**



Абат батыр туралы аңыз әңгіме.

**5-үлгі. «Абат батыр туралы аңыз».**
**Қолжазбаның 1-беті Ш.1090 (ӘӨИ)**


Куда и по какому дѣлу отправлена бумага

**6-үлгі. «Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы». Қолжазбаның 1-беті Ш.464, 5-дәптер (ӘӨИ)**



**7-үлгі. «Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы». Қолжазбаның 1-беті Ш.464, 3-дәптер (ӘӨИ)**



**8-үлгі. «Асан қайғы».**
**Қолжазбаның 1-беті Ш.191, 2-дәптер (ӘӨИ)**



**9-үлгі. «Асан қайғы».**
**Қолжазбаның 2-беті Ш.191, 2-дәптер (ӘӨИ)**

жылы мазарға зерттеп қайтты. Бір
болмағанымен сол жері белгілі болар.
Асанқайғының, Жиреншенің, Ол[illegible]-
бауырлардың мазарлары біздің ау-
[illegible] тұрғандары [illegible] кейбір қарттар
[illegible] [illegible] білуге [illegible]
Енді [illegible] Жаманкөк де-
рейтін Ақсақалан кім. Ол тарихты
бар арасы бір [illegible]. [illegible] [illegible]
[illegible] [illegible] [illegible] [illegible]
[illegible] [illegible] ісінде Тұмсалан
[illegible] [illegible].

4: 6394.1 N4 -11-

Асанқайғы туралы аңыз

Ертеде бір ханның [illegible] болыпты.
Баласы болмаған соң бала үшін
тойлау [illegible] [illegible]. [illegible] есерт
[illegible] [illegible] бір [illegible] бала бала,
[illegible] [illegible] [illegible]. Бала балалықта
[illegible] тұрған уақытында сол [illegible]
[illegible] өнер [illegible] [illegible] [illegible]
[illegible] [illegible] [illegible] [illegible]

**10-үлгі. «Асан қайғы туралы аңыз».**
**Қолжазбаның 1-беті Ш.242, 3-дәптер (ӘӨИ)**



**11-үлгі. «Асан қайғы туралы аңыз».**
**Қолжазбаның 2-беті Ш.242, 3-дәптер (ӘӨИ)**

# КӨРСЕТКІШТЕР

## ШЫҒАРМА АТАУЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

### а) араб әрпінде

**А**


| | |
|---|---|
| 2 | ابىلاي اسپاعان سارى بەن اتالعان جىرى (I нұсқа) |
| 3 | ابىلاي اسپاعان سارى بەن اتالعان جىرى(II нұсқа) |
| 4 | ابىلاي اسپاعان سارى بەن اتالعان جىرى(III нұсқа) |
| 5 | [ابىلاي جانە ورىس ەلشىلەرى] (I нұсқа) |
| 6 | [ابىلاي جانە ورىس ەلشىلەرى] (II нұсқа) |
| 9 | ابىلاي تۋرالى |
| 10 | ابىلاي تۋرالى |
| 12 | ابىلاي حان زامانىندا قازاقتان شىققان باتىرلار |
| 13 | [ابىلاي حان مەن تۇرسىنباي باتىر] |
| 14 | ابىلاي حاننىڭ اڭگىمەسى |
| 18 | ابىلايدىڭ العش كورگە ەنۋسى |
| 20 | ابىلايدىڭ ەبىر جورىعى (I нұсқа) |
| 21 | ابىلايدىڭ ەبىر جورىعى (II нұсқа) |
| 22 | ابىلايدىڭ قالدان شەرىنگە ەلشى جىبەرۋى |
| 23 | ابىلايدىڭ قامال بۇزعان جىرى |
| 24 | ابىلايدىڭ قىرعىزعا جورىعى (I нұсқа) |
| 25 | ابىلايدىڭ قىرعىز، وزبەككە جورىعى (II нұсқа) |
| 27 | [ابىلاي حاننىڭ سامارقانعا جورىعى] |
| 28 | ابىلايدىڭ سوڭىنا ەرگەن باتىرلارىن سىناۋى |
| 30 | ابىلايدىڭ تۇتقىن بولۋى (II нұсқа) |
| 31 | ابىلايدىڭ تۇتقىن بولۋى (III нұсқа) |
| 38 | [اعىباي مەن سارىشىمشىق تورعاي] |
| 43 | اقان سەرىنىڭ ءسوزى |
| 55 | الاشا حان |
| 57 | التىن تورىلباي باتىردىڭ قالدان حانمەن كەزدەسۋى |
| 59 | اسان قايعى (I-нұсқа) |
| 60 | اسان قايعى (II-нұсқа) |
| 61 | اسان قايعى (III-нұсқа) |
| 63 | اسان قايعى تۋرالى (I-нұсқа) |
| 65 | اسان قايعى (III-нұсқа) |
| 66 | اسان قايعى تۋرالى (IV) |
| 67 | اسان قايعى تۋرالى اڭىز |
| 68 | اسان قايعى بالاسى ابەت ءسوزى |
| 69 | اسان قايعى جانە امەت باتىر |
| 70 | اسان قايعى مەن ءاز جانىبەك |
| 71 | [اسان قايعى مەن ورمانبەت حان] |
| 72 | اسان قايعىنىڭ بالاسى ابات تۋرالى |

اسان قايعىنىڭ قىزى جۇبىر 73
اسان قايعىنىڭ ۇلى اياك پەن قىز 74
اسان قايعىنىڭ ۇلى اياك 75
اسان قايعىنىڭ حان اتالۋى 76
اۋسار سەتعىرت تىڭكباي مىڭبۇلى 77

Ә
ءاز جانىبەك حان مەن جيرەنشە جايىندا 81
ءامىر تەمىر كورەگەن 90
ءامىر تەمىردىڭ قوجا احمەتتىڭ باسىنا كەسەنە تۇرعىزۋى (I-нұсқа) 93
ءامىر تەمىردىڭ قوجا احمەتتىڭ باسىنا كەسەنە تۇرعىزۋى (II-нұсқа) 94

Б
بايعانا مەن تولەگەن بي 97
بايماعامبەت سۇلتان مەن سىرىم باتىر 100
بالا ياقسى 98
بالاعاز باتىر 103
بەرىكقوجا (I-нұсқа) 109
بەرىكقوجا (II-нұсқа) 110
بۇرىنعى زاماننىڭ ادامدارىنىڭ قانداي مەكەندە تۇرعانى سويلەگەن ءسوز 119

Д
دوس بولساڭ، ناعا تاتاتىن دوس بول 123
دۋلاتتىڭ كەنەنى تاستاپ كەتۋى 126

Е
ەدىل مەن جايىق باتىر 129
ەسەنگەلدى 135
ەسكى اڭگىمە 136

Ж
جاقسى جاندار 138
جاقىندى جارالاما، الىستى قارالاما 139
جان شاق كەلمەگەن ەدىلدار قىزدىڭ اڭگىمەسى 143
جاڭا باتىردىڭ جالامەن شابىلۋى 147
جاڭا باتىردىڭ تاعى ءبىر جالاعا ىلىگۋى 148
جاڭابەتىر اڭگىمەسى 149
جانىبەك باتىردىڭ ەڭسەن ەيلەبىنىڭ جورىعى 151
جانىبەكتىڭ ۋاق بارماقتى سىنالۋى 153
جاڭگىر حاننىڭ پىتشاعا بارىپ قايتۋى 156
جاڭگىر حاننىڭ پىتشادان جارمەڭكە سۇراۋى 157
جيدەباي باتىر (I-нұсқа) 159

جيدەباي باتىر (II-нұсқа) 160
جيرەنشە 163
جيرەنشە تۋرالى اڭگىمە 166
جيرەنشە تۋرالى 167
جيرەنشە شەشەن 169

**Ы**

يساتاي باتىرى ناۋشا تۋرالى 188
يساتايدىڭ جەڭگىر حانعا قارسىلىق سەبەبى 190

**К**

كەنەسارى — ناۋرىزباي 201
[كەنەسارى] 205
كەنەسارى مەن وتەنشى 209
كەنەسارىنى ولەڭمەن ايىرىپ قالعان مەكەن 211
كەنەسارىنىڭ جەڭىلۋ سەبەبى 213
كەنەسارىنىڭ قىرعىزعا اقىرعى اتتانعانى 215
كەنەسارىنىڭ راقىمسىزدىعى مەن كەڭشىلدىگى 218
كوزجونى كەر 221

**Қ**

قالقامان اجيباي باتىرىنىڭ ايتقان سوزىنەن 236
قاراكەرەي قابانباي باتىر 239
قاسىمحاننىڭ اسانقايعى اتۋى 242
قوشقارۇلى جانىبەك 245
قورقىت 253
[قورقىت تۋرالى اڭىز] 256
قورلىباي مەن جەدەس 257

**М**

[ماحاميەت پەن باياعامبەت] 263
مۇستىنىڭ ۇن سەگىز جىل كەتەرگە بوپىرىلعان جازاسىنان قۇتىلۋى 269

**Н**

[ناۋان مەن قىپشاباي] 271
ناۋرىزبايدىڭ قارىنداسى 280
نۇرالى حان مەن سىرىم باتىر 284

**О**

ولجاباي باتىر (I-нұсқа) 285
ولجاباي باتىر (II-нұсқа) 286

| | |
|---|---|
| ولجاباي باتىر (III-нұсқа) | 287 |
| ولجاباي باتىر (IV-нұсқа) | 288 |
| وراز تۋرالى | 290 |
| ورماتبەت حان اڭگىمەسى | 291 |
| ورىستى شاپپاق بولعاندا بۇحار جىراۋدىڭ ۋەگىمەن توقتاۋ سالۋى | 292 |
| **Ө** | |
| وتەگەننىڭ ادامعا سىن بەرۋى | 293 |
| وتەگەننىڭ جەر قاراۋى | 294 |
| وتەگەننىڭ قىز بەرۋى | 295 |
| **П** | |
| پانالى باتىر | 296 |
| **С** | |
| [سارجان تورەنىڭ قولعا تۇسۋگە بارۋى] | 301 |
| سارىكوز بەن جانىبەك | 302 |
| سۇلتان سىدىق تورەنىڭ تارىيحى | 304 |
| سىرىم باتىر مەن نۇرالى | 312 |
| سىرىمنىڭ اتاسىنىڭ نەگە جەرلەك بولعانى جونىندە | 326 |
| **Т** | |
| توقتامىس حان مەن ەدىگە باتىر | 339 |
| [تىنالى بونىس] | 345 |
| **Ү** | |
| ۇيسىن بولتىرىك باتىر | 349 |
| ۇكى بي | 350 |
| **Х** | |
| حۇلاكۋ قىرۋشى | 353 |
| **Ш** | |
| شەرنياز اقىن | 356 |
| شورا باتىر | 357 |
| شورا باتىر | 358 |
| شىڭعىس ەنەسى | 361 |
| شىڭعىس حان | 364 |

## ә) латын әрпінде


**A**

Abılaydıñ Äteke jıruqpen soğısuı 19
Aqsaq Temir turalı 52
Aqsaq Temirdiñ balalıq şağı jäne xan boluı 54
Aldarköse 56

**Ә**

Äz Jänibek, Jïrenşe, Köse 82

**E**

Er Tarğın turalı añız 133

**Ж**

Jïrenşe şeşen 170

**K**

Kenesarı – Naurızbay soğısı turalı 206

**Қ**

[Qazıbektiñ Qaz dauıstı atanuı] (II nusqa) 230
[Qurmanquldıñ Naurızbaydıñ erligine rïza boluı] 258

**M**

Malaysarı batır 260

**H**

Naurızbay batır 272
[Naurızbay] 273
[Naurızbay men Buqarbay] 274
Naurızbay turalı 275
[Naurızbaydıñ jolbarıstı öltirui] 278
[Naurızbaydıñ kelbeti] 279

**C**

Sızdıq töre turalı 306

**б) кирилл әрпінде**

**А**

Абат батыр туралы аңыз-әңгіме 1
Абылай мен Андығожа батыр 7
Абылай мен Әмірсананың достығы жайындағы аңыз 8
Абылай туралы 11
Абылай ханның балалары 15
Абылайды тұтқыннан босаттырған батыр 16
Абылайдың «Қанды қарағай қан болды, жол болды» деп ат беруі 17
Абылайдың өз түсін жоруы 26
Абылайдың тұтқын болуы (І нұсқа) 29
Абылайдың хан түсі және өлімі 32
[Ағыбай батыр] 34
Ағыбай батыр 35
Ағыбай батырдың бір жорығы 36
Ағыбай мен Құнанбай 37
Ағыбай Олжабайұлы туралы 39
Ақ тілек 40
Ақан сері мен Ақтоқты 41
Ақан серінің Науан қазіретке айтқаны 42
Ақанның әйелге берген бағасы 44
Ақмола 45
Ақмоншақ ат 46
Ақсақ құлан, Жошы хан 47
Ақсақ Темір (І-нұсқа) 48
Ақсак Темір (ІІ-нұсқа) 49
Ақсақ Темір (ІІІ-нұсқа) 50
Ақсақ Темір мен домбырашы 51
Ақсақ Темір 53
Асан кайғы 58
Асан қайғы 62
Асан қайғы туралы (ІІ нұсқа) 64
Аяз би 78

**Ә**

Әбусина туралы аңыздар 79
Әз Жәнібек пен шал 80

Әз Жәнібектің Жиренше мен Қарашашқа бала болғаны 83
Әйелдің күрек тісі – көркі 84
Әйтеке би 85
Әйтеке бидің қазасы 86
Әйтеке бидің мықтылығы 87
Әл Фараби 88
Әлиханның үш сұрағы, Ағыбайдың үш жауабы 89
Әмір Темірді тоқтатқан ана 91
Әмір Темірдің ел билеп тұрған кезі 92

**Б**

Байбақты Датұлы Сырым жайлы 95
Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюдың сыры? 96
Бақай қарт пен Сырым 99
Бала би Досбол сөздерінен 101
Бала би Досбол 102
Баланың билігі 104
Батырлыққа сын 105
Бекбауыл бидің айтқаны 106
Бекболат пен Абылай 107
Берден батыр 108
Бердіқожа батыр 111
Бөгенбай батыр 112
Бөдене мен Жарылғап 114
Бөкен бидің Сырымнан жеңілуі 115
Бөкен қарттың Сырымға берген батасы 116
Бұл Мезгілбайдың ауылы 117
Бұрын туғаннан ақыл сұра 118

**Д**

Дау-жанжал жайында 120
Дәулетбай батыр 121
Домалақ ана 122
Доспол 124
Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр 125

**Е**

Едіге батыр туралы 127

Едігенің төрелігі 128
Ежен хан 130
Ер Едіге 131
Ер Жәнібек пен Тіленші би 132
Есекқырған 134
Естай 137

**Ж**

Жалбыр батыр (І нұсқа) 140
Жалбыр батыр (ІІ нұсқа) 141
Жалбыр батыр (ІІІ нұсқа) 142
Жанкожаның жауабы 144
Жанқожаның кемеңгерлігі 145
Жанқожаның Созақ қамалын алуы 146
Жасыбай батыр 150
Жәнібектің Тіленшіге батасы 151
Жәңгір тойында 155
Жәңгір ханның тойы 158
Жидебай батыр 161
Жидебай батыр 162
Жиренше мен Әз Жәнібек 164
Жиренше 165
Жиренше туралы 168
Жиренше шешен 171
Жиреншенің баласы (І нұсқа) 172
Жиреншенің баласы (ІІ нұсқа) 173
Жиреншенің Қарашашқа құда түсуі 174
Жиреншенің қартайған шағы 175
Жиреншенің қыз таңдауы 176
Жиреншенің ұшқырлығы 177
Жиреншенің хан сынағына түскені 178
Жиреншенің ханның уәзірі болғаны 179
Жоламан батыр 180
Жоламан батыр туралы 181
Жошы хикаясы 182
Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? 183

**И**

Ибн Синаның ажалға араша түсуі 184
Иман мен Қошқар батыр 185
[Исатай – Махамбет] 186
Исатай батыр 187
[Исатай мен Жәңгір хан] 189
[Исатай мен Шығай ] 192
Исатайдың өлуі мен қайда қалғаны 191
Исатай сөздерінен 193
Исатайдың тапқырлық сөздері 194
Исатайдың түсі жайлы 195
Исатай-Жәңгірдің жер таласы жайлы бір аз сөз 196
Итеке батыр 197

**К**

Келдібекұлы Қазыбектің қаз дауысты атануы 198
Кенасары – Наурызбай хақындағы әңгімелер 199
[Кене әскерінің Ақмолаға ойысуы] 200
Кенесары 202
Кенесары туралы 203
Кенесары туралы 204
[Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолына түсуі] 207
[Кенесары мен Омар] 208
Кенесары, Наурызбай туралы 210
Кенесарының дулатқа келуі 212
Кенесарының қалмақтан жаралғаны 214
[Кенесарының қырғызға елші жіберуі] 216
[Кенесарының қырғыздармен соғысуы] 217
Кенженің Ағыбай асына баруы 219
Көтен балуан 220

**Қ**

Қаз дауысты Қазыбек би 222
Қаз дауысты Қазыбек туралы 223
Қаз дауысты Қазыбек шешен жайында 224
Қаз дауысты Қазыбектің тоғыз жастағы билігі 225
[Қазыбектің бала дауын шешуі] 226
[Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі] (І нұсқа) 227

[Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі (II нұсқа) 228
[Қазыбектің қаз дауысты атануы] (I нұсқа) 229
[Қазыбектін қалмақ еліне екінші сапары] 231
[Қазыбектің қалмақ еліне үшінші сапары] 232
Қазыбектің үш атасы Бұлбұл 233
Қайғысыз хан семіз 234
Қалдан шерін мен Ханабад туралы аңыз 235
Қанжығалы Айтбай батыр Қаракерей Өлдебек батыр 237
Қанжығалы карт Бөгенбай хақында 113
Қаракерей Қабанбай 238
Қабанбай батыр 240
Қарқабат туралы аңыз 241
Қасым Абылайұлы 243
Қасым ханның елге орнатқан тәртібі 244
Қожа Ахмет өлер алдында 246
Қожа Ахмет пен Арыстан бап (I-нұсқа) 247
Қожа Ахмет пен Арыстан бап (II-нұсқа) 248
Қожа Ахмет Ясауи 249
Қожа Ахмет Ясауи 250
Қойлыбай қырғыны 251
Қоқан хандығы кезі туралы 252
Қорқыт ата туралы тарихи аңыздар 254
Қорқыт туралы аңыз 255
Қызығұрт Жантөре би мен Шомбал би 259

**М**

Малайсары батыр 261
Махамбет батырдың әкесі Өтемістің хан Жәңгірден жер сұрауы 262
[Махамбет пен Жәңгір хан] 264
[Махамбет пен Жәңгір хан] 265
Махамбеттің әкесі Өтеміс би 266
Менің губернаторда жұмысым жоқ 267
Мөңке мен Аяз карттың әңгімесі 268
Мұхтар мен Қайырлы би 270

**Н**

Наурызбай туралы 276
[Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы] 277

[Науша батыр мен Сыйлыбай] 281
Науша батыр туралы 282
[Науша мен айдаһар] 283

**О**

Олжабай және Жасыбай 289

**Р**

Раманқұл мен Жанқожа батыр 297
Руы адай Атақозының бір әңгімесі 298
Руы байбақты Науша батыр деген кісі өткен 299

**С**

Сапақ бидің ұтқырлығы 300
Сарттардың Қасымның балаларын өлтіруі 303
Сүйімбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар 305
Сырым батыр 307
[Сырым батыр] 308
Сырым батыр мен Ақсуат би 309
Сырым батыр мен Байсал би 310
Сырым батыр мен Нұралы хан 311
Сырым батырдың Нұралы ханды шапқаны (І нұсқа) 313
Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы (ІІ нұсқа) 314
Сырым батырдың қайтыс болуы 315
Сырым батырдың тама руы Есет батырға бата алуға барғанынан 316
Сырым батырдың ханды шабуы 317
Сырым мен ишан 318
[Сырым мен Мөңке би] 319
[Сырым мен Перовский] 320
[Сырым мен Саржала би] 321
Сырымға анасының айтқаны 322
[Сырымның айтқаны] 323
Сырымның аманаты 324
Сырымның Хиуа ханына айтқан үш қызметі 325
Сырымның әйелге қамқорлығы (І нұсқа) 327
Сырымның әйелге қамқорлығы] (ІІ нұсқа) 328
Сырымның жерге айтқан сыны 329
[Сырымның қаза болуы] 330

[Сырымның қазасы] 331
Сырымның қазасын естірту 332
Сырымның Мөңкені жеңуі 333
Сырымның Түркімен ханына барғаны 334
Сырымның үш қасиеті 335
[Сырымның Хиуа ханына баруы] 336

**Т**

Тайман мен Бөкей 337
Тапқыр бала 338
Төле бидің сөзге тоқтауы 340
Төле бидің төреліктері 341
Төле бидің туы 342
Тұлпардың дыбысы шығады 343
Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме 344
Тіленші жайында бірер сөз 346
[Тіленші туралы] 347

**Ү**

Үбі батыр туралы 348

**Х**

Хан Абылай 33
Хан Әз Жәнібек пен қыз 154
Хиуа ханы мен Сырымның қағысуы (I нұсқа) 351
Хиуа ханы мен Сырым (II нұсқа) 352

**Ш**

Шақшақ Жәнібек батыр 354
Шаябай 355
Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр 359
Шыманның кек алуы 360
Шыңғыс хан туралы 362
Шыңғысхан туралы аңыз 363

# КІСІ АТТАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

## 1) Айтушылар көрсеткіші


**А**

Абдрахманов Ғаббас 262
Ақайдар қарт 140
Амандықов Х. 341

**Ә**

Әлімбаев Доскей 206, 207, 217, 258, 271, 272, 273, 275, 277, 278, 279, 306
Әміров Аққошқар 210

**Б**

Баймағанбетов Жәкен 244
Бақберген ақсақал 141
Балабаев Ыдырыс 268
Бектемір молла 100, 349
Бимендин Исатай 296

**Е**

Елеуов Көшен 253
Ерменбаев Т. 224
Есмағанбет Көлдейұлы 252

**Ж**

Жалмағамбетов Құдайберген 52, 62
Жәкенов Е. 340
Жүнісов Доман 35

**К**

Көлжанов Сартай 79

**Қ**

Қазақбаев Әбдісәмет 80
Қалқаман Әжібай 211

Қанипа 42
Қожахан Иматұлы 171
Қыпшақбайұлы Сқақбек 68, 73, 76, 242

М
Майлы Көбек 209
Мәденұлы К. 341
Мергенбай Мақаш 54
Мұқатов Ғалымжан 223, 227
Мыңбайұлы Ш. 77, 215, 221, 243, 280

Мыңғатұлы Бөжей 56
Мырзажанов Бари 237
Мырзалиев Т. 189, 192, 265

Н
Нұрғалиев Нұрқасым 55
Нұртаза Әлжанұлы 9

Р
Раев Зейнолла 61

С
Сағынай Ахметжанұлы 7

Т
Тасмағанбетов Сәду 297
Терлікбайұлы 135
Торсықбайұлы А. 84, 114, 198, 226, 228, 231, 232, 233,

347
Төлеу ақсақал 128
Тұрсынов Сәбит 342
Тырапбеков Сейталы 65

О
Омаров Тәттібек 219

**Ш**

Шәймерденова Тұрсынай 184

Шыңбай Мыңбайұлы 215, 280

**Ы**

Ысмайлов Қ. 331

**І**

Ізболатов Ө. 191, 194


## 2) Жинаушылар көрсеткіші


**А**

Адамбаев Балтабай 37, 45, 46, 47, 55, 60, 70, 84, 96, 98, 99, 114, 116, 117, 118, 121, 132, 139, 155, 162, 183, 191, 194, 195, 196, 198, 223, 226, 228, 231, 232, 233, 234, 241, 244, 259, 264, 266, 267, 302, 309, 310, 311, 313, 315, 317, 318, 320, 322, 324, 325, 327, 329, 332,

| | |
|---|---|
| | 333, 335, 338, 343, 347, 351, 352, 360 |
| Айнабеков Қайып | 57, 126, 205, 209, 213, 257, 269 |
| Алтынбаев Қалихан | 245, 362 |
| **Ә** | |
| Әметова Ә. | 297 |
| Әминов Н. | 12 |
| **Б** | |
| Байғұттыұлы Күсембек. | 239 |
| Басирова Ләззат | 64, 66 |
| Батталов Ғаббас | 85, 237 |
| Бәбенов Бекқожа | 28 |
| Бекарыстанов Зердебай | 52, 62, 72, 133, 181 |
| Бекмағамбетов (аты көрсетілмеген) | 14 |
| Бекмаханов Ермахан | 214 |
| Бекхожина Талиға | 96, 185, 164 |
| Бисенғалиқызы Айсұлу | 51, 88 |
| Бөрібаев Хамид | 238 |
| Бұғыбаев Жолдасбек | 235 |
| **Ғ** | |
| Ғайниддинұлы Сәлімгерей | 339, 361 |
| **Д** | |
| Диқанбаев (есімі көрсетілмеген) | 74 |
| Доспамбетов Әкбарбек | 79 |
| **Е** | |
| Есіркепов Күмісбек | 11, 201 |

**Ж**

Жақанова А. 184, 268
Жақыпов Сайлаубек 355
Жалғасов Ізжан 1, 130
Жүсіпұлы Жолмұрат 163, 161, 167

**И**

Иманбаев Омар 120, 182
Исмаилов Темірғали 82, 170
Исатаева Жанат 296

**К**

Кәрібаев Шайхы 230
Кенесарин Әзмұқан Ахметұлы 304
Көпеев Мәшһүр Жүсіп 2, 3, 4, 5, 6, 13, 15, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 30, 31, 63, 90, 93, 94, 103, 109, 120, 123, 131, 138, 147, 148, 149, 151, 153, 159, 160, 167, 169, 260, 285, 286, 287, 288, 291, 292, 301, 345, 353, 357, 358, 364
Күнтуғанов Т. 135, 143

**Қ**
Қайнарбаев Әлкуат 81, 255, 256
Қанағатов Телмұхамед 110, 111
Қаңтарбаев Карл 7, 17, 26, 34, 39, 303
Қоржынов Канен 359
Құлжанов А. 124
Құлсариев Ертай 263, 350, 43
Құрманбаев Бекмұхамбет 140, 141, 142, 252
Құсниев Мұрат 59, 75

**М**
Мадияр Ермағанбетұлы 68, 7, 3, 76, 242
Маханов Пазыл 206, 207, 217, 285, 271, 272, 273, 274, 275, 277, 278, 279
Марғұлан Әлкей 9, 15
Мәжікеев Мұқаш 8, 29, 33, 202, 346
Молда Мұқан Машанұлы 23
Мырзағалиев Әбдірахман 281, 282, 283

**Н**
Наурызбаев Әбілқасым 67, 363
Нұртазина Ғазиза 180
Нығыметов Ермахан 187, 193

**Ө**
Өкпенов Ибрагим 58, 92

**Р**
Раев Зейнолла 61

Рүстемов Мұхаметжан 53, 78, 112, 122, 150, 240

**С**

Сақауова Ж.Б. 16
Салихов Хаба 176, 179
Сарымсақов Мұхамбетқали 60
Саттаров Қыдырәлі 342
Сәрсенғалиев Талап 189, 192, 265
Сәттібаев Алпысбай 180

**Т**

Титақұлы Түллүк 38, 77, 100, 215, 221, 243, 280, 349
Тналиев Б. 276, 348
Торсықбайұлы А. 84, 114, 198, 226, 228, 231, 232, 233, 347
Тұрғынбаев А. 48, 49, 50, 240, 246, 247, 248, 249, 250
Тілеужанов Мәтжан 127, 128, 168, 186, 222, 229, 307, 308, 321, 323, 334, 337
Тілемісұлы Қасымхан 293, 394, 295

**Ш**
Шәріпов Сабыр 101

**Ы**
Ырысқұлов Якуда 340

**3) Тапсырушылар көрсеткіші**

**А**
Адамбаев Балтабай 37, 45, 60, 84, 98, 114, 116, 121, 139, 155, 183, 223, 226, 228, 232, 233, 234, 259, 266, 267, 309, 310, 313, 315, 317, 318, 320, 324, 325, 327, 332, 333, 335, 343, 347, 351, 352

**Ә**
Марғұлан Әлкей 9, 15
Әминов Н. 12

**Б**
Батталов Ғаббас 85
Бисенғалиқызы Айсұлу 88
Бөрібаев Ә. 238

**Д**
Доспамбетов Әкбарбек 79

**Е**
Елеуов Көшен 253

**Ж**
Жақыпбаев Бозтай 23
Жақыпов Сайлаубек 355
Жалғасов Ізжан 130
Жүсіпұлы Жолмұрат 161, 163
Жүсіпов Қуандық 63

**И**
Исатаева Жанат 296

**К**
Көпеев М.Ж. 25, 285, 286, 287, 288, 289, 292
Күнтуғанов Темірғали 312

**Қ**
Қайнарбаев Әлкуат 255
Қаңтарбаев К. 17
Қарымсақов Итен 140, 141, 142
Қоржынов Канен 359
Құлбаев (есімі көрсетілмеген) 206, 258, 271, 272, 273, 274, 275, 277, 278, 279
Құлпейісов Еркін 40

**М**
Мәжікеев М. 8, 29, 33
Мұқатаев Ғ. 107
Мыңбай Рәш 56

**Н**

Наурызбаев Әбілқасым 67
Нұртазин Ахметжан 180

**Р**

Рахымов Б. 16
Рүстемов Мұхамеджан 112,240

**С**

Салихов Хаба 176,179
Саттаров Қыдырәлі 171

**Т**

Титақұлы Түллүк 77
Тұрсынбаев Б. 129
Тілеужанов М. 69, 95, 97, 136, 328, 330, 331, 336, 339, 361
Тілемісұлы Қасымхан 293, 294, 295

**Ш**

Шоқанов Б. 28


## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ


Алматы 43, 71
Ақтөбе 64, 128
Батыс Қазақстан 59, 60, 115, 251
Қарағанды 92, 203, 206, 219, 253, 277, 296
Қостанай 40
Қызылорда 66, 81, 340, 344

Маңғыстау 52, 62, 64
Павлодар 2, 9, 12, 23
Семей 56, 245, 355, 362

## ЭКСПЕДИЦИЯЛАР КӨРСЕТКІШІ

1950 жылғы Көкшетау экспедициясы 7, 14, 17, 19, 26, 28
1958 жылғы Мақаншы экспедициясы 55
1957 жылғы Батыс Қазақстан, Гурьев экспедициясы 60

## МАЗМҰНЫ


Құрастырушылардан ....................................................3
Шартты қысқартулар ....................................................7
Алғы сөз ....................................................9
Абат батыр туралы аңыз-әңгіме....................................................22
Абылай аспаған сары бел аталған жері (I нұсқа) ....................................................22
Абылай аспаған сары бел аталған жері (II нұсқа)....................................................23
Абылай аспаған сары бел аталған жері (III нұсқа) ....................................................25
[Абылай және орыс елшілері] (I нұсқа) ....................................................25
[Абылай және орыс елшілері] (II нұсқа)....................................................26
Абылай мен Андығожа батыр....................................................27
Абылай мен Әмірсананың достығы жайындағы аңыз ....................................................28
Абылай туралы ....................................................29
Абылай туралы ....................................................30
[Абылай туралы] ....................................................31
Абылай хан заманында қазақтан шыққан батырлар ....................................................33
[Абылай хан мен Тұрсынбай батыр] ....................................................34
Абылай ханның әңгімесі ....................................................35
Абылай ханның балалары ....................................................36
Абылайды тұтқыннан босаттырған батыр....................................................37
Абылайдың «Қанды қарағай қан болды,
жол болды» деп ат беруі ....................................................39
Абылайдың алғаш көзге түсуі ....................................................40
Абылайдың Әтеке жырықпен соғысуы....................................................41
Абылайдың бір жорығы (I нұсқа)....................................................42
Абылайдың бір жорығы (II нұсқа)....................................................43
Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі ....................................................44
Абылайдың қамал бұзған жері ....................................................46
Абылайдың қырғызға жорығы (I нұсқа) ....................................................47
Абылайдың қырғыз, өзбекке жорығы (II нұсқа) ....................................................48
Абылайдың өз түсін жоруы....................................................49
[Абылай ханның Самарқанға жорығы] ....................................................50
Абылайдың соңына ерген батырларын сынауы ....................................................52
Абылайдың тұтқын болуы (I нұсқа)....................................................53
Абылайдың тұтқын болуы (II нұсқа) ....................................................54

Абылайдың тұтқын болуы (ІІІ нұсқа)..........55
Абылайдың хан түсі және өлімі..........56
Хан Абылай..........58
[Ағыбай батыр]..........59
Ағыбай батыр..........60
Ағыбай батырдың бір жорығы..........61
Ағыбай мен Құнанбай..........62
[Ағыбай мен сарышымшық торғай]..........63
Ағыбай Олжабайұлы туралы..........64
Ақ тілек..........65
Ақан сері мен Ақтоқты..........66
Ақан серінің Науан қазіретке айтқаны..........66
Ақан серінің сөзі..........67
Ақанның әйелге берген бағасы..........68
Ақмола..........69
Ақмоншақ ат..........70
Ақсақ құлан, Жошы хан..........71
Ақсақ Темір (І-нұсқа)..........71
Ақсақ Темір (ІІ-нұсқа)..........72
Ақсақ Темір (ІІІ-нұсқа)..........73
Ақсақ Темір мен домбырашы..........74
Ақсақ Темір туралы..........74
Ақсақ Темір..........75
Ақсақ Темірдің балалық шағы және хан болуы..........76
Алаша хан..........77
Алдаркөсе..........78
Алшын Қорлыбай батырдың Қалдан ханмен кездесуі..........79
Асан қайғы..........81
Асан қайғы (І нұсқа)..........82
Асан қайғы (ІІ нұсқа)..........83
Асан қайғы (ІІІ нұсқа)..........85
Асан қайғы..........86
Асан қайғы туралы (І нұсқа)..........87
Асан қайғы туралы (ІІ нұсқа)..........88
Асан қайғы (ІІІ нұсқа)..........89
Асан қайғы туралы (IV нұсқа)..........90

Асан қайғы туралы аңыз ....91
Асан қайғы баласы Әбет сөзі....93
Асан қайғы және Әмет батыр ....94
Асан қайғы мен Әз Жәнібек....95
[Асан қайғы мен Орманбет хан]....97
Асан қайғының баласы Абат туралы ....97
Асан қайғының қызы Жұпар ....98
Асан қайғының ұлы Абат пен қыз....100
[Асан қайғының ұлы Абат] ....101
Асан қайғының хан аталуы....102
Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы....103
Аяз би....104
Әбусина туралы аңыздар....104
Әз Жәнібек пен шал....105
Әз Жәнібек хан мен Жиренше жайында....106
Әз Жәнібек, Жиренше, Көсе ....108
Әз Жәнібектің Жиренше мен Қарашашқа бала болғаны ....109
Әйелдің күрек тісі – көркі....110
Әйтеке би ....111
Әйтеке бидің қазасы ....112
Әйтеке бидің мықтылығы ....114
Әл Фараби....115
Әлиханның үш сұрағы, Ағыбайдың үш жауабы....116
Әмір Темір көреген ....117
Әмір Темірді тоқтатқан ана ....118
Әмір Темірдің ел билеп тұрған кезі ....119
Әмір Темірдің Қожа Ахметтің басына
кесене тұрғызуы (І-нұсқа)....120
Әмір Темірдің Қожа Ахметтің басына
кесене тұрғызуы (ІІ-нұсқа)....121
Байбақты Датұлы Сырым жайлы ....122
Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын
Дат деп қоюдың сыры? ....122
Байғана мен Төлеген би....123
Баймағамбет сұлтан мен Сырым батыр ....124
Бақай қарт пен Сырым ....125

Бала бақсы ....................................................................................................125
Бала би Досбол сөздерінен....................................................................................126
Бала би Досбол......................................................................................................127
Балағаз батыр........................................................................................................128
Баланың билігі .......................................................................................................129
Батырлыққа сын .....................................................................................................130
Бекбауыл бидің айтқаны.......................................................................................131
Бекболат пен Абылай.............................................................................................132
Берден батыр .........................................................................................................133
Бердіқожа (І нұсқа) ................................................................................................134
Бердіқожа (ІІ нұсқа)...............................................................................................135
Бердіқожа батыр....................................................................................................136
Бөгенбай батыр .....................................................................................................136
Қанжығалы қарт Бөгенбай хақында.....................................................................137
Бөдене мен Жарылғап...........................................................................................138
Бөкен бидің Сырымнан жеңілуі ...........................................................................140
Бөкен қарттың Сырымға берген батасы .............................................................141
Бұл Мезгілбайдың ауылы .....................................................................................141
Бұрын туғаннан ақыл сұра ...................................................................................142
Бұрынғы заманның адамдарының
қандай екенін танытуға сөйлеген сөз...................................................................143
Дау-жанжал жайында ...........................................................................................144
Дәулетбай батыр....................................................................................................145
Домалақ ана ..........................................................................................................145
Дос болсаң, тама Танашпен дос бол!...................................................................147
Досбол.....................................................................................................................148
Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр..................................................................148
Дулаттың Кенені тастап кетуі...............................................................................149
Едіге батыр туралы ...............................................................................................150
Едігенің төрелігі.....................................................................................................151
Еділ мен Жайық батыр ..........................................................................................152
Ежен хан.................................................................................................................152
Ер Едіге ..................................................................................................................154
Ер Жәнібек пен Тіленші би....................................................................................155
Ер Тарғын туралы аңыз .......................................................................................156
Есекқырған ............................................................................................................157

Есенгелді ........ 158
Ескі әңгіме ........ 159
Естай ........ 160
Жақсы Жанайдар ........ 161
Жақынды жаралама, алысты қаралама ........ 161
Жалбыр батыр (І нұсқа) ........ 162
Жалбыр батыр (ІІ нұсқа) ........ 163
Жалбыр батыр (ІІІ нұсқа) ........ 164
Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі ........ 164
Жанқожаның жауабы ........ 165
Жанқожаның кемеңгерлігі ........ 166
Жанқожаның Созақ қамалын алуы ........ 167
Жаңа батырдың жаламен шабылуы ........ 168
Жаңа батырдың тағы бір жалаға ілігуі ........ 169
Жаңабатыр әңгімесі ........ 170
Жасыбай батыр ........ 171
Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы ........ 172
Жәнібектің Тіленшіге батасы ........ 173
Жәнібектің Уақ Бармақты сынауы ........ 174
Хан Әз Жәнібек пен қыз ........ 175
Жәңгір тойында ........ 176
Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы ........ 177
Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы ........ 178
Жәңгір ханның тойы ........ 178
Жидебай батыр (І нұсқа) ........ 179
Жидебай батыр (ІІ нұсқа) ........ 180
Жидебай батыр ........ 181
Жидебай батыр ........ 182
Жиренше ........ 183
Жиренше мен Әз Жәнібек ........ 184
Жиренше ........ 185
Жиренше туралы әңгіме ........ 186
Жиренше туралы ........ 186
Жиренше туралы ........ 187
Жиренше шешен ........ 188
Жиренше шешен ........ 189

Жиренше шешен ....................190
Жиреншенің баласы (I нұсқа) ....................191
Жиреншенің баласы (II нұсқа) ....................192
Жиреншенің Қарашашқа құда түсуі ....................192
Жиреншенің қартайған шағы ....................193
Жиреншенің қыз таңдауы ....................194
Жиреншенің ұшқырлығы ....................195
Жиреншенің хан сынағына түскені ....................195
Жиреншенің ханның уәзірі болғаны ....................196
Жоламан батыр ....................197
Жоламан батыр туралы ....................198
Жошы хикаясы ....................199
Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? ....................199
Ибн Синаның ажалға араша түсуі ....................200
Иман мен Қошқар батыр ....................201
[Исатай – Махамбет] ....................202
Исатай батыр ....................203
Исатай батыры Науша туралы ....................203
[Исатай мен Жәңгір хан] ....................204
Истатайдың Жәңгір ханға қарсылық себебі ....................205
Исатайдың өлуі мен қайда қалғаны ....................206
[Исатай мен Шығай] ....................207
Исатай сөздерінен... ....................207
Исатайдың тапқырлық сөздері ....................208
Исатайдың түсі жайлы ....................209
Исатай-Жәңгірдің жер таласы жайлы біраз сөз ....................210
Итеке батыр ....................210
Келдібекұлы Қазыбектің Қаз дауысты атануы ....................211
Кенасары – Наурызбай хақындағы әңгімелер ....................212
[Кене әскерінің Ақмолаға ойысуы] ....................213
Кенесары – Наурызбай ....................214
Кенесары ....................215
Кенесары туралы ....................216
Кенесары туралы ....................216
[Кенесары] ....................217
Кенесары – Наурызбай соғысы туралы ....................218

[Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолына түсуі]........................220
[Кенесары мен Омар]........................................................................221
Кенесары мен Отыншы ......................................................................222
Кенесары, Наурызбай туралы .............................................................223
Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен ...........................................224
Кенесарының дулатқа келуі ................................................................225
Кенесарының жеңілу себебі................................................................226
Кенесарының қалмақтан жаралғаны....................................................227
Кенесарының қырғызға ақырғы аттанғаны..........................................228
[Кенесарының қырғызға елші жіберуі].................................................229
[Кенесарының қырғыздармен соғысуы] ...............................................229
Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі.......................................230
Кенженің Ағыбай асына баруы ...........................................................231
Көтен балуан.......................................................................................232
Күзеулі кер .........................................................................................233
Қаз дауысты Қазыбек би ....................................................................234
Қаз дауысты Қазыбек туралы .............................................................235
Қаз дауысты Қазыбек шешен жайында ..............................................236
Қаз дауысты Қазыбектің тоғыз жастағы билігі....................................237
[Қазыбектің бала дауын шешуі] ..........................................................238
[Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі] (І нұсқа) ..............................239
[Қазыбектің бір ер туралы айтқан билігі (ІІ нұсқа) ..............................240
[Қазыбектің қаз дауысты атануы] (І нұсқа)..........................................241
[Қазыбектің қаз дауысты атануы] (ІІ нұсқа)..........................................242
[Қазыбектің қалмақ еліне екінші сапары] ............................................243
[Қазыбектің қалмақ еліне үшінші сапары] ............................................244
Қазыбектің үш атасы Бұлбұл ..............................................................245
Қайғысыз хан семіз .............................................................................246
Қалдан шерін мен Ханабад туралы аңыз.............................................246
Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен ........................................247
Қанжығалы Айтбай батыр Қаракерей Өлдебек батыр ..........................248
Қаракерей Қабанбай ...........................................................................249
Қаракерей Қабанбай батыр ..................................................................251
Қабанбай батыр ..................................................................................252
Қарқабат туралы аңыз.........................................................................253
Қасенханның Асанқайғы атануы...........................................................254

Қасым Абылайұлы ........................................................................255
Қасым ханның елге орнатқан тәртібі ............................................256
Қошқарұлы Жәнібек ....................................................................257
Қожа Ахмет өлер алдында ..........................................................259
Қожа Ахмет пен Арыстан бап (І-нұсқа)........................................259
Қожа Ахмет пен Арыстан бап (ІІ-нұсқа) .......................................260
Қожа Ахмет Ясауи .......................................................................261
Қожа Ахмет Ясауи .......................................................................262
Қойлыбай қырғыны .....................................................................263
Қоқан хандығы кезі туралы..........................................................264
Қорқыт ........................................................................................265
Қорқыт ата туралы тарихи аңыздар ............................................265
Қорқыт туралы аңыз ....................................................................266
[Қорқыт туралы аңыз] .................................................................267
Қорлыбай мен Ердес....................................................................268
[Құрманқұлдың Наурызбайдың ерлігіне риза болуы] ..................269
Қызығұрт Жантөре би мен Шомбал би.........................................270
Малайсары батыр .......................................................................271
Малайсары батыр........................................................................272
Махамбет батырдың әкесі Өтемістің хан
Жәңгірден жер сұрауы.................................................................272
[Махамбет пен Баймағамбет]......................................................273
[Махамбет пен Жәңгір хан]..........................................................274
[Махамбет пен Жәңгір хан]..........................................................275
Махамбеттің әкесі Өтеміс би .......................................................276
Менің губернаторда жұмысым жоқ ..............................................276
Мөңке мен Аяз қарттың әңгімесі..................................................277
Мұсаның он сегіз жыл катрге бұйырылған жазасынан құтылуы..........278
Мұхтар мен Қайырлы би .............................................................280
[Науан мен Қойшыбай].................................................................280
Наурызбай батыр.........................................................................281
[Наурызбай] ................................................................................282
[Наурызбай мен Бұқарбай]...........................................................283
Наурызбай туралы.......................................................................284
Наурызбай туралы.......................................................................285
[Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы].........................................286

[Наурызбайдың жолбарысты өлтіруі] ....................287
[Наурызбайдың келбеті] ....................288
Наурызбайдың қарындасы ....................288
[Науша батыр мен Сыйлыбай] ....................289
Науша батыр туралы ....................290
[Науша мен айдаһар] ....................291
Нұралы хан мен Сырым батыр ....................292
Олжабай батыр (I нұсқа) ....................292
Олжабай батыр (II нұсқа) ....................294
Олжабай батыр (III нұсқа) ....................295
Олжабай батыр (IV нұсқа) ....................296
Олжабай және Жасыбай ....................296
Ораз туралы ....................297
Орманбет хан әңгімесі ....................298
Орысты шаппақ болғанда
Бұхар жыраудың өлеңмен тоқтау салуы] ....................299
Өтегеннің адамға сын беруі ....................300
Өтегеннің жер қарауы ....................302
Өтегеннің қыз беруі ....................303
Панаш батыр ....................304
Раманқұл мен Жанқожа батыр ....................305
Руы адай Атақозының бір әңгімесі ....................306
Руы байбақты Науша батыр деген кісі өткен ....................307
Сапақ бидің ұтқырлығы ....................307
[Саржан төренің құда түсуге баруы] ....................308
Саркөз бен Жәнібек ....................309
Сарттардың Қасымның балаларын өлтіруі ....................310
Сұлтан Сыдық төренің тарихы ....................311
Сүйімбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар ....................312
Сыздық төре туралы ....................313
Сырым батыр ....................314
[Сырым батыр] ....................315
Сырым батыр мен Ақсуат би ....................315
Сырым батыр мен Байсал би ....................316
Сырым батыр мен Нұралы хан ....................317
Сырым батыр мен Нұралы ....................318

Сырым батырдың Нұралы ханды шапқаны (I нұсқа)....319
Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы (II нұсқа)....320
Сырым батырдың қайтыс болуы ....321
Сырым батырдың тама руы
Есет батырға бата алуға барғанынан ....321
Сырым батырдың ханды шабуы ....322
Сырым мен ишан ....323
[Сырым мен Мөңке би] ....324
[Сырым мен Перовский] ....325
[Сырым мен Саржала би] ....325
Сырымға анасының айтқаны ....326
[Сырымның айтқаны] ....327
Сырымның аманаты ....328
Сырымның Хиуа ханына айтқан үш қызметі ....328
Сырымның анасының неге жерік болғаны жөнінде ....329
Сырымның әйелге қамқорлығы (I нұсқа) ....330
Сырымның әйелге қамқорлығы] (II нұсқа) ....331
Сырымның жерге айтқан сыны ....332
[Сырымның қаза болуы] ....333
[Сырымның қазасы] ....333
Сырымның қазасын естірту ....334
Сырымның Мөңкені жеңуі ....335
Сырымның Түркімен ханына барғаны ....336
Сырымның үш қасиеті ....336
[Сырымның Хиуа ханына баруы) ....337
Тайман мен Бөкей ....338
Тапқыр бала ....339
Тоқтамыс хан мен Едіге батыр ....340
Төле бидің сөзге тоқтауы ....341
Төле бидің төреліктері ....342
Төле бидің туы ....343
Тұлпардың дыбысы шығады ....344
Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме....345
[Тыналы болыс]....346
Тіленші жайында бірер сөз ....346
[Тіленші туралы] ....348

Үбі батыр туралы ....................................................................................349
Үйсін Бөлтірік батыр ............................................................................350
Үкі би ........................................................................................................351
Хиуа ханы мен Сырымның қағысуы (І нұсқа) .......................................352
Хиуа ханы мен Сырым (ІІ нұсқа) ............................................................353
Хулаку қырушы ........................................................................................353
Шақшақ Жәнібек батыр...........................................................................354
Шаябай......................................................................................................355
Шернияз ақын ..........................................................................................356
Шора батыр ..............................................................................................357
Шора батыр ..............................................................................................358
Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр ...............359
Шыманның кек алуы ..............................................................................360
Шыңғыс нәсілі .........................................................................................361
Шыңғыс хан туралы ................................................................................362
Шыңғысхан туралы аңыз ........................................................................363
Шыңғыс хан.............................................................................................364

## КӨРСЕТКІШТЕР

Қолжазба үлгілері ....................................................................................366
Шығарма атауларының көрсеткіші
а) араб әрпінде..........................................................................................377
ә) латын әрпінде .......................................................................................381
б) кирилл әрпінде......................................................................................382
Кісі аттарының көрсеткіші
Айтушылар көрсеткіші............................................................................389
Жинаушылар көрсеткіші .........................................................................391
Тапсырушылар көрсеткіші......................................................................396
Географиялық атаулардың көрсеткіші ...................................................398
Экспедициялар көрсеткіші......................................................................399

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

**ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ**

**Жауапты редакторы:** Тоқтар Әлбеков
**Жауапты шығарушы:** Насихат Мүрсәлімова
**Беттеуші:** Нұркелді Серғожаұлы

---

Басуға 15.12.2017 қол қойылды.

Пішімі $60x84^1/_{16}$. Қаріп түрі «Таймс». Баспа табағы 25,75.

Таралымы 100 дана.